Abstract. The author in this article, reviewed the problems of preservation of historical and cultural heritage in Afghanistan. From the immemorial time, Afghanistan has been a diverse country which combines the features of different cultures. It seems that the ancient Silk Road crossroad which was passing through Afghanistan, had influences on diversity of different culture in the country. This unique cultural characteristic of Afghanistan, reflects a history marked by a complex interplay of local traditions with the influence of the Persian Achaemenid era, Alexander the Great of Greece, Buddhism, Hinduism and Islam. In recent years, UNESCO has done much efforts to restore the cultural heritage in many post conflict countries including Afghanistan. UNESCO has announced two historical places of Afghanistan as world heritage, the Minaret of Jam in the year 2002 and the cultural landscape and archaeological of the Bamiyan Valley in 2003. Both of them have specific cultural criteria, but included in the list of “world cultural heritage”.

Keywords: Afghanistan, UNESCO Convention, World Heritage, Bamiyan.

Всемирное наследие ЮНЕСКО (англ. World Heritage, фр. Patrimoine Mondial, исп. Patrimonio de la humanidad) – природные или созданные человеком объекты, приоритетными задачами по отношению к которым по мнению ЮНЕСКО являются их сохранение и популяризация в силу особой культурной, исторической или экологической значимости. По состоянию на 2014 год в Списке всемирного наследия включены 1007 объектов, из которых 779 являются культурными, 197 – природными и 31 – смешанными.

В 1972 году ЮНЕСКО приняла Конвенцию об охране всемирного культурного и природного наследия. По Конвенции ЮНЕСКО по охране культурного и природного наследия определены понятие «всемирное историко-культурное и природное наследие», а также обязанности государств, подписавших Конвенцию, критерии отбора и порядок внесения объектов в Список объектов Всемирного наследия ЮНЕСКО. Это конвенция является международным документом, направленными на выявление и сохранение наиболее ценных объектов мирового культурного и природного наследия. Конвенция вступила в силу в 1975 году [1]. К сентябрю 2012 года конвенцию ратифицировали 190 стран-участниц в том числе и Афганистан.

Следующие страны являются лидерами по числу объектов Всемирного наследия: Италия – 50; Китай – 47; Испания – 44; Франция – 39; Германия – 39; Мексика – 32; Индия – 32; Великобритания – 28; Россия – 27; США – 22. Ежегодно Комитет всемирного наследия проводит сессии, на которых присуждается «статус объекта Всемирного наследия». Государства, на территории которых расположены объекты Всемирного наследия, берут на себя обязательства по их сохранению.

В рамках списка существует подсписок Всемирного наследия, находящегося под угрозой. В него на временной основе включаются объекты, подвергающиеся различным опасностям, которые вызваны естественными причинами или вмешательством человека: вооружёнными конфликтами и войнами, землетрясениями и иными природными катастрофами, загрязнением, браконьерством и беспорядочным строительством.

Внесение объектов в особый список говорит о необходимости особого внимания к ним и принятия неотложных мер по их сохранению, в случае нарушения обязанности к отношению памятника, Комитет Всемирного наследия исключает из списка и этот памятник лишается всемирного статуса. Например, в 2007 году из Списка всемирного наследия ЮНЕСКО был исключён резерват аравийского орикса в Омане, в связи с продолжающейся охотой на белого орикса и сокращением заповедных территорий, а в 2009 году долина Эльбы у Дрездена в Германии, в связи с продолжающимся строительством автомобильного моста в охранной зоне культурного ландшафта.

Включенные объекты в список Всемирного наследия получают «международный статус». Главная цель списка Всемирного наследия – сделать известными и защитить объекты, которые

являются уникальными в своём роде. Для этого и из-за стремления к объективности Комитетом всемирного наследия были составлены оценочные критерии для объектов культурного и природного наследия.

Культурные критерии Всемирного наследия ЮНЕСКО следующие: 1) Объект представляет собой шедевр человеческого созидательного гения; 2) Объект свидетельствует о значительном взаимовлиянии человеческих ценностей в данный период времени или в определённом культурном пространстве, в архитектуре или в технологиях, в монументальном искусстве, в планировке городов или создании ландшафтов; 3) Объект является уникальным или по крайней мере исключительным для культурной традиции или цивилизации, которая существует до сих пор или уже исчезла; 4) Объект является выдающимся примером конструкции, архитектурного или технологического ансамбля или ландшафта, которые иллюстрируют значимый период человеческой истории; 5) Объект является выдающимся примером человеческого традиционного сооружения, с традиционным использованием земли или моря, являясь образцом культуры или человеческого взаимодействия с окружающей средой, особенно если она становится уязвимой из-за сильного влияния необратимых изменений; 6) Объект напрямую или вещественно связан с событиями или существующими традициями, с идеями, верованиями, с художественными или литературными произведениями и имеет исключительную мировую важность. По положению комитета ЮНЕСКО этот критерий можно предпочтительно использовать вместе с каким-либо ещё критерием, например включая особенности памятника.

Природные критерии Всемирного наследия ЮНЕСКО следующие:

1) Объект представляет собой природный феномен или пространство исключительной природной красоты и эстетической важности; 2) Объект является выдающимся образцом главных этапов истории Земли, в том числе памятником прошлого, символом происходящих геологических процессов в развитии рельефа или символом геоморфических или физиографических особенностей; 3) Объект является выдающимся образцом происходящих экологических или биологических процессов в эволюции и развитии земных, пресноводных, береговых и морских экосистем и растительных и животных сообществ; 4) Объект включает в себя наиболее важную или значительную естественную среду обитания для сохранения в ней биологического многообразия, в том числе исчезающих видов исключительной мировой ценности с точки зрения науки и охраны.

«Статус объекта Всемирного наследия» для объектов природного наследия даёт следующие преимущества: является дополнительной гарантией сохранности и целостности уникальных природных комплексов; повышает престиж территорий и управляющих ими учреждений; способствует популяризации включённых в Список объектов и развитию альтернативных видов природопользования, в первую очередь, экологического туризма; обеспечивает приоритетность в привлечении финансовых средств для поддержки объектов всемирного культурного и природного наследия, в первую очередь, из Фонда всемирного наследия; способствует организации мониторинга и контроля за состоянием сохранности природных объектов.

В данное время в списке объектов Всемирного наследия ЮНЕСКО в Афганистане значится 2 наименования – Джамский минарет и Бамианские статуи Будды по культурным критериям, что составляет около 0,2 % от общего числа (1007 на 2014 год). Оба объекта занесены в список всемирного наследия, находящегося под угрозой. Кроме этого, по состоянию на 2010 год, 4 объекта на территории Афганистана находятся в числе кандидатов на включение в список Всемирного наследия, из них 3 – Герат, Балх, Багх-е Бабур по культурным критериям, 1 – Банде-Амир по природным критериям [2, с.2].

Джамский минарет является одним из уникальных памятников исламской архитектурой XII века и второй по высоте исторический минарет из обожжённого кирпича в мире после Кутуб-Минаре в Дели. Высота – более 60 метров. Хорошо сохранившийся минарет находится на северо-западе Афганистана, расположен в 10 км северо-восточнее кишлака Джам (Jam) в афганской

провинции Гор при впадении ручья Джамруд в реку Герируд.

Джамский минарет является единственной уцелевшей постройкой древнего города Фирузкух, который был столицей султанов династии гуридов, до переноса её в Газни. В 1221 году город Фирузкух был разрушен войском Чингисхана и даже место его расположения было надолго забыто. Ущелье окружают непроходимые горные массивы. Крупные населённые пункты в районе отсутствуют. Расстояние до Герата – 200 км. Минарет был построен в 1194 году гуридским султаном Гияз-ад-Дином в честь окончательной победы над газневидами в 1192 году. Об этом написано в самом минарете.



Рисунок 1 – Джамский минарет.

В 1943 году губернатор Герата Абдулла Хан Малекар впервые сделал фотографии минарета и сообщил о нём Ахмеду Али Коазаду, президенту Афганского исторического общества. В 1944 году была опубликована статья о памятнике в журнале «Anis».

19 августа 1957 года французский археолог Андре Марик первым из европейских учёных добрался до минарета и в 1958 году опубликовал доклад в «Записках французской делегации в Афганистане».

В 1960 году два представителя Французской археологической делегации в Афганистане Ле Бер и его ассистент Маршал сфотографировали декоративные панели и провели первоначальное исследование его архитектурной структуры. Они обнаружили вход с двумя винтовыми лестницами приблизительно на 4 м ниже современного уровня.

В 1961–1969 годах итальянский архитектор Андреа Бруно обследовал минарет и предложил план по укреплению, так как памятнику грозило обрушение. Местными жителями были проведены работы по укреплению берега и построен деревянный мост через Герируд, позже разрушенный во время боевых действий. Были открыты руины дворца, укреплений, мусульманское и еврейское кладбища. Последнее содержит надгробия с надписями на иврите.

Серьёзных научных исследований памятника пока не проводилось из-за труднодоступности и сохраняющейся нестабильной политической обстановки. Сохранности минарета по-прежнему угрожают наводнения, подмывающие основание, землетрясения, часто бывающие в регионе и незаконные раскопки искателей ценностей. Частично проводятся работы по укреплению береговой линии и реставрации памятников.

статуи. Связи с этими разрушениями выполненные из дерева верхние части лиц скульптур были утрачены ещё в древности и еще до разрушения на лице Будды была золотая маска.

В 2001 году, вопреки протестам мировой общественности и других исламских стран, статуи были разрушены талибами, считавшими, что они являются языческими идолами и подлежат уничтожению. Статуи были высечены в окружающих долину скалах, частично дополнены прочной штукатуркой, державшейся на деревянной арматуре [3; 6-7].




Рисунок 4 – Статуи Будды и их разрушение талибами

Уничтожение состоялось после указа лидера талибов муллы Мухаммеда Умера от 26 февраля 2001 г.: «Бог един, а эти статуи поставлены для поклонения, что ошибочно. Они должны быть разрушены, чтобы не быть объектом культа ни сейчас, ни в будущем». Статуи были уничтожены в несколько этапов в течение нескольких недель, начиная от 2 марта 2001 г. Первоначально статуи были обстреляны с помощью зенитных орудий и артиллерии (Рисунок 4). Это нанесло серьёзный ущерб, но не разрушило их. По этому поводу министр информации талибов Кудратула Джамал посетовал, что работа разрушения не так проста, как можно было подумать, поскольку скульптуры высечены в скале. Позднее талибы разместили противотанковые мины на дне ниши так, что когда обломки скал упали от артиллерийского огня, статуи получили бы дополнительные разрушения на минах. В конце концов, талибы спустили людей вниз по скале и заложили взрывчатку в отверстия в статуях. После одного из взрывов не удалось полностью уничтожить лицо одного из Будд, была запущена ракета, которая оставила отверстие в остатках каменной головы [4; 5-7].

Кроме разрушенных скульптур, в монастырях долины имеется ещё одна, изображающая лежащего Будду, который данное время уцелевшая только нижняя часть памятника (Рисунок 5). Её раскопки начались в 2004 году.




Рисунок 5 – Лежащая Будда.

В 2003 году в список Всемирного наследия ЮНЕСКО включены многочисленные исторические постройки Бамианской долины, включая буддийские монастыри, разрушенные и уцелевшие гигантские статуи Будды, остатки города Гаугале и две мусульманские крепости (№208).

Деятельность, направленная на сохранение и включение культурного и природного наследия в современную культуру путем активизации социокультурной роли его объектов и их интерпретации в данное время является очень актуальными проблемами по сохранению памятников.

Литературы

- 1 Словарь музейных терминов Российская музейная энциклопедия. – М., 2002. <http://www.museum.ru/rme/dictionary.asp?81>
- 2 Охрана исторических ценностей при поддержке США. Сохранение культурного наследия в Южной и Центральной Азии. //Проект: Отдел по связям с прессой и общественностью. Бюро по делам Южной и Центральной Азии. Государственный департамент США. Вашингтон, округ Колумбия 20520. Фонд посла по сохранению культурного наследия. Бюро по делам образования и культуры. Веб-сайт: <http://exchanges.state.gov/education/culprop/afcp>
- 3 Князев А. В краю умерших Будд. // Правила игры. – Алматы, 2005. №6, сентябрь.
- 4 <http://www.sedmitza.ru/text/4479233.html>
- 5 <http://culture.compulenta.ru/599090/>
- 6 Cultural landscape and archaeological remains of bamiyan valley. UNESCO – Kabul.2003.
- 7 Structure, design and techniqui of the Bamiyan buddhist caves. Recent cultural heritage issues in Afghanistan. Volume 5. Written by: Mayu Iwade and Shigeru Kubodera. Tokyo, (JCICC) 2013.

Referens

- 1 Slovar' muzejnyh terminov Rossijskaja muzejnaja jenciklopedija. – М., 2002. <http://www.museum.ru/rme/dictionary.asp?81>
- 2 Ohrana istoricheskikh cennostej pri podderzhke SShA. Sohranenie kul'turnogo nasledija v Juzhnoj i Central'noj Azii. //Proekt: Otdel po svjazjam s pressoj i obshhestvennost'ju. Bjuro po delam Juzhnoj i Central'noj Azii. Gosudarstvennyj departament SShA. Vashington, okrug Kolumbija 20520. Fond posla po sohraneniju kul'turnogo nasledija. Bjuro po delam obrazovanija i kul'tury. Veb-sajt: <http://exchanges.state.gov/education/culprop/afcp>
- 3 Knjazev A. V kraju umershih Budd. // Pravila igry. –Almaty, 2005. №6, sentjabr'.
- 4 <http://www.sedmitza.ru/text/4479233.html>
- 5 <http://culture.compulenta.ru/599090/>
- 6 Cultural landscape and archaeological remains of Bamiyan valley. UNESCO – Kabul.2003.
- 7 Structure, design and techniqui of the Bamiyan buddhist caves. Recent cultural heritage issues in Afghanistan. Volume 5. Written by: Mayu Iwade and Shigeru Kubodera. Tokyo, (JCICC) 2013.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.
ӘОЖ / УДК / UDK 96

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОЛА ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ МЕН БАЙЫРҒЫ КӨШПЕНДІЛЕРДІҢ АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

Ашимбаева Ф.Е.

Әл-Фараби ат. ҚазҰУ тарих факультеті 2 – курс студенті

Аңдатпа. Мақалада Қола дәуіріндегі Қазақстан тұрғындарының палеантропологиялық ерекшеліктері және антропологиясы бойынша көне және қазіргі заманғы халықтардың қарастырылып отырған территорияда нәсілдік және этногенетикалық үрдісін ашуқарастырылған.
Түйін сөздер: краниология, палеоантропология, этногенез, раса.

ПРЕЕМСТВЕННОСТИ МЕЖДУ АНТИЧНЫХ КОЧЕВНИКОВ И ПАМЯТНИКОВ В ЭПОХУ БРОНЗЫ В КАЗАХСТАНЕ

Ашимбаева Ф.Е.

Магистрант 2 – курса КазНУ им. Аль – Фараби

Аннотация. В статье представлены палеоантропологические особенности населения Казахстана в эпоху бронзы в сопоставлении с соответствующими параметрами современных казахов для выяснения эпохальной этногенетической преемственности между древним и современным населением.

Ключевые слова: краниология, палеоантропология, этногенез, раса.

CONTINUITY BETWEEN ANTIQUE NOMADS AND MONUMENTS DURING A BRONZE ERA IN KAZAKHSTAN

Ashymbaeva F.E.

2-d undergraduate Student of the al – FarabiKazNU

Abstract. In article it is presented paleoantropologichesky features of the population of Kazakhstan during an era of bronze and to compare them with the corresponding parameters on modern Kazakhs for clarification of epoch-making ethnogenetic continuity between ancient and modern the population.

Keywords: kraniologiya, paleoanthropology, ethnogenesis, race.

Қазақтың кең байтақ жерінде ұзақ ұақытқа созылған тарихи кезеңдерін қамтитын көптеген археологиялық және антропологиялық нысандар арасынан қола дәуірінің ескерткіштері ерекше орын алады.

Отан тарихының ежелгі кезеңдерін, байырғы халықтардың мәдени-экономикалық байланысын, миграциялық жолдары мен этникалық үрдістерін, адамдардың антропологиясы мен этногенез мәселесін, археологиялық ескерткіштер арқылы зерттеуге болады. Осы кезеңде көршілес орналасқан ірі мәдени – тарихи аймақтардың өркендеуі бір – бірімен тығыз байланысты болды, сондықтан қола дәуірінің зерттелуі басқа тарихи – мәдени кезеңдердің ескерткіштерімен бірге өрбиді. Қазақ жеріндегі қола дәуірі ескерткіштері мен мәдениетіне деген қызығушылықты

туғызған Ресей патшасы І Петр жарғылары деуге болады. Патша өзінің жарлығында обалардан алынған ежелгі адам қаңқасына мың рубль, бас сүйегі үшін бес жүз рубль көлемінде сый – ақы тағайындаған [1].

Қола дәуіріне тән обаларды немесе тас қоршауларды белгілі зерттеуші Н.И. Потанин 1829 ж. Семейден Созаққа дейін жүріп өткен жолында Орталық Қазақстан өңірінен кездестіреді.

Көне қорымдар, тас плитадан тұратын қабірлер мен қоршауларды зерттеу барысында қола дәуірі тайпалары табиғи жағдайы өмір сүруге қолайлы, кен байлықтары мол жерлерді қоныстанғандығын көруге болады. Қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлиханов та Орталық Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерін сипаттап кетті.

1862 жылы В.В. Радлов қола дәуірі ескерткіштерін зерттеп, Аягөзге жақын маңнан Қарқаралы округынан, Семей төңірегінен бірнеше қола дәуірі нысандарында қазба жұмыстарын жүргізді. Табиғи жағдайларға, археологиялық артефактіге қарап ол көршілес өңірлермен бірге қазақ сахарасы да мыс, қалайы, алтын өндірген аймақтарға кірді деп есептейді. Алғашқылардың бірі болып өз заманында бұл ғалым Оңтүстік Сібір мен Қазақстанның солтүстік – шығыс аудандар мәдениетінің тарихын мыс немесе қола, ежелгі темір және жаңа темір, ерте орта ғасырлар секілді кезеңдерге бөлді [2].

Сонымен қатар М.Копалов Орталық Қазақстан ескерткіштерін алты топқа бөлді — жай мола, қабырғасынан қаланған тастар (андроновтық қоршаулар), қисық сызықтылар (көне бөген қалдықтары), төбелер (обалар), кен орындары мен бекіністер еді [3].

XX ғасырдың басында Ф.Н. Педашенко, А.Н., Б.Н. Белослюдов секілді зерттеушілер Шығыс Қазақстанның андронов мәдени – тарихи қауымдастығына жататын ескерткіштерді тауып зерттеді [4].

Шығыс Қазақстанның көне тарихи, ең үлкен ескерткіштерінің бірі болып саналатын Зевакинск, Измайловск, Қайыңды, Орлов, Қойтас т.б қорғандарын көптеген ғалымдар зерттеп, сол дәуірдегі қауымның жерлеу рәсімін, өмір сүру жағдайын анықтаған. Қола дәуіріндегі Қазақстан үшін ең бір маңызды, құндылығы жоғары, ежелгі андронов мәдениетінің тарихта алатын орны ерекше (б.з.б XVII—VIII ғғ.). Олар біздің заманымызға дейін үйінділер, қорғандар, елді мекендер түрінде сақталып қалған. Тайпалық қауым жер игеруге, егін егуге қолайлы өзен – көл жағалауларын мекен еткен. Бұл уақыттағы жерлеу рәсімінің өзіндік ерекшелігі бар, бір немесе бірнеше ондаған мәйітті – таспен шеңберлі немесе тікбұрышты пішінді түрде қалаған.

Мәйіттің басын батысқа, оңтүстік – батысқа қаратып сол жақ қырымен қойып жерлеген. Бір – біріне бетпе – бет қаратылып, қырынан жатқызылған жұптық жерлеу де жиі кездеседі. Молада бірнеше ритуалды қыш құмыралар, жанында мыстан жасалған моншақтар немесе қола пышақ сияқты заттар бірге жерленген. Осы мәдениетке тән балшықтан жасалған үшбұрышты, шеңбер, ромб тәрізді күрделі орнаментпен жабылған құмыра да сол дәуірдің ерекшелігін көрсетеді. Барлық материалдардың жиынтығы Қазақстандағы қола дәуіріндегі андронов тайпаларының шаруашылық – мәдениеті екенін дәлелдейді [5].

Дегенмен бұл дәуірдің материалдары ұзақ уақыт бойына хронологиялық дифференция жасалмаған. Тек қана 1948 жылы Сальников К.В. кермакикалық бұйымдар мен жерлеу рәсіміне толық қанды анализ жасау барысында Орал жағалауының қола дәуіріндегі ескерткіштеріне классификация жасады. Кейіннен ол өзінің Оңтүстік Оралдың ежелгі тарихы туралы монографиясында андронов мәдениетін бір – бірін алма кезек алмастыратын үш этапқа: федоров (б.з.д. XVIII—XVI ғғ.), алакөл (б.з.д. XV—XII ғғ) және замараев (б.з.д XII—VIII ғғ).

Кейіннен Акишев К.А 1953 жылы осы дәуірдегі Орталық Қазақстандағы андронов мәдениетін жіктеді, бірақ замараев кезеңін дәндібаймен алмастырды. Оразбаев А.М. 1958 жылы Сальников К.В. классификациясын Қазақстанның солтүстік аудандарындағы ескерткіштерге таратты.

Ә.Х.Марғұлан мен К.А.Акишев Орталық Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштерін өзіндік екі археологиялық мәдениетке: андронов және беғазы – дәндібай деп бөліп қарастырады. Өз

кезегінде андронов мәдениеті екі кезеңге бөлінеді: нұра деп аталатын – ерте андронов және атасу – кейінгі андронов мәдениеті. Ғалымдардың пікірінше нұра мен атасу кезеңі синхронды және жалпы сипаттамасы бойынша Орал жағалауындағы федоров пен алакөл кезеңіне сәйкес келеді, ал беғазы – дөңдібай мәдениеті – Минусинск ойпатындағы қарасу мәдениетіне ұқсас болып келеді.

Осылайша қола дәуірінің барлық ескерткіштері тек хронологиялық кезең бойынша ғана емес сонымен қатар таралу аймағына байланысты этнографиялық ерекшеліктерімен ажыратылады [6].

Көп жылдық зерттеулер негізінде Орталық Қазақстандағы қола мәдениетінің бірнеше мыңжылдықтар барысында дамығандығын және әр кезеңдегі өзгерістерден өткендігін байқаймыз. Қола мәдениеті кезеңдерінің бірізділігі бір – бірінен ғимараттары, жерлеу салты мен мүкәммалы бойынша ерекшеленетін ескерткіштерден анық көрінеді. Әр кезеңнің басында өткен дәуірдің кейбір бітістері сақталып отырған. Кең дала кеңістігімен бөлінген облыстардан табылған тұрмыстық құралдардың, керамиканың және басқа да еңбек құралдарының ұқсастығы ежелгі тайпалардың арасында болған мәдени және экономикалық байланысын дәлелдейді.

Орталық Қазақстандағы кейінгі қола дәуірінің мәдениет ескерткіштері Енисейдегі қарасу мәдениеті ескерткіштерінен анық бітістермен ерекшеленеді.

Қарастырған кезеңдегі ізденістердің өзіндік ерекшеліктері бар. Қола дәуіріне жататын археологиялық нысандардың басқа дәуірлермен мерзімделіп отырған кездері жиі ұшырасады [7].

Андронов мәдениеті тұрғындары өздерінің жерлеу әдет – ғұрпы ерекшеліктерімен этнографиялық тұрғыдан көршілес тайпалардан өзіндік айырмашылықтары болды. Археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу барысында обалар мен қабырлардың ерекшеліктерін байқауға болады. Олар зиратты пішіні әр түрлі тас қоршаулар түрінде тұрғызған, олар тік бұрышталып, дөңгелектей, сопақталып қоршалған, кейбір өңірінде бұлардың орнына обалар үйілді. Өлген тайпалас адамды өртеу рәсімі де орын алған, сонымен қатар ерекше әдіспен бүйірінен жатқызып, қол – аяғын бүктеп, тас тақталардан жасалған «жәшікке» немесе қазылған төрт бұрышты шұңқырға салып жерлеген. Бұл андронов қоғамының біртекті болмағандығын көрсетеді. Байлар, текті адамдар өлгенде олар ерекше құлпытас орнатылған мазарларға жерленді. Жауынгерлер, патшалар абыздар тәрізді әлеуметтік жік болған.

Қола дәуіріндегі тұрғындардың палеоантропологиялық көрсеткіштері территорияның нәсілдік және этногенетикалық үрдісін көрсетеді. Аталмыш дәуірдің қоғамдық құрылымын палеоантропологиялық материалдардан краниология сериясын құрастыру арқылы анықтауға болады. Палеоантропологиялық материалдардың арасынан краниология сериясын бөліп алу барысында, әрбір сүйекті тазалап, бүлінген сүйектерді қалпына келтіріп, барлық анатомо – морфологиялық анықтамаларды кешенді және салыстырмалы зерттей отырып, тұрғындардың нәсілдік және этногенетикалық үрдісінің қалыптасуы айқындалады [8].

Шығыс Қазақстанның көне тұрғындарына этногенетикалық тұрғыда краниологиялық салыстырмалы талдау жасау барысында, қазақ халқының ата – тегі және этногенетикалық байланыстары сипатталады. Көне тұрғындар мен қазіргі заманғы қазақ халқына салыстыра отырып, олардың дәуірлік этногенетикалық сабақтастығы ұштасып жатқандығын көрсетеді.

Шығыс Қазақстан облысындағы Шілікті алқабындағы Бәйгетөбе қорғанында сақ «алтын адам» табылғаны белгілі. Жерлеу рәсімінің ерекшелігіне орай, яғни мәйіттің қасына мықты, ауыр, қымбат–бағалы тастармен көмкерілген қару–жарақтардың бірге жерленуінен ер адамның сүйегі екендігін аңғаруға болады. Мәйіттің бас сүйегі, астыңғы жағы және тістері жақсы сақталған. Шүйденің жоғарғы жағы зақымдалған және үстіңгі жақтан екі азу тісінің бірінші және үшінші жұбы, оң жақ екінші күрек тісі жақсы сақталған. Қаңқаның өзіндік ерекшелігі мен антропологиялық сипаттамасын қарастыратын болсақ, бас қаңқасы биік, салыстырмалы ұзын, қысыңқы, бас қаңқа көрсеткіші бойынша долихокранды, маңдайы кең, шығыңқы, орташа

көлбеген, дөңес, қастың жоғарғы жағы доғалары дамыған, сондықтан бас пішіні жоғарыдан қарағанда овоидты болып келген, шүйде бөлімі шамалы шығыңқы[9].

Басқа да морфологиялық ерекшеліктеріне және осы айғақтарға сүйене отырып, қорғаннан табылған қаңқаның жас ер адамға тән екендігін көрсетеді.

Шілікті “ алтын адам” бас қаңқасының краниологиялық сипаттамасы мен морфологиялық басқа да белгілерін анықтау барысында, ерте темір дәуіріндегі тайпалардың ортасында кең таралған, сонымен қатар монголоидты элементтер аздап байқалатын антропологиялық түр шеңберіндегі протоевропеоидты расаға жатады [10].

Бәйгетөбе қорғанындағы қарастырылған жеке тұлғаның расалық белгілері антропологиялық типтің монголоидтық белгілермен жаңа араласып келе жатқан европеоидтық расаға қарайтынын көрсетті.

Андронов мәдениетінен – кейінгі қола дәуіріне ауысу кезеңдегі ескерткіштердің өзіндік ерекшеліктері болды (б.з.д. XII – XI ғғ).

Айыршақ моласында қола мәдениетінің ескерткіштері – Атасу және беғазы – дәндібай мәдениетінің алдында болған ауыспалы екі кезеңмен көрсетілген. Обаның ішінде 0,8 м тереңдікте солтүстік – шығыс бағытында әйел адамның қаңқасы жақсы сақталған. Ол тізесі бүгіліп, буындары жамбасына салынып, шалқасынан жерленген. В.В. Гинзбургтың краниологиялық анықтамасы бойынша қаңқа егде әйелдің қаңқасына ұқсайды. Оны бірге жерленген заттар дәлелдейді.

Оба – қорымның солтүстік – батыстағы топшасының биіктігі – 0,65 м, төбесінде саяз шұңғыма бар. Жерлеу ғимараттары ерекше орнатылған. Бірінің үстіне бірі орналасқан екі жәшік екі метрлік тереңдіктен табылды. Трапеция түріндегі төменгі бөлігі жағымен батысқа қараған. Адамның қаңқасы 0,7 м тереңдікте орналасқан. Арқасымен, қол – аяғы созылып, басы оңтүстік – батысқа қарап жерленген. Қаңқаның жанында сиыр сүйектері, аттың тістері мен жауырыны, биконикалық пішінді қола моншақтары болды.

Оба – қорымның оңтүстік бөлігінде биіктігі бір метрге жететін жер үймесін көрсетеді. Оңтүстік – шығыс қорымның жәшігі 0,9 м тереңдіктен табылды. Оның түбінде адамның мыжылған бассүйегі мен дене сүйектері, керамика сынықтары, қола негізінде өрнектелген алтын түйреуіш ретсіз орналасқан. Солтүстік – шығыс қорымның жәшігі 0,8 м тереңдіктен табылды. Бұл жерден өртенген адам сүйектерінің қою – күлгін түсті органикалық туындаған затпен бірге жатуы таңқаларлық көрініс. Дақты тазартқаннан кейін жәшіктің түбінде мата іздері, майлы дақтың іздері байқалды. Марқұмды кремациялау жәшіктің ішінде жүргізілген болуы мүмкін.

Орталық Қазақстан бойынша қола негізінде жасалған бұйымдар ауыспалы кезең мәдениетіне тән. Қола дәуірінің ескерткіштеріне тән. Айшырақ обасында анықталған заттар андронов ескерткіштерінде кездеспейді. Олар ауыспалы кезеңде пайда болған және беғазы – дәндібай ескерткіштеріне тән.

Егізек қорымы екі топшадан тұрады, ғимарат құрылым, жерлеу салты, мәдени заттары бойынша бір типті. Жерлеу ғимараттары құрылысында бітістері сақталған. Бірақ осы тұрақты дәстүрден андроновқа тән емес жаңа элементтер көрінеді. Кешен қола дәуіріндегі әр кезеңнің ескерткіштерінен тұрады. Оның негізгі бөлігін Атасу кезеңінің қорымы құрайды[11].

Ауыспалы кезең ескерткіштері шетте орналасқан және андроновтықтан ірі көлемімен ерекшеленеді. Ауыспалы кезеңдегі жерлеу ғимараттарының өзіне тән пішіні – оба–қорымдар болып тбылады. Олар қырымен қазылып көмілген айналым қорымдары бар үлкен үймелі төбелерді құрайды.

Осындай қорымдардың бірінде шығыс бағытта жәшіктерді бойлай адам қаңқалары болды, оған қарап жерлеу салты туралы айту қиын. Адам отырғызып жерленуі мүмкін. Сүйектерді жинау барысында, адамның мықын сүйегінен (os ilium)пішін білік тәрізді жебенің үшкір қола ұшы шығып тұрды. Жебенің қатты соққысынан мықын және маңдай сүйегінің қосылған жерінен үңірейген жарық (eminentia iliopectinea) пайда болған. Жерлеу салтында, мола құрылымдарын

орнатуда, керамиканың пішіні мен өрнегіндегі өзгерістер анық байқалады. Осы топтың ескерткіштерінде жерлеу рәсімі үш түрде көрсетілген: бүгілген, тізесін біраз көтерген, отырғызылған күйде. Сондай – ақ жұптық жерлеу орындары үлкен патриархалды отбасынан жеке ұя болып бөлінгенін көрсетеді [12].

Қола дәуіріндегі европеоидты расаға Орталық Азиядағы шығыс елдері территориясынан монголоидтық элементтердің инфильтрацияның басталғаны, сол кездің өзінде шекаралық қарым – қатынастың болғандығын білдіреді.

Қазақтың кең байтақ жеріндегі метисация үрдісінің негізінде біртіндеп трансформациялану арқылы Еуразияның дала зонасында да тайпалардың расалық жиынтығы алмасып отырды.

Еуразияның расалық тип қатарында қазақ халқының папуляциясы өзіндік анық бейнеленген антропологиялық белгілерімен анықталады. Антропологиялық классификация бойынша қазақ халқы автохтонды тураноидты расаға жатады.

Әдебиеттер

- 1 Сборник исторического общества. Т. XI, СПб., 1873. – С. 372.
- 2 Радлов В.В. Сибирские древности, Т. I. СПб., 1888. С.10.
- 3 Копалов М. Памятники старины киргизской степи /Записки Уральского общ. Любит. Естествозн. Екатеринбург, 1891 – 92. Т. XIII. вып. 1.– С. 19 – 22.
- 4 Грязнов М.П. Казахстанский очаг бронзовой культуры / Сб. Ст. Антропол. Отряда Казахской экспед. Академии наук СССР. Л., 1930, вып. 15. – С.149 – 162.
- 5 Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма – Ата, 1966. Гл. I, II, V.
- 6 Кадырбаев М.К. Могильник Сангру II. // В кн.: Новые материалы по археологии и этнографии Казахстана. // Труды ИИЭА. Т. 12. Алма – Ата, 1961. – С. 52.
- 7 Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы. // МИА. М. – Л., 1960. № 88. – С. 237.
- 8 Алексеев В.П., Дебец Г.Ф. Краниометрия. Методика антропологических исследований. – М., 1964.
- 9 Гинзбург В.В. Материалы к антропологии древнего населения Юго-Восточного Казахстана. Труды Ин-та истории, археологии и этнографии АН КазССР, 1959. – Т.7.
- 10 Исмагулов О. Население Казахстана от эпохи бронзы до современности (палеоантропологическое исследование). – Алма-Ата, 1970.
- 11 Гинзбург В.В. К антропологии ранних кочевников Восточного Казахстана // Антропологический сборник III. Труды Ин-та этнографии АН СССР. – М., 1961. – Т. 71.
- 12 Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К.; Оразбаев А.М. Указ соч. – С. 217. Памятники Карасусского этапа в Центральном Казахстане. 1966.

References

- 1 Sbornik istorycheskogo obchestva . Т. XI, SPb., 1873. – S. 372.
- 2 Radlov V.V. Sibirskie drevnosrti, T.I. SPb., 1888. – S. 10.
- 3 Kopalov M. Pamiatniki starini kirgizskoi stepi / Zapiski Uralskogoobsh. Lubit. Estestvozn. Ekaterinburg, 1891 – 92. Т. XIII. Vip. 1. – S. 19 – 22.
- 4 Griaznov M.P. Kazakhstanskioshakbronzovoikulturu / Sb. St. Antropol. OtridaKazakhstanskoieksped. Akademiinauk SSSR. L., 1930, vip. 15 – S. 149 – 162.
- 5 Margulan A.X., Akishev K.A., Kadurbaev M.K., Orazbaev A.M. DrevnaiakulturaSentralnogoKazakhstana. Alma – Ata, 1966. Gl. I, II, V.
- 6 Kadurbaev M.K. Mogilnik Sangru II. // Vkn.:Novuematerialupoarheologii I etnografiiKazakhstana. // trudu IIAEA. Т. 12. Alma – Ata, 1961. – S. 52.
- 7 Shernikov S.S. VostoshnuiKazakhstanvepoxubronzu. // MIA. М. – Л., 1960. № 88. – S. 237.
- 8 Alekseev V.P., Debec G.F. Kraniometria. Metodika antropologisheskix issledovanii. – М., 1964.
- 9 Ginzburg V.V. K antropologii rannix koshevnikov Vostoshnogo Kazakhstana // Antropologisheskii sbornik III. Trudu In – ta etnografii AN SSSR. – М., 1961. – Т. 71.
- 10 Ismagulov O. Naselenie Kazakhstana ot epoxy bronzu do sovremennosty (paleoantropologishekoeissledovanie). – Alma – Ata, 1970.
- 11 Ginsburg V.V. K antropologii rannix koshevnikov Vostoshnogo Kazakhstana // Antropologisheckii sbornik III. Trudu In – ta etnografii AN SSSR. – М., 1961. – Т. 71.
- 12 Margulan A.X., Akishev K.A., Kadurbaev M.K., Orazbaev A.M. Ukazsosh. – S. 217. Pamiatniki Karasuskogo etapa v Sentralnom Kazakhstane. 1966.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.
 ӘОЖ / УДК / UDK 94(3)

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ, ОНЫҢ ТҮРҒЫНДАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНЕ ӘСЕРІ: ДЕНСАУЛЫҒЫ, ЕМДЕУ ШАРАЛАРЫ (1867-1917ЖЖ) (ВЕРНЫЙ УЕЗІ БОЙЫНША)

Бисембаева Л.А.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, PhD докторант

Аңдатпа. Бұл мақалада патшалық отарлық билік үстемдік жүргізген ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі Жетісу облысындағы халықтың әлеуметтік жағдайы баяндалады. Патша үкіметінің Жетісу өлкесінде жүргізген отарлық саясатының салдарынан өңір халқының ұлттық құрамының өзгеріске түсуі, бұрын белгісіз болып келген ауру түрлерінің пайда болып, асқынып кетуі, жұқпалы ауруларды емдеудегі халық емшілері мен орыс медицинасы туралы сөз болады. Мақаланың мақсаты – өз жерінде қорғансыз болып қалған қазақ халқының күнделікті өмірін халықтың денсаулығы тұрғысынан ашып көрсету. Мақалада өлкеде пайда болған ауру түрлері сарапталады және оларды емдеу жолдарына сипаттама беріледі. Жұмыс пәнаралық байланыста жазылғандықтан тарих, әлеуметтану, саясаттану ғылымдары салаларының мамандары үшін пайдалы болып табылады.

Түйін сөздер: Отарлау саясаты, патша үкіметі, Жетісу облысы, Верный уезі, аурулар, орыс медицинасы, дәрігерлік көмек, халық емшілері, дәрілік шөптер.

СОЦИАЛЬНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ ОБЛАСТИ, ЕГО ВЛИЯНИЕ НА ПОВСЕДНЕВНУЮ ЖИЗНЬ НАСЕЛЕНИЯ: ЗДОРОВЬЯ, ПУТИ ЛЕЧЕНИЯ (1867-1917) (ПО ВЕРНЕНСКОМУ УЕЗДУ)

Бисембаева Л.А.

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, PhD докторант

Аннотация. В этой статье рассматриваются вопросы о том как царская колониальная власть проводила свое превосходство во второй половине ХІХ века и в начале ХХ века в Семиречье, о социальном положении народа. В Семиреченской области изменился национальный состав жителей, из-за этого появилась болезни, перешедшие в осложненные стадии болезни, как лечили инфекционные болезни народные целители и врачи, об этом и будет идти речь в статье. Цель статьи - открыто показать как казахской народ в своей земле оказался беззащитным и как это повлияло на повседневный жизнь и на здоровье народа. В статье рассматривается виды болезни которые появились и пути лечение. Это работа может быть полезным для историков, социологов, политиков.

Ключевые слова: Колониальная политика, царское правительство, Семиреченская область, уезд Верный, болезни, русская медицина, медицинская помощь, народные целители и лекарственные травы.

THE SOCIAL SITUATION IN THE REGION SEMIRECHYE, ITS IMPACT ON THE DAILY LIFE OF THE POPULATION: HEALTH, THE WAY OF TREATMENT (1867-1917) (ON THE VERNY UYEZD)

Bissembayeva L.

Kazakh National Pedagogical University named after Abai. PhD student

Abstract. This article reports on how the royal colonial authorities conducted their superiority in the second half of the nineteenth century and early twentieth century in the Semirechye on the social situation of the people. In the area of harm Semirechye of tsarist colonial power, changed the composition of the nationality of the people, because of this there appeared the disappeared disease, have fallen into the complicated stage of the disease is treated infectious diseases, traditional healers and medicine of the Russian people, and this will be discussed in the article. Purpose of the article - to show how openly the Kazakh people in their daily life in their own land was defenseless and how it affected people's health. The article discusses the types of illnesses that have appeared and the way treatment. This work may be useful for historians, sociologists, politicians, as it covers the humanities and inter subjects.

Keywords: colonization policy of the tsarist government, the region Semirechye, DC True, illness, Russian medicine, s medical aid, healers and herbs.

Патша үкіметінің XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде жүргізген отарлық саясаты қазақ халықының басына зор қиыншылықтар әкелген болатын. Қазақ халқы саяси тәуелсіздігінен айырылып, ата-бабасының мекенінен ығыстырылды және халықтың ұлттық құрамы өзгеріске ұшырады. Бұл үдеріс бүкіл қазақ жерімен бірге Жетісу өңірінің Верный уезіндегі халықты да қамтығаны белгілі. Тұрғындардың ұлттық құрамының өзгеруі саяси-экономикалық қиындықтармен бірге өз кезегінде әлеуметтік қиындықтарды да туғызды. Сондай қиындықтардың бірі санитарлық-гигиеналық жағдайдың нашарлығы салдарынан шешек, мерез т.б. жұқпалы аурулардың асқынып кетуі еді.

Жұқпалы аурулардың таралуы өңірдегі патшалық билік үшін күтпеген жағдай еді және олардың өлкедегі саясатына да кедергі келтіретін еді. Сондықтан да жергілікті билік мемлекетке қанша шығын келтіретініне қарамастан, жағдайды назардан тыс қалдырмай, бақылауда ұстауға тырысты. Осыған байланысты әскери-медициналық инспектор жыл сайынғы есебінде Түркістан өлкесінің санитарлық жағдайы мен ондағы орыс дәрігерлерінің қызметі туралы хабардар етіп тұрды.

Жетісу облысы бойынша 7750 аурудың 7503-і жазылып, 47-сі өлген. Түркістан өлкесі әртүрлі халықтардан тұрды, жергілікті халық көп жағдайда тәуіптердің көмегіне жүгінген. Дәрігер көмегіне жүгінетіндердің көпшілігі безгек (лихородка) және жұқпалы аурулармен ауырғандар болатын. Безгекті емдейтін хининнің жетіспеуі дәрігерлерге қолбайлау болды. Дәрігер көмегіне көп жүгінген келесі ауру түрлері – жыныстық қатынас арқылы жұғатын венерологиялық аурулар, көз және буын аурулары (ревматизм). Көз ауруы мен буын ауруының асқынуына тұрғын үйлердегі гигиеналық жағдайдың сақталмауы себеп болса, мен ойық жаралардың пайда болуына нашар тамақтану себеп болды. Денесін таза ұстамау қотыр мен созылмалы жаралардың пайда болуына алып келді. Мысалы: 1877 жылы Жетісу облысының Верный уезінде шешек және қызылша аурулары таралады. Шешек індеті өте күшті болып, көптеген балалар соқыр, саңырау болып қалады. Верный уезі бойынша шешекпен ауырған 2025 адам дәрігер көмегіне жүгінген [1].

Шешек ауруының қазақтарда қорқыныш тудырғаны соншалық, оны ең жаман ауру деп есептеді. Шешекпен ауырған адамдарды жалғыз немесе ауырған бірнеше адамды бірге қалдырып,

өздері аулақ көшіп кетіп, аурулар айдалада көмексіз қалған. Балаларын қимаған әйелдерді күйеулері күшпен көндіріп отырған. Шешекке қарсы егушілердің құралдарын тартып алып, енді қайтып бұнымен айналыспайтындай етіп қорқытқан. Қазақтардан не үшін қарсылық көрсететіндерін сұраған кезде «мұсылман мен орыс қанын араластыру күнә» деп жауап берген.

Бұдан XIX ғасырдың аяғында қазақтар арасында мұсылман діні мен молдалардың ықпалының күшті болғандығын көреміз. Қазақ жеріне келген қоныс аударушылардың діні мен өмір сүру әдеттерінің жергілікті халықтың дәстүрі мен дініне қарама-қайшы екенін көрген қарапайым халық, оның емдеу әдістеріне де үрке қарады. Бұл-бір жағынан, қалыпты құбылыс болғанымен, екінші жағынан, аурудың соншалықты қауіптілігін түсіне алмау немесе жете түсіндірмеу - халықтың, әсіресе, қазақ халқының сан жағынан шығынға ұшырауына әкеліп соқтырғаны сөзсіз. Бұрын, орыс дәрігерлері келгенге дейін, шешекті сарттар емдеген. Олар шешекпен ауырғандарды жинап алып, сұқ саусағы мен бас саусағының ортасынан еккен, одан олардың қолдары ісіп ауырған.

Верныйда дифтерия мен шешек ауруы қатты асқынған. Верный мен Үлкен Алматы станицасын қоса есептегенде дифтерия мен тамақ ауруынан өлгендердің саны (үлкендер, балалар) тамыз айында-20, қыркүйекте-26, қазан айында-43-ке жеткен. Верныйда бұл аурумен ауырған адамдардың 3 тен 2-сі өліп кетіп отырған. Аурудың асқынып кеткені сондай, кедейлерге ауырған кездегі киімін тапсыртып, оның орнына дәрі-дәрмек, залалсыздандыратын құрал-жабдықтар, киімдер беру үшін дифтерияға қарсы Қызыл Крест ұйымының Жетісу жергілікті басқармасы мүшелері мен губернатор жанындағы ерекше тапсырмалармен айналысатын шенділерден құралған арнайы комитет құру қажет болды [2,-195 б.].

Жұқпалы аурулардың асқынғаны соншалық, тіпті Дмитриев шіркеуінің священнигі Владимир Аркадов 1883 жылдың 26 желтоқсанында Верныйдың уездік бастығынан Зайцев пен Маловодный селоларында балалар арасында дифтерияның пайда болуына байланысты шара қолдануын сұрайды. Сонымен бірге қазан айынан желтоқсанға дейін осы селоларда дифтериядан ұл-қызы аралас 44 бала өлгенін, үйлерді аралап көргенінде ауырып жатқан тағы да 5 бала мен бір қарт әйелді көргенін, үйлерде дезинфекция жасайтын құралдардың, тазалықтың жоқтығын байқағанын және бұған селолық биліктің ешқандай көңіл аудармай отырғанын жазады. Осыған байланысты Верныйдың уездік бастығына тапсырма беруін немесе Зайцев селосына дәрігер жіберуін, болмаса дәрігерлік құралдармен қамтамасыз етуін, сонымен бірге оларды мұндай жағдайда қалай пайдалану керектігін көрсететін жауапты адам бөлуін өтініп сұрайды [3, -1-266.].

Верный уезінде дифтерия ауруының асқынып кеткені сондай, оның белгілері жыл бойы байқалып отырған [4, -С.203]. Келесі бір деректерде 1884 жылдың 2 тамызында Верный уездік басқармасына полковник Сапожников 18 шілдеден бері белгісіз ауру пайда болғанын, оны дүнгендер ұнға жатқызып емдеп, кейін ол ұнды халыққа сатып, ауру таратып отырғанын, сол ұнды сатып алған қырғыздар (қазақтар -Б.Л.) арасында қысқа уақыт ішінде 10 адам өлгенін мәлімдейді [3,-76.].

Шешектен де қауіпті ауру мерезбен бастапқыда белгілі бір адамдар ғана ауырса, кейін таралып кетуіне байланысты бүтін ауылдар да ауырып отырған. Орыс билігі бұл аурумен қанша күрессе де, тұрғындар арасына таралып кетуіне тосқауыл бола алмағанын көреміз. Мысалы, Қаскелең өзенінің жоғарғы жағындағы Бекбатыр ауылында 10 киіз үй болса, олардағы бесіктегі баладан бастап қарттарына дейін түгел ауру болған [5].

Қазақтар арасында бұрын кездеспеген мерез ауруы – жыныстық жолмен тарайтын жұқпалы ауру. Мерез әскердегі төменгі шенділердің арасында кеңінен таралып, барлық әскери емдеу орындары осы ауруды жұқтырғандарға толы болды. Соған байланысты енді әйелдердің, оның ішінде жезөкшелердің, олармен байланысы бар еркектердің денсаулығын тез арада тексеру мәселесі көтеріледі. Бұның бәрі мемлекет қазынасына үлкен шығын келтіретініне қарамастан, жергілікті билік бұл шаралардың орындалуын қатаң бақылап отырады [6].

Верный қаласының азаматтық және әскери дәрігерлері аптасына 1 рет Верныйдың қалалық

ауруханасында әйелдер мен жезөкшелерді тексеріп, соңғыларына қатаң шаралар қолданып отырған. Тексерілген әйелдердің ішінен мерез ауруын жұқтырған 7 әйел анықталып, жезөкшелікпен айналысатын 14 әйел тұтқындалған. Ауру жұқтырған әйелдер аурухананың арнайы бөлімдеріне жатқызылған [7,-С.51-52.].

Осыған қарап-ақ, өлкені орыстар билеген тұста қазақ халқының ұлттық тұнығы лайланып, қоғамда азғындық әрекеттер тарала бастады деуге толық негіз бар.

Верныйда 1896 жылы 1 желтоқсанда ақыл-есі ауысқандарға арналған аурухана ашылған. Ол жерде 5 тұрақты төсек, 3 қосымша төсек болды. Ол жерде емделген 20 адамның 2-еуі 15 пен 20 жас аралығында; 14-і 20 мен 50 жас аралығында; ал 4-еуінің жасы 50-ден асып кеткен [7,-53 с.].

1896 жылы 2 сәуірде көз ауруларын тегін емдейтін аурухана ашылған [7, -61 с.].

Верныйдың 15 орынға арналған қалалық ауруханасында әртүрлі ішкі, сыртқы аурулармен стационарлық науқастарды емдеген. Ең көп емделген ауру түрлері:

- венерологиялық-37;
- ішімдіктен улану-29;
- әртүрлі жарақаттар-26;
- іш сүзегі-11.

Осы аталған ауру түрлерінен бөлек өңеш ісігіне байланысты асқазанға фистула (түтік, тұрба) қою, қуықтан тас алу, жақ сүйегінің жансызданған бөлігін алып тастау сияқты ауру түрлеріне ота сәтті жасалған. Бұдан басқа да кіші-гірім 15 ота жасалған. Амбулаториялық ем де жүргізілген [8, -65 с.].

Осы кезеңде қазақтар арасында кеңінен таралған аурулардың келесі бір түрі-котыр ауруы болған. Оған материалдық жағдайы жақсы болыс басқармаларының өзі атүсті қараған.

Өлкені зерттеуге шыққан Жетісу облыстық ұйымдастыру комиссиясы уезге дәрігер және әйелдер дәрігері (акушер) тағайындалатынын, әрі халықты тегін емдейтінін хабарлаған кезде, халық оған қатты қуанған. Орыс дәрігерлерінің көмегіне ерлерге қарағанда әйелдер көбірек жүгініп, көз және жүрек ауруларынан дәрі сұраған [5].

Қазақ жеріне орыс дәрігерлері келгенге дейін, ел ішіндегі ауруларды бақсылар (шамандар) емдеген. Бақсы дегеніміз- шаман дініндегі басты тұлға. Діни культті атқарушы. Бақсылар негізінен көзбайлаушылық, емшілік, болжаушылық, сәуегейшілікпен, жадагершілікпен (жын шақыру) айналысқан. XIX ғасырдан бастап қазақ бақсылығының аясы емдеу, болашақты болжау, жоғалғанды іздеу сияқты функциялармен тарыла түседі [9, -97 б.].

Бақсылардың әлеуметтік өмірдегі орны XIX ғасырдың соңына қарай тіптен тарыла түседі. Олар ірі қоғамдық мерекелерді өткізудегі және құрбандық шалудағы жетекшілік қызметінен айырыла бастайды. Оның себебі 1868 жылғы қазақ даласын билеудің жаңа ережелеріне сәйкес бақсылыққа заң жүзінде тиым салынуынан, екіншіден мұсылманшылықтың өршуінен (молдалар жын шақыру шарифатқа қарсы келеді, сондықтан бақсыдан көмек сұрау күнә болады деп уағыз жүргізеді), үшіншіден, қазақ даласына етек жая бастаған орыс медицинасы да бақсылыққа өр-тұра қарсы болады [9, -99 б.].

Бірақ, біз қарастырып отырған XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басына дейін (тіпті бүгінге дейін), қазақ бақсылығынан қалған негізгі функцияның бірі - емшілік. Өлкеге орыс медицинасы тарала бастағанымен, халық негізінен емшілердің көмегіне сүйенген. Емшілер әртүрлі шөптер мен шөп тамырларымен емдеген. Көптеген дәрілік шөптермен ем жасай білген қазақ халық емшілері ішек құрттарын дермене жусаны арқылы емдеген [10].

Түркістан өлкесінде халық емшілері өсімдіктен жасалған 227 түрлі дәрілік шөптерді пайдаланған. Олардың ішінде 62-сі (апиын, мандрагора, гашиш, т.б.) үнді флорасынан болса, 12-сі хиуалық және қытайлық, 9- бұхарлық, 7-парсылық, 6-арабтық, 4-еуропалық және египеттік өсімдіктерден еді. Халық емшілері сонымен бірге хинин, ашутас, скипидар, тотыяйын, сынап, алмас, т.б. сияқты өте күшті әсер ететін улы дәрілермен де емдеген. Негізінен жергілікті өсімдіктерді де кеңінен қолданды. Мысалы дермене жусаны, кара андыз, саумалдық, қымыздық,

күшала, арша, киік оты, қалампыр, қара бұрыш, долана, қарақат, меңдуана, темекі, ақсырғақ, бозбұға, итмұрын түбірі, мия түбірі, тобылғы, т.б. пайдаланған. Осылармен бірге аюдың, аққудың өті, борсықтың, қаздың, жылқының, қойдың майларымен бірге, малдың жас еті мен сорпасы, қымыз, шұбат, құрт, сары май, сүйек майы, сүт бал, арқар мен маралдың мүйіздерін де қолданды.

Буын аурулары (ревматизм) мен бел шойырлуды (радикулит), бас аурулары мен суық тиюді қазақтар жылы суға отыру, құмға түсу, теріге түсу сияқты әдістермен емдеген [11, -С.185.].

Апиынды медицина саласында қолдану мақсатында оны шетелден тасымалдамай Жетісу облысының Пржевальск, Жаркент, Пішпек, Верный уездерінің жерінде апиын майын алу үшін көкнәр өсіру қолға алына бастайды. Оны өсіруді, түскен өнімді жинап алып, қазынаға түгелдей тапсыруды мойнына алған сенімді адамға ғана рұқсат етті. Апиынды рұқсатсыз, өз бетінше өсірген адамдар қылмыстық жауапкершілікке тартылып, апиын еккен плантациясы өнімімен қоса тәркіленген [12, -С.4].

Апиынды Шелек бойындағы сарттар мекендеген далада қазақтардың өсіріп, оны сатқандығы туралы деректер бар. Заң бойынша оны ауруларға дәрі қылып беретін жерлерде ғана сатуға рұқсат етілген. Одан басқа жерлерде сатса, рұқсат етілгені туралы қағаз керек болған. Осындай заңсыз әрекеттер жиілеп кеткен соң, Колпаковский уезд басшыларына заң бойынша шара қолдану туралы бұйрық шығарады [13,-37 б.].

Ал, өлкеге келіп қызмет жасап жатқан орыс дәрігерлері уездегі ауруларды медициналық жолмен емдеген.

Жоғарыда аталған ауру түрлерімен бірге, Жетісу облысында індетке айналмаса да тырысқақпен (холера) ауырғандар да болған. Жергілікті емшілермен бірге, Бакитыко, Поярков, т.б. орыс дәрігерлері көп еңбек сіңірді [14,-72 б.].

Л.С.Длугошевский Верный уезінің Ұзынағаш селосында тұрғындарға медициналық жәрдем көрсету ісін ұйымдастырған. Пржегодский, И.Е.Сенчиковский сияқты дәрігерлер Верный уезінде қызмет еткен [15,-87-б.].

Жаңа заманмен бірге тұрмысқа енген жаңалықтар қазақтардың ішіп-жейтін азық-түлік тағамдарының құрамын да өзгерткені белгілі. Ол өз кезегінде денсаулыққа әсер еткен факторлардың бірі еді. Құжаттарға қарап отырсақ, біз қарастырып отырған кезеңде тіс дәрігерлерінің қызметіне де сұраныс болғанын байқаймыз. Тіс дәрігерлері ХХ ғасырдың басында-ақ тісті емдеу, пломба қою, жұлу, жасанды тістер қою сияқты қызметтер көрсеткен. Мысалы, тіс дәрігері О.И. Колпаковская-Харина ауруларды күндізгі сағат 10-нан 4-ке дейін қабылдайтынын жарнамалайды. Бұрын әйелдерді босандыру қызметін кіндік кесушілер немесе кіндік шешелер (повивальные бабки) атқарса, енді бұл іспен арнайы білімі бар акушерлер айналыса бастады (бірақ кіндік шешелердің әйелдерді босандыруы мүлдем тоқтады деуге болмайды -Б.Л.). Акушер П.С.Тавлинова ауру әйелдер мен босанатын әйелдерге қызмет көрсеткен [16, -С.4.].

Тіпті, кейбір ауру түрлері үшін қажет дәріні Батыс Еуропа елдерінен алдырып емдеген. Мысалы, буын ауруларын Лондоннан М.Е. Трейзердің атына хат жазып, алдымен қабылдап көру үшін 1-еуін алдырған. Одан ем қонып жатса, келесіде жергілікті дәрігерден немесе дәріханадан алуға болатын болған [17,- қосымшасында].

Верныйдың жоғары лауазымды адамдары ауыра қалса, дәріні Санкт-Петербургтен алдырған [15,-87б.].

Мерез бен безгек ауруларын профессор Эрлихтің «606» дәрісімен емдеген [18, -С.5.].

Верныйда 1900 жылы 15 орындық 1 аурухана, 1 дәрігер, 1 ғана көмекшісі болса, 1913 жылы қалада 2 аурухана, 2 амбулатория, және жүйке ауруларына арналған 30 орындық 1 аурухана, барлығы 30-ға жуық дәрігер жұмыс істеген [15,-87б.].

Граф К.К.Паленнің 1909 жылғы сенаторлық тексеру комиссиясының есебі бойынша Верный уезінің Үлкен Алматы станицасындағы аурухана мен Верный қаласындағы ақыл-есі ауысқандардың ауруханасының жағдайы қанағаттанарлық деп табылса, уездің Казанско-Богородская селосындағы аурухана құрылысы 1907 жылы күзде аяқталғанымен 1909 жылдың

сәуір айында әлі қолдануға берілмегенін айтады. Сонымен бірге, оның іші-сыртынан қарағанда жөндеу көрмей тұрғанына ұзақ уақыт болғанға ұқсайтынын, бөлмелердің сылақтары түсіп қалғанын, одан ағаш қабырғалары көрініп тұрғанын, қабырғаларының жарылып кеткенін, шатыры мен іргетасының дұрыс салынбағанын айтады. Осы құрылысты Верный уездік бастығының көмекшісі, бөлімше дәрігері, жергілікті шіркеу священнигі, Казанско-Богородский селосының старостасы, сонымен бірге облыстық сәулетші Тропаревскийден құралған комитет салғанын, құрылысқа бөлінген 12.000 рубль ақша желге ұшқанын сынға алады [19, -36 с.].

Осыдан-ақ отарлық биліктің елдегі халықтың денсаулығы мен өлкенің әлеуметтік жағдайына немқұрайлы қарағанын аңғаруға болады.

Бірақ, жоғарыда аты аталған қазақ қоғамына аты жат жұқпалы ауруларды тек орыс медицинасы ғана ауыздықтай алатын еді. Өйткені бұрын өлкеде мұндай ауру түрі кездеспегендіктен, оны емдеудің тәжірибесі де жоқ еді.

XIX ғасырдың аяғындағы өңірде орын алған осындай әлеуметтік қиындықтар халықтың тұрмысы мен бірге денсаулығына ғана кері әсер етіп қоймай, сол кездегі қазақ халқының санының азаюына да себепші болды.

Әдебиеттер

- 1 Санитарное состояние Туркестанского края в 1877 г. // Туркестанские ведомости, 1879. – № 23, 12 июня.
- 2 Заметки // Туркестанские ведомости, 1883. – 13 декабря. – №49. – 195 с.
- 3 ҚРОММ. 41-қор, 1-тізбе, 45-іс, Дело об эпидемических заболеваниях в Верненском уезде. – 1-2- бб.; 7 б.
- 4 Заметки // Туркестанские ведомости, 1883, 26-декабря, – №51. – 203 с.
- 5 Балицкий Ю. Заметки о кочевом населении в Верненском уезде (из записки организационных комиссией Семиреченской области) // Туркестанские ведомости, 1873. – 5 февраля. – №6.
- 6 Церкулярь Медицинского департамента министерства внутренних дел. От 11 ноября. №1657 // Туркестанские ведомости, 1883. – 30 августа. – №34.
- 7 Обзор Семиреченской области за 1897 г. – С.51-52; 7; 53; 61.
- 8 Обзор Семиреченской области за 1894 г. – С. 65.
- 9 Абалқасымов Б. Телқоңыр. – Алматы, 1993. – 97; 99-бб.
- 10 Переверзев В.Г. Лекарственная помощь и история становления аптечного дела в Казахстане // Казахстанский фармацевтический вестник. – 2002. – № 21(169).
- 11 Алимбай Н. Муканов М.С., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. – Алматы, 1998. – С. 185.
- 12 Семиреченские ведомости, 1917 г. – 24 февраля. – №44. – С.4.
- 13 Түркістан уалаятының газеті. 1870-1882 жж. – Алматы, 2003. – 37-б.
- 14 Галиев В.З. Медицинская деятельность ссыльных революционеров в Казахстане. – Алматы, 1982. – 72-б.
- 15 Жетісу энциклопедиясы. – Алматы, 2004. – 87-б.
- 16 Семиреченские областные ведомости, 1917 г. – 28 февраля. – №47. – С.4.
- 17 Семиреченские областные ведомости, 1911 г. – 14 апреля. – №80. (қосымшасында).
- 18 Семиреченские областные ведомости, 1911 г. – 25 марта. – №67. – С.5.
- 19 Отчет по ревизии Туркестанского края произведенной по высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К.Паленом. – СПб., 1910. – Т.4. Областное управление. – 36 с.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КӨП САЛАЛЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БІР ҚЫРЫ

Досекеева К.А.¹, Ахатаева К.Б.²

¹Алматы Технологиялық Университетінің «Кәсіптік оқыту және қоғамдық ғылымдар» кафедрасының доценті, т.ғ.к.

²Алматы Технологиялық Университетінің «Кәсіптік оқыту және қоғамдық ғылымдар» кафедрасының доценті, п.ғ.к.

Аңдатпа. Мақалада алаш зиялыларының ұлттық тарихымыздағы көпсалалы қызметтерінің бір қыры жан-жақты талданады. Зиялылар халқының білім саласына айтарлықтай көңіл бөлді. Зерттеу барысында осы тұрғыда біршама мысалдар келтірілген. Сонымен қатар, сол дәуірдің тарихы туралы бүгінгі таңдағы бірқатар зерттеулер қарастырылған. Мақала авторлары алаш тұлғаларының қоғамға сіңірген еңбектеріне айтарлықтай баға берген. Жалпы зерттеу жұмысы алаштану, тұлғатану бағыттарында өзіндік орынға ие болатыны сөзсіз.

Түйін сөздер: алаш, интеллигенция, ұлт, революция, қоғам, идеология

ОДНО ИЗ НАПРАВЛЕНИИ МНОГОПРОФИЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АЛАШСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ

Досекеева К.А.¹, Ахатаева К.Б.²

¹доцент кафедры «Профессиональное обучение и общественных наук» в Алматинском Технологическом Университете, к.и.н.

²доцент кафедры «Профессиональное обучение и общественных наук» в Алматинском Технологическом Университете, к.п.н.

Аннотация. В статье разносторонне проанализировано одно из направлений многопрофильных деятельностей алашской интеллигенции в отечественной истории. Интеллигенция уделяло немало внимания развитию сферы образование. В ходе исследования по этому поводу было приведено несколько примеров. А также было рассмотрено несколько исследовательских работ нашего времени по данной проблеме. Авторами было оценено труды алашских личностей которые они внесли в развитие общество. Исследовательская работа имеет немалую ценность в алашведении и познание личности.

Ключевые слова: алаш, интеллигенция, нация, революция, общество, идеология

ONE OF DIRECTION OF MULTI-FIELD ACTIVITY OF ALASH INTELLIGENTSIA

Dosekееva K.A.¹, Ahataeva K.B.²

¹Associate Professor of "Training and Social Sciences" in Almaty Technological University, Ph.D.

²Associate Professor of "Training and Social Sciences" in Almaty Technological University, Ph.D.

Abstract. The article analyzes one of the diversified multi-direction operations Alash intellectuals in the country's history. The intelligentsia has paid much attention to the development of education. The research on this subject a few examples have been given. As well as several research works of our time was considered on this issue. The authors of the works of Alash figures was estimated that they have

made to the development of society. The research work has considerable value in alash studies and knowledge of the individual.

Keywords: Alash, the intelligentsia, the nation, the revolution, society, ideology

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында: «Ұлттық мүддеге қызмет етудің тарихи ұлы үлгілерін шын мәнінде көрсетіп берген әйгілі тарихи қайраткерлердің, мемлекет басқарушыларының тұтас легі біздің көз алдымызда. Олар қазақ мемлекеттігінің даму нысанасын жиырмасыншы ғасырдың бас кезеңінде-ақ көрсетіп берген болатын. Біз асқақ сезімге бөлене отырып, ұлтшыл әрекетшілдігімізге қатысты ғасыр басында Алаш қайраткерлері бастап берген жолнұсқалар ғасыр соңында жалғасын тапты деп айта аламыз» деген болатын [1, 68 б.].

Расында, кешегі өткен кеңес дәуірінде көптеген алаш асылдары есімдерінің халық зердесінен өше бастағаныда шындық. Себебі, әкімшілік-әміршілік жүйенің үстемдігі қоғамдық қоғамдық ғылымдарға еліміздің шынайы тарихын жазып, оны халық санасына сіңіруге мүмкіндік бермеді. Қоғамдық ғылымдар ұзақ уақыт бойы саяси шешімдерді түсіндіруші рөлін атқарды және партия идеясына барынша икемделіп бақты. Сондықтан олардың шығармашылық бостандығы болмайт. «Коммунизм үшін күрестегі ұлы жеңістер» біржақты, мәнсіз мадақталып, қоғамтану ғылымынан шығармашылық ой аласталды. Волонтаристік бағалар мен пікірлер түсіндіруге ғана тиісті даусыз ақиқатқа айналды. Осыдан келіп, саяси жүйе құрылысына экономикалық және ұлттық қатынастарға, тарихи оқиғаларға әділ талдау жасалмады. Соған орай еліміздің тәуелсіздік алғанын кейінгі жылдары яғни, 1994 жылы Қазақстан Республикасы (бұдан әрі ҚР) тарихы сананы қалыптастыру тұжырымдамасында жетпіс жыл бойы кеңестік идеологияның жетегінде болған ұлттық санамыздың улануынан төл тарихымыздың тамырына терең бойлай алмағандығымыз қарастырылған. Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін нақтылау бұрындары ғылыми айналымға енгізілмеген түпнұсқалар мен құжаттарды қолға алу, қазақ халқының тарихының өте күрделі мәселелерін Қазақстан аумағындағы этникалық үрдістердің дамуын зерттеу халыққа оның бай мәдени мұраларын қайтару болды.

Тарихи құнды деректерімізді «ақтандақтар» ақиқатын ашу, Алаш партиясы және Алаш Орда мәселелері терең зерттелініп толықтыра бастады. Өзінің даму сатысында Қазақстанның жоғарғы білімі әрқашан тек қана қаржылық және материалдық – техникалық базасының нығаюына ғана емес, сонымен бірге мамандармен қамтамасыз етілуіне де тәуелді еді. Тіпті жетпіс жылғы бостандық бұғауынан тарихымыз бұрмаланды. Кең байтақ даламыздың ардақты да, асыл азаматтарын ұрпақтарымыздың білмей өскендігі шындық.

Қазақ ұлттық зиялыларының саяси көзқарастарының қалыптасып, қоғамдық – саяси қызметке араласуына 1905-1907 жылдыр аралығында болған бірінші орыс революциясы ықпал етті. Алғашқы революция кезінде қазақ елінің тәуелсіздігі жолында Ресейлік патша үкіметінің отарлық езгіге қарсы күрескен қазақ интелгенциясы қалыптасып, өздерінің идеялық – саяси көзқарастарын халыққа ұсынып, осы жылдары алаш қозғалысының негізін қалады.

Қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі мемлекеттік Думаға қатысу барысында ерекше айқындалады. Ұлттық интелгенция өкілдерінің саяси әрекеттері патша шенеуліктерінің нысанына ілікпей қоймады. 1909 жылы М.Дулатовтың «Оян қазақ!» атты жинағы сынға алынып, өзі патша түрмесіне қамалды.

Алайда мұндай жағдай зиялыларды патша үкіметінің әміршіл жүйесіне қарсы күресуде одан әрі шындай түсті. Қазақ зиялылары өз идеяларын кеңінен таратуда баспасөз саласын кең қолданды. 1911 жылдан бастап жарық көре бастаған «Айқап» журналы мен 1913 жылдан жүйелі түрде шығып тұрған мақалаларын жариялады.

Ұлттық интелгенцияның 1905 жылдан басталған қоғамдық-саяси қызметі эволюциялық көзқарасы 1917 жылы «Алаш» партиясын құруға алып келді. 1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынбор қаласында бірінші жалпы Қазақ съезд өткізіліп, бұл сізде Қазақ интелгенциясы үшін

аса маңызды саяси партия құру мәселесі талқыланып, көпшіліктің қолдауымен «Алаш» партиясы құрылды [1, 79 б.]. Ұлт зиялылары алғаш рет ұйымдық жағынан бірігіп, саяси күш ретінде шоғырлана бастады. Алаш мүшелері Земстволық жүйе қалыптастыруға экономикалық дербестікке алғашқы қадамдар жасады, мәдени ағартушылық ұйымдар құрып, оған қазақ жастарын тартты.

Ел ісіне араласа бастаған Алаш мүшелері автономияға қол жеткізу мақсатында халықты біріктіру жолын іздестірді. Ол үшін қоғам алдында тұрған маңызды мйселелерді халық талқысына салып, уездік, обылыстық және жалпы қазақтық съездер шақыра бастады.

Зиялылардың «Алаш» атауын таңдауыда жайдан-жай емес еді. Ежелден келе жатқан «Керегеміз-ағаш, ұранымыз-алаш» деген қазақтың қанатты сөзін басшылыққа алды. Алаш идеясы қазақтың ұлттық идеясының темір қазығына айналып, озық ойлы, көзі ашық батыстағы саяси бағыттардан хабардар зиялылар ортақ ұранының төңірегіне топтаса түсті [2, 148 б.].

«Алаш ұранын» жазған С.Торайғыровтың сөзімен айтқанда «Елі үшін құрбандыққа жанын берген, басқан аяқ кер кеткен заманда жасымай алашына қызмет еткен болсада қалың тұман қараңғы түн туатын бақ жұлдызына көзі жеткен, түймеге жарқылдаған алданбаған, басқадай бір басы үшін жалданбаған, қайткенде алаш көркейер деген ойдан басқа ойды өмірінде малданбаған»[3, 138 б.]. Алаштың ардақты қайраткер ұлдары ұйқы басқан қалың қазақты оятып, оның намысын жыртып, жоғын жоқтады. Алмағайып аласапыран уақытта халықты қорғаштап, оны алапат қауіптен аман алып қалудың жолдарын іздестірген Алаш қайраткерлері империямен ақылға қонымды келісім тактикасында ұстана да білді. Сонымен қатар олар өзіне дейінгілердің жаза басқан қадамынан сабақ алып, билеуші үкіметтің ыңғайында бір жақты дамуы емес, халықтың сұранымына сәйкес жан-жақты дамуы да қалады.

Тегеурінді реформалар арқылы қазақ өмірін жаңа сатыға көтеруді мақсат еткен олар халықты мешеулікпен томаға тұйықтықтан көтеруге мүмкіндік беретін идеяларды тұжырымдай алды. Заманның тар жол, таяғак кешуіне тап келген алаш арыстарының өнегелі өмірлерінен үйренеріміз көп. Бар қажыр- қайратын, қабілет -қарымын, ақыл-ойын, ынта-ықыласын халықтың жарқын болашағы, елдің ертеңі жолында сарып еткен асыл азаматтардың елшілігін, мемлекетшілдігін үлгі тұтуымыз керек. Олар жұртын жан-тәнімен сүйе білді. Алаш ұлттық мемлекеттік идеясын қалыптастыруда зиялы қауым идеологиялық бағыттағы қызметін күшейтті. Идеологиялық жұмыс жүргізудегі маңызды бағыттарының бірі Құрылтай жиналысы барысында көрінді. Автономия құруда Құрылтай жиналысына иек артты. Сондықтан оған даярлықты күшейту, сайлауға қатысу жұмыстарын ұйымдастыру ісіне жұмыла кірісті.

1917 жылы 5-13 желтоқсанда өткен екінші жалпы қазақ съезінде алаш автономиясы жаряланып, алаш орда үкіметі атанған ұлт кеңесі құрылды. Автономияның орталығы ретінде Семей қаласы белгіленіп, алаш қаласы атанды. Ә.Бөкейханов басқарған Алаш орда үкіметі өзінің алғашқы өмір сүрген күнінен бастап қазақ халқының ұлттық тұтастықпен бірлікке шақырумен болды.

Ұлт зиялылары большевиктік-кеңістік билікпен ымыраға келіп, қазақ жұртын азамат соғысына ұрындырмау мақсатын көздеп, большевиктік жүйеге бейімделуге де мәжбүр болды.

Алашорда басшылары автономияны баянды етуде саяси стратегиялық- тактикалық шешімдер қабылдау арқылы батыл әрекеттерге барды. Оның бірі Алаш автономиясын ресми түрде мойындатуы еді. Бұл бағытта кеңес өкіметі Уақытша Сібір үкіметі, Самардағы құрылтай комитеті, Уфа директориясы, Колчак үкіметімен бірнеше дипломатикалық келісімдерде жүргізді [3, 96 б.].

Кеңістік үкімет Алаш автономиясын танудан бас тартқаннан кейін оларға қарсы күресуде уақытша Сібір үкіметінің қолдауына ие болып, бірілесе белсенді күрес жүргізе бастады.

1918 жылдың мамырында чех және словак әскерінің қолдауымен кеңес билігін құлатылған жерде алашорда үкіметінің облыстық үздік кеңестері құрыла бастады. Кеңестер алашорда үкіметі қабылдаған заңдар арқылы жан-жақты жұмыстар жүргізді.

Мысалы, алаш әскерін жасақтау, ұлт қазынасын жинау, салық жинау ісін ретке келтіру, құрылтай жиналысына даярлық, мәдени-экономикалық мәселелерді ретке келтіру, мемлекеттік тәртіппен қоғамдық тыныштықты қамтамасыз ету, жер мәселесін шешу және басқа мәселелерді жүзеге асыруға тырысты. Алаш ұлттық әскери жасақтарының құрылуы, олардың майдандағы іс-қимылдары ел қорғау бағытындағы игілікті істердің біріне айналды. 1918-1919 жылдары Қазақстанда саяси тартыс-күрес барысы күшейген кезде алашорданың дербес саяси ұйым ретіндегі қызметі жан-жақты өрістеп, ұлттық бостандықты аңсаған түркі мұсылман халықтарын біріктіруге тырысып, бірқатар халықтардың өкілдерімен байланыс жасауға күш салды.

Елде азамат соғысы жаңадан етек жая бастаған жағдайда Алашорданы бір орталықтан басқару қиынға соқты. Екіге бөлінге Алашорда үкіметінің батыс және шығыс бөлімдері тұрақты байланыс жасай алмады. Оның үстіне Сібір үкіметі Алашорданы жартылай ғана мойындаған еді. 1918 жылы 22-қазан мен 4-қарашадағы уақытша Сібір үкіметінің жарлығымен Алаш автономиясы таратылып, оның басқару органдары уақытша Сібір үкіметіне бағындырылып, олар алаш автономиясын қазақтың территориялық мемлекеттігі деп танудан бас тартты [4, 52 б.].

Азамат соғысында жеңіске жетіп, кеңес биілігі берік орнаған кезде Алашорда үкіметі тарихи сахнадан кетті. Алаш зиялыларының көп салалы қызметінің маңызды қырларының бірі-қоғам халқының көзін ашудағы оқу-ағарту жұмыстары ұшан-теңіз.

Мемлекетті ана тілінде оқыту жөніндегі пікірлері кейіннен «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасында көрініс тапты. Бағдарламаның «Ғылым-білім үйрету» атты бабында: «Қазақ тілінде орта мектептер, университеттер ашылады, бастауыш мектептерде сабақ ана тілінде жүреді. Оқу ісі өз алдына автономия түрінде жүргізіледі, үкімет оқу ісіне араласпайды. Мұғалімдер мен профессорлар өзара сыйласу арқылы тағайындалады»- деп жазылды [5, 119 б.].

Қазақ халқының тарихында Алаш қайраткерлерінің алар орны ерекше. Олар өз ұлтының бостандығы жолында басын бәйгеге тіккен, туған елін отаршылдықтың бұғауынан босатып, тәуелсіз мемлекет құру үшін ақтық демі қалғанша күрескен асылдар еді. Жалпы, қазақ халқының тарихында азаттық аңсап, өз елінің тәуелсіздігін қорғаған тарихи тұлғалар аз емес. Әйтсе де, Алаш қайраткерлерінің олардан бір үлкен айырмашылығы мен ерекшелігі бар. Бұған дейінгі бостандық үшін басын бәйгеге тіккен ұлы тұлғалар өз мақсаттарын ақ найзаның ұшымен, алмас қылыштың жүзімен жүзеге асырмақ болса, Алаш қайраткерлері өркениетті елдердің дәстүрімен күресті партия құрып саяси жолмен жүргізді.

Соның нәтижесінде Алаш қайраткерлері қазақ жерінде тұңғыш рет қағазға түскен қаулы-шешім негізінде бекітілген үкімет құрды. Мемлекетті басқару, қазақ елін дамытып-өркендету жөнінде жаңа дәуірге сай сауатты, жүйелі жоспар-бағдарлама жасады. Қазақ халқының тарихында мемлекетті басқару мен үкімет құрамын ресми бекітудің нақ осындай қағаз бетінде бір жүйеге түсіріліп, ретке келтірілген жоспар-бағдарламасы болды деп айту қиын. Яғни, Алаш қайраткерлері осыдан сексен-тоқсан жыл бұрын қазақ халқы толық тәуелсіздік алған жағдайда елді қалай басқарып, қайтіп дамыту керек, ішкі-сыртқы саясатты қандай жолмен жүргізген дұрыс, көрші мемлекеттермен қандай қарым-қатынаста болғанымыз абзал дегеннің бәрін нақты көрсетіп, белгілеп берген болатын. Өкінішке қарай, Алаш қайраткерлерінің осы айтып, жазып кеткен бағдарлама-жоспарларын біз әлі күнге жете оқып, зерттеп, оны қазіргі заманға ойдағыдай пайдалана алмай жүрміз. Тіпті, басқаларды қойғанда, саясатпен айналысып, ұлт үшін қызмет етуді мақсат тұтқан азаматтардың да бәрі бірдей Алаш қайраткерлерінің еңбегін жүйелеп оқып, оны күнделікті өмірге қолданып жүр деп айту қиын.

Сол сияқты «Алаш» партиясының жергілікті комитеттерін құру мақсатында ашылған облыстық съездерде де «оқу мен баспасөз» мәселесі басты назарда болды. 1917 жылдың сәуірінде Жетісуда, маусымында Семейде, тамызда Ташкентте, желтоқсанда Орынборда өткен «Алаш» партиясының съездері мектеп ана тілінде болу керек деген шешім шығарды.

Ташкентте өткен Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының жалпы жиналысы мектептің ана тілінде оқытуын міндеттей отырып, орыс-түзем мектептерінің орнына ұлт мектептерін ашу деп

шешті.

Ал, Орынборда өткен жалпы қазақ-қырғыз съездінде оқу мәселесіне айырықша көңіл бөлінді. Оқу мәселесі жөнінде М.Дулатов баяндама жасап, ұлт мектебін көркейтуге-оқытушымен оқу құралының тапшылық көрсетіп отырғанын баса айтты.

Съезд делегаттары М.Дулатов пікірін қызу қолдап, оқу құралдарын дайындауға мұрындық болатын оқу комиссиясын құруға шешім қабылдады. Съезд оқу комиссиясына мынадай міндеттер жүктетілді: ұлт мектептеріне бағдарлама жасау; мұғалімдерге жолбасшы кітаптар жазу; тәрбие жайынан кітаптар жазу; бүкіл қазақ-қырғызға оқу ісін қалай жүргізу туралы жоба шығару; «қазақ емлесін тексеріп, түзету, қазақ тіліне пайдалы кітаптарды аудару. Оқу комиссиясы құрамына А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Е.Омаров, Б.Сәрсенов, Т.Шонанов сайланды.

Комиссия 1918 жылдың басынан бастап іске кіріседі деп тарасады. «Алаш» партиясының съезінде көтерілген ана тілінде оқулықтар дайындау ісі 1921 жылы қолға алынғаны байқалады.

XX-ғасыр басындағы Ә.Бөкейхановтың «Үшінші дума һәм қазақ» А.Байтұрсыновтың «Тіл тағылымы», «Әдебиет танытқыш» және Ж.Аймауытовтың «Тәрбиеге жетекші», «психология», М.Тынышбаевтың «Қазақ халқының тарихы», М.Жұмабаевтың «Бастауыш мектептегі ана тілі», «Педагогика» т.б [3, 65 б.].

Халықты бай, кедей демей жаппай сауаттандыруды қуаттады. XX ғасырдың басында қазақ бастауыш мектебі қандай болу керек? –деген өзекті проблемаға А.Байтұрсынов өзінің «Бастауыш мектеп» атты мақаласында былай дейді:

«Қазақ бастауыш мектебі қандай болуы керек? Бұл туралы ашылып пікір айтылған жоқ. Петербургте болатын Мұсылман кеңесінде мектеп мәселелері қаралмақшы, оған қазақтан баратын адамдар қазаққа қандай мектеп керек екендігін түсініп барарға тиіс. Сондықтан «қазақ» газеті өз пікірін айтып жұрт құлағына салмақшы. Әуелі ауыл мектебінен бастамақ. Осы күнгі ауыл мектептерін мектеп деп айтарлық емес. Оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз, сондада қазақта хат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары»-дей келе, қазақ халқының оқуға деген ынта-ықыласының орыс мұжықтарынан әлдеқайда жоғары екендігін атап көрсетеді де А.Байтұрсынов оқу ағарту саласындағы кемшіліктерге тықпалады;

«адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса бастауыш мектепте үйренетін білімдерде сондай керек. Екінші бастауыш мектептен үйренген білім әрі оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек» -деп ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық мәселені алға тартады [5, 81 б.].

Сол сияқты Ж.Аймауытов білім беру ісін жандандыруда теория мен практикалық білімінің өзара бірлікте болуын көздейді. Оқытуда білім мен тәрбие бірімен бірі байланысып, бірге кемелденуге тиісті шендігіне тоқталады.

М.Дулатовтың 1916 жылы Орынборда Ғ.Құсанов баспасынан бастауыш мектепке арналып «Қирағат» атты оқу құралы тұңғыш басылып шықты [6, 45 б.]. Кітап авторларының мұғалімдерге арнап жазған алғы сөзімен басталады. Алғы сөзде қазақ даласында екі түрлі (орысша, мұсылманша) оқыту тәртібіне талдау жасайды да, ескі мұсылманша хадим оқуының кемшіліктеріне тоқталады. Ескі араб әрпімен жазылған кітаптарды мұсылман мектептерінде шәкірттердің түсінбей, құрғақ жаттауы салдырынан 5-6 жыл оқысада хат танымай қалатыны айтылады.

М.Дулатов қазақтың оқыған жастарының ана тілін қадірлеуіне үндей келе, оған қолдарында таза қазақша жазылған оқу құралдарының болмауы да есеп болғанын ескертіп, «...міне, сіздер керек еткен қазақ тіліндегі оқу кітаптарының бірі осы-біз ұсынып отырған» «қирағат», кітабы дейді [7, 194 б.].

Алаш зиялылары оқу-ағарту саласында мектеп, оқу-әдістемелік құралдар туралы зерттеу әдістерін жазып, бірін-бірі толықтырып отырған.

«қараңғы қазақ көгінен өрмелеп шығып күн болуды» армандаған алаш қайраткерлері өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу бір туар тұлғалары еді. Олардың бар өмірі ұлтты сүюдің, ел мүддесіне қалтықсыз қызмет қылудың нағыз үлгісі болады.

Алаш зиялыларының көп салалы қызметінің бір қыры-ғылыми-педагогикалық іс-әрекетінің тамыры тереңге тарап, бүгінгі қазақстанның зияткерлік ұлт қалыптастырудың түпкілікті негізінен бастау алғандығын байқаймыз.

Алаш зиялыларының бәрін, өзінің жекелік мүддесі емес, халықтың тағдыры қызықтырды. Қазіргі біздің ақпараттық өрлеу заманында жұртшылықтың сауаты жоғары. Адамзат баласы, дәл бүгінгі күні, бүкіл дүние жүзінде болып жатқан жаңалықтардан үйінде отырып-ақ, толық мәлімет алатын күйге жетті.

Алаш зиялылары өмір сүрген дәуірде, дәл бүгінгідей сауаттылық болмады. Алаш зиялылары сияқты өз дәуірінде оқыған адамдардың көбінің орысша және латын әрпімен хат тануының өзі, жүре келе, бірнеше тілде сөйлеп, ғылымның түрлі салаларымен айналасуына қол жеткізді.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында».- Алматы: Атамұра. 1999. – 298 б.
2. Нұрпейісов К. «Алаш һәм Алашорда».- Алматы: «Ататек». 1995. 158 б.
3. «Қазақ» газеті. -Алматы., «Қазақ энциклопедиясы» 1998 ж. 444 б.
4. Аманжолова Д.А. «Казакский автономизм и Россия»: История движения Алаш -М: «Россия молодая», 1994- с.119.
5. Қойгелдиев М.Қ. «Ұлттық саяси элита», -А. 2004ж. 440 б.
6. Байтұрсынов А., «Тіл тағылымы». -Алматы ана тілі. 1992ж. 445 б.
7. Дулатұлы М. «Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары, бес томдық шығармалары жинағы». -Алматы: Мектеп 2003ж. Т3-400 б.

References

1. Nazarbaev N.A. «Tarikh tolkununda».- Almaty: Atamura. 1999. – 298 b.
2. Nurpeyisov K. «Alash ham Alashorda».- Almaty: «Atatek». 1995. 158 b.
3. «Kazak» gazetі. -Almaty., «Kazak entsiklopediyasy» 1998 zh. 444 b.
4. Amanzholova D.A. «Kazakhskiy avtonomizm i Rossiya»: Istoriya dvizheniya Alash -M: «Rossiya molodaya», 1994- s.119.
5. Qoygeldiev M.Q. «Ulltuk sayasi elita», -A. 2004zh. 440 b.
6. Baytursynov A., «Til tagylymy». -Almaty ana tili. 1992zh. 445 b.
7. Dulatuly M. «Agartushylyk baguttagi enbekteri men oku quraldary, bes tomdyk shygarmalary zhinagy». -Almaty: Mektep 2003zh. T3-400 b.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.
 ӘОЖ / УДК / UDK 902.2/904

ЭЛЕКТРОННОЕ ПРАВИТЕЛЬСТВО В КАЗАХСТАНЕ: РЕАЛИЗАЦИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Есжанова Назым

магистрант 1-курса Казахского национального университета имени аль-Фараби Республика Казахстан, г. Алматы
 E-mail: nazym2809@mail.ru

Аннотация. Целью работы является анализ политических и правовых нюансов развития электронного правительства в Республике Казахстан, предлагает периодизацию развития феномена и рекомендует комплекс практических мер, направленных на решение проблем развития электронного правительства.

Актуальность статьи обусловлена следующими факторами: ускорение процессов цифровой модернизации в Казахстане под влиянием глобальной информатизации; повышение эффективности казахстанского правительства за счет внедрения информационных технологий; необходимость разработки государственной политики в области применения новых технологий в политической сфере в Казахстане; необходимость ускорить экономическую и политическую модернизацию казахстанского общества посредством широкого использования информационных технологий, а также теоретический и практический интерес к изучению потенциальных преимуществ электронного правительства.

Ключевые слова: портал электронного правительства, электронное правительство, история, регулирование информационных отношений, информационные технологии, государственные услуги, модели строительства электронных правительств, электронно-государственная структура, электронный Казахстан.

ҚАЗАҚСТАН ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ: ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Есжанова Назым

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1 курс магистранты Қазақстан Республикасы, Алматы қ
 E-mail: nazym2809@mail.ru

Аңдатпа. Жұмыстың мақсаты Қазақстан Республикасында электрондық үкіметтің саяси және құқықтық даму өзгешеліктерін талдау болып табылады, бұл құбылыстың дамуының дәуірлеуін ұсынады және электрондық үкіметтің дамуы үшін практикалық шаралар кешенін ұсынады.

Мақаланың өзектілігі мынадай факторлармен байланысты: жаһандық ақпараттандыру әсерінен Қазақстандағы сандық жаңғырту процесстерінің жеделдетілуі; ақпараттық технологияларды енгізу арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиімділігін арттыру; Қазақстандағы саяси саласында жаңа технологияларды қолдану бойынша мемлекеттік саясатты дамыту қажеттілігі; ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы қазақстандық қоғамның экономикалық және саяси жаңғырту жеделдету қажеттілігі, сондай-ақ электрондық үкіметтің әлеуетті артықшылықтарын зерттеуге теориялық және практикалық қызығушылық.

Түйін сөздер: электронды үкімет порталы, электронды үкімет, тарих, ақпараттық қарым-қатынастарды реттеу, ақпараттық технологиялар, мемлекеттік қызмет көрсету, электронды үкімет құрылысының үлгілері, электронды-мемлекеттік құрылым, электронды Қазақстан.

E-GOVERNMENT IN KAZAKHSTAN: REALIZATION AND PROSPECTS

Yeszhanova Nazym

1st-year master student of the Kazakh National University named after al-Farabi Republic of Kazakhstan, Almaty
E-mail: nazym2809@mail.ru

Abstract. The objective of the paper is to analyze political and legal nuances of e-government development in the Republic of Kazakhstan, offer periodization of the phenomenon development and recommend a complex of practical measures for solution of problems of e-government development. The urgency of the article is caused by the following factors: acceleration of processes of the digital modernization in Kazakhstan under the influence of global informatization; increasing efficiency of the Kazakh government due to introduction of information technologies; need to develop a state policy on application of new technologies in political sphere in Kazakhstan; need to accelerate economic and political modernization of the Kazakh society via widespread use of information technologies, and theoretical and practical interest of researching potential benefits of the e-government.

Keywords: e-government portal, elektronnoe government, history, regulation of information relations, information technology, public services, building models of electronic government, e-government structure, electronic Kazakhstan.

Под влиянием международного опыта развития электронного правительства, в частности, Балтийских стран и Сингапура, Казахстан начал реализовать проект электронного правительства с 2004 года, утвердив двухлетнюю программу стратегического внедрения. Информационный веб-портал (www.e.gov.kz) был открыт в 2006 году и был первым и практически единственным результатом проекта. Внедрение электронного правительства открывает прекрасную возможность ускорить реформирование традиционных демократических институтов. Кроме того, она способствует развитию экономики Казахстана, появляются новые горизонты для использования электронной торговли. Например, веб-портал электронных закупок уже оказался экономически эффективным. Это спасло около 22% государственных расходов.

Актуальность изучения электронного правительства обусловлена следующими факторами: ускорение процессов цифровой модернизации в Казахстане под влиянием глобальной информатизации; повышение эффективности казахстанского правительства за счет внедрения информационных технологий; необходимость разработки государственной политики в области применения новых технологий в политической сфере в Казахстане; необходимость ускорить экономическую и политическую модернизацию казахстанского общества посредством широкого использования информационных технологий, а также теоретический и практический интерес к изучению потенциальных преимуществ электронного правительства.

Казахстан также начал использовать новые технологии для улучшения работы своего правительства. Правительственные власти приложили большие усилия для ускорения развития информационного общества. К примеру, по данным Департамента ООН по экономическим и социальным вопросам (ДЭСВ) Казахстан занимает 38-е место в развитии электронного правительства в глобальном обзоре ООН электронного правительства 2012 года. Это настоящий прорыв по сравнению с 2008 годом, когда страна занимала 81-е место.

Анализируя реализацию государственной программы электронного правительства, четыре этапа его развития следует выделить следующим образом.

Первый этап (1997 -2000) представляет собой период стратегического планирования для государственной информатизации. В 1997 году глава государства подчеркнул в своем обращении к народу "Казахстан - 2030" важность "установления приоритета независимой и эффективной системы телекоммуникационных услуг, которая станет конкурентоспособной в будущем с аналогичными инфраструктурами развитых стран мира" (Назарбаев, 1997).

Для достижения этой стратегической цели в период были введены в действие указ президента по формированию общего информационного пространства в 1997 году и концепции единого информационного пространства Казахстана в 1998 году.

Второй этап (2001-2003) можно охарактеризовать как период развития базовой информационной инфраструктуры в области государственного управления.

Одобренный в государственной программе в марте 2001 года по формированию и развитию национальной информационной инфраструктуры в Республике Казахстан, был фактически первым инструментом для информатизации государственного управления. Программа была разработана с целью реализации долгосрочного приоритета «Развитие инфраструктуры» в «Казахстан-2030» стратегии.

Основная цель документа заключалась в создании новых технологических структур на основе использования передовых информационных технологий и телекоммуникаций в экономике, государственном управлении, культурной и социальной сфере.

Хотя реализация программы проходила медленно, тем не менее, она проложила путь для более масштабного проекта, электронного правительства.

Другим важным правовым актом был Закон «Об информатизации», утвержденный в 2003 г. Он регулирует процесс информатизации, развитие и защиту информационных ресурсов и информационных систем, устанавливает компетенцию государственных органов, права и обязанности граждан и бизнеса в этой сфере. Впервые в законе были определены принципы государственного регулирования в сфере информатизации: свободное развитие рынка информационных услуг, обеспечение интересов национальной безопасности, обеспечения защиты конфиденциальной информации, высокое качество и эффективность информационных услуг для граждан и организаций, создание условий для свободного и равного доступа, распространения и использования информационных ресурсов.

В целом государственное регулирование в данной сфере направлено на развитие государственных информационных ресурсов, информационных систем и информационных сетей в целях обеспечения их совместимости и взаимодействия в едином информационном пространстве Казахстана.

Тем не менее, закон не предлагает конкретные пути развития инфраструктуры, необходимой для крупномасштабной организации электронных услуг для граждан и бизнеса.

Более быстрая обработка потока документов требует эффективное применение информационных технологий в более консервативной части государственного управления - управления документами. Этот шаг является очень важным элементом в развитии электронного правительства в Казахстане.

В 2003 году Правительство Казахстана ввело в действие закон «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», которая регулирует обмен электронными документами. В частности, этот закон был направлен на регулирование использования электронных цифровых подписей, изменение или прекращение правоотношений, а также права и обязанности сторон в процессе подачи электронного документа.

Люди обычно склонны использовать бумажные документы, так как электронный документ все еще необычная вещь. В Казахстане электронный документооборот был до сих пор технологией общего дистанционного обмена официальной корреспонденции, хотя носит более

структурированный и систематический характер по сравнению с обычной электронной почтой.

Третий этап (2004-2005) является периодом практического внедрения новых технологий в области государственного управления.

Принятие государственной программы по электронному правительству было самым важным шагом в течение этого периода. Основной целью программы является обеспечение граждан и организаций быстрым и качественным доступом к государственным услугам, и улучшить работу правительства путем широкого применения информационно-коммуникационных технологий («Программа развития электронного правительства на 2005-2007 годы», Республика Казахстан, 2004).

Агентство по информатизации и связи Республики Казахстан администрировала осуществление программы. Правительство осуществляет контроль над ходом программы через центральные и местные исполнительные органы. Для реализации проекта была создана специальная рабочая группа. В состав группы вошли представители Агентства по информатизации и связи, Канцелярии Премьер-министра, Министерства юстиции, Комитета национальной безопасности, Министерства экономики и бюджетного планирования, Казахтелекома и государственное АО «Национальные информационные технологии».

Правительство выделило более 50 миллиардов тенге (400 миллионов долларов США) для реализации проекта. Большая часть бюджета была разработана в 2006 и 2007 годах. На строительство необходимой инфраструктуры потребовалась большая часть денег.

Формирование электронного правительства осуществлялось по классической западной схеме внедрения и состоит из двух контуров и трех модулей:

1. Внутренний контур регулирует внутренние операции между государственными органами по внутренним информационным каналам. С высоким уровнем информационной безопасности, эта связь подходит для передачи секретной информации. Этот тип связи называется, как в западных странах модуль «Government to Government» (правительство для правительства) (G2G).

2. Внешний контур регулирует отношения между гражданами, предприятиями и правительством и состоит из двух модулей «Government to Citizens» (правительство для граждан) (G2C) и «Government to Business» (электронное правительство для бизнеса) (G2B).

Обобщая результаты проекта, необходимо выделить следующие результаты:

- создание базовых компонентов электронного правительства, в том числе веб-портал и шлюз электронного правительства, национальная система идентификации;
- унификация номера удостоверения личности с регистрационным номером налогоплательщика.

Инновации внедряются не только в области государственного управления, но также используется в политическом процессе. Казахская модель электронного голосования «Сайлау» была введена в 2004 году и уже зарекомендовала себя в трех национальных выборах: парламентских выборах в 2004 и 2007 годах и президентских выборах в 2005 году.

Несколько правовых актов, регулирующих электронное голосование, были введены в действие: инструкции Центральной избирательной комиссии, правительственные постановления и указы президента. Тем не менее, ключевым правовым документом, который определяет работу электронного голосования, является конституционный закон «О выборах в Республике Казахстан». В нее были внесены поправки, только в апреле 2004 года, поэтому этот документ не регулирует электронного голосования должным образом. Принимая во внимание намерение дальнейшего использования этой технологии в Казахстане, было бы полезно разработать закон "Об электронном голосовании".

Четвертый этап (2006 - настоящее время) характеризуется первыми практическими результатами реализации электронного правительства.

12 апреля 2006 года веб-сайт электронного правительства www.e.gov.kz начал свою работу.

Более 59 информационных услуг были запущены в таких разделах, как оборона, безопасность, культура, окружающая среда, транспорт, сельское хозяйство, управление земельными ресурсами и т.д.

Реализация программы во время предыдущего этапа позволили Казахстану добиться успеха в реформировании документооборота.

Для разработки новых принципов работы и соответствующей преобразовании деятельности государственных органов необходимо выполнить ряд политических, правовых, административных и технических задач. Поэтому эффективное использование электронного правительства требует последовательной стратегии, которая позволяет организовать и координировать развитие инфраструктуры электронного правительства, соответствующее обучение специалистов, а также решение многих других вопросов, реализуемых всеми частями: власти, бизнеса, общественных объединений, научных учреждений и граждан.

Каковы характеристики организации электронного правительства в Казахстане? Что необходимо улучшить?

1. Финансы:

Ключевым вопросом являются финансы. Национальный бюджет является основным источником для реализации электронного правительства. Тем не менее, дополнительные финансы могут поступать из местных и транснациональных корпораций, неправительственных организаций и международных структур.

2. Регулирование:

Хорошее функционирование электронного правительства требует совершенствования нормативной и методологической основы проекта.

При разработке законов необходимо учитывать и специфику установленных механизмов регулирования и перспективы развития транзакционных технологий.

3. Совершенствовать инфраструктуру и организацию, т.е.

необходимо обеспечить улучшение основных компонентов инфраструктуры электронного правительства.

С учетом интеграции информационных подсистем центральных и местных государственных учреждений, правительство должно быть основано на использовании общих баз данных и алгоритмов активности, "механизм", который можно условно обозначить как принцип электронного правительства внутренней целостности.

4. Информационная безопасность:

Ключевым аспектом электронных транзакций является безопасность системы и сети. При реализации интерактивных услуг пользователи должны быть уверены в подлинности любой части процесса сделки. Это относится к идентификации личности гражданина, а также таких характеристик, как образование, профессиональная квалификация и т.д., т.е. информации, которая может быть запрошена и идентифицирована с общими базами данных при доступе к определенным электронным услугам. Однако это необходимо, чтобы гарантировать высокий уровень защиты информации и обеспечения соблюдения прав пользователей электронного правительства. Особенно проверка подлинности играет важную роль в реализации финансовой операции на веб-портале.

Анализ текущего состояния информатизации в области государственного управления в Казахстане показывает, что, несмотря на впечатляющие успехи в развитии электронного правительства, электронного голосования и электронного документооборота, дальнейшее развитие потребует решения многих проблем.

В целом организация электронного правительства требует крупномасштабные преобразования в государственном управлении. Поэтому усилия должны быть направлены как на реформирование многих административных механизмов, в первую очередь бюрократии, а также усиление демократических процедур, так как интерактивность электронного правительства

предполагает активный политический диалог и повышение политической культуры.

Список литературы

1. Послание Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу Казахстана. 19 март 2004 г.
2. Программа формирования Электронного Правительства на 2005—2007 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 10 ноября 2004 года.
3. Закон Республики Казахстан «Об информатизации» от 11 января 2007 года, №217-III ЗРК.
4. Закон Республики Казахстан «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» от 7 января 2003 года.

References

1. Message from the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev to the people of Kazakhstan. March 19, 2004.
2. Republic of Kazakhstan E-Government Development Program for 2005-2007. Presidential Decree of November 10, 2004.
3. The Republic of Kazakhstan Law "On Information" on January 11, 2007.
4. Law of the Republic of Kazakhstan "On electronic document and electronic digital signature" on January 7, 2003

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.
 ӘОЖ / УДК / UDK 94(5-191.2+560)«1991/2016»:327

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕЛЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

Жандарбек З.

Қ.А. Яссауи атындағы ХҚТУ, т.ғ.к.

Аңдатпа. Мақала қазақ халқының тарихи жадының өзегі болған шежірелердің қай кезеңдерде қалыптасқандығы туралы мәселелерді қарастырып, шежірелердің қалыптасуы Евразия даласында өмір сүрген мемлекеттердің мемлекетті басқару жүйесімен сай түзілгендігін, сол кезеңдердегі сол мемлекеттердің құрамында болған рулық, тайпалық жүйелерді қамтитынын, бір мемлекет ыдырап, келесі мемлекет қайта құрылғанда шежірінің қайта түзілетіндігін нақты тарихи деректер негізінде баяндайды. Өзбек ханнан басталатын шежіре Алтын Орда мемлекетінің басқару жүйесімен сай келеді. Алаша ханнан басталатын шежіре – Алаш мемлекетінің тарих сахнасына шығу кезеңіне сай келеді. Ал, Әбілхайыр ханнан басталатын шежіре Өзбек ұлысы тарихымен сабақтас қалыптасқандығын көруімізге болады. Және бұл үдерістердің барлығы қазақ даласында болған діни-рухани үдерістермен сабақтаса өрбігені, бұл мемлекеттердің тарихтан кетуіне сол діни-рухани үдерістердің тікелей ықпалы болғандығы туралы мәселелер қарастырылған.

Түйін сөздер: Ясауи жолы, Өзбек хан, шежіре, Жәнібек хан Алаша хан, Әбілхайыр хан, Қасым хан, Есім және Тәуке хандар, тоқсан екі баулы сарт, Абылай хан.

ИСТОРИЯ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И ФОРМИРОВАНИЕ КАЗАХСКОЙ ГЕНЕАЛОГИИ

Жандарбек З.

МКТУ имени Х.А. Яссауи, к.и.н.

Аннотация. В данной статье рассматривается вопрос о времени сложения казахских шежере и когда они сложились и эти шежере имеют ли историческую основу в своем появлении как вид исторической памяти казахского народа. В чем разница, чем они отличаются друг от друга. Автор статьи отвечает на эти вопросы на основе исторических материалов и духовно-религиозных процессов которые произошли в просторах Евразии.

Ключевые слова: путь Яссауи, Өзбек хан, генеалогия, Жанибек хан Алаша хан, Абулхайыр хан, Касым хан, Есим и Тауке ханы, Абылай хан.

THE HISTORY OF ORIGIN AND FORMATION OF THE KAZAKH GENEALOGY

Zhandarbek Z.

Akhmet Yesevi University, Candidate of Historical Sciences

Abstract. This article addresses the issue of the period the Kazakh shezhere formation, when they were formed and whether these shezheres have a historical basis as a kind of historical memory of the Kazakh people. What is the difference between these shezhires, how they differ from each other. The author answers these questions basing on historical materials and spiritual and religious processes that occurred in Eurasia.

Keywords: Yassavi path, Ozbek Khan, genealogy, Zhanybek Khan, Alash Khan Abulkhayir Khan, Kassim Khan, Yessim and Tauke Khans, Ablai Khan.

Қазақ шежіресі қазақ тарихи жадының өзегі десек артық айтқандық емес. Алайда, сол қазақ шежіресі қазақ тарих ғылымында әлі күнге өз орнын ала алмай келеді. Өйткені, шежіре өз дәуірінде қандай қызмет атқарды, несімен құнды болды, халық санасынан әлі күнге өшпей келе жатуының себебі неде?-деген сұрақтарға қазіргі тарих ғылымының жауап беруге қауқары жоқ. Қазақ шежіресі осы күнге дейін қанша зерттелсе де өзінің ішкі мәнін ашпай келеді. Оның себебі, зерттеушілердің шежірені бір ғана тұрғыдан – этникалық үдерістер тұрғысынан қарастыруы, сол бойынша байлам жасауы болып табылады. Ал, шежіре тек этникалық үдерістермен ғана байланысты емес, қоғамдағы барлық үдерістермен тығыз байланыста қалыптасқандығын, атап айтқанда: діни, саяси үдерістер шежірелердің түзілуіне ықпал еткен факторлар болғандығы ескеріле бермейді. Оның үстіне шежірелердің бірін-бірі қайталамай, әртүрлі болып келуінің өзі зерттеушілерді адастырады немесе зерттеушінің шежірені тарихи құжат екендігіне күмәнмен қарауына ықпал етері анық. Алайда, шежірелердің әртүрлі болып келуі астарында қазақ (түрік) халқының басынан өткерген тарихи кезеңдердің сырлары жатқандығын қазақы дүниетанымнан хабарсыз, танымы евроцентристік көзқараста қалыптасып, тарихқа материалистік тұрғыдан баға беретін тарихшы қазақ шежіресінің ішкі мәні мен мазмұнын танып-білуі қиын немесе мүмкін емес.

Қазақ шежіресінің пайда болуы қазақ халқының қоғамдық құрлысымен, мемлекеттік жүйесімен тікелей байланысты және сол шежіре түзілген дәуірдегі қоғамның құрылымдық жүйесінің сызба түріндегі бейнесі, әрі негізгі реттеуші басты құжаты болуымен байланысты.

Қазіргі бізге дейін жеткен қазақ шежірелерінің қашан түзілгендігі туралы бізде нақты дерек жоқ. Бір шежіре Өзбек ханнан басталса, екінші шежіре Алаша ханнан бастау алады. Үшінші шежіре Өзбек ұлысының ханы Әбілхайыр ханнан басталады. Ал төртінші шежіре әріге кетіп, Мұхаммед Пайғамбардың сахабасы Аннас сахабадан бастау алады. Алайда, сол шежірелердің ішкі мазмұны сырттай қарағанда бірдей болып көрінеді. Сонда қайсысы дұрыс? Бұл шежірелерді бір-бірінен ажыратып тұрған не нәрсе? Бұл да әлі қазақ шежірелерінің ашылмаған құпиясының бірі.

Қазақ шежіресінде күдік тудырып жүрген тағы бір мәселе – ол Ата Қазақтан қазіргі біздің замандасымызға дейін ары кетсе 22 ата немесе 11-13 атамен шектеліп жатады. Мұны жылға шағар болсақ, 600-360 жыл шамасында. Сонда, оған дейін қазақ қайда болды? Қайсы халықтан бөлінді? Әлде жер бетіне шежіреде көрсетілген кезеңде түсті ме? Неге бұлай? Бұл сұрақтар жауап беруді талап етеді. Бұл сұрақтарға жауап берілмейтін болса, онда біз шежірені ешқашан таныдық деп айта алмаймыз. Сондықтан, қазақ шежіресін тану жолындағы ізденісімізді біз бұрынғы зерттеушілер жүрген жолмен емес, басқа бағытта жүргізгенді дұрыс санаймыз. Ол қазақ халқының басынан өткерген діни, рухани үдерістер тарихы мен олардың қазақ шежіресімен байланысын анықтау бағытындағы ізденістерге ден қоямыз. Әрине, осы күнге дейін қазақ шежіресін зерттеп жүрген зерттеушілердің қазіргі қазақ халқы құрамындағы ру, тайпаларды көне дәуірдегі ру, тайпалармен байланыстырып, солардың тікелей ұрпақтары екендігін дәлелдегісі келетін ойлары да бар. Алайда, бұл тұжырыммен толық келісе қою қиын. Қазіргі рулар мен көне дәуірдегі рулардың арасындағы генетикалық байланысты толығымен жоққа шығаруға болмас, дегенмен солардың тікелей ұрпағы еді дегенді айту артық болары сөзсіз. Өйткені, араб, парсы жазбаларында аталатын түркілердің көптеген ру, тайпа аттары қазіргі қазақ немесе өзге түркі халықтары арасынан кездестіре алмаймыз. Мысалы, X-XI ғғ. араб деректеріндегі оғыздар құрамындағы 24 ру, тайпаның қайсысы қазақ халқы құрамында бар? Жоқ немесе ірі рулық, тайпалық құрылымдар ішінде кішкентай аталарды ғана құрайды. Ал кейбір ру, тайпалардың аты сол кезеңнен бері әлі күнге өшпей сақталып келеді. Бірақ, сол атауды сақтап келе жатқан руларды

сол көне дәуірдегі халықтың тікелей ұрпақтары, ізбасарлары деп атау қиын. Оның есесіне қазіргі қазақ халқының негізін құрап отырған ірі тайпалардың атаулары негізінен Шыңғыс ханмен бірге келген ру, тайпа атаулары екендігін де естен шығармауымыз керек. Бұл жерде тағы да «Сонда қалай, біз мына қазіргі қазақ жеріне Шыңғыс ханмен бірге келгенбіз бе?», - деген заңды сұрақ туады. Олай болса, осы күнгі «Қазақ автохтонды халық емес [1, с. 58]», – деп жалаулатып жүрген кейбір тарихшылардың айтқандарының дұрыс екендігін мойындаудан басқа шара қалмайды. Сол себепті, қазіргі бізге дейін жеткен қазақ шежірелерінің түзілу заңдылықтарын түсініп алмайынша, дәстүрлі қазақ қоғамындағы шежіренің де, ру, тайпалардың да халқымыз тарихындағы орнын анықтай алмаймыз. Бұл сұрақтарға жауап беру үшін халқымыз VIII-XII ғасырлар аралығында басынан өткерген тарихи оқиғаларға талдау жасаудан бастағанымыз дұрыс. Сонда ғана біз қазақ шежірелерінің Шыңғыс ханнан кейін бастау алу себептерін түсінеміз.

Түркілер ислам дінін VIII ғасырдың екінші жартысында қабылдады. Алғаш рет осы кезеңде түркі-ислам мемлекеттері тарих сахнасына шықты. Ол Қарлұқ-Қарахан, Оғыз мемлекеттері еді [2]. Бұл мемлекеттердің дүниеге келуімен ислам діні түркі халықтарының дәстүрлі қоғамына өз ықпалын біртіндеп тигізе бастады. 951 жылы Сатук Бұға хан Абд ал-Каримның ислам дінінің араб дәстүршілдігі бағытын қабылдауы түркілерді ислам әлемінің құрамдас бөлігіне айналдырды [3, с. 41]. Түркілер өзінің тілі мен дәстүрлі мәдениетінен ажырай бастады. Дәстүрлі түркі қоғамының ішкі қатынастарын реттейтін жүйенің өзгертіліп, шариғат үкімдерімен алмастырылуы түркілік әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің қолданыстан шығуына әкелді. Көнеден келе жатқан экзогамдық (сыртқы) некелік қатынас өзгертіліп, оның орнын эндогамдық (ішкі) некелік қатынас басты. Рулас, қандас адамдар арасындағы некелік қатынастардың түркі қоғамына енуі дәстүрлі түркі қоғамындағы рулық, тайпалық жүйелердің ыдырауына әкелді [4, 18-19-бб.]. Бұл өз кезегінде түркі мемлекетінің құрылымдық жүйесінің күйреуіне, ыдырауына ықпалын тигізді. Өйткені, рулық, тайпалық жүйелер түркі мемлекеттігінің іргетасы болатын. Біртіндеп түркілерде мемлекетті басқарудың парсылық жүйесі қалыптасып, абсолютті билік жүйесі орнады [5, с. 369]. Бұл үдеріс кезінде арабтың тарихшылары мен географтары жазып қалдырған ру, тайпа аттарының халық санасынан өшуіне әкелді. Халық өзінің тегін білмейтін дәрежеге жетті. Ислам дінін қабылдаған түркілер XI-XII ғғ. қарсаңында өзінің дәстүрлі мәдениетінен, тілінен, мемлекеттік жүйесінен толық немесе жартылай ажырап, парсылану үдерісін басынан кешіріп жатқан болатын. Осы түркі халқының тағдыры қыл үстінде тұрған шақта Қожа Ахмет Йасауи сынды ұлы тұлғаның тарих сахнасына шығып, ислам дінінің түркілер арасында өмір сүру формасын жасауы, араб, парсының мәдениетін қабылдамай-ақ мұсылман болу мүмкін екендігін түркі баласына дәлелдеп берді. Дін тілінің түркі тілінде сөйлеуі ғылым, білім, мәдениет, әдебиет тілінің түркіленуіне әкелді. Мемлекет тілі де түркі тілінде сөйлей бастады. Түркі қоғамынан аластатылған сыртқы неке қайта қалыптастырылды. Рулық тайпалық жүйелер біртіндеп қайтадан қалпына келтіріле бастады. Сол кезеңдегі Қарахандық билеушілердің өзі Қожа Ахмет Йасауи жолының дұрыстығын мойындап, түркі мәдениетіне қайта бұрылды. Түркілердің өзінің дәстүрлі мәдениетіне оралуы ислам орталықтарында үлкен қарсылыққа тап болды [3, 26-48-бб.]. Алғашында Йасауиді ілім жолымен тоқтатпақ болған әрекеттен нәтиже шықпаған соң, Хорезмшах Мұхаммед түркілерді күшпен қайтадан парсы мәдениетіне мойынұсындыру жолын ойластырды. Біз сендерді қарақытайлықтар езгісінен құтқарамыз деген сылтаумен, Қарахандық мемлекеттер территориясына әскерін кіргізді. Түркілер үшін Хорезмшах езгісі қарақытайлықтардан асып түсті. 1210 жылы Отырардың билеушісі Білге хан ибн Хасан ибн Абд ал-Халық хан Хорезмшах Мұхаммедке қарсы көтеріліске шықты. Күрес Отырар ханының жеңілісімен аяқталды. Білге хан тұтқындалып, Нисаға жер аударылып, сол жақта өлтірілді. Отырарға билеуші етіп Қайыр ханды тағайындады [6, 130-135 ққ.] Түркілер бұл бұғаудан шығудың жолын қарастыра бастады. 1216 жылы Құлжа өлкесінде (қазіргі Алматы облысының территориясы) кішкентай иелікті дүниеге келтірді. Бұл мемлекет түркі тарихындағы ислам дінінің түркілерде өмір сүру формасы – Йасауи жолын ұстанған алғашқы түркі-ислам мемлекеті болып қалыптасты. Бұл кішкентай иелік билеушісі Тоғрыл хан

әйелі мен ұлы Сұғнақ тегінді, Майқы би бастаған билерді Шыңғыс ханға жіберіп, өзінің оған мойынұсынатынын жеткізіп, оны хан көтерді [2, с. 433]. Түркі мемлекеттігі мен түркі мәдениетінің қайта жандануының басы осы кезден басталды. Шыңғыс ханның Түркістан жеріне келуінің астарында оның тек соғысқұмарлығы емес, сонымен бірге, түркілердің Хорезмшахқа, жалпы парсы мәдениетіне мойынұснудан бас тартуы, рухани тәуелсіздікке деген ұмтылысы жатты. Шыңғыс хан шапқыншылығынан кейін Түркі даласында Жошы ұлысы атты мемлекеттің пайда болуы бұл түркі мемлекеттігінің шын мәніндегі қайта жандануы болатын. Бұл тарих оқырманға түсініктірек болу үшін Жошы ұлысы тарихына кеңірек тоқталып, ондағы діни, саяси үдерістерге талдау жасап, олардың Жошы ұлысы құрамындағы түркілердегі этникалық үдерістерге қаншалықты ықпалы болғандығына тоқталайық.

Шыңғыс хан Евразия кеңістігін жаулап алғаннан кейін өзі мойынұсындырған жерлерді Бөртеден туылған төрт ұлына бөліп берді. Қазіргі Қазақстан территориясы Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының иелігіне тиді [2, с. 59-60]. 1236-1242 жылдар аралығында Жошының ұлы Бату ханның Батысқа жорығы кезінде Жошы ұлысының территориясы Дунай өзеніне дейінгі аралыққа кеңейтілді. Жошы ұлысының билеушілеріне тірек болған негізгі халқы түркілер болғанымен олардың арасында рухани, мәдени тұтастық жоқ еді. Олардың бір бөлігі Жошымен моңғол жерінен келген әлі ислам дінін мойындай қоймаған, көне тәңірлік дінде болса, екінші бөлігі христиан дінінің неосторияндық бағытын ұстанатын, үшінші бөлігі будда дініне мойын ұсынса, Орталық Азия түркілері ислам дінінде, оның ішінде Йасауи жолындағылар да, кубравийа тариқатындағылар да, толығымен парсы мәдениетін мойындаған түркілер де бар еді. Ал, 1236-1242 жылдар арасындағы Бату ханның Батыс жорығынан кейін мемлекеттің ішкі рухани ахуалды мүлде күрделендіріп жіберді. Бұрынғы діндер қатарына енді христиан дінінің православие және католик тармақтары қосылды. Бату хан Батыс жорығынан кейін Жошы ұлысын аймақтарға бөліп, оларды басқаруды өзінің 14 туысқанына басқаруға берді [7, сс. 312-313]. Ол аймақтарды билеп отырған Жошы ұрпақтары біртіндеп өздері билік жүргізіп отырған халықтың діни, мәдени ерекшеліктеріне икемделе бастады. Мысалы, Бату ханның інісі Берке ислам дінін, оның ішінде кубравийа тариқатын қабылдаса, Батудың ұлы Сартақ христиан дінін қабылдады. Бұл мемлекеттің іштей діни-мәдени ерекшеліктеріне қарай жіктелу ықтималдығы бар екенін көрсетіп берді. Осы діни таным негізінде алғашқы қақтығыс осы екі тұлғаның арасында болды. Оқиға былай болған еді. Бату хан өзі қартайған шағында өз орнына ұлы Сартақты отырғызуды ойлап, оны Ұлы хан Мөңкеге аттандырып, одан Жошы ұлысын билеу құқын беретін жарлық алып келуге жібереді. Мөңке хан Сартақты жылы қабылдап, Жошы ұлысының тағы мен әскеріне, қол астындағы елдеріне билік жүргізетін жарлық шығарады. Бірақ Бату хан Сартақ келмей тұрып, қайтыс болады да, хан тағына Берке отырып алады. Сапардан оралған Сартақ бұлхабарды есіткен соң, Беркеге бармай басқа жаққа бұрылып кетеді. Берке хан оған кісі жіберіп: «мен сенің әкеңнің тағына отырдым. Сен болсаң жат адам секілді қайрылмай кеттің», – дейді. Сонда Сартақ: «Сен мұсылмансың, мен христианмын. Мен үшін мұсылманның жүзін көрудің өзі бақытсыздық», – деп жауап береді. Мұны естіген Берке хан оңаша жерге барып, «Мұхаммед (а.с.) дінің хақ екені шын болса, онда менің дұрыстығымды дәлелде», -деп жаратушыға жалынады. Үш күннен соң сол жерге Сартақ келіп, асқазаны ауырып, қайтыс болады. Одан кейін Берке хан өзіне қарсы келген Сартақтың анасы мен оның жақтастарын жазалайды [8, с. 19]. Ислам дінін, оның ішінде кубравийа тариқатын мемлекеттік идеология дәрежесіне көтерді. Жошы ұлысының әр аймағына кубравийа тариқаты өкілдерін жіберіп, бұл сопылық жолды жалпы халықтық сенімге айналдыруға күш салды. Алайда, түркілердің көпшілігі кубравийа тариқатын қолдай қойған жоқ. Өйткені, бұл тариқат парсы мәдениетіне негізделген болатын [4, 58-59-бб.]. 1266 жылы Берке хан өлеген соң оның орнына отырған Менгу Темір бұл жолдан бірден бас тартты. Ол моңғолдардың көне дінін қалпына келтірді. Бірақ, Менгу Темір де, одан кейінгі хандар да ислам дінінен толық бас тарта алған жоқ. Өйткені, Жошы ұлысының негізгі одақтасы болған Мысыр мемлекеті мен жергілікті ислам дінін қабылдаған халықтың ықпалы күшті болатын. Оның үстіне хан

сарайындағы бүкіл құжаттардың дені мұсылман қызметкерлердің қолымен дайындалатын. Мұның өзі хандардың біртіндеп, ислам дінін қабылдауына әкелді. Мысалы, Тоқты хан атынан шығарылған теңгелерде оның атына «Амир ал-муминин» деген атақтың қосылғанын көреміз [4, 60-64-бб.].

Өзбек ханнан басталатын шежіре

Жошы ұлысында түбегейлі өзгеріс жасап, ислам дінін, оның ішінде Йасауи жолын мемлекеттік идеология дәрежесіне көтерген Өзбек хан болды. 1312 жылы Тоқты хан қайтыс болғаннан кейін Өзбек хан Жошы ұлысының тағына отырды. Ол ұзақ жылдар бойы Йасауи жолы өкілдерінің қолында тәрбиеленіп, солардың көмегімен Жошы ұлысының тағына отырды. Өзбек ханды таққа тотырғызуда Хорезм әмірі Темір Құтлық пен оның туыстары Сарай Темір мен Мұхаммед қожа, Исабек, Алатай атты әмірлер белсенді әрекет жасады. Ол таққа отыра салысымен ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялаған жоқ. Мемлекеттік билікті толық қолына алып, қарсыластарын бас көтерместей еткен соң ғана 1320 жылы ислам дінін, оның ішінде Қожа Ахмет Йасауи негізін салған сопылық жолды мемлекеттік идеология дәрежесіне көтерді. Бұл оқиға Өтеміс қажының «Шыңғыс–нама», Ұлықбектің «Төрт ұлыс тарихы», Қадырғали Жалайиридің «Жылнамалар жинағында» баяндалады. Оның үстіне қазақта «Ислам Өзбектен қалған» деген қария сөз бар. Өзбек хан Йасауи жолын мемлекеттік идеология дәрежесіне көтеріп қойған жоқ. Сонымен бірге, осы мемлекеттік идеология негізінде мемлекеттің құрылымдық жүйесін өзгертіп, қайта құрды. Бұрын қандық, туыстық бірлікке негізделген рулық, тайпалық жүйелер ыдыратылып, олардың орнын рухани бірлік принципіне негізделіп, қайта топтастырылған рулық, тайпалық жүйелер басты. Қандық бірлік жеті ата деңгейінде қалдырылып, одан жоғарғы аталардың барлығы рухани бірлік негізінде топтастырылды. Осылай Жошы ұлысы құрамына кіретін барлық ру, тайпалар араластырылып жіберілді. Мысалы, керей Орта жүздің белді тайпасы, қаракерей найман тайпасы ішіндегі белді ру, Кіші жүзде керейт деген атаумен Жетіру бірлестігі құрамында жүр. Сол сияқты киікші Орта жүзде найман тайпасы құрамында, қоңырат тайпасы құрамында, Кіші жүзде Адай тайпасының құрамында бар. Мұндай қазақ руларының үш жүздің құрамында араласа келуі сол Өзбек хан жүргізген діни идеологиялық саясаттың нәтижесі болатын. Сол себепті, қазақ халқында «Еншісі бөлінбеген қазақ», «Қасындағы әйелінді сұраса келсең, қарын бөле шығасды», деген аталы сөздер бар. Бұл араласулар қазақ ру, тайпаларын қамтып қоймайды, өзге түркі халықтары арасынан да кездестіруімізге болады. Татар, башқұрт, ноғай, тіпті орыстар ішінде қазақ руларының аттарын кездестіреміз. Мысалы, Орта жүз қыпшақ тайпасы құрамында «тоқсоба» деген атау бар. Осы тоқсоба атауын Кіші жүз құрамынан да кездестіреміз. Сонымен бірге, «тоқсобалардың» орыстар арасына «тоқсобичтер» деген атаумен сіңгенін көруге болады. Мұндай араласулар қазақ арасында көптеп кездеседі. Бұл Өзбек ханның діни-идеологиялық саясаты мемлекеттің бүкіл құрылымдық жүйесін қайта құрғанының нақты дәлелі. Алтын Орда мемлекетінің қоғамдық құрылысын зерттеген Г.Федоров-Давыдов Өзбек хан тұсында Жошы ұлысын исламдандыру мен рулық, тайпалық жүйелерді қайта топтастыру үдерісі қатар жүргендігін айтады. Ол сол кезеңдегі Жошы ұлысында болған қайта құруларды былайша тұжырымдайды: «Қыпшақ даласындағы көшпенділерге қатысты ескерткіштерді саралай отырып, мынадай екі жақты, қарама-қарсы екі ағымның қатар жүргенін байқадық: бір жағынан ескі рулық, тайпалық қатынастардың бұзылуы, олардың қаса-қана жойылуы, бұрынғы ру, тайпа басшыларының ықпалын жою; екінші жағынан, негізінде моңғол шапқыншылығына дейін ғасырлар бойына қалыптасқан, олардың этникалық бірлігіне негізделген бұрынғы рулық, тайпалық құрылымдардан да мықты құрылымдар пайда болды. Осы қарама-қарсы екі қозғалыстың синтезін, басқаша айтқанда, Алтын Орда көшпенділерінің даму баспалдағын айқын көрсетіп берді [9, сс. 62-63]». Бұл жерде зерттеуші Жошы ұлысында болған қайта құруларды дөп басып айтып отыр. Қазіргі қазақ халқын құрап отырған рулық, тайпалық жүйелер мен жүздік құрылымдар осы Өзбек ханның діни-идеологиялық саясаты негізінде мемлекеттік жүйені реформалаудың нәтижесінде дүниеге келді. Өзбек хан өзінің саяси реформасын жүргізгенде

бұрынғы рулық, тайпалық жүйелерді ыдыратып, олардың орнына жаңа рулық, тайпалық жүйелерді қайта топтастырды. Реформаға дейін әр ру, тайпаны сол ру, тайпаның өз ішінен шыққан беделді тұлға басқаратын. Енді бұл реформаның нәтижесінде әрбір ру, тайпаның басына Йасауи жолы өкілдері әрі рухани басшы, әрі саяси басшы ретінде тағайындалды. Қазіргі күні бізге жеткен шежірелердегі әр ру, әр тайпа басында тұрған «қожа», «сопы» атаулардың пайда болуы осыған байланысты. Осы реформа нәтижесінде бұрынғы ру, тайпа басшылары ғана емес, Шыңғыс хан әулеті өкілдері де саяси билік жүйесінен ығыстырылды. Қарсы шыққандары өлтірілді немесе жер аударылды. Тек Орда Ежен ұрпақтары мен Шибан ұрпақтары ғана қалдырылып, олар Алтын Орда ханына тікелей бағынатын болды [4, 64-76-бб.].

Жүздік құрылымдар осы кезеңде алғаш рет тарих сахнасына шығып, рулық, тайпалық жүйелерді біріктірген мемлекеттік құрылымдық жүйе ретінде қалыптасты. Алтын Орда мемлекетінің қоғамдық құрлысын зерттеген Г.А. Федеров-Давыдов қазақ жүздерінің қалыптасуы Алтын Орда мемлекетінің басқару жүйесіндегі өзгерістерге байланысты қалыптасқандығын айтып, ойын былайша тұжырымдайды: «Қазақ жүздері XII-XIII ғасырларда өмір сүрген көшпелі халықтың тайпалық-патриархалдық жүйесінің бөлшегі емес. Бұл бірлестіктер бұрынғы рулық, тайпалық жүйенің сарқыншақтарын сақтап қалғанымен, жаңадан құрылып, көшпелі ұлыс ретінде біріктірілген бір немесе бірнеше ханның иелігіндегі бірлестік [9, с. 62-63]. Демек, жүздік құрылымдардың алғаш қалыптасуы ретінде біз осы кезеңді айта аламыз. Өзбек ханның осы реформасы бізге дейін жетіп келген Өзбек ханнан бастау алатын шежіреде толық көрініс тапты. Шежіре тізбегінде аттары аталған кісілердің аңыздық кейіпкер емес, сол кезеңде өмір сүрген тарихи тұлғалар екендігін ескертуіміз керек. Олардың көпшілігінің тарихи тұлғалар екендігіне қолымызда жинақталған деректер дәлел бола алады. Енді соларға кезегімен тоқталып өтелік.

Біз бұл жерде алдымен қазақ халқының үш жүзге бөліну себебіне тоқталып өткеніміз абзал. Өзбек ханнан басталған шежіреде үш жүздің мемлекеттік құрылымдық жүйесі ретінде шежіреге енгенін, әр жүздің басында сол жүздің атасы ретінде тұрған «арыс» немесе «шора» атанған тұлғаларды көреміз. «Шора» сөзі Батыс түркілерінде «чор» деген нұсқада кездеседі және бес тайпа бірлестігінің басшылары осылай аталғанын көреміз. Ал, Талас жазуында кездесетін Қарачор атты кісі хан әулетінен шыққан ханзадалардың рухани тәрбиесімен айналысатын түркі-манихей дінінің өкілі, сонымен бірге, «чорлар» түркі мемлекеттік жүйесінде жоғарғы лауазым иесі болған [10, 33-34-бб.]. Ал, «шора» сөзінің қазақ тіліндегі тағы мағынасы «құл» дегенді білдіреді. Ал, сопылық жолда «құл» болу, «топырақ болу» сопылық дәрежеге, Жаратушыны табу жолындағы рухани сатыларға жатады. Демек, жүздер басында тұрған «арыс» немесе «шоралар» рухани сала өкілдері, басқаша айтқанда, сол жүздік құрылымдардың жетекшілері дегенді білдіреді. Неліктен үш жүзге бөлінді, не себепті Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз атанды? Бұл сұрақтарға жауапты сол кезеңдегі Жошы ұлысындағы діни-идеологиялық үдерістермен бірлікте қарастырғанда ғана жауап бере аламыз.

Йасауи жолы негізінен үш тармақтан тұрады. Ол үш тармақ Түркістан жеріне ислам дінін әкелген үш тарихи тұлғаға барып тіреледі. Біріншісі, Исхақ баб – («Насаб-нама» деректері бойынша) шежіре бойынша Мұхаммед ибн ал-Ханафийаның бесінші ұрпағы, Түркістан жеріне ислам аша келген тұлғалардың бірі. Ал, Ибн ан-Надимнің «ал-Фихрист» атты шығармасындағы дерекке қарағанда Али ибн Абу Талибтің ұлы Хусейн әулетінен тараған, 742 жылы Хорасанда дарға тартылған Йахия ибн Зайдтың ұлы, әкесі тұтқындалған кезде түркілер арасына келіп паналаған. Сол себепті, арабтар оны Исхақ ат-Түрік деп атайды [11, 115-б.]. Қожа Ахмет Йасауи осы Исхақ бабтың 13-ұрпағы. Йасауи жолының бір тармағын осы Исхақ баб атымен байланысты қожа әулеттері құрайды. Бұларға кезінде Исхақ баб әулетінен өзге Али ибн Абу Талибтің басқа ұрпақтарының келіп қосылғанын көруге болады. Сол себепті, бұл қожалар әулеті «Сайид» әулеті деп аталады [4, 131-б.]. Өзбек ханның саяси реформасы кезінде бұл әулет Ұлы жүзге (пір болу) және хан әулетіне пір болу қызметі тиді. Қазақ шежіресінде «Ақарыс» деп аталған тұлға Йасауи жолының шежірелерінде осы Исхақ бабтан бастайтын қожалар әулетінің өкілі.

Йасауи жолының екінші тармағы өз шежірелерін Абд ар-Рахим бабтан бастайды. Абд ар-Рахим баб - шежіре бойынша Мұхаммед ибн ал-Ханафийаның төртінші ұрпағы. Исхаб бабтың әкесі Абд ар-Рахман бабтың інісі. Түркістан жеріне «ислам аша» келген тұлғалардың бірі. Қазіргі Қазақстан тарихындағы 766 жылы Қарлұқ хандығының негізін қалаған тұлға. Атақты Қарахандық билеушілер осы Абд ар-Рахим бабтан тараған әулет болып табылады. Осы әулеттен шыққан Отырардың соңғы ханы Білге хан 1210 жылы Хорезмшах Мұхаммед сұлтан тарапынан өлтірілді. Шыңғысхан шапқыншылығынан кейін бұл әулет өкілдері рухани салаға ауысып, Йасауи жолының бір тармағын құрап, Қарахандық қожалар деп аталды. Орта жүзге пір болған Жанарыс - осы әулет өкілі [4, 110-б.].

Йасауи жолының үшінші тармағы өз шежірелерін Абд ал-Жалил бабтан бастайды. Абд ал-Жалил баб - Хорасан Ата - шежіре бойынша Абд ал-Жалил баб та Мұхаммед ибн ал-Ханафийаның бесінші ұрпағы болып табылады. Исхақ бабтың інісі. Бұл да ағаларымен бірге Түркістан жеріне «ислам аша» келген тұлғалардың бірі. «Насаб-нама» деректеріне қарағанда Сырдарияның орта және төменгі ағысында VIII ғ. екінші жартысында дүниеге келген Оғыз мемлекетінің негізін қалаушы осы Абд ал-Жалил баб-Хорасан Ата. Қазақ арасындағы қожалардың бір әулеті осы Хорасан қожалар. Кіші жүзге пір болған Бекарыс осы Хорасан қожалар әулетінің өкілі [4, 110-б.].

Өзбек ханның діни-саяси реформасы кезінде Йасауи жолының осы аталған үш тармағының жетекшілері үш жүзге пір болды. Ортағасырларда ру, тайпа бірлестіктері жүз деп аталған. Ал, олардан дәрежесі төмендер тайпаға, олардан дәрежесі төмендер руға, одан төмендер Ата мен ауылдарға пір болды. Осылай Жошы ұлысындағы түркілердің рухани бірлігі қалыптастырылды. Жүзге, ру, тайпаларға пір болған тұлғалардың барлығы дерлік Өзбек ханнан басталған шежірелерде аттары жүр. Қазіргі күні сол тұлғалардың тарихта болғандығы дәлелденіп отыр.

Алаштан басталатын шежіре

Қазақ халқының басынан өткен осы оқиға Алтын Орда мемлекетіндегі күрделі өзгерістерге себеп болды. Асан Қайғы соңына ерген халық Жәнібек ханнан бөлініп шығып, өз алдына ел болудың қамын жасады. Әлі күнге қазақ тарихынан орын ала алмай келе жатқан Алаш мемлекеті осы кезеңде дүниеге келді. Жәнібек ханнан бөлінген халықты тек Асан Қайғы бастап әкеткен жоқ. Оның қасында Алаша атанған тұлға болды. Олар соңына ерген халықты ұйыстырып, Алаш атты мемлекетті дүниеге келтірді. Бұл оқиға қазақ халқының Алаша ханнан басталатын шежіресінде толық көрініс тапты. Бұл оқиға 1350 жылдар шамасында болған еді. Жәнібек хан мен Асан Қайғы арасындағы қарама-қайшылық мемлекетті екіге бөлді. Асан Қайғы Жәнібек ханнан өзі кеткен жоқ, оның соңынан жүздік құрылымға кіретін түркі тайпалары бірге кетті. Бірақ бұл оқиға Алтын Орда тарихына қатысты бірде-бір жазба деректерде кездеспейді. Соған қарағанда, Алтын Ордағы ішкі қайшылықтар сырт көздердің назарынан тыс қалғанға ұқсайды. Мүмкін олар Сарайдағы бұл қайшылықтың ішкі сырын түсінбеген болуы да ықтимал. Оның есесіне бұл оқиғалар түркі халықтары арасына тараған аңыздарда, шежірелерде, сол кезеңде өмір сүрген жыраулар поэзиясында толық көрініс тапқан. Алаш пен Алаша ханға, Айса ұлы Әметке қатысты аңыздар, ол аңыздарда аттары аталатын тұлғалардың қазақ шежірелеріндегі тұлғалармен бір болып келуі осы кезеңде Алаш пен Алаша ханның жалпы қазақтың алғаш тарих сахнасына шыққанын көрсетеді. Және олардың барлығы бұл оқиғалардың Алтын Орда кезеңінде болғандығын меңзейді. Бұл Евразия түркілері тарихындағы діни-идеологиялық үдерістер ықпалымен болған топтасудың Жошы ұлысы құрылғаннан кейінгі екінші кезеңі еді. Ендігі кезекте осы Алаш мемлекетінің тарихына қатысты деректерге талдау жасап, ол мемлекеттің құрамында қайсы ру, тайпалар болды? Олардың жетекшілері кім еді?- деген сұрақтарға жауап беретін боламыз.

Алаш мемлекетінің тарих сахнасында болғандығы, мемлекетте болуға тиіс бүкіл құрылымдық жүйенің Алаш мемлекетінде де толық қалыптасқандығы қазақ шежірелерінде толық көрініс тапқан.

Қазақ шежірелерінің алғашқы нұсқасы Өзбек жүргізген саяси-құрылымдық реформаға сай

калыптасқандығын, рулық, тайпалық жүйенің қалыптасу принциптерін талдағанда толық айтып өткен болатынбыз. Сол жүйе Жәнібек ханның жүргізген саяси-идеологиялық бағыты мен мемлекетті басқару жүйесінде жүргізген реформасы Өзбек хан құрған мемлекеттің басқару жүйесін күйретті. Өзбек хан құрған мемлекеттік жүйе осы Алаш мемлекетінде қайтадан толығымен қалпына келтірілді. Шежіреде осы процесс толығымен көрініс тапқан. Ерекшелігі шежіре басында Өзбек хан орнына Алаша хан тұрғанын көреміз. Бұл қазақ халқының тарихындағы тағы бір саты осы Алаш пен Алаша ханмен байланысты екендігін көрсетеді. Бұған мысал ретінде З.Сәдібековтың «Қазақ шежіресі» атты кітабында келтірілген шежірені алып көрелік: «Нух пайғамбардың он үшінші ұрпағы Алаш, Алаштан Жайылхан, Жайылханнан Жұман, Жұманнан Әбілхайыр, Әбілхайырдан Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс [12, 22-б.].

Қазақ тарихында қазақ халқын қайта топтасуға мәжбүр еткен күрделі кезеңнің бірі – Алтын Орда мемлекеті ыдыраған кезең болатын. Бұл қазақ шежіресінің соңғы жазылуы болмағанымен, қазақ халқының құрамын толық анықтаған кезең еді.

1419 жылы Едіге бидің Тоқтамыс ханның ұлы Қадырбердімен болған соғыста қаза табуымен Алтын Орда мемлекеті бірнеше хандыққа бөлшектеніп кетті. Еділ өзенінен батысқа қарай және Еділ бойындағы отырықшы халықтар Йасауи жолынан, тариқат жолынан бас тартып, шарифат жолына бет бұрды. Бұл қоғамдық қатынас пен мемлекетті басқару жүйесінде өзгерістерге әкелді. Түркілік жүйе қолданыстан шыға бастады. Рулық, тайпалық жүйелер бұрынғы ролінен айрылып, ыдырай бастады. Ал, Еділден шығысқа қарай созылған қазақ даласы мен Шығыс Сібір аймағында Орда Ежен мен Шибан ұрпақтары билеген бірнеше хандық пайда болды. Солардың ішіндегі Шайбанилер әулетінен шыққан Жұмадық хан билігіндегі хандық болашақ қазақ мемлекеттігінің негізі болды. Осы Жұмадық хан мемлекеті құрамындағы ру, тайпалар болашақ қазақ халқының негізін құрады. Бұл жерде ескерте кететін бір жәйт – Еділдің шығысындағы хандықтарда діни-идеологиялық бағыт Йасауи жолы болатын және әрбір ханның жанында Едігенің ұлдары мен немерелері беклербегі қызметінде отырды. Ал, ру, тайпалардың билігі Йасауи жолы өкілдерінің қолында болды. Бұл жүйемен жүруді абсолюттік билікті жақтайтын хандар қолдай қойған жоқ. Олар өздерінің билеуіне ыңғайлы болады деген діни-идеологиялық бағытты іздеумен болды. Сол кезеңде Мауараннар жерінде билеушіге абсолюттік беретін, парсы мәдениетіне негізделген, түркілік дүниетаным жүйесін толығымен өзгертіп, жаңа дүниетаным қалыптастыратын, түркілердегі қоғамдық қатынастарды өзгертіп, мемлекеттің басқару жүйесінің негізін болған рулық, тайпалық жүйелер мен жүздік құрылымдарды ыдыратуға мүмкіндік беретін сопылық жол – нақшбандийа тариқаты қалыптасып үлгерген еді. Хандар қалайда есебін тауып, осы сопылық жолды өз хандықтарында мемлекеттік идеология дәрежесіне көтеруге бар күшін салды. Бұл жолды алғаш Орыс ханның ұрпағы Барақ хан қабылдағанға ұқсайды. Ол өзінің қасында беклер бегі болған Мансұр биді Хиуаны шапқаны үшін қинап өлтіруі соның айғағы [13, 94-б.]. Ал, Жұмадық хан болса, өзінің беклербегі болған Ғазы бимен бірігіп, Ата жолды бұзғаны үшін, халыққа көп қиянат көрсеткені үшін ру, тайпа басшалары Ғазы биді өлтіріп, өздері Жұмадық ханнан қашып кетеді [14, с. 141.]. Әрине, бұл жерде Жұмадық хан мен Ғазы бидің Йасауи жолынан бас тартқаны туралы нақты айтылмайды. Бірақ Ғазы бидің халық кешірмейтін күнәсі болмаса, халықтың оны жазалауға батылы бармаған да, Едігенің өзге ұлдары мұндай бассыздыққа жол бермеген де болар еді. Мысалы, Барақ хан Мансұр биді Хиуада өлтіргенде Едігенің ұлдары Кіші Мұхаммедтен әскер әкеліп, Барақ ханды майдан даласында өлтіргені белгілі. Ғазы би өлтірілгенде Едігенің балалары ешқандай әрекетке барған жоқ. Соған қарағанда, Ғазы бидің кешірілмес күнә жасағаны анық.

Жұмадық хан болса, өзінен бөліне көшкен халықты жазаламақ болып, соңынан қуа барып, ұрыс салғанда майдан даласында өліп, хан тағы билеушісіз қалады. Халық сол кезде билердің басшылығымен он жеті жастағы Әбілхайыр ханды таққа отырғызды. Осы оқиға қазақ тарихындағы елеулі оқиғаның бірі болды. Едіге өлген соң бірлігі ыдыраған халық, қайтадан ел болып, бас біріктіріп, туын көтерді. Осы оқиға қазақ тарихындағы шешуші кезеңнің бірі болды.

Осы Әбілхайырды таққа отырғызғаннан кейін мемлекеттік жүйені қайта құру шаралары жүргізілді. Рулық, тайпалық жүйелер реттеліп, жүздік құрылымдарға біріктірілді. Өзбек хан тұсындағы мемлекеттік жүйе толығымен қайта қалпына келтірілді. Бірақ бұл жолы Өзбек хан кезіндегі Жошы ұлысының бар халқы бұл мемлекет құрамына ене алған жоқ. Өйткені, Жәнібек ханнан кейінгі кезеңде діни-рухани үдерістер мен соның салдарынан болған саяси оқиғалар түркі халықтарының батыс бөлігін Шығыстағы қандастарынан оқшаулап үлгерген еді. Бұл кезең халқымыз тарихындағы шешуші кезеңнің бір болғандықтан шежіре уақыт шындығына орай қайта түзілген болатын.

Осы оқиға «Өзбек шежіресі» атты шежірелерінде былайша кескінделеді: Нұх пайғамбардан Алашқа дейін он Ата, Алаштан Жайылхан, Жайылханнан Қазақ, Қазақтан Жұман, Жұманнан Әбілхайыр. Ал, Әбілхайырдан Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс болып, қазақтың үш жүзі тарайды [15]. Енді осы шежірені тарқатып, талдар болсақ, онда осы тізбекте аты аталған тұлғалар артында нақты тарихта өмір сүрген кісілер тұрғанын көруге болады. Бірақ әзірге біз олардың анық қайсысының кім екенін ашып айтып бере алмаймыз. Алайда, сол кезеңге қатысты тарихи деректерді саралар болсақ, онда сол аты аталған кісілер ішінен кімнің кім анықтау мүмкіндігі бар. Бұл шежіренің бұдан алдыңғы кезеңдерде жазылған шежірелерден басты ерекшелігі – мұнда Алтын Орда мемлекеті ыдырағаннан кейінгі этникалық үдерістердің нақты көрсетілуі. Мысалы, Алаштан басталатын шежіреде «Алаштан Жайылхан, Сейілхан» – деп бөлінеді. Жоғарыда көрсеткеніміздей Әбілхайырдан басталатын шежіреде Алаштан тарайтын Сейілхан аты аталмайды. Демек, бұл шежіре осыған дейін бірге болған түркімендердің Әбілхайырды хан көтеріп, қайта топтасқанда түркімендердің бөлініп кеткендігін көрсетіп тұр. Ал, Жайылханның баласы Қазақ, Қазақтан Жұман. Осы Қазақ құрамында әлі этникалық жіктелуге түспеген қазақ, өзбек, ноғай, қарақалпақ халықтары бар. Бұл жердегі Қазақ демектің мәнісі Жәнібек ханның діни-идеологиялық саясатына қарсы шығып, Йасауи жолын берік ұстанған халық ретінде өзінің діни-рухани, мәдени еркіндігін сақтап қалған халықты көрсетуінде болып отыр. Шежіре тізбегіндегі Жұманның Жұмадық хан екендігі айтпаса да түсінікті.

Бұл шежіредегі қазіргі қазақ шежірелерінен ерекшелігі - бүгінгі қазақ халқы құрамында кездеспейтін ру, тайпалардың жүздер құрамында болуы. Қазіргі Ұлы жүз құрамында жоқ «мың», «жүз», «қырық» рулары мен қарақалпақ халқы жеке тайпа ретінде осы жүздің құрамында жүр. Ал, «мың», «жүз», «қырық» руларының башқұрт халқының құрамында бар екендігін Р.Кузеев жазған болатын [16, с. 48-57]. Ал, Оңтүстіктегі «мың», «жүз», «қырық» руларының өзбек халқының құрамына сіңіп кеткенін көреміз. Қоқан хандығының негізін қалағандардың бірі Нарбота бидің осы «мың» руынан екендігін тарихи деректер растайды [17, с. 113]. Ал, қарақалпақтардың Тұрсын Мұхаммед ханның заманында Түркістанда бүлік шығарып, қазақ халқы құрамынан қуылғаны, одан басқа этникалық бірлікке айналғаны тарихтан белгілі [17, 406-б.]. Мұндай саяси, этникалық үдерістер астарында діни, рухани үдерістер жатқанын әлі күнге тарихшылар есепке ала бермейді. Сол себепті, біз ендігі кезекте діни-рухани үдерістердің Өзбек ұлысы тағдырына қаншалықты ықпал еткеніне тоқталып көрелік.

Ол мемлекет туралы ортағасырлық тарихшы Махмуд ибн Уали былай деп жазды: «Жәнібек хан өлген 758/1356-57 жылдан 835/1428-29 жылға дейінгі аралықта Дешті Қыпшақтағы патшалық тағына ақылды, әрі табанды басшы табылмады. Соның себебінен мемлекеттегі дін мен мемлекет ісі қожырады. Халық басын біріктіріп тұрған арқау үзілді, бірлік кетті. Бұл елдің халқының осыншалық қиналғанын көрген Ұлы Жаратушы елдің болашағын жарық қылатын, дін мен мемлекет ісін қалпына келтіретін жаңа жұлдызды көкжиекке шығарды. Ол Әбілхайыр хан еді. Дүние қайта жарыққа толды. Бүлінген дүние қайтадан қалпына келді. Қоғамның барлық мүшесінің мүддесі қайтадан қалыпқа түсірілді. Қоғам қайта гүлдене бастады. Әйгілі Ахметтің жолының заңдары мен Мұхаммедтің діні қайта гүлдеді [14, с. 346.]» Осы бір кішкене үзіндінің өзі ислам дінінің, оның ішінде Йасауи жолының Алтын Орда мемлекетінде қандай роль атқарғандығын, Әбілхайырдың сол жолды қайтадан қалпына келтіргендігін көрсетіп тұрған жоқ

па? Демек, бұл Жошы ұлысындағы халықтардың басын біріктірген негізгі арқау Йасауи жолы болғандығын, рухани фактордың шешуші мәнге ие болғандығын көрсетеді. Ендігі кезекте сол Әбілхайырды таққа отырғызып хан көтерген кімдер еді, соған тоқталайық. Мас‘уд ибн ‘Усман Кухстанидің «Тарих-и Абу-л Хайр-хан-и» атты еңбегінде мынадай кісілердің аттары аталады: «Барлық әскербасылар, даңқты Пайғамбар әулетінің өкілдері, «Та» және «Йа-Син» (сопылар) өкілдері болды. Олардың ішіндегі ең даңқтылары Құл Мұхаммед сейіт және Қара сейіт (Алла олардың қабірін жарық етсін.) және Бұзұнжар би қият, Уаққас би маңғыт, Шайх софы оғлан, Сатұғ би, Сүйініш би, Қара Кедей дүрмен, Ақ Софы найман, Шайх Софы найман, ... Жүсіп Қожа өкіреш найман, Қажы Мырза шат, Бахты Қожа ұйғыр, Орыс қоңырат тағы басқа ұлы адамдар қуатты әміршінің сарайына келіп, оның жеңімпаз әскерлері мен қызметшілерінің қатарынан орын алды» [14, с. 141-144.]. Бұл дерек сол кездегі Қыпшақ даласын мекендеген түркілер құрамындағы рулар мен тайпалардың басындағы басшылардың барлығы дерлік дін өкілдері екенін көрсетіп тұр. Демек, ол кезеңде ру, тайпа басында алдымен рухани басшы болғандығын нақтылай түседі. Бұл жерде «сопы» мен «қожа» атауларының дінге қатысы барлығына күмән жоқ. Ал «би» сөзінің түпкі мағынасына күмән келтірушілер табылуы мүмкін. Бірақ «би» - деп орта ғасырларда діни, рухани басшыны атағанын және ол қазақ даласындағы діннің өмір сүру формасы болған Йасауи жолымен тікелей байланысты екендігін қазақтың көнеден қалған аталы сөздері дәлелдейді. Мысалы:

Батыр деген барақ ит,
Екінің бірі табады.
Би деген ақ шарифат,
Ілуден біреу табады [18, 378-380-бб.].

Немесе «Елге бай құт емес, би құт» деген мәтелдер-ақ бидің қазақ қоғамында аса жоғары бағаланғандығын көрсетеді. Бұл деректер Әбілхайыр хан басқарған Өзбек ұлысында Йасауи жолы салтанат құрғанын дәлелдейді. Әбілхайыр хан Йасауи жолына адал болған кезеңде оның тасының өрге домалап, ешкімді бет қаратпағаны тарихтан белгілі. Алайда, 1446 жылы Әбілхайыр ханның Сыр бойындағы қалаларды жаулап алуы, Сыр бойындағы Сығнақ қаласына өзінің ордасын орнатуы оны мемлекетті басқару саясаты мен мемлекеттің құрылымдық жүйесін өзгертуге итермеледі. Өйткені, ол осы жерде нақшбандийа тариқаты өкілдерінің ықпалына түседі. Бірақ жазба деректерде Әбілхайыр ханның Сығанақта кіммен кездескені туралы нақты дерек жоқ. Бірақ бүкіл Өзбек ұлысындағы саяси жағдайдың күрт өзгеруі; Әбілхайыр ханның ұзақ жылдар бойына тірегі де, серігі де болған Едігенің немересі Уаққас биді өлтіруі, Арқада Қара қыпшақ Қобландының арғынның биі – Дайыр қожа-Ақжол биді өлтіруі [19, 24-25-бб.], одан кейін көптеген ру, тайпалардың Әбілхайырдан бөліне көшуі, халық алдында хан тарапынан кешірілмес күнә жасалынғандығын дәлелдейді. Ата жолдан аттап, Антты бұзбаса, Йасауи жолынан бас тартпаса халық оншалықты қатал шараларға бармаған болар еді. Осы оқиға Өзбек ұлысын үшке бөліп, тарих сахнасына үш мемлекетті: Қазақ хандығы мен Шайбанилер мемлекетін, Ноғай ордасын шығарды. Өзгенің рухани ықпалын қабылдамаған, түркінің өршіл рухының өзегі болған Йасауи жолындағы халық қазақ атанып, Ата жұртқа ие болып қалды. Ал, нақшбандийа тариқатын қабылдап, соғды-тәжік мәдениетіне мойын ұсынған халық Ата жұртқа сыймай, Мауараннахр жеріне кетуге мәжбүр болды. Ал, ноғайлар болса, қазақ даласының батыс өлкесіне қарай ығысты.

Оған дейін де ноғайлар өз алдына еркін өмір сүргенімен, өздерін шет жерлерге жеке мемлекет есебінде танытқан емес. Өйткені, Едіге ұрпақтары әлі де болса Жошы әулетінен билікке лайық тұлға шығар деген үмітпен, мемлекеттегі саяси билікті хан ұрпағының өкіліне сақтап келді. Өкінішке орай, ондай тұлға шықпақ түгіл, Әбілхайыр ханның, керісінше, нақшбандийа тариқатын қабылдап, абсолюттік билікке ұмтылуы, олардың Жошы ұрпақтары ішінен лайықты тұлға табамыз деген үмітін үзді. Өйткені, Әбілхайыр ханның нақшбандийа тариқатын қабылдап, Йасауи жолынан бас тартуы бұл тек діни-рухани, идеологиялық саладағы өзгеріс емес, сонымен бірге, мемлекеттің бүкіл болмысы мен құрылымдық жүйесіне өзгеріс әкелер күрделі қадам еді.

Өйткені, Өзбек ханнан бері қалыптасқан мемлекеттің құрылымдық жүйесі толығымен өзгеріске түсу керек болатын. Мемлекетті басқарудың негізгі тетігі саналған билер институты мен олар арқа сүйеген рулық, тайпалық жүйелер өзінің осы күнге дейін атқарып келген саяси мәнінен айырылды. Бар билік хан мен хан әулетінің қолына шоғырлануы тиіс болды. Бұл Қыпшақ даласын жайлаған түркі халықтарының мемлекеттігіне үлкен қауіп төндірді. Мемлекеттің басқару жүйесін құраған хан мен рулық, тайпалық жүйе басшылары – билер арасында туындаған бұл қарама-қайшылық – мемлекетті басқару жүйесін дағдарысқа ұшыратты. Нәтижесінде, Әбілхайыр ханның бұл талабына көнбеген ру, тайпалар басшылары Жәнібек пен Керей сұлтандарды шақырып, Қазақ хандығының іргесін қалады. Бірақ неге екені белгісіз, Ноғай мырзалары Жәнібек пен Керейге ел тізгінін беруге құлықты болмады. Мүмкін, олар Жәнібек ханның әкесі Барақ ханның өз ордасының беклербегі болған Мансұр биді Хиуаны шапқаны үшін көзіне қорғасын құйып өлтіргенін кешіре алмаған болар. Қазір біздің қолымызда нақты дерек жоқ. Алайда, Барақ ханның Мансұр биді өлтіруінде біз біле бермейтін бір себеп бар. Ноғай Ордасын билеген Едіге ұрпақтарының Жәнібек пен Керей сұлтандарды мойындамауына қарағанда, Барақ хан сол XV-ші ғасырдың басында нақшбандија тариқатын қабылдаған жоқ па деген заңды сұрақты туындатады. Өйткені, сол XV ғ. басында Хорезм жері нақшбандија тариқатының негізгі орталықтарының бірі болып үлгерген еді. Ал, Ноғай мырзалары одан кейін қанша уақыт Жошы әулеті өкілдерін хан қылмақ әрекетінде болды. Олардың соңғы үміті Әбілхайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбани еді.

1472 жылы Мұхаммед Шайбани Бұхарада болып, Сығанаққа қайта оралғанда, оны Мұса мырза шақыртып алады. Мұса оны хан сайламақ пиғылы барлығын жасырмайды. Ноғай мырзалары Мұхаммед Шайбаниға ханға көрсетілетін барлық құрметті көрсетіп, қарсы алады. Мұхаммед Шайбанидың Мұса мырзаға келгенін есіткен Қазақ хандары оларды ұстап әкелу үшін Бұрындық бастаған 1000 кісіні Дешті Қыпшаққа аттандырады. Алайда, жеңіліп кері шегінеді [20, с. 44.]. Осы соғыстан соң, Мұса мырзаның Мұхаммед Шайбаниға ықласы өзгеріп, оны хан көтеруден бас тартты. Ол әмірлерімен ақылдасқанда, олар: «Көне дәуірден бері қазіргі күнге дейін маңғыт билері сайлаған хан маңғыт билеріне мемлекетте еркіндік беретін. Егерде Мұхаммед Шайбани осы көне дәстүрмен келісер болса, онда жақсы. Біз оны хан сайлаймыз. Болмаса, жолы ашық [14, с. 104.]», – дейді. Мұса өз билерінің сөзін мақұл көріп, Мұхаммед Шайбаниды хан көтеруден бас тартты.

Бұл бір жағынан ноғай мырзалары осы оқиғаға дейін саяси билікті қолдарына алуға әлі шешім қабылдамағанын көрсетсе, екінші жағынан, осыған дейін Қыпшақ даласында бірнеше мемлекет қатар өмір сүргенімен, ол хандықтар құрамындағы халықтар арасында бірнен-бірін ерекшелейтін ешқандай этникалық ерекшеліктердің әлі туындамағанын көрсетеді. Әбілхайыр ханның өзге сопылық жолды – нақшбандија тариқатын қабылдауы Қыпшақ даласын мекендеген түрі тайпаларының одан әрі этникалық бірліктерге жіктеген басты оқиға болды. XVI ғасырдағы қыпшақ даласының этносаяси құрылымын суреттеген Фазаллах ибн Рузбехан Исфакхани былай дейді: «Үш тайпаны өзбектерге жатқызады. Олар Шыңғыс хан иелігіндегі ең мықтылар. Қазір олардың бірі – шибанилер; екіншісі – қазақтар. Олардың даңқы күші мен батырлығының арқасында әлемге тараған. Үшіншісі – маңғыттар. Бұлардың хандары бір-бірімен әр кезде егесіп келеді, бір-бірінің иелігіне қол сұғумен келеді. Олар бірін-бірі жеңсе, қолға түскендерін құлдыққа сатады, тұтқынға алып кетеді» [21, с. 47-48]. Бұл жерде автордың сол кезеңдегі саяси этникалық процестерді дәл суреттегенін көреміз.

Одан кейінгі кезеңдерде Шыңғыс хан ұрпақтарынан толық күдер үзген Едіге ұрпақтары мемлекеттік саяси билікті толығымен өз қолдарына алып, мемлекетті жеке билеуге көшті. Бірақ оларға өздері йасауија тариқатында бола тұрып, мемлекеттік билікті қолға алуы рухани-адамгершілік тұрғысынан қатты қинағанға ұқсайды. Өйткені, йасауија тариқатында хан билігі әр кезде киелі саналды. Ол тек Шыңғыс хан ұрпақтарына тиесілі болатын. Ол шектен ешкім асып кете алмайтын. Сол себепті, Едіге ұрпақтарының Ноғай Ордасының тағына отыруы заңсыз болып

саналды. Олардың бұл жағдайдан шығуының бір ғана жолы болды. Ол жол олардың Йасауи жолынан бас тартып, нақшбандийа тариқатын қабылдауы еді. Сөйтіп, олар да Йасауи жолынан бас тартып, нақшбандийа тариқатын қабылдайды. Олардың нақшбандийа тариқатын қабылдағанын князь Юсуповтар әулетінің «Поколенная запись» атты шежіресіндегі деректерден көруге болады. Ол шежіреде олардың арғы аталары Баба Туклас-Баба түкті Шашты Әзиздің Пайғамбар халифасы Абу Бакр Сыздық әулетінен екендігі жазылған [22, с. 94-97]. Ал, нақшбандийа тариқаты өздерінің рухани бастауын Мұхаммед Пайғамбардың халифасы Абу Бакр Сыздықпен жалғастыратынын ескерсек [23, с. 367], онда Едіге ұрпақтарының да нақшбандийа тариқатын қабылдағанына көзіміз жетеді. Өйткені, кейінгі ғасырларда нақшбандийа тариқатын қабылдап қазақ жүздері қатарынан шығарылған этникалық топтар да өз шежірелерін осы Абу Бакр Сыздықтан тарататынын көреміз. Ал, Едіге би мен оның арғы атасы Садр ад-дин шайх Баба Тукластың Қарахандық билеушілер әулетінен шыққан Отрардың соңғы ханы Хасан ибн Абд ал-Халық ханның төртінші ұрпағы екендігін қарахандық қожалар әулетінің шежіресінде жазылған [6, 136-139 ққ]. Осылай Әбілхайыр ханның нақшбандийа тариқатын қабылдауы Қыпшақ даласындағы рухани тұтастықты бұзып, халықтардың рухани-мәдени жіктелуіне ықпал етті. Ол өз кезегінде Қыпшақ даласын мекендеген түркі тайпаларының этникалық картасының өзгеруіне әкелді. Қазіргі күнгі өзбек, қазақ, ноғай халықтарының кезінде бір халық болғандығын олардың құрамындағы ру, тайпалардың біртектілігінен, халық санасында сақталған халық ауыз әдебиеті үлгілерінен-ақ көруге болады.

Ата жұрттан қуылып, пана таппаған Мұхаммед Шайбани мен інісі Махмуд Сұлтан көп жылдар бойы Орталық Азияны шарлап, бірде моғолдық билеушілерді, бірде Әмір Темір ұрпақтарын, бірде Хажы Тарханды паналай жүріп, XV ғасырдың соңғы ширегінде Темір ұрпақтары арасындағы қайшылықты пайдалана отырып, Мауараннахрдағы билік үшін күреске белсене араласты. Темір ұрпақтарының ши'алық бағыттағы кубравийа тариқатына бет бұруы Мауараннахр халқының Темір әулетінен теріс айналуына әкелді [20, с.69]. Осы жағдайды өз пайдасына шеше білген Мұхаммед Шайбани XV ғасыр соңында Мауараннахр тағына ие болды. Оның үстіне нақшбандийа тариқатын қабылдап, парсы мәдениетін мойындаған Мұхаммед Шайбани да [20, с. 80-81.], оның соңына ерген халық та Мауараннахр халқы үшін оншалықты бөтен бола қойған жоқ. Алғашқы кезеңде түсінбеушілік болғанымен, Темір ұрпақтарының өз бетінен қайтпауы Мауараннахр халқын Мұхаммед Шайбани билігін мойындауға мәжбір етті. Осы күрестің нәтижесінде Мауараннахр жерінде Шайбанилер мемлекеті тарих сахнасына шықты. Шайбанилер мемлекетінде бар билік хан әулеті өкілдерінің қолына шоғырландырылды. Бұл бір жағынан Шыңғыс хан кезіндегі мемлекетті басқару жүйесін қалпына келтіру болып көрінді. Хан өлсе, оның орнын сол әулет ішіндегі жасы үлкені хан тағына отыруға тиіс болды. Бірақ бұл ішкі мазмұны жағынан мемлекетті басқарудың ирандық жүйесін қабылдау еді.

Ру, тайпа басшылары қолында бұрынғыдай мемлекеттік іске араласу құқы мен қоғамның ішкі қайшылықтарын реттеуші қызметі болмағанымен, олардың еркіне өз қандастарына билік жүргізу құқы қалдырылды. Олардың бүлік шығармауы үшін хандар ру, тайпа басшыларымен санасуға мәжбүр болды. Бірақ мемлекет билігі толығымен хан қолына шоғырландырылды. Мұхаммед Шайбанидың түпкі мақсаты орындалып, абсолюттік билікке қолы жетті. Алайда, Мұхаммед Шайбани де, оның соңына ерген халық та біртіндеп өз ата-бабаларының дәстүрлі мәдениетінен, түркінің өршіл рухынан біртіндеп айыла бастады. Қыпшақ даласынан келіп, Мауараннахр жеріне сіңген, сол мәдениетті қабылдаған өзбектің қаншалықты өзгеріске ұшырағанын XIX ғасырдағы орыс зерттеушісі В. Наливкин былайша суреттейді: «Узбек-кочевник всегда гордившейся своим образом жизни и относившийся с пренебрежением ко всякому другому роду занятий, кроме войны и скотоводства, с совершенно таким же пренебрежением стал относиться и к тому своему собрату-единоплеменнику, который презрев обычаи отцов, бросил войлочную юрту, поселился в глиняной хижине, стал пахать и сеять, разводить деревья, ткать, делать глиняную посуду и т. п.; самом же непродолжительном времени

оседлый узбек стал в отношении узбека-кочевника, являвшего собою тогда еще громадное большинство, каким-то отщепенцем, к которому относились свысока, с пренебрежением, всегда давая чувствовать свое превосходства, выражавшееся и большой свободой действий, и в большой воинственности, поддерживавшейся особенностями образа жизни и, наконец, в истекшем отсюда же несравненно большем политическом значении. Эта быстро установившаяся, сначала бытовая, а затем и нравственная, рознь была настолько велика, что всем осевшим узбекам, не взирая на то, из какого узбекского рода они происходят, было дано общее нарицательное имя сартов, которое впоследствии распространилось на все вообще оседлое туземное население, т. е. одинаково как на оседлых узбеков, так равно и на таджиков. Нередко случается и теперь слышать в разговоре, что такой-то киргиз (казах) сделался сартом» [24, с. 32].

Бұл жерде біз үзіндіні зерттеушінің ойы бұрмаланбауы үшін, қазақ тіліне аудармай сол күйінде бергенді жөн көрдік. Өйткені, автор Түркістан жеріндегі этникалық процестерді барынша дәл, әрі шынайы бергенін көреміз. Алайда, автор халық санасындағы мұндай өзгерісті тек өмір салты мен экономикалық жағдайының өзгеруімен ғана байланыстыруы жеткіліксіз екендігін түсіне бермейді. Қыпшақ даласынан келіп Мауараннахр жеріне орналасқан көшпелі өзбек өзге халыққа айналу үшін ең алдымен өзінің діни танымын өзгертіп, түркілік мәдениеттің өзегі болған Йасауи жолынан бас тартып, нақшбандийа тариқатын қабылдауы керектігін түсіне бермейді. Кез-келген адам өзінің діни танымын өзгертпейінше, өзінің рухани-мәдени қайнарларынан қол үзбейді. Оған мысал ретінде, жүздеген жылдар қалаларда тұрып, әлі күнге қазақ халқының құрамында қалған Сыр бойындағы көне қалалар тұрғындарын айтуға болады.

Шайбани хан мен оның соңына ерген көшпелі өзбектер Қыпшақ даласынан кетіп қойған жоқ, сонымен бірге, олар өздерін Қыпшақ даласымен байланыстырып тұрған рухани көпірді де бұзды, сөйтіп басқа мәдениетке бет бұрды. Бірақ олар ол кезде бұл Мауараннахр жеріндегі Шыңғыс ұрпақтарын мемлекеттік биліктен айырап жалпы түркі халықтарының мемлекеттілігіне қауіп төндіретін жол екенін сезген жоқ. Мұхаммед Шайбани хан Мауараннахр тағына отырған кезден араға жүз жыл салып, оның соңына ерген өзбектер өздерінің дәстүрлі мәдениетінен толық қол үзген кезде Шыңғыс хан әулеті билігінің киелілігі туралы ұғым да өз маңызын жойды. XVII ғ. басында Шайбанилер мемлекетінің іргесі сәгіліп, Шыңғыс хан ұрпақтары Мауараннахр жерінде саяси биліктен кетуге мәжбүр болды.

Өзбек ұлысының үшке бөлініп, жеке хандықтарға айналуы ру, тайпалардың іштей бөлініп, жіктелуіне әкелді. Ұстанған діни бағытына қарай кімді, қайсы діни-саяси топты қолдайтынына байланысты ру, тайпалар іштей жіктеліп, осы үш мемлекет құрамына бөлініп кетті. Біз оны қазіргі қазақ, өзбек, ноғай халықтарының құрамындағы ру, тайпалардан көре аламыз. Бұл Өзбек ұлысы халықтары ішіндегі жіктелу жоғарғы билік жүйесі өкілдерін ғана емес, сонымен бірге, жай халық арасын да қамтығандығын көрсетеді. Мысалы, қоңырат, қаңлы, қыпшақ, найман, қыпшақ тайпаларының өкілдері қазақтың құрамында да, өзбектің құрамында да, ноғайдың құрамында да бар. Егерде бұл рухани жіктелу Өзбек ұлысындағы билік жүйесі өкілдерін ғана қамтыған болса, онда белгілі тұлғалар соңынан соларға қарасты ру, тайпалар ғана ілесіп, ру, тайпалар іштей бөлінбеген болар еді. Бұл сол кезеңдегі діни-идеологиялық тіке-тірестің жалпы ұлыс халқын түгел қамтығандығын көрсетеді.

Өзбек ұлысының ыдырап, үш халыққа бөлінуі мемлекеттің басқару жүйесінің негізгі тірегі болған билер институтына да кері ықпалын тигізді. Билер институты күрделі өзгерістерге ұшырады. Ол өзгеріс Едіге ұрпақтарының, олармен бірге жалпы Орта жүзге рухани жетекші болып, билік жүргізген Қарахандық билеушілер әулет өкілдері – қарахан қожалардың халықтан бөлініп, Едіге ұрпақтарының соңынан кетуі Орта жүздің ру, тайпаларының мемлекеттік билік жүйесіндегі мүддесін қорғайтын өкілдерсіз қалдырды. Бұл мәселе сол кезеңдегі Йасауи жолының негізін құрайтын Ысхақ баб ұрпақтары тарапынан оңтайлы шешілгенін көруге болады. Бұдан кейінгі кезеңде Орта жүзге пір болу Ысхақ бабтан тарайтын Бақсайыс қожа әулеттерінің қолына тиді. Бұл оқиға «Темір-нама» атты киелі тарихта былайша баяндалады: «Бірде Саййид Ата

ұйықтап жатқанда түсінде Зеңгі Ата аян беріп, «Дешті Қыпшаққа барып, халқын исламға кіргізі!» деп бұйырады. Саййид Ата ертесіне шәкірттері Қасым шайх, Хадым шайх, Бақсайысты алып, Дешті Қыпшаққа аттанады. Дешті Қыпшақ ханы Құсырау Құлалға келіп, өздерінің пірлері Зеңгі Атаның бұйрығымен Дешті халқын ислам дініне бет бұрғызуға келгенін айтады. Құсырау Құлал ислам дінін қабылдас бұрын өзінің бұларға қояр үш шарты барын айтады. «Егерде үш шартты толық орындасандар, ислам дінін қабылдайық. Бірінші шартымыз – бір палуанымыз бар, оны жеңесін; екінші шарт – бір есі ауысқан қызымыз бар, оны жазасын; үшінші шарт – біреулеріңіз біздің дінбасымызбен бірге тандыр ішіне түсіп, отта отырасыздар,» – дейді. Саййид Ата үш шартты да қабыл алады. Қасым шайх палуанмен күресіп, оны жеңеді. Хадым шайх тандырға түсіп аман шығады. Саййид Ата өзі есі ауысқан қызды жазып, сауықтырады. Хан бүкіл халқымен Саййид Атаға мүрид болып, қызмет қылады. Бір күні Саййид Ата Бақсайысты ертіп, Хұсырау ханмен бірге аңға шығады. Сол кезде Саййид Атаға Хұсырау ханның аттан құлап, өлетіні аян болады. Саййид Ата Бақсайысқа ханды құлатпай көтеріп алуды бұйырады. Бірақ ханның жүрегі жарылып, бір сағат өліп, қайта тіріледі. Саййид Атаның бұл қызметіне риза болған Хұсырау хан Сахып Жамал атты қызын Саййид Атаға нәзір қылады. Саййид Ата қызды Бақсайыс Атаға қосып, өзін Дешті Қыпшаққа қалдырып, өзі кері Хорезмге қайтады [24]. «Темір-нама» қолжазбасындағы Дешті Қыпшақты исламдандыру жөніндегі деректер осы. Әрине, біз бұл жерде айтылғандардың тарихи шындығынан көрі аңыздық сипаты басым екендігі анық. Дешті Қыпшақта Хұсырау Құлал атты ханның болмағаны да тарихтан белгілі. Алайда, бұл тұлғаның Қасым ханның прототипі болу ықтималдығы жоқ емес. Ал, Қасым шайх, Хадым шайх, Бақсайыс Аталардың тарихта болғандығы күмән тудырмайды. Олар туралы «Ламахат» сияқты йасауи тарихатының тарихына арналған шығармаларда баяндалады. Оның үстіне олардың жерленген жерлері, олар жөніндегі киелі аңыздар халық арасында жиі айтылады. Мысалы, Қасым шайх пен Бақсайыс Атаның жерленген жері Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы территориясында. Ал Хадым шайхтың жерленген жері әзірге белгісіз. Осы үш шайхтың қазақ шежірелеріндегі Қазақ хандығы өз алдына отау құрып, жеке ел болған кезеңдегі қазақтың үш жүзіне пір болған шежірелердегі Байшора, Жаншора, Бекшора болуы әбден ықтимал. Бақсайыс Атаның Дешті Қыпшаққа пір болуына қарағанда, Орта жүзге пір болған Жаншора деп атауға болады. Өйткені, Бақсайыс қожалар әулетінің өкілдері өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарына дейін Орта жүздің жиырма алты руына діни қызметкерлерді Бабата медресінде дайындап келгені тарихи шындық [24]. Олай болса, бұл «Темір-намадағы» деректің тарихи негізі барлығын көрсетеді.

Бұл айтылғандар Қазақ хандығының алғашқы жеке мемлекет болып, шаңырақ көтерген кезеңі оншалықты оңай болмағанын байқатады. Бұл жерде Йасауи жолы өкілдерінің халықтың рухани тұтастығын сақтау жолында күрделі қадамдар жасағанын көреміз. Әдетте, Ысхақ баб әулеті өкілдері Ұлы жүз бен хан әулетіне пір болатын. Ал, Қарахандық билеушілер әулеті өкілдері Орта жүзді тастап кеткен кезде, Ысхақ баб әулеті өкілдерінің түркінің рухани тұтастығын сақтау үшін өз өкілдерін Орта жүзге апарып, халықтың одан әрі жіктелуіне мүмкіндік берген жоқ. Осы кезеңде хандар да билер ықпалынан шықпады. Бұл өз кезегінде мемлекеттің ішкі жағдайының тұрақталуына мүмкіндік берді. Ең бастысы қазақ халқы түркінің діни-рухани, мәдени болмысының өзегі-Йасауи жолын сақтап қалды. Алғашқы кезеңде Керей хан да, Жәнібек хан да бұлғақтамай Қазақ хандығының нығаюына, өркендеуіне қызмет етті. Бұл кезеңдегі рухани жіктелушілік туралы қазақ шежірелерінде де, өзге жазба деректерде де мәлімет жоқ. Жәнібек ханнан соң таққа отырған Бұрындық ханның халықпен сыйыса алмай шайбанилерге кетіп қалғандығы айтылады. [14, с. 222]. Оның орнын Жәнібек ханның ұлы Әдік сұлтан басты. Әдік сұлтаннан соң қазақ хандығының тағына Қасым хан отырды. Қасым ханның Қазақ хандығын нығайту жолындағы жанқиярлық еңбегі мемлекетті Орталық Азиядағы қуатты мемлекеттің біріне айналдырды. Осы Қасым хан кезінде «Қасым ханның қасқа жолы» атты заң қабылданып, сол атаумен тарихқа енді. «Қасым ханның қасқа жолының» қабылдануы туралы академик Ә. Марғұлан былай дейді: «Қасым хандық құрған кезде (1511-1523) ел басқару ісінде қолданылған

әдет-ғұрып заңдарының ережелері. Өзінің мазмұны бойынша бұл заңның түбегейлі идеясы ежелгі әскери диктатура арнасына барып тіреледі. 15 ғасырдың соңы мен 16 ғасырдың басында Бұхардың ишан-қазылары қазақ өлкесінде жүргізіп, шариғат қағидасына бойұсынуды уағыздайды. Бірақ уақыттың көбін мал бағумен өткізетін халық бұқарасына шариғат қағидалары қиынға соғып, оған селсоқ қарап, ойыса қоймайды. Сондықтан шариғатты кіргіземін деген хандарға халық бұқарасы наразылық білдіріп, кейде ол көтеріліске ұласып отырған. Бұл тарихи уақиғаларды жақсы білген Қасым хан, саяси жағдайдың шиеленіскен кезінде, халық бұқарасының, билер тобының, көптен бергі ойына қарсы тұрмай, қайта олармен бірігіп, шариғат заңын үгіттеген Бұхар ишан-қазыларының тіміскілеуін тойтарды. Сөйтіп, халықтың тілегіне жақын, әрі ерте заманнан оларға түсінікті ежелгі «жарғы» заңын жаңадан күшейтті [27, 104-б.]. Бұл жерде академик Ә.Марғұланның сол кезеңдегі діни-рухани ахуалды дәл анықтағанын, «Қасым ханның қасқа жолының» қабылдану себептерін толық түсінгенін көруге болады. Бұл мемлекет туралы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи Рашидиде» былай деп жазады: «Қасым хан бүкіл Дешті Қыпшақты бағындырды. Жошыдан кейін ешкім бұлай (Дештіні) бағындырған жоқ еді. Мысалы, оның мың-мың (миллион) әскері болды [28, с. 349]». Сондай қуатты мемлекетке айналып үлгерген Қазақ хандығы Қасым хан өлгеннен-ақ, іргесі сөгіліп, ыдырай бастады. Бұл жөнінде де М.Хайдар Дулати жазбаларында: «924/1518 жылдан соң Қасым хан мәңгілікке аттанған соң қазақ сұлтандары арасында күрес басталды. Қасым ханнан соң Манаш хан болып еді, ол бір соғыста тұншығып өлді. Одан соң Әдік сұлтанның баласы Тахир хан тағына отырды. Ол өте қатал қайырымсыз адам болды. Оның қарамағында 400 мың адам бар еді. Бәрі бірден теріс қарап, кетіп қалды. Ол қырғыздардың арасында жалғыз қалды, қайыршылықта өлді. Отыз мыңдай адам Моғолстанға қайта жиналды. Бұйдаш оларға хан болды. Міне, төрт жыл болды олардан ешкім қалмады. 930/1524 жылы миллион халықтан 944 жылы ешкім қалмады, – деп жазылған [28, с. 349]. Қазақ хандығы басына түскен мұндай қиындықтың себебі неде? Ханға не болды, халыққа не болды? Бұл сұраққа жауап беру оңай емес. «Қазақстан тарихында» да бұл сұраққа толық жауап жоқ [29, с. 375-377]. Бұл сұрақтарға орта ғасырлық тарихи жазбаларға сүйене отырып жауап беру қиын. Өйткені, ол жазбалар көбіне тарихи оқиғаларға мән беріп, соларды тізіп жазғанымен, сол тарихи оқиғалардың туындауына себепші болған рухани процестерді ескере бермейді. Мысалы, біз жоғарыда атап өткен йасауийа тариқатының қазақ халқының тарихи тағдырындағы орнына байланысты жазған пайымдауларымызды бірде-бір тарихи жазбалардан кездестіре алмаймыз. Тек, «Шыңғыс-нама», «Темір-нама» сияқты қолжазбалар мен қазақ халқының дәстүрлі тарихи жадындағы деректерге қарап рухани процестердің қазақ тарихындағы күрделі бетбұрыстарда шешуші фактор болғанын айқындай аламыз. Бұл жерде ескерте кететін бір жәйт, йасауийа тариқатының қазақ ру-тайпаларымен біте қайнасып кетуімен, сол ру-тайпалардың ажырамас бөлігіне айналуымен ерекшеленеді. Қазақ рулары қазақ даласына тараған қожа әулеттерімен тығыз байланыста болды. Рудың әрбір мүшесі йасауийа тариқатының да мүшесі еді. Әр рудың, жүздің рухани басшысы, пірі болатын. Қазақ даласындағы бүкіл билік сол билер қолында болды. Ол билікті шариғат заңдарына сай жүргізіп отырды. Себебі, бұл мәселе Алтын Орда дәуірінен қалған, қалыптасқан жүйе болатын. Ал, шариғат заңдарына қайшы келетін хан жарлықтарының өзі іске аспай қалатын. Сол себепті, Қазақ даласында билер сөзі әр кезде шешуші мәнге ие болды. Өзбек ұлысының ханы Әбілхайыр ханның билер талабын орындамағаны үшін қандай жазаға тартылғаны, халықтың көпшілігі ханға теріс қарап, Жәнібек пен Керей хандар соңына еріп, Қазақ хандығын құрғанын жоғарыда айтып өттік. Өкінішке орай, Қазақ хандары Әбілхайыр хан қателігінен сабақ алмады, халықтың иман бірлігімен ойнауға болмайтынын түсінбеді. Қасым ханның жіберген бір қателігі бүкіл халықтың, мемлекеттің тағдырына кері әсерін тигізді.

Бұл жерде Йасауийа мен нақшбандийа тариқаттары арасындағы тартыс Қазақ хандығының тағдырына кері әсерін тигізген негізгі фактор болды десек артық айтқан болмаймыз. Жоғарыда айтқан Қасым ханның жіберген қателігі осы нақшбандийа ағымын қазақ даласына әкелуімен,

таратуымен байланысты болды. Ол жөнінде Мұхаммед Талибтің «Матлаб ат-Талибин» атты шығармасында мынадай деректер келтіріледі. Онда 1512 жылы Сефифидтік Иранның Наджисани бастаған әскері мен Бабыр бастаған әскер Бұхара қаласына баса-көктеп кіргені, одан қашқан джуйбарий шайхы Ислам қожа Қасым ханды келіп паналағаны, Қасым ханның сол кезде нақшбандийа шайхы Абу Бакр Са'дтың мүридін болғаны жазылған [30, с. 103]. Міне, осы кезден бастап, нақшбандийа ағымы қазақ даласына тарала бастайды. Қасым хан өлген соң, халық оның ұлы Мамаштан бастап хан деп танудан бас тартады. Тахир, Бұйдаш хандардың Қазақ халқына билік жүргізе алмай қырғыздарға барып хан болу себебі осыған байланысты. Мұхаммед Хайдардың да «Қазір бір де бір қазақ қалмады», -деп жазуы да сондықтан. Қазақ халқы Хақназар тұсында қайтадан топтасып, қуатты күшке айналды. Соған қарағанда, Хақназар хан қайтадан Йасауийа шайхтарына мойын бұрған болса керек. Ал, Шығай хан мен оның балалары Тәуекел мен Есім сұлтандардың толығымен нақшбандийа тариқатына мойын ұсынғанын жазба деректер растайды. Мысалы, Шығай хан тағына отырған Тәуекел өзінің 120 баласымен нақшбандийа шайхы Қожа Исхаққа мүрид болғанын жазады. Бірақ, кейіннен ол ойынан бас тартып, қайтадан Түркістандағы Йасауийа шайхтарының біріне мүрид болғаны жазылған [31, с. 97].

1598 жылы Тәуекел Мұхаммед хан Бұхара қаласы үшін болған соғыста жарақаттанып, көп ұзамай қайтыс болды. Оның орнына хан тағына Есім хан отыруы керек еді. Бірақ, Есім хан сайланбай, оның орнына Тұрсын Мұхаммед хан сайланады [32, с. 213]. Қазіргі күнге дейін тарихта Тұрсын ханның шыққан тегі туралы қалыптасқан пікір жоқ. Оның қайдан шыққандығы туралы жазба деректердің өзінде де пікір бір ізді емес. Оны бірі аштарханидтер әулетінен, Йар Мухаммад ханның ұлы десе, енді бірі Қасым ханның ұлы Жалым сұлтанның баласы делінеді. Бірақ әлі күнге нақты дерек жоқ [32, с. 213-215]. Бірақ, Тұрсын Мұхаммед ханды Тәуекел Мұхаммед ханның ұлы деп айтуға негіз бар. Мысалы, Әбілғазы 1625 жылы Хорезмнен қашып, Түркістанға, Есім ханға келіп паналағанда, Есім оны ертіп Тұрсын ханға апарды. Сонда Есім хан Тұрсын ханға «Бұл Әбілғазы Жәдігер хан әулетінен. Бұлардан ешкім әлі күнге бізге қонақтап келген жоқ. Біздер оларда көп болдық. Сондықтан бұл сіздің қасыңызда болғаны дұрыс» – деп, Тұрсын ханның қасында қалдырады. Бұл жерде Есім ханның сөзіне қарағанда екеуінің арасында туыстық қатынас бар екендігін аңғару қиын емес. Сонымен қатар, Тұрсын ханның йасауийа тариқатында болуы да оның Тәуекел Мұхаммед ханның ұлы болу мүмкіндігін күшейтеді. Өйткені, Тәуекел Мұхаммедтің өзінің 120 ұрпағымен қайтадан йасауийа тариқатына өткенін еске алар болсақ, онда Тұрсын Мұхаммедті осы әулет өкілі деп тануға болады. Бұл жерде Есім сұлтанның хан сайланбай, орнына Тұрсын Мұхаммедтің хан сайлануында сұлтандардың діни көзқарасының шешуші роль атқарғанын көруге болады. Есім сұлтанның қазақ халқына жат, нақшбандийа шайхтарына мүрид болуы, қазақтардың одан бас тартуына әкелген сияқты. Одан кейін Есім сұлтан болса қазақтарға өкпелеп, Моғолстан ханы Абд ар-Рахим ханға кетуге мәжбүр болады [14, с. 410-418]. Кейіннен қырғыздарға барып хан болады. Тұрсын Мұхаммед хан әкесі Тәуекел Мұхаммед ханның діни бағытын жалғастырғанын тарихи құжаттар айғақтайды. Тұрсын Мұхаммед Йасауийа шайхтары мен «Әзірет Сұлтанның» уақфтық жерлерін мойындаған санаулы хандардың бірі. XIX ғасырдағы орыс зерттеушісі П. Лерх 1867 жылы Түркістанға келген сапарында шайх ал-ислам Насрулланың қолында хижраның 1035 жылы Тұрсын Мұхаммед ханның Қожа Ахмед Йасауи ұрпақтарына берген уақфтық құжаттары бар екендігін көріп, ол туралы өз жолжазбасында жазады [33, 30-б.]. Оның үстіне Тұрсын Мұхаммед ханның нақшбандийа шайхтарының қазақ даласына өтуіне тыйым салуы, Тұрсын Мұхаммедтің йасауийа тариқатында болғанын, өзге діни ағымның ел ішіне келуге тыйым салу арқылы елдің рухани бірлігін сақтауға айрықша көңіл бөлгендігін көрсетеді [30, с. 59].

Бірақ, Тұрсын Мұхаммед ханның қарсыластары қарап жатпайды. Нақшбандийа шайхтары Ұлы жүз бен Кіші жүз руларының біраз бөлігін өз ықпалдарына өткізеді. Нақшбандийа ағымының қазақ рулары арасына тез таралуына «азизан» қожаларының ықпалы көп болды. «Азизан» қожалар йасауийа шайхтарының Мауараннахрға келіп, сол жердегі халықтың рухани сұранысына

бейімделген, жартылай нақшбандийа тариқатының жолын мойындаған топтан шықты. Бұл топтың алғаш негізін салушы Илмин Баба атты мауараннахрлық йасауийа шайхы болатын [34, с. 77-79]. Олар тарапынан Қожа Ахмет Йасауидің Жүсіп Хамаданиге шәкірт болғандығы жөніндегі жалған өмірбаяны шығарылды. Бұл хожағанийа-нақшбандийа тариқаты мен йасауийа тариқатының шыққан негізі бір, хожағанийа-нақшбандийа тариқатының негізін салған Абд ал-Халық Ғыждуани де, Қожа Ахмет Йасауи де Жүсіп Хамадани шәкірттері, сондықтан бұл екі тариқат арасында айтарлықтай ерекшелік жоқ деген қағиданы алға тартты. Бұл жағдай қазақ рулары арасында нақшбандийа ағымының Ұлы жүз бен Кіші жүз арасындағы ықпалының артуына әкелді. Оның үстіне кейбір Йасауийа шайхтарының нақшбандилер қатарына өтуі олардың соңына ерген халықтың өзінің дәстүрлі діни танымынан ажыратып, адастырды. Әсіресе, Мауараннахрмен шектес жерлерді мекендейтін Ұлы жүз, Кіші жүз тайпалары осындай алдауға түсті. Халықтың көп бөлігінің арасында Тұрсын Мұхаммед ханның ықпалы төмендей бастайды.

Есім хан реформасынан кейінгі шежірелер

Есім хан біраз жыл Моғолстан ханы Абд ар-Рахим хан қасында болып, одан жылыстап қырғыздарға келіп хан болады. Одан біртіндеп, Ұлы жүз тайпаларына билігін жүргізді. Кейіннен Тұрсын Мұхаммед оған Түркістанды билеуді тапсырады. 1625 жылы Есім хан Түркістанда болғанын Әбілғазының жазбаларынан білеміз [32, с. 220]. Есім ханның Түркістанда отыруы Тұрсын хан үшін тиімді болған жоқ. Өйткені, ол өзінің желкесіне, туысы болғанымен басқа тариқатты қолдайтын хан ол үшін қауіпті еді. Ол қалайда өзі мен өзіне тірек болар қазақ даласы арасындағы кедергіні алып тастауды дұрыс санаса керек. Ол Есім хан жорықтан қайтып келе жатқанда оған шабуыл жасайды. Бірақ жеңіліп Ташкентке қашады [32, с. 221]. Махмуд ибн Валидің «Бахр ал-асрар» атты еңбегі қазақ сұлтандары арасындағы тартыстың немен аяқталғанын былайша баяндайды: Ол кезде (1036-1628/27) Есім хан қалмақтарға жорыққа аттанды. Тұрсын хан осыны пайдаланып Түркістанға әскер жіберіп Есім ханның ордасын шапты. Сөйтіп, Есім ханнан құтылуға әрекет жасады. Дәл осы кезде, Әндіжан билеушісі Абылай сұлтан Бұхара ханы Имамқұлимен бірігіп, Ташкент билігіндегі Піскент, Шахрухийа сияқты жерлерді тартып алды. Осыны пайдаланған Есім хан әскермен келіп, Ташкентті қоршап, Тұрсын Мұхаммедті өлтіріп, оның соңына ерген қатаған жұртын қырып жіберді [29, с. 497].

Осы тарихи оқиға қазақ шежіресінен біршама орын алғанын көруге болады және Есім ханның осы жорғына қатысқан кісілердің кім екендігін де анықтауға мүмкіндік береді. Есім ханның діни-идеологиялық саясаты нақшбандийа тариқатының қазақ арасыны дендеп енуіне мүмкіндік берді. Ру, тайпалардың бір бөлігі йасауийа тариқатында қалса, екінші бөлігі нақшбандийа тариқатына бет бұрды. Есім хан өз саясатын жүргізгенде осы ру, тайпаларға арқа сүйегенін көруге болады. Оның дәлелі ретінде Есім ханның төңрегінде топтасып, оның қызметінде болған батырларға Есім хан Тұрсын Мұхаммедті өлтірген соң, оның Айбике, Нұрбике, Қоңырбике атты қыздарын сыйға тартады. Сол оқиға Шәкәрім қажының «Түрік, қырғыз-қазақ, һәм хандар шежіресінде» былайша баяндалады: «Шежіре түрікті» жазған Әбілғазы Бахадур хан туысқандарымен хандыққа таласып, Үргеніштегі өзбектер бұзылып, үшке бөлініп кеткенде, осы Есім хан қолына келіп тұрдым дейді. Сонда Есім хан Тұрсын ханды өлтіріп, Қатағанды шапты дейді. Жәрдем көремін деп келген хандардың жайы былай болған соң, Есім ханнан рұқста алып, қайттым дейді. Бұлай болғанда біздің тоғызыншы атамыз Сарының қатыны Қоңырбике сол 1628 жылы келген болатын... Сол Қоңырбикеден біздің сегізінші атамыз Кішік пен Мәмбет сопы туыпты, [19, 24-25 бб.] - дейді. Біздің шамалауымызша, тобықтылар сол кезеңде Алматы маңын жайлаған. Оған дәлел ретінде біз Қалқаман-Мамыр оқиғасы мен олардың атына байланысты жер атауларының Алматыда болуы дәлел бола алады. Оның үстіне Есім ханның алғаш таққа отырып, билік жүргізген кезі де осы қырғыздардан басталғаны, қатарлас жатқан қазақ рулары да осы кезде Есім ханды хан ретінде мойындағаны тарихтан белгілі. Есім хан Тұрсын ханды осы қырғыздардың көмегімен жеңгенін тарихи деректер айғақтайды [30, с. 103]. Ал, Қазанғаптың «Еңсегей бойлы ер Есім» атты дастанында, Есім ханның Ташкент билігін

қырғыздарға бергені баяндалады [35, 205-206-бб.]. Бұл мәселені тәптіштеп жазып отырғанымыздың мынадай себебі бар. Алғашында нақшбандийа тариқатын қабылдағаннан қауіп көре қоймаған қазақ рулары, нақшбандийа тариқатының дәстүрлік ерекшеліктері халық санасына сіңіп, қазақ дәстүріне қайшы оқиғалар орын ала бастағанда өзге мәдениетке негізделген сопылық жолдың қазақ мәдениеті үшін қаншалықты қатерлі екендігін сезіне бастады. Сондай оқиғалардың бірі Қалқаман-Мамыр оқиғасы еді. Шарифатқа қайшы емес деп, ағайынды кісілердің балаларының қосылуы халықты дүрліктіріп, Мамырдың өлтіріліп, Қалқаманның жараланып, қашып құтылуының соңы тобықтылардың көтеріле көшіп кетуімен аяқталды. Алдымен Сырға барып, одан Жем, Сағыз, Ор өзендеріне дейін барып, Жоңғарды талқандағаннан кейін барып қазіргі Семей жеріне орналасқан екен.

Есім хан Тұрсын ханның үлкен қызы Айбикені Жиенбет жырауға береді. Осы Жиенбет жырау ұрпақтары қазір Қоңырат ішінде рулы ел болып отыр. Жиенбеттің кіші әйелі Айбикеден тараған атасы бар. Олар өздерін Жиенбет ішіндегі Айбикеміз деп атайды. Ал Жиенбет жыраудың Кіші жүзден екендігі, Есім ханның қасындағы сенімді серіктерінің бірі болғандығы, Тұрсын ханға барып, Ташкентті қоршағанда,

-Қатағанның хан Тұрсын,

Хан Тұрсын сені ант ұрсын – дейтін де,

Есім хан Жиенбетті жазалап, айдауға жібергенде Есім ханға

Есім хан сені есірткен,

Есіл де менің кеңесім – дейтін де Жиенбет жырау осы Жиенбет. Жиенбеттің Қоңырат ішіне сіңуі шежіреде былай баяндалады: Мақының баласы Қаракұдайбердінің алты ұлы болады. Үлкені Жаулыбайдан Қоңырсопы, кішісі Қошқарбайдан Жиенбет туылады. Бірақ Жиенбет өз үйінде емес, нағашыларының қолында дүниеге келеді. Бірде Қоңырсопы аулын жау шауып, мал-мүлкін талап әкетеді. Қошқарбайдың да аулын шауып, өзін өлтіріп кетеді. Қошқарбайдың әйелі Барқын үш жасар ұлы Борайды жетелеп, қашып, қалың қамысқа тығылып қалады. Содан кейін Барқын баласы Борайды қайнағасы Аққошқарға қалдырып, өзі төркініне, бағаналы Наймандарға кетеді. Төркініне барған соң босанып ұл туады. Атын Жиенбет қояды. Көп ұзамай Барқын да өледі. Жиенбет нағашыларының қолында жетім өседі. Жиенбет ержетіп, ат тжалын тартып мінетін күйге жетеді. Оның батыр бала деген аты шыға бастайды. Бұл хабар Қоңырсопының құлағына да жетеді. Ол азамат болып, қатарға қосылып жүрген Борайды шақырып алып, інісі Жиенбетті іздейтін кез жеткенін айтады. Қоңырсопы мен Борай барып Жиенбетті алып қайтып, үйлендіріп, енші беріп шығарады. Шежіреде Тұрсын ханның қызы Айбике қалмақ ханының қызы еді деп айтылады [36, 5-43-бб.]. Кейіннен Қоңырсопы, Борай, Жиенбет анттасып, мәңгі тату болуға келіседі. Ал Қоңырсопыға қатысты мәліметтерден оның нақшбандийа тариқатының өкілі болғандығын көреміз. Бұдан Есім ханның тұсында діни-идеологиялық саясаттың өзгеруіне байланысты рулық, тайпалық жүйелерде қайта топтасу үдерісі басталғанын көруге болады.

Мұндай қайта топтасулар тек қоңырат тайпасында ғана емес, басқа тайпаларда да болғандығын көреміз. Мысалы, найман тайпасындағы қайта топтасулар да осы кезеңде болды. Сөзіміз нақтырақ болу үшін М. Тынышпаевтың мына жазғандарына жүгініп көрелік: «Менің марқұм әкемнің айтуынша, он алтыншы атам өз заманында белгілі кісі болып, өз руының басшысы болған. Оның сүйегі Өзгенттегі қожалар қорымында жатыр. Төлегетай шаяндық Мәді Мағзұмның айтуынша, белгілі қожаның (Қылышты Ата) қызына үйленген. Оның айтуына қарағанда, Самарқанды билеушісі Имамқұли ханның әскербасы, алшын Жалаңтөс бахадүр Өзгент қожаларының қызына сөз салады. Қожалар оған қара қазаққа пайғамбар ұрпақтарының қызын беруге болмайтынын айтып, қайтарады. Сонда Жалаңтөс Төлегетайды мысалға келтіргенде, қожалар Жалаңтөстің Төлегетаймен теңесе алмайтынын айтып қайтарады [37, 436-437-бб.]. Аңыздарға қарағанда, Төлегетай Қылышты қожаның қызын алған. Сейіт қожалар шежіресінде Қылышты атаның атақты Мағдұми Ағзамның ұлы екендігі айтылады [38, 48-49-бб.]. Ал, Мағдұми

Ағзам саййид Ахмад Қожа ибн Жамал ад-дин Касани Дахбиди (1542 ж. қ.б.) Мауараннахрдағы діни, әрі саяси тұлға, нақшбандилар тариқатының жетекшісі. Есім ханға пір болған Қашқардағы Аппак қожа да осы Мағдуми Ағзамның ұрпағы. Бұл деректер Төлегетай басшылығындағы наймандардың нақшбандийа тариқатын мойындап, сол нақшбандилер жолын қабылдағанын білдіреді. Бұл оқиға найман тайпасында осы кезеңде күрделі құрылымдық өзгерістер болғанын көрсетеді. Бұл оқиға найман тайпасының шежіресінде толық көрініс тапқан: Найманнан Кетбұға (терістанбалы), Сарыжомарт (ергенекті), Төлегетай туылады. Төлегетайдан – Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл [12, 97-б.]. Бұл шежіренің осындай тағы да екі нұсқасы бар. Олардың бәріне тоқталып жатуды артық санадық. 1600 жылдар шамасында өмір сүрген Төлегетайдан қалың найманның таралуы мүмкін бе? Жоқ. Мәселе - өздерінің діни бағытын өзгертіп, басқа тариқатты қабылдаған ру, тайпалардың қайта топтасуында жатыр. Төлегетай сол кезеңде сол діни-саяси реформаны іске асырушы тұлға.

Найман тайпасының өзге аталарын нақшбандийа тариқатын қабылдады ма, жоқ па? Біз ол жағын біле алмадық. Жезқазған өңірін мекендеген наймандар арасында кезінде Йасауи жолы өкілдері болған қожалардың араласа отыруы, олар сол кезеңде нақшбандийа тариқатын қабылдамаған болуы керек деген ой түйеге мүмкіндік береді. Нақшбандийа тариқатын қабылдамаған тек найман ішінде емес, қоңырат тайпасы ішінде де болды. Мысалы, Құрбан Атадан тарайтын рулардың Сыр бойынан қуылып, Теріскей асып кетуі Есім хан тұсындағы діни-идеологиялық үдерістер мен саяси қысымға байланысты болғандығы анық. Аңыздағы Құрбан Атаның Теріскейде жатқан Қарабура әулиені барып паналауы соны байқатады. Қарабура әулие Қожа Ахмет Йасауидің шәкірті болған, әрі жаназасын шығарған тарихи тұлға. Бұл Есім ханның діни-идеологиялық саясаты қазақ халқын діни танымына қарай жіктелуге мәжбүр етті. Ру, тайпалар арасында тіке-тірес басталды.

Есім хан нақшбандийа тариқатын жай қолдап қойған жоқ. Өзінің бұл діни-идеологиялық саясатын заң жүзінде бекітіп берді. Ол заң көпке белгілі «Есім ханның ескі жолы» деп аталды. Бұл заң қазақ қоғамына, қазақ халқының рухани, мәдени болмысына толығымен қайшы келетін заң еді. Бұл заңды қабылдаудағы мақсат – қазақ халқының дәстүрлі мемлекеттігінің құрылымдық жүйесі-ру, тайпалар мен жүздік құрпылымдарды ыдыратып, мемлекетте ханға абсолюттік билік беретін монархиялық билікті қалыптастыру болды. Йасауи жолы мемлекеттік идеология болып тұрған кезде абсолюттік билікке қол жеткізу мүмкін емес еді. Өйткені, рулық, тайпалық жүйелер Йасауи жолының тармақтарын құрады және әрбір рулық, тайпалық жүйелер мен жүздік құрылымдарды йасауийа тариқатының өкілдері билер басқарды. Билер ханды сайлап қойды және хан тағына кімнің отыратынын да Билер Кеңесі анықтады. Бұл хан үшін тиімсіз болды. Ал нақшбандийа тариқаты болса, парсы мәдениетіне негізделген, мұнда рулық, тайпалық жүйелердің қажеті жоқ. Парсыларда мемлекеттік билік жүйесі абсолюттік билікке негізделген, билеушінің өз еркінше әрекет етуіне мүмкіндік береді. Нақшбандийа тариқаты Есім ханға осынадай жүйені қалыптастыру үшін қажет болды. Ең бастысы бұл тариқат «ахл ал-сунна уа-л-жама'а» тариқаты деп аталды. Өйткені, бұл тариқатта араб дәстүрі негізінде қалыптасқан шарифат үкімдерін орындау қатаң түрде талап етілді. Ал, Йасауи жолында шарифат үкімдерінің жалпы ислам халықтарына ортақ негізі қалдырылып, түркілердің шарифатқа қайшы келмейтін салт-дәстүр, әдет-ғұрыптық ерекшеліктері толығымен қолданылатын. Бұл түрік халықтарының рухани, мәдени дербестігін сақтап қалуға мүмкіндік берген болатын. Нақшбандийа тариқаты болса осы ерекшеліктердің бәрінен бас тартуды талап етті. Ең бастысы некелік қатынастарды өзгертуге баса мән берді. Эгзогамдық сыртқы некенің орнын эндогамдық ішкі некеге ауыстыруды қолға алды. Йасауи жолында жеті атаға дейін қыз алысуға тыйым салынған еді. Егерде жеті атаға жетпей үйлену жеке адамдар тарапынан бұзылатын болса, олар өлім жазасына кесілетін. Ал, мұндай жағдай ру ішінде жалпылама сипат алған жағдайда ол ру жүз құрамынан шығарылып тасталатын. Бұл рулық, тайпалық жүйелердің іргесінің шайқалмауының, ол өз кезегінде мемлекетті басқарудың түркілік жүйесінің сақталуының кепілі еді. Егерде некелік қатынас өзгеріп ішкі

некеге ауысар болса, рулық, тайпалық жүйелер өздігінен ыдырауға түсетін. «Есім ханның ескі жолын» қабылдаудағы мақсат осы болатын. Бұл саясат Есім хан тұсында пәрменді жүргізілді. Нақшбандийа шайхтарына Сыр бойынан уақфтық жерлер бөлініп беріле бастады. Бұған Есім ханның өз қолымен берген құжаттары дәлел бола алады. Ол құжаттар Сығанак құжаттары деген атпен белгілі. Сонымен қатар, Есім хан тұсында Қазақ хандығының мемлекеттік құжаттары қайтадан парсы тілінде жүргізіле бастайды. Көп ұзамай Есім де көз жұмады. Бірақ, Есім ханның Тұрсын Мұхаммедке, қатаған халқына жасаған қатыгездігін қазақ халқы кешіре алмайды. Сол себептен де оның ұлы Жәңгір сұлтан 1628 жылдан, 1643 жылға дейін хан тағына отыра алмады.

Ұлы жүз тайпаларының біразы Есім хан мен бұрыннан Ұлы жүзге пір болған, кейіннен нақшбандийа тариқатына өтіп, солардың сойылын соққан қожа әулеттерінің алдауына түсіп, нақшбандийа тариқатына өтті. Ал Тұрсын Мұхаммедті қолдаған йасауийа тариқатындағы қатағандардың бесіктегі баласына дейін қырылуы, Ұлы жүз құрамындағы йасауийа тариқатындағы кейбір тайпаларды Орта жүз құрамына өтуге мәжбүр етті. Мысалы, «Өзбек шежіресі» / XIV-XV ғғ./ атты шежіреде Ұлы жүз құрамында болған қатаған, шанышқылы руларының кейбір аталары қазіргі шежірелерде Орта жүз Қоңырат құрамында жүруінің басты себебі де осы болса керек.

«Есім ханның ескі жолы» мен нақшбандийа тариқатының ықпалын толық мойындаған, араб-парсының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын қабылдаған қазақ рулары жүздер құрамынан шығарылып тасталды. Қазір қазақ жүздері құрамына кірмейтін сунақ, шалақазақ, Түркістан, Шымкент, Тараз маңындағы өзбектердің пайда болуы Есім ханның қазақ арасына нақшбандийа тариқатын күштеп енгізуімен тікелей байланысты. Бұлардың арғы тегін зерттей келгенде олардың көпшілігі кешегі қазақ руларына баратынын осы мәселеге қатысты жүргізген зерттеу жұмыстарымыз дәлелдеді. Мысалы, қазір Түркістан маңындағы Қарнақ қыстағында 100% өзбек тұрады. Шыққан тегі жағынан солардың 95% қазақ екендігі анықталды [39]. Ал, Қарашық қыстағын мекендеп отырған халық та солай. Ол жерге Қыпшақ тайпасының Көкмұрын тармағынан үш жүз үйді отырғызып, 200 қос жерді хандар арнайы бөліп бергендігін сол жердегі халық біледі және олар әлі күнге өздерінің шыққан тегін ұмытпаған. Оған біздің сол қыстақтарда 1998-2002 жылдары жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында көзіміз жетті [40]. Ал, сунақтар құрамындағы аталарға қарайтын болсақ, онда олардың да үш жүз құрамындағы рулардан құралғанын байқауға болады.

Осы кездерде Түркістан маңында нақшбандийа өкілдері мен «азизан» қожалар өкілдері пайда бола бастайды. Өз шежірелерін Али ибн Абу Талибтің ұлы Имам Хусейннен бастайтын нақшбандийа өкілдері өздерінің Йасауийа шайхтарынан қан жағынан артық екенін алға тартып, Түркістан маңындағы халықтарды нақшбандийа тариқатына тарта бастайды. Түркістан қаласынан 25 шақырым жердегі Қарнақ қаласы нақшбандийа орталығына айналады. Сол жерде үлкен медресе ашылып, нақшбандийа жолын уағыздаушы дін өкілдері дайындала бастайды. Қазақ хандарының оқып, білім алатын орталығы осы көне Қарнақ қаласы болды. Сыр бойындағы халықтың «қазақ», «сарт» болып бөлінуі осы кезден басталды деп айтуға толық негіз бар. Өйткені, оған дейінгі жазбалардың ешқайсысында «сарт» сөзі кездеспейді. Нақшбандийа тариқатын мойындап, сол жолға түскен рулардың, халықтың «сарт» деп атала бастағанын байқаймыз. Мысалы, сол «Қарнақ тарихы» деп аталған жергілікті ақсақалдар жазған қолжазбада, Қарнақ қаласы халқының дені жергілікті қазақ руларынан тұратынын, тек екі әулеттің ғана Бұқарадан келген тәжіктер екені жазылған. Сондай-ақ, Абылай ханмен Қара Керей Қабанбай әзілдескенде, Абылай ханды «сарт» деуінің өзі қазақ хандарының нақшбандийаны бұрын қабылдағанынан хабардар етсе керек. Ал, атақты Шортанбай ақынның Асан Бұғамен айтысындағы мына сөздер біздің бұл пайымдауымыздың айқын дәлелі:

Шортанбай:

Жетпіске келді бұл жасың,

Дүниелік болды жолдасың.

Өндіжандық сарт едің,
 Қай елдің едің қожасы...
 дегенде Асан Бұға Шортанбайға былай деп жауап береді:
 Менің түбім сарт десең,
 Неге атандың қызылбас.
 Екеумізді пір тұтып,
 Заман қалай бұзылмас [41, 123-124-бб.].

Бұл жерде Шортанбай өзінің қазақ қожасы екенін, қазақтың белгілі руына тән екенін айтса, Асан Бұғы өзінің «нақшбандийа» өкілі екенін мойындай отырып, йасауийа тариқатының да негізі VIII ғасырда пайда болған қайсанийа-мубайдийа ағымында жатқанын меңзеп отыр. Бұл айтылғандар Сыр бойын мекендеген халықтардың этникалық құрамы әр түрлі болды, қалалардың негізгі халқы «сарттар» немесе көне соғдылықтар еді деген кейбір зерттеушілер пікірінің негізсіз екенін дәлелдейді [42, с. 49].

Енді сөзді қайтадан Есім ханның ұлы Жәңгір сұлтанға бұрайық. М.Тынышпаев 1635 жылы Жәңгірдің сұлтан аталғаны туралы, 1643 жылы Батыр хонтайшының 50 мыңдық әскеріне 600 сарбазбен қарсы шығып, Орбұлақта Кіші жүз Әлім, Самарқанд әкімі Жалаңтөс Бахадүрдің көмегімен қалмақтарды жеңгеннен кейін ғана халық Жәңгірді хан сайлады, - дейді [43, с. 158]. Бұл жерде де сол кездегі Қазақ хандығы ішіндегі тіке-тіресттен йасауийа мен нақшбандийа арасындағы қарама-қайшылықты көруге болады. Жәңгір ханға қазақ жәрдем бермегенін, Самарқанд әкімі нақшбандийаны мойындаған Жалаңтөс бахадүр бастаған Кіші жүздің Әлім руының 20 000 әскермен келуі біздің пікіріміздің дұрыстығының айқын дәлелі. Осы соғыста жеңгеннен кейін ғана, Жәңгір сұлтан хан атала бастайды.

Тәуке хан таққа отырған соң рухани тұтастығы ыдырап, әртүрлі сопылық тариқаттар соңына ерген ру, тайпалардың арасындағы ауызбірлікті қайтадан қалпына келтіруге ұмтылды және ол «Жеті жарғы» заңында толық көрініс тапты. Бұл заңда сырттай қарағанда, қоғамдық қатынастарды реттеу жолдары да, некелік қатынас та өзгерген жоқ. Өзгерген тек діни идеология мен сол діни идеологияны жүргізуші қожалар әулеті болды. Басқаша айтқанда, йасауийа тариқаты мемлекеттік дін ретіндегі ролінен ажырап, орнын нақшбандийа тариқаты өкілдеріне босатуға мәжбүр болды. Бұрынғы билер институтының иесі болған қожалар рухани биліктен шеттетіліп, қазақ халқының құрылымдық жүйесінен шығарылып тасталды. Бұрын құқы хан әулетімен тең болған, халықтың рухани жетекшісі, қазақ халқының рухани, мәдени тұтастығын қалыптастырған, мемлекеттегі заң билігі мен ханды сайлап қою құқын қолында ұстаған билер жай халықтың қатарына қосылды. Бұрын әдет жолы да, дін жолы да йасауийа тариқаты өкілдерінің қолында болған болса, енді дін нақшбандийа тариқатының өкілдерінің қолына беріліп, әдет жолы әр рудың, тайпаның өз ішінен шыққан, әдет жолын жетік меңгерген тұлғаларға берілді. Алайда, нақшбандийа тариқаты өкілдері йасауийа тариқаты өкілдері сияқты халықпен бірге көшіп-қонып жүрген жоқ. Тек жылына бір рет келіп, зекет жинаумен шектелді. Бұл қазақтың дәстүрлі мәдениетінің бұзылмай сақталуына ықпалын тигізді. Нақшбандийа тариқаты өкілдерінің қатарына түркілік мәдениеттен бас тартып, парсылық мәдениетті қабылдаған бұрынғы йасауийа тариқатының өкілдері де қосылды. Ол қожа әулеттері «азизан» қожалар немесе қысқартып «әзлер», «әздер» деп те атайды. Олардың қатарына қазіргі күні Түркістан, Сайрам сияқты қалалардағы өзбектенген, бірақ өз шежірелерін Қожа Ахмет Йасауимен байланыстыратын қожаларды жатқызуға болады. Бұлар өз қолдарындағы уақфтық мүліктерді сақтап қалу үшін сондай жолға барғанын байқауға болады. Ал өз жолынан бас тартпай, Йасауи жолына адал болған қожа әулеттері қазақ халқы құрамынан мүлде шығарылып тасталды немесе өздері кезінде пір болған рулардың құрамына сіңіп кетті. Қазіргі күні қазақ шежірелерін талдап көрсеңіз, олардың арасынан бұрын йасауийа тариқатының өкілдері болған қожалардың бар екендігіне көз жеткізуге болады. Бұл «Жеті жарғы» заңының қазақ қоғамына енгізген басты жаңалығы осы болатын. Ал әдет, ғұрып, салт-дәстүрдің «Жеті жарғыдан» да бұрын солай болғанын А.И. Левшин былай

баяндайды: «Сей золотой век, о котором вспоминают они со вздохами, есть царствование знаменитого хана Тявки.

Киргизы Большой и Средней Орды утверждают, что народные законы их гораздо древнее хана Тявки ...» [44, с. 367]. Демек, Тәуке хан қазақ қоғамына оншалықты өзгеріс әкелмегенін көреміз. Тек, билер институтының құрамы ауыстырылды. Бұрынғы кезде өз шежірелерін Әзірет Әлінің Хаула атты әйелінен туған ұлы Мұхаммед ибн ал-Ханафийамен байланыстыратын (қожалар) Йасауиға тариқаты өкілдерінен құралған Билер Кеңесі – енді, қазақ ру, тайпаларының өз арасынан шыққан білімдар кісілерден құралды. Басқаша айтқанда, рухани биліктің киелілігіне (сакральность духовной власти) ауыр соққы берілді. Бұрын халық ерекше рухани, киелі күшке ие, Жаратушының еркімен халыққа басшылыққа келген әулиелер ұрпақтарының соңына ерген болса, енді өздері сияқты жәй кісілерден сайланған биге мойынұсынуға мәжбүр болды. Бұрын ру, тайпаларға рухани жетекші-би болатын кісілер, осы қожа әулеттерінің өкілдері бір белгілі орталықтарда тәрбиеленіп, халық арасына ілімі жетілген кезде жіберілетін. Содан кейін ғана олар халық арасына барып билік жүргізетін. Барған жерінде ол бидің туған-туысы, ағайын жекжаты жоқ болатын. Бұл биге әр кезде кез-келген дауды шешуде тек әділін айттыратын. Осыған байланысты қазақ арасында сақталған «Қожада бауыр жоқ» деген аталы сөз бар. Бұл бір жағынан әділдік принциптерінің бұзылмауының кепілі болса, екінші жағынан еншісі бөлінбеген қазақтың рухани, мәдени тұтастығы мызғымастығының кепілі болды; үшіншіден, мемлекеттік сананы халық санасынан өшірмеудің кепілі болды. Әр ру, тайпаның «қазақ» деген бүтіннің бөлшегі екендігін олар рухани бірлік арқылы халыққа сезіндіре білді. Сол себепті, некелік қатынастағы жеті ата жолы қатаң бақылауға алынды. Бұл жолды бұзған жеке адамдар өлім жазасына кесілсе, руымен, тайпасымен бұзғандарды жүздің құрамынан шығартып «сарт» атандырды.

Ал, өздері сол ру, тайпаның мүшесі болып табылатын биден биге қойылатын адалдық пен тазалықты талап ету қиын. Өйткені, ол әрбір ру биінің, тайпа биінің туысы бар, бауыры бар. Әрбір би «өзімнің шыққан тауым биік болсын» деген принциппен де өз пайдасына бұрады. Оның үстіне «Қанына тартпағанның қары сынсын» деген принцип және бар. Осылардың бәрі қазақ қоғамының рухани тұтастығына үлкен нұсқан келтірді.

«Жеті жарғының» тағы бір жаңалығы әр жүздің басына хан сайлануы еді. «Жеті жарғыдан» бұрын әр ру, әр тайпа, әр жүздің басында тек биі болатын болса, енді әр жүздің басына бимен қоса хан сайланды. Бұл бір жағынан Шыңғыс ұрпақтарының саясаттағы ролін күшейткенімен, екінші жағынан елдің ішкі тұтастығына зиянын тигізді. Бұрын Шыңғыс хан ұрпағының қайсысының таққа отыратынын билер шешетін болса, ендігі кезекте бұл қарадан шыққан билер қолына берілді. Ең бастысы «Жеті жарғыда» рулық, тайпалық жүйелер мен жүздік құрылымдарды бірте-бірте ыдырату тетіктері қарастырылып, болашақта хан билігінің абсолюттік билікке жету жоспары жасалынғанмен, ол абсолюттік билікті қамтамасыз ететін құрылымдар мәселесі қарастырылмады. Оны Тәуке ханның өзінде де, одан кейінгі хандардың ешқайсында, көне түркілік мемлекеттікті басқару жүйесі ыдыраған кезде орнын басатын хан мен оның уәзірлерінен тұратын бюрократиялық аппарат пен ханның жалдамалы әскері де, сот жүйесі мен ішкі қауіпсіздікті қорғайтын құрылымдық жүйелері қалыптастырылмады. Басқаша айтқанда, «Жеті жарғы» заңының мемлекеттің көне түркілік жүйесін ыдыратуға ықпалы болғанымен, жаңа жүйені қалыптастыруда ешқандай ықпалы болған жоқ. Қысқаша айтқанда, «Жеті жарғы» қабылданғаннан кейінгі қазақ қоғамы бұрынғы басқару тетігі, рухани, мәдени тұтастығы бар халықтан, әртүрлі сопылық тариқаттар соңына еріп, рухани, мәдени тұтастығы бұзыла бастаған, әр ру, тайпа билерінің соңына ерген тобырға айналды. Бұл айтылған сөздер жалаң болмас үшін нақты мысалдарға көшейік. Мысалы, XVIII ғасырдың екінші жартысында Ұлы жүзде Төле би өлген соң Ташкент маңындағы қазақ ру, тайпалары билікке таласып, келісімге келе алмай, билікті Шайхантаур ұрпағы Жүніс қожаға тапсырғаны тарихтан белгілі.

Тәуке ханның «Жеті жарғысы» Есім хан кезінде ру, тайпалар ішіндегі басталған қайта топтасулар заңдастырылып, шежіре қайта бекітілді. Бұрынғы шежірелер қазақты Нұх

пайғамбардан, Өзбек ханнан, Алаша ханнан, Әбілхайыр ханнан таратқан болса, «Жеті жарғы» қабылданғаннан кейін түзілген шежіре қазақты 92 баулы сарттан таратады. Сарт деп қазақтың кімді атағанын ескерер болсақ, онда Тәуке ханның «Жеті жарғысынан» кейін жалпы қазақ ру, тайпалары толығымен нақшбандийа тариқатын қабылдағанын білдіреді.

Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін-ақ Қазақ хандығының көбесі сөгіле бастады. Оның тағына отырған Қайып хан 1718 жылы ішкі қақтығыстар кезінде қаза табады. 1723 жылы Жоңғар шапқыншылығы басталғанда Түркістан тағына Полат отырғанымен Қазақ хандығын біртұтас мемлекет деп айту қиын болатын. Йасауи жолының қазақ арасынан шығарылуы, Шыңғыс хан ұрпақтарының бәріне таққа отыруға деген үмітін оятты. Бұрын билерден аса алмаған төрелер арасында өзара тақ үшін күрес басталды. Төрелердің ішкі араздығы, Йасауи жолының өкілдері қолындағы рухани биліктің киелілігімен бірге хан билігінің де киелілігі туралы ұғымның қазақ санасынан шайылуы Шыңғыс ұрпақтарының таққа отыруына қарсы топтардың шығуына ықпал етті. Мысалы, оған Қожаберген жыраудың «Елім-ай» жырындағы мына жолдар дәлел бола алады:

Өткен жыл Әйтеке би дүниеден өтті,
Келгенде елу алты жасқа ажал жетті;
«Бағыну бір көсемге дұрыс қой!»-деп
Боларын осы апаттың болжап кетті;
Төреден Әйтеке би безін деді,
Қазақты батыр, көсем басқармаса,
Быт-шыт қылар жау қалмақ, сезін деді;
Хан-сұлтан, төре күні өткен деді,
Олардан ақыл-айла кеткен деді;
Қазағым, өзіңді-өзің тұтас ел қыл,
Басқарар енді уақыт жеткен деді [45, 103-б].

Бұл жолдар хан билігінің киелілігі туралы ұғымның өз мәнін жоғалтқанын аңғартады және ол нақшбандийа тариқатын өзгелерге қарағанда Бұхара, Самарқандпен шектес Кіші жүз руларында түркілік мемлекеттік жүйе туралы ұғымның толығымен мәнін жоғалтқанын көрсетеді. Бұдан кейінгі кезеңде Абылай хан таққа отырғанша, қазақтың басы бірігіп, біртұтас ел ретінде іс-қимыл көрсете алмағаны тарихтан белгілі. Абылай хан таққа отырғаннан кейін ғана қазақ өзінің біртұтас халық екендігін, Түркістанның қазақ даласының рухани орталығы екендігін қайта сезіне бастады. Абылай ханның бұл еңбегін М. Мағауин былай суреттейді: «... Ел билеу ісінде Қазақ хандығының ежелгі заң жарғыларын қалпына келтірген Абылай әскери істе де өткенді қайта тірілтеді» [46, 108-б.]. Шындығында, Абылай хан өз шамасы жеткенінше қазақ қоғамын қайта қалпына келтіруге барын салды. Йасауи жолын мемлекеттік идеология дәрежесіне қайта көтерді. Алайда, рухани билікті толығымен қайта келтіріп үлгермеді. Билер кеңесін бұрынғы дәрежесіне көтере алмады. Тек кейбір ру, тайпаларда қожа әулеттері пір болып, рухани, діни мәселелерді қолына ала алды. Оған мысал ретінде Кіші жүзге пір болған Түркістандық Мұхаммед қожаны, барлық қазақ жұртына пір болған Абд ал-Жалил қожа мен Уақ тайпасының пірі болған Сарғалдақ қожаны, т.б. жеке ру, тайпаларға пір болып, билік жүргізген қожаларды айтуға болады [47, с. 32.]. Бұл жалпы қазақ жұртына түгел жайылмады. Оның үстіне қолында шоғырланған биліктен ажырағысы келмеген ру, тайпа билері әрқайсысы өз білгенінше әрекет етті. Бұл әрекеттердің соңы Абылай ханның мезгілсіз қайтыс болуына, Қазақ хандығының күйреуіне ықпал еткен басты себеп болды. «Абылай аспас Сары бел» атанған оқиға Қазақ мемлекеттігінің күйреуінің басы болды. Қазақ қоғамында киелі саналған хандық биліктің қадірі кетті. Қазбек бидің ұлы Бекболаттың үш мың адаммен Абылай ордасының үстіне баса көктеп келуі, халық жадынан мемлекеттік сана деген қасиетті ұғымның кетуінің айғағы десе болады [48, 50-53-бб.]. Осыған дейін қазақ тарихында хан ордасына басып келу болған емес. Хан халқына жақпаса, ханды ордасымен қалдырып, өзге жаққа барып, Шыңғыстың басқа ұрпағын шақырып, хан сайлап, мемлекеттігін ары қарай жалғастыра беретін. Мысалы, Асан Қайғының Алтын Орданың ханы әз-Жәнібекті

тастап, Алаш мемлекетін құруы, немесе Жұмадық хан мен оның беклербегі болған Ғазы бидің озбырлығына шыдамаған халықтың Жұмадықтан бөлініп, жас Әбілхайырды хан сайлауы, Әбілхайыр антты бұзып өзге діни ағымды қабылдап, Уаққас биді, ал Қара қыпшақ Қобланды Дайыр-қожа-Ақжол биді өлтіргенде Әбілхайырды тастап, Керей мен Жәнібекті әкеліп, хан сайлауы, Қазақ хандығын тарих сахнасына шығаруы бұл халықта рухани бірлік пен Билер институтының аса қуатты мемлекеттік құрылым болғандығын көрсетеді. Қазір тарихта жазып жүргендей Қазақ хандығын Жәнібек пен Керей құрған жоқ. Шыңғыс әулетінен кімнің таққа отыратынын Едігенің «Жасасы» мен «Төресінен» соң хан болатын тұлғаны таңдау да, сайлау да толығымен билердің қолына өткен болатын. Оны Мұхаммед Шайбани мысалында көруге болады. 1472 жылы Едгенің немересі Мұса мырза Мұхаммед Шайбаниді шақыртып, оны хан көтеруге әрекет етеді. Алайда, Мұхаммед Шайбанидің пиғылын білген билер Мұсаға: «Көне дәуірден бері маңғыт билеріне мемлекетте еркіндік беретін. Егерде Мұхаммед Шайбани осы көне дәстүрмен келісер болса, онда жақсы. Біз оны хан сайлаймыз. Болмаса жолы ашық» [14, с. 104.]. – дейді. Мұса билердің сөзін мақұл көріп, Мұхаммед Шайбаниді хан көтеруден бас тартады. Ал, Абылай хан билігінің соңғы кезеңінде мұндай билер институты толығымен ыдырап біткен еді. Мұны белгілі этнограф Ж. Артықбаев былайша тұжырымдайды: «Абылай мен Бекболаттың келіспеушілігінің тамыры әріде. Үш жүздің баласына талабы жетіп тұрған хан өз билігінің қалтықсыз қабылдануын Орда билерінен талап етуі заңды. Бірақ заманның өзгергені аян. Баяғыдай жаугершілік, ірегенден төнген жау жоқ, ел мимырт тіршілік кешіп жатыр. Оның үстіне Кіші жүз бен Ұлы жүз ішінде Орда биі атағы келмеске кеткен уақыт, хан билігі де татымсыз. Береке бірлікті ұстап тұрған тек Орта жүз – не өзінің билігін, не Орда билігін жоғалтпай» [49, 227-б.]. Алайда мемлекетке тірек болады деген Бекболаттың өзі Абылай хан ордасының үстіне әскер әкелсе, билер институтының қай деңгейде болғанын көрсетеді.

Абылай арқадан кетіп, Түркістанға келіп, одан Самарқандқа баруы, қайтарында Ташкентте қалып, азғана кісімен Түркістанға қайтар жолында Сайрамның әкімінің бес мың кісімен қарсы шығуы, сол кезде сол маңда отырған қазақтардың Абылайға қол ұшын беруге жарамауының астарында бір ғана себеп бар еді. Ол – қазақ халқының ар-иманының тірегі, рухани тұтастығының кепілі, батысы мен шығысы, оңтүстігі мен солтүстігі ұшса құс қанаты талатын сайын даланы мекен еткен қазақ деген халықтың рухани өзегі болған Йасауи жолынан бас тартып, әр түрлі сопылық тариқаттардың соңынан еруі болатын. Ата-баба жолынан бас тарту – «Жеті жарғыға» дейін киелі саналып келген рухани билік пен саяси билік өкілдерінің киесінен айырлуына әкелді, Пайғамбар ұрпағы, Шыңғыс хан ұрпағы деп ғасырлар бойы басына көтерген тұлғалардың халық алдындағы абыройын кетірді. Бұрындары «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген ержүрек халық Абылайдай арысын қорғап қала алмады. Өйткені, оның қадірін білмеді. Қорғамақ түгіл ордасының үстіне ат ойнатты. Қазақ хандығында Абылай кеткен соң қолына мемлекеттік билікті ұстап тұра алатын ешқандай саяси күш болған жоқ. Бұрынғы ынтымағы берік рулық, тайпалық жүйелер мен жүздік құрылымдар болғанда Қазақ хандығы күйреп ме еді? Сан ғасыр мемлекеттің тірегі болған билер институты немесе мемлекетті басқарудың түркілік жүйесі «Жеті жарғының» ықпалымен ыдыратылды. Нәтижесінде хан өлген соң мемлекет иесіз қалды. Абылайдың орнына отырған оның ұлдары орыс отаршылдарының қолындағы қуыршаққа айналғанына да тарих куә. Егерде соңында тіреп тұрған халқы болса, олар сондай күн кешер ме еді? Бұл қазақтың қасіретті тарихы. Қазақ мемлекеттігінің осылай күйреуіне Тәуке хан қабылдаған «Жеті жарғы» заңының шешуші ролі болды. Одан кейінгі кезеңде де қазақ даласында рухани тіке-тірес осы йасауиға мен нақшбандийа тариқаттары арасында жүргенін көруге болады. Мысалы, Дулат, Шортанбай, Майлықожа, Қашаған, Шәді төре сияты ақын-жыраулар шығармалары бұған толық дәлел болады. Мысалы, Майлықожа ақынның мына өлеңі соның айқын дәлелі:

Болыс, бидің қыдыры ұры боп жүр,
Қолдайтын Бәһәуэддин пірі боп жүр.

Зекеті жоқ байлардың жиған малын,
Жең ұшында парамен құрыр боп жүр [50, 514-б.].

Өкінішке орай, біз бұл қасіретті тарихтан сабақ ала алмадық. Бүгін еліміз тәуелсіздік алып, егемен ел болғанда сырттан сандаған ағымды әкеліп сайрандатып отырмыз. Ертеңгі күні бұл қазақтың шілдің тезегіндей бытырап кететінімен ешкімнің жұмысы жоқ. Қауіп, әсіресе, ислам атын жамылып келіп жатқан уахаббилер, салафилер, таблиғтар, ахмадия, ағымдары тарапынан туындап отырғаны жасырын емес. Тарихтың, тарих ғылымының басты қызметі бұрынғы өткен ата-бабалар тарихының жеңісін үлгі етіп, жеңілісінен сабақ алдыру болса керек. Бізде осындай болған деп құр жалаулатқанмен ешнәрсе ұтпаймыз. «Жеті жарғының» қазақ тарихындағы ролінің жағымсыз жақтарын айтудағы мақсат – қазақты тұқырту емес, керісінше, сол қателікті енді қайтып қайталамасак деген игі мақсат болатын. Ал, оған біздің ақыл-парасатымыз жете ме? Ол басқа әңгіме.

Қорыта айтқанда, қазақ шежіре нұсқаларының пайда болу кезеңдері қазақ халқы тарихындағы ірі саяси өзгерістермен байланыста туатынына көз жеткіздік және ол кезеңдердің бір-бірінен қандай айырмашылықтары барлығына тоқталдық. Бұл айымашылықтардың барлығы түрік қоғамындағы діни-рухани үдерістермен тығыз байланыста жүргеніне көз жеткіздік. Түріктерде өрлеу де, әртүрлі этникалық жіктелулерге түсіп, өшуінің түпкі себебі сайын даланы мекендеген қаһарман халықтың өзінің діни, рухани тұтастығын сақтай алмауымен байланысты болғандығына талдау жасадық. Бұл оқиғалардың ешқайсысы шетжерлік тарихшылардың жазбаларына түспесе де, қазақ халқы өзінің шежірелерінде бұл оқиғалардың бірде бірін назардан тыс қалдырмапты. Біздің бүгінгі замандасымыздың сол шежірелерде баяндалған тарихты түсіне алмауы қазақ халқының тәуелсіз тарихи жадының әлі күнге қалыптаспауына ықпал етіп отыр. Басқаша айтқанда, қазақ халқы осы күнге дейін өзінің кім екенін тани алмай келеді. Оны қазіргі қоғамдағы ру, тайпа, жүз деген өз дәуірінде біздің мемлекеттігіміздің тірегі болған құрылымдық жүйелерге көзқарасымыздан-ақ көруге болады. Оны біреулер өзінің саяси, материалдық мүддесін қорғайтын құралға айналдырса, екінші бірі – ру, тайпалар мен жүздер қазақты жіктегеннен басқа ролі жоқ. Сол себепті, одан арылу керек деген пікірді алға тартып жүр. Ал, шындығына келгенде бұл құрылымдар қазақ мемлекеттігінің тірегі болатын. Ру, тайпалар мен жүздік құрылымдар өзінің қазақ қоғамында атқаратын ролінен айрылған күні мемлекеттігінен де айрылды. Ол оқиғалардың барлығы қазақ шежірелерінен көрініс тапты. Біз оны шамамыз жеткенінше сол шежірелердегі деректерді ашып көрсетуге күш салдық. Алайда бұл бағыттағы жұмыс осымен қортындыланды дегенді білдірмейді. Әлі біз білмейтін қазақ шежіресінің құпиясы барлығына дау жоқ.

Әдебиеттер тізімі

- 1 История Казахстана: Народы и культуры. Учебное пособие. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 296 с.
- 2 Жандарбек З. Насаб-нама нұсқалары және түркі тарихы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 168 б.
- 3 Бартольд В.В. Сочинения. – Москва: Изд. Вост. Лит-ры, 1963. – Т. II-1. 1020 с.
- 4 Жандарбек З. Йасауи жолы және қазақ қоғамы. – Алматы: Ел-шежіре, 2006. – 255 б.
- 5 Бартольд В.В. Сочинения. – Москва: Изд. Вост. Лит, 1963. – Т. I. – С. 739.
- 6 Қарахандық қожалар әулетінің шежіресі. Автордың жеке архиві.
- 7 Сапарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды // На стыке континентов и цивилизации. – Москва: Иман, 1996. – С 277-526.
- 8 Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из сочинения арабских. – СПб.: тип-я ИАН. 1884. – Т. I. – 564 с.
- 9 Федоров-Давыдов Г. Общественный строй Золотой Орды. – Москва: Изд. МГУ, 1973. – 180 с.
- 10 Торланбаева К. Титулы древних тюрок // ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. НИЦ «Ғылым», 2002. – С. 25-37.
- 11 Ибн ан-Надим. Ал-Фихрист // Ясауи тағлымы. – Түркістан: Мұра, 1996. –115 б.
- 12 Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. – Тошкент: Узбекистон, 1994. – 144 б.
- 13 Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – Москва: 2001. – 752 с.
- 14 Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков. – Алматы: «Наука» Казахской ССР, 1969. – 651 с.
- 15 Өзбек шежіресі. Автордың жеке архиві.
- 16 Кузеев Р. Очерки исторической этнографии башкир. – Уфа: Башкирское книжное издательство, 1957. – 184.

- 17 Бабаджанов Б. Кокандское ханство: Власть, политика, религия. – Ташкент; Токио: Yangi nashr, 2010. – С.113. – 774 с.
- 18 Сейфуллин С. Билер сөздері // Қазақтың Ата заңдары. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. – Т. 2. – 376-385-бб.
- 19 Шәкәрім Құдайбердіұлы. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: 1991. – 80 б.
- 20 Семенов А.А. К вопросу происхождения и состав узбеков Шайбани-хана. – Сталинабад: издат. АН Тадж. ССР, 1954. – 151 с.
- 21 Фазаллах ибн Рузбехан Исфохани. Мехман-наме-и Бухара (Записки Бухарского гостя)/ Перевод с персидского, предсл. Примечания Р.П. Жалиловой. – Москва: Наука, 1976. – 106 с.
- 22 Курмансейтова А.Х. Ярлык Токтамыш хана к Польскому королю Ягайле и Эдиге // историко-географические аспекты. Развитие Ногайской Орды. –Махачкала: 1993. – С. 94-97.
- 23 Ислам: Энциклопедический словарь. –Москва: Наука, ГВЛ, 1991. – 315 с.
- 24 Наливкин В. Краткая история Кокандского ханства. – Казань: 1886. – 215 с.
- 25 Темір-нама. ХҚТУ қолжазба қоры.
- 26 1991 жылғы Әзірет Сұлтан қорық музейінің Созақ ауданына ұйымдастырған ғылыми экспедиция материалдары.
- 27 Марғұлан Ә. «Қасым ханның қасқа жолы» // Қазақтың Ата заңдары. –Алматы: Жеті Жарғы, 2005. – 104-105 бб.
- 28 Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарихи Рашиди. – Ташкент: ФАН, 1996. -728 с.
- 29 История Казахстана (с древнейших времен до наших дней в пяти томах). –Алматы: Атамұра, 1997. – 619 с.
- 30 Абусейтова М.К. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.: история, политика, дипломатия. – Алматы: Дайк-Пресс, 1998. – 268 с.
- 31 Стюарт Д. Сведения агиографической литературы по истории и религии казахов (Ходжа Исхак Вали) // Шелковый путь и Казахстан (Материалы научно-практической конференции, Алматы, 2-3 сентября 1998 г.). –А.: «Жібек жолы», 1999. – С. 89-100.
- 32 Султанов Т.И. Поднятие на белой кошме. Потомки Чингис хана. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 276 с.
- 33 Қожаев М. Йасы-Түркістан тарихы. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2000. – 44 б.
- 34 Бабаджанов Б. Ясавия и накшбандия в Мавераннахре. Из истории взаимоотношении // Ясауи тағлымы. – Түркістан: Мұра, 1996. – С 75-96.
- 35 Байболов Қ. «Еңсегей бойлы Ер Есім» - дастан. Қолжазба. Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-і, Түркология инст-ты қолжазба қоры.
- 36 Жанәділұлы Ш. Үш Арыс ынтымағы. ҚҚ «Үш Арыс», 2000. – 259 б.
- 37 Тынышпаев М. Наймандар туралы // Найман. 10 том. Бірінші кітап. –Алматы: «Алаш» тарихи зерттеу орталығы, 2008. – 433-436-бб.
- 38 Ұлы Пайғамбар ұрпақтары. – Астана: Арай баспасы, 2007. – 312 б.
- 39 Қарнақ тарихы. Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-і, Түркология ҒЗИ қолжазба қоры.
- 40 Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл облыстары бойынша жүргізілген ғылыми экспедиция материалдары, 2002-2003 жж.
- 41 Шортанбай // Зар-заман. Жыр-толғаулар. – Алматы: Жалын, 1993. – 69-135-бб.
- 42 Смагулов Е. К вопросу этнической принадлежности позднесредневековой культуры древних городов Южного Казахстана // Тезисы докладов научно-практической конференции, посвященной Чимкентского областного историко-краеведческого музея (10-12 октября 1990) – Алма-Ата: ИИАиЭ, — С. 47-50.
- 43 Тынышпаев М. История казахского народа. Учебное пособие. – Алматы: Санат, 1998. – 224 с.
- 44 Левшин А.И. Описание киргиз-казачих или киргиз-кайцаских орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
- 45 Әйтеке би. – Алматы: Атамұра, 1998. – 224 б.
- 46 Мағауин М. Қазақ тарихының әліпшесі. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 208 б.
- 47 Ерофеева И.В. Родословное казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. – Алматы: ТОО Print-S, 2003. – 178 с.
- 48 Машһур Жүсіп Көпеев. Шығармалары. – Павлодар: 2006. – 9 т. – 366 б.
- 49 Артықбаев Ж. Қаз дауысты Қазыбек би. – Астана: Фолиант, 2000. – 320 б.
- 50 Майлықожа. Шығармалары. –Алматы: 2005. – 864 б.

References

- 1 Istorija Kazahstana: Narody i kultury. Uchebnoe posobie. Masanov N. i drugie. – Almaty: Dajk-Press, 2001. – 296 s.
- 2 Zhandarbek Z. Nasab-nama nyskalary zhane tyrki tarihy. – Almaty: Dajk-Press, 2002. – 168 b.
- 3 Bartold V.V. Sochinenija. – Moskva: Izd. Vost. Lit-ry, 1963. – Т. II-1. – 1020 s.
- 4 Zhandarbek Z. Jasau i zholy zhane kazak kogamy. – Almaty: El-shezhire, 2006. -255 b.
- 5 Bartold V.V. Sochinenija. – Moskva: «Izd. Vost. Lit. 1963. – Т. I. – s. 739.
- 6 Karahandyk kozhalar auletiniñ shezhiresi. Avtorдыk zheke arhivi.
- 7 Sapargaliev M.G. Raspad Zolotoj Ordy // Na styke kontinentov i civilizacii. –Moskva: Iman, 1996. – S. 277-526.
- 8 Tizengauzen V.G. Sbornik materialov, odnosjashhihsja k istorii Zolotoj Ordy. Izvlechenija iz sochinenija arabskih. – SpB.: tip-ja. IAN. 1884. – Т. I. – 564 s.
- 9 Fedorov-Davydov G. Obshhestvennyj stroj Zolotoj Ordy. – Moskva: Izd. MGU, 1973. – 180 s.
- 10 Torlanbaeva K. Tituly drevnyh tjurkov // UGA Habarlary. Kogamydyk gylymdar serijasy. NIC «Gylym», 2002. – С 25-37.
- 11 Ibn an-Nadim. Al-Fihrist // Jasau i taglymy. –Tyrkistan: Myra, 1996. – 115 b.
- 12 Sədibekov Z. Kazak shezhiresi. –Toshkent: Uzbekiston, 1994. – 144 b.

- 13 Trepavlov V.V. Istorija Nogajskoj Ordy. – Moskva: 2001. – 752 s.
- 14 Materialy po istorii Kazahskih hanstv XV-XVIII vekov. – Almaty: Izd. «Nauka» Kazahskoj SSR, 1969. – 651 s.
- 15 Uzbek shezhiresi. Avtordyn zheke arhivi.
- 16 Kuzeev R. Ocherki istoricheskoy jetnografii bashkir. – Ufa: Bashkirskoe knizhnoe izdatelstvo, 1957. -184.
- 17 Babadzhano B. Kokandskoe hanstvo: Vlast', politika, religija. – Tashkent; Tokio: Yangi nashr, 2010. – S.113. – 774 s.
- c.
 Кесе алмайсың тілімді,
 Айтып өтем мініңді!
 Шын жақсыда тарлық жоқ,
 Әділ сөзге зорлық жоқ,
 Халық сүймесе сөзіңді,
 Тиянақ жоқ, заңдық жоқ [4, 105-б].

Сүйінбай Аронұлының бітімгерлігі, астың, айтыстың желеуімен қарсыластарды шақыртып, ел мен елді, ер мен ерді мәмілеге келтіруі оның дипломатиялық қабілетінен хабар береді. Сүйінбайдың қырғыздың әйгілі ақыны Қатағанмен (Арыстанбекпен, қырғыз манабы Алыбайдың асында) айтысы Кенесары мен Наурызбайдың қырғыз еліне жорығынан кейін екі жақтың арасы ұшығып тұрған кезінде өтті. Қырғыз ақыны осы жараны қозғап, тұқыртпақшы болғанда Сүйінбай өз ұстанымынан айрылмай – екі жұрттың татулығын алға тартады. «Болыстарға баға» деген өлеңі де осы мәнде құрылған. Аятбектің кейбір қылтың мінезі болмаса, бәрінен де озар еді дей отырып, жекелеген болыстардың бәріне жеке-дара тоқталып шығады.

Тілеуберді болыстың ақылсыздықпен ұрлық-қарлық пен пәлекорлықты кәсіп етіп, ел алдында қадірі кеткенін, ұлы жүздің төресі Әбілездің өңеші кең екендігін айта келіп, Жаныстан шыққан Төле биге үшеуің де жетпедің деп ренжиді. Ақын болыс-билерге Төле биді өнеге ете отырып, олардың да сол секілді әділ болуын талап етеді. Ұлы-жүздің төрелерін сынға алған ақын оларға Шапырашты Саурық батырды үлгі етеді. Міне, осы сынды біраз шығармаларына тоқтала берсек болады [6, 33- б.].

Қорыта келгенде Сүйінбай ақын, жыршы ғана емес елдің қамын жеген әділ би болғандығына біраз мысалдар келтіре отырып дәлелдеуге тырыстық. Адамгершілікті ту еткен арыстармыздың еңбектерін жазу біздер ұрпақтары үшін бақыт, мақтанш.

Әдебиет

- 1 Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20-40 гг. XIX века. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 400 с.
- 2 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832. – 264с.
- 3 Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. Т-2. – Алматы: Жазушы, 1984. – 496 б.
- 4 Оразбаева А.И. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 206 б.
- 5 Төле би. Дастандар. – Алматы: Мұраттас, 1991. – 80 б.
- 6 Төрөкүлов Н. Қазақтың би-шешендері. – Алматы: Жалын, 1993. – 400 б.
- 7 Үш пайғамбар. – Алматы: Дәуір, 1992. – 184 б.
- 8 Рахымқұлов Д. Ұзынағаш болысының биі // Қазақ әдебиеті – 2011. – 3 маусым.

Literature

- 1 Bekmahanov E.B. Kazahstan v 20-40 gg. XIX veka . – Alma-Ata: Kazakh University, 1992. - 400 s .
- 2 Levshin A.I. Description Kirghiz , Cosacorum et Afros et Kirghiz- Kaisak multitudine . – SPb . Tip.Karla acies , 1832. – 264s .
- 3 Bes gasyr zhyrlaidy. Eki tomidik. T-2. – Almaty: Jazywi, 1984. – 496 b.
- 4 Orazbaeva A.I. Dastyrlı kazak kogamina tan biler instituty. – Almaty: Daik-Press, 2004 – 206 b.
- 5 Tole bi. Dastandar. – Almaty: Murattas, 1991. – 80 b.
- 6 Torekulov N. Kazahtin bi-sheshenderi. – Almaty: Jalun, 1993. – 400 b.
- 7 Ush paigambar. – Almaty: Dayir, 1992. – 184 b.
- Rahimkulov D. Uzinagash bolisinin bii // Kazak adebieti – 2011. – 3 maysim.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.
 ӘОЖ / УДК / UDK 930.2: 94 (574)

ТҮРКІ ҚАҒАНАТТАРЫНДА ҚАЛЫПТАСҚАН ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КЕҢІСТІК ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Искакова Ғ.З.¹, Байдавлетова М.Д.², Өскенбай М.Ә.³

¹тарих ғылымдарының магистрі

²доктор PhD

³тарих ғылымдарының магистрі

Аңдатпа. Аталған мақалада, түркілер заманында Ұлы дала кеңістігінде қалыптасқан географиялық кеңістік, қоршаған орта туралы дүниетаным баяндалған. Сонымен қатар, жазба және ауыз әдебиеті, күй аңыздары үлгілері негізінде түркілер мен олардың ұрпақтары қазақ қоғамында табиғат күштеріне табыну мен экологиялық сана туралы түсініктерінің ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жасалынған. Түркілердің әлем бейнесінің моделдерінің сипаттамасы көрсетілген.

Түйін сөздер: түркілер, дүниетаным, адам, табиғат, қоғам, кеңістік, климат.

ПРЕДСТАВЛЕНИЕ О ГЕОГРАФИЧЕСКОЙ СРЕДЕ В ТЮРКСКОМ КАГАНАТЕ

Искакова Г.З.¹, Байдавлетова М.Д.², Оскенбай М.А.³

¹магистр исторических наук

²доктор PhD

³магистр исторических наук

Аннотация. В данной статье описывается представление о географическом пространстве и окружающей среде в Великой степи в период тюрков. Так же, проведен сравнительный анализ особенностей у тюрков и их потомков казахов поклонения силам природы и экологическое сознание на примере устной и письменной литературы, легенды кюйев. Представлено описание моделей картины мира тюрков.

Ключевые слова: тюрки, мировоззрение, человек, природа, общество, окружающая среда, климат.

THE IDEA OF THE GEOGRAPHICAL ENVIRONMENT IN THE TURKIC KHAGANATE

Iskakova G.Z.¹, Baydavletova M.D.², Oskenbay M.A.³

¹Master of History

²PhD

³Master of History

Abstract. This article describes the idea of the geographical area and the environment in the Great Steppe in the period of the Turks. Also, a comparative analysis of singularities in the Turks and their descendants Kazakhs worship the forces of nature and environmental awareness on the example of oral and written literature, legends of kyu. The description of the models of the world picture of the Turks.

Keywords: Turks, worldview, man, nature, society, environment, climate.

Табиғат пен қоршаған орта адамзат баласының өмір сүру эволюциясының барлық кезеңдерінде де маңызды рөл атқарған. Адам мен табиғаттың арасындағы байланыс халықтар тарихының ерте кезеңінде тіптен де күрделірек болғанға ұқсайды. Ол дәуірлерде адам табиғаттың ажырамас бір болшегі болып, табиғатқа көп жағынан бағынышты, тәуелді болған.

Адам баласының өндіргіш күштерінің, оның қоғамдық дамуының төменгі және шектеулі деңгейі жағдайында, қоршаған ортада оның өзінен әлдеқайда күшті тіршілік иелерінің бар екендігі жөнінде соқыр сенімдерге негізделген түсінік-нанымдардың пайда болуына себеп болды. Найзағай, жер сілкінісі, жанартаудың атқылауы, күннің тұтылуы, т.б. табиғаттан туындайтын қауіпті, әрі тосыннан болатын қорқынышты жағдайлар адамзат баласының санасында діни-фантастикалық түсініктерді, бейнелерді, образдарды туындатты.

Табиғат культі ортағасырларда түркілердің діни дүниетанымында маңызды орын алған. Табиғатпен астасып, соның қойнында емін-еркін күн кешкен, тіршілік еткен тайпалар үшін табиғат, бір жағынан, ылғи да үрей тудырып отырған зұлмат күш болып есептелсе, екінші жағынан, анасындай мейірімді, малын да, жанын да асырап сақтаушы, аса қамқор күш болып есептелген.

Ортағасырда Қазақстан мен Орталық Азияны мекен еткен түркі тайпаларының экологиялық әлемі өте нәзік болды. Барынша табиғат жағдайына бейімделу үстінде болды. Оны ортағасырлар қарсаңындағы ауа райындағы өзгерістер де себепші болды. Қазақстан голоценін кезеңдеу мен хронологиясын жасау мақсатында Н.А. Хотинск модернизациялаған Блитт-Сернандер схемасын геолог ғалымдар зерттеулерінде қолданылды (Голоцен кезеңдерінің климаттық сипаттамасына схема). Осы схема негізінде Қазақстан территориясының басым бөлігінде ылғалдылықтың басым болуы мен күн суыту ортағасырлардың бірінші жартысына сәйкес келеді (көне түркі кезеңі (VI-VIII)) деп анықталған болатын [1, с. 145]. Ал кейінгі түркі дәуірінде (IX-XII ғғ.) климат күрт өзгеріп, температура көтерілді және ылғалмен қамтамасыз етілу деңгейі төмендеді. Осы параметрлер бойынша ол кезде климат қазіргіге өте ұқсас болды деген тұжырым жасауға болады. Алайда алдыңғы кезеңмен салыстырғанда климаттық жағдайдың нашарлағандай болғаны байқалады. Мүмкін осы халықтардың орын ауыстырғанына әсерін тигізген де шығар. Осы кез өрттердің қайталанбалы болуымен де ерекшеленді [1, с. 142]. Шөлдегі температура қазіргі температураға жақындай түседі [2, с. 55]. Ф. Ратцелдің пікірінше табиғат адамды табиғат күштерімен және жануарларымен күресте тәрбиеледі. Сондықтан адам тарихы жалпы жер тарихымен байланысты [3, с. 107]. Тарихтың негізін білмек үшін, адамның табиғатпен байланысын сырттай зерттеу керек. Аймақты зерттеумен шектеліп қалуға болмайды. Бір мемлекеттің табиғи кеңістігін бүкіл жердің табиғи кеңістігіне, мемлекетті бүкіл жермен сәйкестендіріп зерттеу қажет.

Ал табиғат деген не? Бұл жалпы мағынада – барлық дүние, бүкіл әлем және оның түрлі формасы. Тар мағынада – жаратылыстану ғылымдарының зерттеу объектісі (табиғат туралы ғылым). Сонымен қатар, адамзат қоғамының өмір сүруінің табиғи жағдайларының жиынтығы [4, с. 365].

Дүниетаным бұл объективті өмір және адамның ондағы орны, адамдардың қоршаған ортаға, өзіне өзі қатынасы және осы көзқарастарға негізделген олардың сенімі, идеалдары, таным принциптері және іс-әрекеттері туралы қоғамдық көзқарастар жүйесі [4, с. 9]. Дүниетаным ұлт, халықтың, жалпы адамзаттың өмірінде маңызы зор. Бұл дүниетанымның негізгі өзегі дінде, өнерде, қоғамдық қатынас формаларында т.б. көрініс тапқан. Сондықтан біздің тарапымыздан аталған мәселені зерттеуде осы аспектілерді қарастырамыз. Орталық Азияны ортағасырларда мекен еткен көшпелілер дүниетанымын қарастырап болсақ, олар үшін табиғат бір тұтас үздіксіз жүйе.

Дала ландшафты дала көшпенділерінің дүниетанымында алғашқы жаратылыспен байланысы бар бір ерекше мінсіз, идеалды кеңістік ретінде көрініс тапқан. Біздің заманға дейін қасиетті жерге деген сый-құрмет сақталып келеді, мәселен, аурудан жазылу мақсатында немесе ұрпақты

болу ниетімен қасиетті жерлерге барып мінәжат жасалынады. Дәлірек айтар болсақ, қасиетті топырақты ұстау, бұлақтан су ішу т.б. ырымдар бар. Сол сияқты, түркілер дүниетанымында табиғат пен олар өмір сүріп жатқан кеңістік, қоршаған ортаның ұлылығы идеясымен тұнып тұр [5, с. 132]. Өздері игерген кеңістікті, рулық жердің орталығы ретінде міндетті түрде өздеріне түсінікті символдармен маркировка жасады. Тау-тастар, ағаштар, тас мүсіндер т.б. айналаны қоршаған кеңістік белгіленгеннен кейін, құрбандық шалынып, «дұғалар» айтылып. Белгіленген кеңістік жоғары дәрежеде қасиетті болып есептеледі [5, с. 134]. Мысалы, 2001 жылы шілдеде А.М. Досымбаева археологиялық барлау жұмыстары барысында Жамбыл облысы, Мерке ауданы, Мерке өзенінің оң жағалауынан жартастас тасына қашалған руна жазуын тапты. Байырғы түркі жазуын түрколог А.С. Аманжолов оқып нәтижесінде «Менің қасіретім – құрбан болу» және «Мені қайғыдан құтқар» деген екі аударманы ұсынды. Осы жазуды Жапон түркологы О. Такаши да оқыды. О. Такашидің аудармасы бойынша Мерке жазуы «Мәңгі киелі жер» деп аударылды. Осы тұста қазіргі Меркенің Мыңбұлақ деп аталғандығын айта кету керек. Себебі, бабаларымыздың киелі орталықтарының арасындағы Мың бұлақ термині түрік құдайлар пантеонының басты нышандары туралы ақпарат береді. Олардың бастылары Көк тәңірі, өмір беруші Жер-Су және Ұмай ана [6, с. 333].

С.Г. Кляшторныйдың пікірі бойынша түркілердің бірнеше әлем бейнесі моделі болған:

Біріншісі, бұл космологиялық әлем моделі. Әлем Орталығы түріктер қонстанған, түркі қағандарының орталығы «қасиетті Өтүкен жері» болды. Жорық жасаудың негізгі бағыттары осы орталықтан оңға, солға, жоғары, төмен, жоғары қарай бағыттталып отырды.

Космос пен адамды қоршаған табиғи орта бір тұтас болды. Бұл барлық жаратылыстың дуалды құрылымы туралы идеологиялық концепцияның қалыптасуына алып келді. Яғни Тәңір мен Жер-Су бірлігі туралы түсінік [7]. Түркі құдайдар орнындағы Аспан және Жер құдайларынан дәстүрлі дүниетанымдық идея нақты көрсетіледі, түркі қоғамындағы әлеуметтік-саяси құрылымды дүниетанымдық тұжырымдағы қаған мен қатунның бірлескен билігін көрсетеді. Қолданбалы және монументалды өнерде сипатталған ой көптеген ескерткіштерде қаған мен қатунның немесе ашина мен ашидә руларының символы ретінде көрсетілген. Ғұрыптық өнердегі дүниетанымдық кешен қос статуя және басқа ескерткіштерден, сол сияқты ғұрыптық мемориалдардан көрінеді. Құдайлардың киелі жерге қатынасы Жер-Судың ерекше белгісі болып табылатын ыдыстарда бейнеленген. Демек, түркілік дүниетанымның дәстүрлі Тәңірлік діни танымнан бастау алады. Осы ойлау бойынша баршаның ғарыштық «иесі» мен «киесі» бұл Тәңір. Мысалы, аспан киелі себебі, Тәңірдің мекені әрі сипаты, «жер мен су» қасиетті, себебі Тәңірдің құты, несібесі; ел-халық қастерлі себебі Тәңірдің жердегі аманаты; қаған мен хатун киелі себебі Тәңірдің еркін білдірушілер, елдің сақтаушысы, иесі т.б [8, с. 72].

Демек, көк аспан түркілердің ерекше қасиетке ие жаратушы күш иесі болды. Өзінің болмысы жағынан монотеистік діндегі құдайға жақын адамзат үшін шексіз билік пен құдірет иесі еді. Осы аспан культі ортағасырлық түркілер қоғамына ғұндардан, ухуань, сяньби, жуань-жуаньдардан, хойхулардан келген болатын [9, с. 57].

Әлем жаратылысы да осы Тәңірмен байланысты болды: көк аспан қоныстанған орнымызды яғни, «қара жерді» «шатыр» сияқты жауып тұр. Осы салыстыруды Туба өзені жағалауындағы жартастағы екі жазбаның авторлары қолданған болатын. «Туба өзенінен табылған екінші ескерткіштегі» жазбада мынадай мәтінді оқуымызға болады:

(2) tenrim öcük bizke [bo]

(3) Idil jerim a bengü bol

(2) О Көк аспан, біз үшін шатыр бола гөр

(3) О менің Еділ елім, мәңгі жасай бер!

Бұл жердегі Ай мен Күн аспан атрибуттары жердегі өмірмен байланысты элементтер. Көретініміздей Орхон жазбаларында негізінен күн культі айқын. Мәселен, алдыңғы бағытқа қозғалыс, «күн тумасына» бағыттталатын болған, ал қаған шатырының есігі үнемі шығысқа

ашылып тұратын. Яғни, күн атысына құрмет етілген болатын [10, с. 32]. Бұнда, негізгі қолданылатын ұғымдар «күн тумысы» және «күн батысы» бұлар шығыс пен батыс бағыттарын білдіретін болған. Мәселен, Елтеріс, Қапаған, Білге қағандар дәуірінде шад атағына ие болған Ел Етміш Йабғуға арналған ескерткіш кешеніндегі бітіктаста (хронологиясы шамамен 716, 728 жж.): «Атамыз үлкеніміз Йамы қаған төрт бұрышты қысты (қаған көтерілді), жиды» деп, «Түрік бүтін (халық) өңірге күн тумысына кері кейін күн батысына, тегі бергі (оң жаққа) Табғачқа, арғы (сол жаққа) жайсаң жаққа тегі алып ердің балбалын қысты (қадады). Қапаған, Елтеріс қаған еліне қызмет еттім» деп жазылды [11, б. 55].

Түркілер дүниетанымында күн мен ай сакралды аспан денелері ретінде ерекше мәнге ие болды. Сақ дәуірінде мұртты қорғандар, түркі тас мүсіндері күн культінің айқын көрінісі. Күнмен алдында айтылғандай «шығыс» ұғымы байланысты болғанына орай қоғамда ырымдар сақталды. Мәселен, тас мүсіндер шығысқа қаратып орнатылды, қағанның ордасы да шығысқа қаратылатын болған. Демек, шығыс дүниеге келумен, дамумен, өсу, өсіммен байланыстырылса, батыс жойылумен, жоқ болумен, өліммен сәйкестендірілді [9, с. 59].

Айға байланысты түркі тайпаларының ерекше қатынасы қалыптасқанын байқауымызға болады. Көшпелі малшаруашылығына негізделген өмір салтында көшпелілер қолданылған ай күнтізбесі оларды өзінше өмірге бейімдеді. Қонысын ауыстыру мезгілін анықтауда ориентир болды. Ортағасырлық түркілердің ұрпақтары қазақтар соған байланысты ауа-райын болжап отырған. Мұндай тәжірибе түркі дәуірінде орын алуы әбден мүмкін. Мысалы, ай горизонталды немесе соған жақын орналасқан жағдайда «Өзіне жайлы, шаруаға жайсыз» деп ауа-райының суытуын болжаған. Ал, айдың вертикалды тууы ауа-райының жылып, қолайлы жағдайдың қалыптасатынын күтетін еді [9, с. 61].

Келесі әлем бейнесі моделі бұл – горизонталды (көлбеулік). Бұл ландшафттың сипаттамасын орогидрографиясымен ситуациялық (маршрутты) бейнелеу түрінде берілген. Мұндағы Жер-Су (jer su) «Көк аспанға» оппозициялық сонымен қатар, сокралды ұғым ретінде қарастырылып отыр. Бұнда көшпелілер үшін территория ұғымына нақты не кіретіндігін де танып білуімізге болады. Ондағы территориядағы, ондағы жерлер мен өзен-көлдер, жайылымдар т.б. жер-су, көсеге деп аталып Түркі жазба ескерткіштерінде «Жер су иесіз болмасын» және «аты көсегесі жоқ болмасын» деген сөздерді көруімізге болады. Білге қаған бітік тасының I бетіндегі мәтінінде 16 жолда: «Он-оқ: бүтін (халық): бейнет?: көрді: әке (міз: атамыз:тұтқан (ұстанған): Жер-су: иесіз болмасын дейін:» мәлімет беріледі. Ал Күлтегін бітіктасының I бетіндегі мәтінінде «Түрік бүтін аты көсегесі жоқ болмасын, дейін, әкем қағанды, шешем қатұнды көтерді. Інім Күлтегін бірлесе сөзге бекідіміз әкеміз атамыз, қаз тұрғызған (орнатқан) бүтін (халық) аты көсегесі жоқ болмасын [11, б. 70]». Ол территорияға кіретін объектілер абстракты емес, нақты географиялық объектілер ретінде анықталған. Мысалы түркі ескерткіштерінде елді қондыру аймағы ретінде төрт ірі таумен аталады: шығыстағы Қадырқан йыш (Үлкен Хинган тауы), оңтүстіктегі Чұғай йыш (қазіргі Моңғолиядағы Ин-Шань тауы, бұл тау сілемі ішкі Моңғолияның орта бөлігі мен Хэбэй провинциясының солтүстігін алып шығыстан батысқа қарай созылып жатыр), батыстағы Кеңу Тарман [11, б. 60] (немесе Кеңу Тарбан қазіргі Тянь-шань тау сілемі шығыста Баркөлден басталып, батыста Қаратауға дейін созылып жатыр), солтүстіктегі Көгмен йыш. Әсіресе Өтүкен тауының маңызы ерекше көрсетіледі. Білге қағанның III қапталындағы мәтінде (2, 3 жол): «Түрік: бүтін халық: Өтүкен: Йышында: отырса: Елде мұң жоқ. Өтүкен.: Йышында: жеке иесі жоқ: екен: Ел тұтар: жер: Өтүкен Йыш: екен: бұ жерде: отырып: Табғач: бүтін (халық) мен: бірге: түзеттім» [11, б. 100].

Түркілердің экологиялық әлемі нәзік болғаны соншалық, олар табиғатпен үйлесімділікті сақтау жолдарын іздеді. Сондықтан ұрпақтан-ұрпаққа бұл дәстүрді мәдениет арқылы мұра ретінде қалдырды.

Мысалы, аталған мәселе көне түркі жазба ескерткіштерінде де көрініс тапқан көрінеді. Моңғолияның Дундговь аймағы Өлзийт сұмыны жеріндегі «Дэл уул» тауы жартасындағы

таңбалар және көне түрік мәтінін алғаш Ю. Болдбаатар жариялады, одан кейін зерттеген ғалымдардың ішінде И.Л. Қызласов аталмыш ескерткішті «VIII-IX ғасырдағы ұйғыр дәуіріне» қатысты, мәтінде «бұрын өлтірген аң жануарына жасаған күнәсін жуып-шайып, тәубеге келу» туралы манихейлік мазмұнда деп қарастырады. Яғни, табиғат алдында адам өзін кінәлі санап, жаратушы алдында кешірім сұраудың бір формасы көрініс тапқан.

Ойы мен тілі толығымен нақтылы табиғатқа ие түркілер мифологиялық ойлауының логикасы қазіргі заманғы ғылыми ойлаудың логикасындай нақтылық табиғатта болған. Бұл жердегі өзгешелік санадағы процестер арасындағы сапалық өзгешелік емес, қолданған құралдар арасындағы өзгешелік болып табылады [9, с. 74-75]. Сондықтан, түркілер дүниетанымын айқын көрінісі болып табылатын күй мен күй аңыздары арқылы қарастырып отырған мәселені зерттеуді ұсынамыз. Түркілер, жалпы көшпелілер үшін күй өнері тек қана рухани эстетикалық ләззат беріп қоймаған, сонымен қатар қоғамға әсер ету құралы да болған. Күй түркілердің жадында сақталды. Бұл біріншіден, бұл күйдің этникалық талғам сүзгісінен өтіп, өнердің ұдайы шындалып отыруына себепші болса, екіншіден, этностың жадында сақталып, халықтың жаппай хабардарлығын қамтамасыз етті. Яғни, әлеуметтік жағдайына қарамастан жаппай халық біліп, мазмұнымен таныс болды [12, б. 38]. Яғни күйлер мен күй аңыздары түркі дәуірінен қазіргі кезгі қазақ халқының дүниетанымы генезисін, ортақтығын танып білудің бірден бір дерек болмақ. Дүние, қоршаған орта туралы идея, түсініктер күй арқылы ұрпақтан-ұрпаққа берілді.

Аспаптар арқылы халық арасында тараған күйлер мен күй аңыздары көне дәуірден қазіргі кезге дейін белгілі болып келді. Ең таң қаларлығы олар XVIII, XIX, XX ғасырларға дейін ешбір жазусыз жады арқылы сақталды. Қазақтың музыкалық өнеріне арнайы бет бұрып, жинау, зерттеу XVIII-XIX ғасырлардан бастап орыс зерттеушілері жүргізе бастады. Олар Н.П. Рычков, П.С. Паллас, Г. Спасский, И. Георги, Г.М. Броневский, Н.П. Строумохов, И. Добровольский, А.И. Левшин, А.Х. Эйхгорн, А.Е. Алекторов, Г.Н. Потанин, Н. Савичев. XX ғасырдан бастап қазақ халық музыкасы ғылыми негізде саралана бастады. И.В. Коцых, А.Э. Бимбоэс, В.А. Успенский, А.В. Затаевич, Қ. Жұбанов қатарлы зерттеушілердің, жинаушылардың еңбектері, кейі П.В. Аравин, А. Жұбанов, Б.Г. Ерзакович, Б. Сарыбаев, І. Жақанов, Б. Қаракұлов сияқты ғалым-зерттеушілердің еңбектеріне ұласып, ғылыми арна құрады [12, б. 38].

Күй белгілі себептерге байланысты пайда болатын болған. Сондықтан, күймен қатар күйдің аңызы да пайда болатын. Күйдің шығу себебі сол күйді тартарда күй аңызы түрінде алдымен ауызша айтылатын болған. Тыңдаушы үшін де, орындаушы үшін де күйдің аңызын айтып алып, кейін өзін тарту біртұтас өнердің міндетті компоненттері болып есептелген [12, б. 38].

Б.з.д. VIII ғ. – б.з.VI ғ. Кезеңінің және VI-XII ғасырлардағы күй аңыздар Қорқыт ата сарындарының аңыздары ислам діні таралғанға дейін тәңірге жалбарыну, табиғат құпияларын тәңір тұту, көк аспанды, жануарларды культке айналдыру жағдайы сипатталады [12, б. 51]. Сондықтан кейінгі ұрпақ кезінде бұл күйлер үлгі, өнеге ретінде, одан сабақ алу мақсатында орындалатын болған. Күй аңыздары тартылатын күйдің музыкалық мағынасын, әуендік ерекшеліктерін, иірім-нақыстарын дұрыс түсінуге себепші болумен бірге, халықтың тарихи әлеуметтік өмірінен де мол мағлұмат береді. Күй аңыздары нақтылығымен, өмірді арқау етуімен, халық тарихының ең бір жанды шежіресі болып табылады. Яғни күй аңызы көшпелілер қоғамындағы тарихи таным мектебі болып табылатын далалық ауызша тарихнаманың (бұл ұғымды В.П. Юдин өз еңбегінде пайдаланды) құнарлы бір арнасы екеніне шек жоқ. Күй аңызының төл сипаттарын былайша талдауға болады: Біріншіден, күй шығарған адам туралы ақпарат беріледі (аты, шығу тегі, т.б.); екіншіден, күйдің шығу себебі айтылады; үшіншіден, күйдің тартылу үлгісі, құлақ күйі, қағыс тәсілдері сөз болады; төртіншіден, күйдің кімдер арқылы жеткені айтылады; бесіншіден, қандай елеулі бас қосуларда, қай жерлерде орындалғандығы, неге әсер еткендігі туралы айтылады; ең соңында, күй туралы айтқан пікірлер келтіріледі [12, б. 87-88].

Біз қарастырып отырған уақыт аралығында археологиялық қазба жұмыстары барысында

анықталған жәдігерлер незігінде қобыз (қолында қобызы бар тас мүсін ҚР Халық музыка аспаптары музейі қорында. Негізгі қор № 301), сылдырмақ, қоңырау, домбыра, асатаяқ, дабыл т.б. аспаптардың қолданылғандығы белгілі [13, б. 25-26]. Мақаламызда қобыз (Қорқыттың күйлері және домбыра (халық күйлері) күйлерінің кейбір үлгілерін пайдалануды ұсынамыз.

Жалпы күйлер мен күй аңыздарында біз қарастырып отырған тақырыпқа сәйкес бірнеше мәселерді бөліп айтуымызға болады. Олар табиғат, қоршаған кеңістік, оның құдіреттілігі және табиғат күштерінің адамға қамқорлығы мәселелері. Себебі, ежелгі адам табиғатқа табыну арқылы оны өзіне жақын етті, ретке келтірді. Мысалы, Қорқыттың белгілі күйлері «Қорқыт», «Тарғыл тана», «Елім-ай, халқым-ай» т.б. Бұнда көретініміздей қоршаған табиғаттың тылсым күштері шексіз, адамға танып білу мүмкін емес күш. Сонымен қатар, адам табиғатпен (тәңірмен) тығыз қатынаста, одан қамқорлық, белгі күтеді, адам табиғатты түсінуге талпыныс жасайды. Мәселен, «Қорқыт» туылғанда күн күркіреп, найзағай жарқылдап, қатты дауыл тұрады. Жер дүниені қара түнек басып, ел-жұрттың үрейін ұшырады. Табиғат ерекше тұлғаның дүниеге келерін адамдарға танытады. Адамдар «Бұл ерекше қасиетті боп өмірге келуі арқылы біздің бәрімізді қорқытты ғой, сондықтан аты Қорқыт болсын», – деп, нәрестенің есімін Қорқыт қояды [14, б. 472].

Ал «Тарғыл тана» күйінде Тәңір Қорқытқа өлімнен құтылудың жолын танытады [14, б. 474]. Осы аңызда былай делінеді: «Қорқыт қырық жасқа келгенде оған ажалының жақын екендігі жайлы бір құдірет аян береді. Қорқыт жарық дүниені қимай, адам баласы мәңгілік жасайтын Жерұйық іздемекші болып, Желмаясына мініп, жолға шығады. Мұны көрген тәңірі періштелерімен ақылдасып: «Егер бұл адам өлімді ешқашанаузына алмайтын болса, онда мәңгілік өмір сүреді. Жанын олжалағанына тәубеқылса, еркіне жіберейік, қанша өмір сүрсе де, жүре берсін», – депті. Бұл сөзді естіген желмаяға тіл бітіп: «Егер ешбір дүниеге мойын бұрмай, тек қана өмірді ойласаң, менсені өлімнен алып шығамын», – деген екен. Бұдан кейін Қорқыттың көңілі жайланып, өлімді ешқашан ойына алмауға тырысады.

Бір күні Қорқыт Желмаясымен ел аралап келе жатып, далада мал бағып жүрген жас баланы ұшыратады. Қорқыттан үркіп, бір тарғыл тана табыннан бөлініп тұра қашыпты. Оны қайтарам деп қуа жөнелген баланың аяғына шөгір кіріп, танаға жете алмай, жылап отыра кетеді. Баланы аяған Қорқыт оны өзі қайтармақшы болады. Бірақ қанша қуса да, тана жеткізбейді. Әбден ыза болған Қорқыт: «Өлсем де жетемін!» – деп өршелене қуады. Мұны естіген тәңірі тарғыл тананы тасқа айналдырып жібереді. Денесі тасқа айналып, жаны шығарда танаға тіл бітіп:

Менің өзім қара едім,
Қарадан туған ала едім.
Туған жерім – Қазалым,
Мына тау болды-ау ажалым, –

деп ыңыранады. Тананың жарық дүниемен қоштасардағы осы қиналысын көрген Қорқыт сол жерде қобызын қолына алып, «Тарғыл тана» күйін шығарған екен. Сыр бойында. Қорқыт бейіті тұрған жерден терістікке қарай жүз шақырымдай жерде, Тарғыл деп аталатын тау бар. Бұл жаңағы аңызға қатысты тау. Қорқыт қуғанда тас болып қатып қалған тарғыл тана бірте-бірте тауға айналыпты-мыс» [14, б. 474].

Туған жерге деген сүйіспеншілікке тұнған мазмұндағы мұраларында түркі халықтары өз отанына деген берілгендігін Моңғолия мен Шығыс Еуропа территорияларындағы мекендерінде де сақтайды.

Жерұйық пен отан, туған жер түркілер дүниетанымында синоним ретінде қабылданған. әл-Джахиз өзінің «Рисала ила-л Фатх ибн Хакан фи манакиб джунд әл-халифа ва-фада ил ал-атрак» («Халиф әскерінің мақтауға тұрарлық ерекшелігі мен түркілердің жағымды қылықтары туралы әл-Фатх ибн Хаканға мәлімдеме») еңбегінде түркілердің ерекшеліктеріне тоқтала отырып олардың отанға, туған жеріне деген қатынасын көрсетеді. Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік әрбір адамға тән, олар некелік қатынастан да артық болып келеді. Түріктерде отанды сүйю сезімі ерекше жоғары, бұл, шығу тегінің бірлігі, салт-дәстүрлерінің әділеттілігі,

тұлғалық қасиеттерінің тұтастығынан болса керек. әл-Әбдидің сөздерін еске түсіретін болсақ: «Алла отанға махаббаты жоғары елдердігүлдендіреді». Ал Ибн әз-Зубайр осы жайында былай деген екен: «Адамға өзінің отанынан артық құндылық жоқ». Әл-Джахиз ойын өрбіте келе түркілердің туған жерге қатынасын Құтайба ибн Муслим ойымен жалғастырады: «Олардың туған жерге сүйіспеншілігі түйенің өзінің үйреншікті жеріне деген қимастық сезімінен артық. Түйе мыңдаған жолдарды басып өтіп, аңғарларға түсіп, қаншалықты жол ұзақ болса да сол жолмен қайта туған жеріне оралуды аңсайды. Жаратылыстан берілген қасиеті иіс арқылы туған жері, тынығатын мекеніне жетпей тынып таппайды. Сол себепті Құтайба ибн Муслим бұндай мысалды қолдануды жөн көрді» [15, с. 58].

Түркілер біз қарастырып отырған уақыт аралығында Жер-Суға да сиынғаны мәлім. Көне түркілердің акватариалдық құдайы Жер-Су алғашқы кездері Отан сөзімен, туып өскен жермен, мекенмен синоним ретінде қолданылды. Мәселен, түркілердің ұрпақтары қазақтарда «Жер-суыңды қадірле» «Жерін жерлеп, суын сулап отырмыз», «Жер-суымыз, тұз-дәміміз ұрсын» т.б. қанатты сөздер ауыз әдебиетінде сақталған.

Сонымен қатар, түркілер Жердің ана ретінде қабылдап, оны жер-ана деп атаған көрінеді. Мұнда ескеретіні жер тек адамға ғана емес, жануарларға, малға да ана образы бойынша қабылданды [9, с. 58].

Сол сияқты әл-Джахиз туған жерге сүйіспеншілік, оны аңсау Құранда айтылатынын жаза отырып, түркілердің аталған сезімдерінің онда сипатталғаннан да жоғары деп тұжырым жасайды. Түркілердің туған жеріне асығуының басқа да себептерін автор көрсетеді. Олардың рухани қасиеті дене мүмкіндіктерін анағұрлым артық болғандықтан, үнемі энегрияға толы болып келеді. Яғни, түркілерге отырықшылық пен күнделікті қайталанбалы, ұзақ уақыт бір орында қоныстану, бастамасыз инертті өмір оларды туған жерге қайтуға итермелейді. Демек ортағасырлық автор түркілерді туған жеріне неге асығатындығы туралы бірнеше жауап табады, біріншіден түркілерді асқан патриоттар ретінде, туып-өскен жеріне ерекше сезімі бар, соған деген сүйіспеншілігі өзгелерден басым деп сипаттаса, екіншіден басқа да елдер сияқты туған жерге олардың тартылуы өздеріне тән, үйреншікті табиғи, әлеуметтік, шаруашылық, экономикалық ортадан ажырағысы келмейтіндігі, өмір сүруіне қолайлы, жағымды ортада өмір сүруге талпынатындығынан деп қорытынды жасайды [15, с. 58].

Аталған образдар Қорқыттың «Қорқыт», «Тарғыл тана», «Елім-ай, халқым-ай» күйлерінде көрініс тапқан. Дәстүрлі түркілік дүниетанымда «Тәңірлік бастама немесе Тәңірлік ақиқатқа» ұласудың кеңістігі – адамның кіндік қаны тамған туған жері. Осы туған жері қаншалықты маңызға ие болғандығын салыстыру ретінде қазақтар туралы туралы жазған А.И. Левшиннің ойларын келтіруге болады: «Қазақтар өз жерлеріне өте адал. Ата мекендерін, тұрмысын сақтап қалу үшін бәріне даяр» [14, б. 330]. Себебі, дәстүрлі қоғам адамының туған жері алғаш Тәңірлік жаратудың жүзеге асырылған уақыты мен кеңістігінің қайталанған жері, әрі Тәңір тарапынан берілген құт. Ал Тәңірдің құтының шоғырланған жері Жерұйық. Ежелгі түркі эпосаларында Жерұйық «орталық, кіндік» мағынасындағы символдармен берілген. Мәселен, аталған күйлерде Қорқыт Жерұйық іздеумен өмірін өткізгендігі айтылалады.

Келесі, табиғат қорғау идеясын насихаттайтын күйлер мен күй аңыздар. Олар Қорқыттың күйлері «Ұшардың ұлуы», «Желмая», «Тарғыл тана», «Аққу», «Байлаулы киіктің зары», халық күйлері «Нар идірген», «Аққу» т.б. Аталған күйлерде жануарларға адам тарапынан разылық (ризалық) олардың адалдығы мен қамқорлығына жауап ретінде көрініс тапқан. Көп жағдайда ол қыран құс, тазы ит, арғымақ, түйе т.б. Мәселен «Ұшардың ұлуы» күй аңызында Ұшар деген аңшы баланың иті қайтыс болған қожайынның бейітінен кетпеуі сипатталады. Аңызда бұл жағдай былай бейнеленеді: «Бір жесір кемпірдің жалғыз баласы болады. Ол құс салып, ит жүгірткен саятшы екен. Қашқан аңды құтқармайтын «Ұшар» деген тазысы, желмен жарысқан жүйрік аты бар екен. Күндердің күнінде жігіт кенеттен қайтыс болады. Сол кездегі елдің әдет-ғұрпы бойынша, өлікті жерлегеннен кейін жұрт қоныс жаңартып, басқа жерге көшеді екен. Жаңа орынға

көшіп келгеннен кейін кемпір баласынан қалған көз – тазыны іздесе, ол ұшты-күйлі жоқ боп шығады. «Ескі жұртта қалған болар!» – деп, ана бұрынғы қоныстарына қайтып келсе, айтқандай-ақ Ұшар иесін қиып кете алмай, мола басында сай-сүйекті сырқырата аспанға қарап ұлып отыр екен. Мұны көрген ана:

Жалғызымнан айрылдым,
Қанатымнан қайрылдым,
Ұшар, Ұшар, кә, кә... –

деп аңырайды. Иен далада жалғызының артында қалған ана мен иесінен айрылған тазы – қос мұңлық қосылып күңіренеді» [14, б. 473].

«Желмая» деген күй аңызында Желмая деген Қорқыттың серігі болған түйесі оны өлімнен алып қалуы жануарды адал досы, қамқоршысы ретінде қабылдауы идеясын күйлерден көруімізге болады. Қобызды жасағанда түйенің терісімен аспаптың шанағын жабады. Халықтың арасында қалыптасқан наным-сенім бойынша, түйе малы о дүниеге сапар шегуге пайдаланатын бақсының көлігі болған. Күйдің аңызы бойынша: «Қорқыттың бала күнінде нағашылары оған бәсіреге бір тайлақ береді. Қорқыт оны өзі бағып-қағып өсіреді. Тайлақ табынға қосылмайды. Қорқыттың соңынан бір елі қалмай, ілесіп жүреді. Иесінен басқа жанды маңына жолатпайды. Ол үшқан құс, ескен жел жетпейтін, алты айлық жолды алты-ақ күнде аттайтын. ешқашан арып-талмайтын жүйрік Желмая болып өседі. Қорқыт өлімнен қашып, дүниенің төрт бұрышын түгел шарлағанда серігі әрі қанаты болған Желмаяға арнап осы күйін шығарады» [14, б. 474].

Қоршаған орта туралы шынайылықты түсіну барысында ортағасырлық көшпелілерде қоғамда болған қатынастағы кризистік жағдайлардың себебі табиғатта белең алған қиындықтармен байланысты деген түсінік қалыптасты. «Табиғаттағы заңдылықтың бұзылуы мемлекеттегі дағдарысқа алып келеді... Аспан басып, жер ашылады» [16, с. 123]. Яғни, мемлекеттегі қиын-қыстау кездер табиғаттағы зіл-залармен тікелей байланысты, олар адамға әлемдік тәртіпті бұзғандары үшін берілетін жаза деп қабылданатын. Мәселен, бұның эпикалық контексті қайтыс болған Салор-Қазанның ұлы Бамси-Бейректің тірілуінде көрініс тапқан: «Сенің қара тауың шайқалып, шайқалып ақыры құлады; ол енді қайта көтерілді! Қанға боялған суларың сарқылды; бұлар қайта сылдырап ақты! Сенің мықты ағашың қурап қалды; ол енді қайта жайнады [17, с. 47]».

Сонымен қатар, түркілер табиғаттың тылсым күшіне сыйынумен қатар одан сескенетін, қорқатын болған. Себебі, кез-келген іс-әрекетке адам табиғат алдында жауапты екеніне сенген. Яғни, жақсы қылығы үшін бақытқа, молшылыққа кенеліп, берекеге кенелетінін ал, жамандығы, табиғатқа қиянаты үшін қатал жазасын алатынын сезіне білген.

Осындай табиғатқа деген адамның теріс қылықтары ортағасырлық Орталық Азия түркілерінің аңыздарында көрініс тапқан болатын. Мәселен, өлтіруге тиым салынған жануарларды атып алу кешірілмес кінә есептелетін. Қырғыздың Қожожас аңшы туралы аңызында бұғыны атып аламын деп, өзінің туған ұлын жазым еткені, оның табиғатқа қатысты көзтоймастығы, қанағатсыздығы үшін жаратушының берген жазасы ретінде бейнеленеді. Сондықтан да, аңыздарда аңшының атып алуға болатын мың жануары туралы жиі кездеседі.

«Шұбар киік» деген халық күйінде аталған мәселе қозғалады. Демек, жабайы жануарға жасалған қиянат үшін адам жазасын тартады. Аңызда былай делінеді: «Ертеде көздегенін жібермейтін бір мерген аңшы болыпты. Күндердің күнінде, сар даланы кезіп аң аулап келе жатып, жайылып жүрген жалғыз шұбар киікті көреді. Баспалап келіп тақағанда киіктің желіні шертіп тұрған ұрғашы екенін көреді. Бірақ, аңшы «сенде жазық жоқ, менде азықжоқ», – деп қолы қалтырамай садақ кезенеді. Әлдебір қатерді сезген шұбар киік селт ете басын көтеріп алады да, садағын кезеп тұрған аңшыны көреді. Жайдың оғындай жебеден құтыла алмасын сезген шұбар киік аңшыға қиыла сөйлейді. «Ей, Сұрмерген, жаныма сауға сұраймын. Әлі бауыр көтеріп үлгермеген егіз лағым бар еді. Сол панасыз лақтарымды аңсап, жүрегім елжіреп, желінім дертіп келемін. Мені атпа. Тілімді алсаң, «атқан оғың жерге түспесін», – деп батамды берер едім. Сонда

сен ұшқан құс пен жүтірген анды құтқармас несібелі аңшы боласың. Өле-өлгенше тарықпай өтесің! Жаныма сауға сұраймын, атпа!», – дейді. Бірақ аңшы сөзге құлақ аспайды. Садақты тартып жібереді. Сол сәтте киелі киік шұбар тасқа айналыпты дейді. Осыдан кейін мергеннің аңшылықта жолы болмапты» [14, б. 582-583].

Жоғарыда айтылған себептерге байланысты түркілер қоршаған ортаны қорғауды жөн санады. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісінде табиғатты аялау идеясы бейнеленеді. Бұл жерде Ер Төстік ағашқа өрмелеп келе жатқан жыланнан Самрұқтың балапапандарын құтқарып қалады. Демек, мұнда адам мен табиғат әлемінің өзара бір-біріне әсері байқалады («Әділ жаза», «Құйым батыр» т.б. ертегілер). Самрұқ балапапандарының жыланнан ажал құшатынын біледі, алайда ол тағдырға мойынсұнған, істер шарасы жоқ. Сол себептен, балапапандарының сондай тағдырына қайғырудан басқа амалы болмайды. Оларды тек адам құтқаруы тиіс, бұл адамзаттың парызы, оның өмір сүруінің мағынасын құрайды [18].

Орталық Азияны мекен еткен Ұлы Дала көшпенділерінің әлемі пайда болған сәттен бастап өте нәзік, әрі таң қаларлық болды. Себебі, көшпенділердің қоршаған ортаға жақсы бейімделген және дала экологиясымен теңестірілген өзіндік мәдениеті қалыптасқанына қарамастан бүкіл бізге белгілі әлемнің экологиялық жүйелерінің ішінде дала тағдыры ерекше драматикалық көрініс береді. Яғни, Орталық Азияның ортағасырлық түркілерінің барлық тіршілігі табиғатпен гармониялық тепе-теңдікте, космостық ритмдерге бағынумен өтіп, экзогендік сипат алды.

Қорытындылай келгенде қазіргі қазақтардың түркілік кезеңдегі ата-бабалары көшпелі өркениет өкілдері ретінде ұрпақтарына мынаны мұра ретінде қалдырды: олар қоршаған ортаға экологиялық қатынас мәдениеті, табиғатқа, космосқа және оның заңдарына деген сый-құрмет, табиғат, қоғам және адам қатынасы ерекшеліктері. Аталған мәселелер түркілердің және олардың ұрпақтары қазақтардың материалдық және рухани мәдениетінде көрініс тапқан болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аубекеров Б.Ж., Нигматова С.А. Изменения климата и ландшафтов, основные этапы эволюции человеческого общества от древнейших гоминид до кочевников на территории Казахстана // Вклад кочевников в развитие мировой цивилизации: Сб. мат.-Междунар.науч. конф. / Под.ред. Л.Е. Масановой, Б.Т. Жанаева. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – С. 134-152.
2. Аубекеров Б.Ж., Сала Р., Нигматова С.А., Деом Ж.М. Климат, Ландшафты и исторические события эпохи номадов на территории Казахстана (зарождение, расцвет и затухание номадизма) // Научные чтения памяти Н.Э. Масанова. Сборник материалов научно-практической конференции. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – С. 48-58.
3. Колер И., Ранке И., Ратцель Ф. История человечества: Доисторический период. – Спб.: Полигон, 2003. – 335 с.
4. Қазақстан Национальнaя энциклопедия / Гл.ред. Б. Аяган. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006. – Т. 4. – 560 с.
5. Досымбаева А. Концепция степного мировоззрения: вопросы происхождения развития государств номадов // Тарихи мәдени мұра және заманауи мәдениет. – Алматы, 2012. – С. 131-135.
6. Кадримбетова Н.Н. Байырғы түрк жазба ескерткіштеріндегі идеологиялық түсініктердің кейбір аспектілері // Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: қорытындылары мен келешегі: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына және ҚРБҒМ ҒК Ә.Х. Марғұланатындағы Археология институтының 20 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2011. – Т. 2. – С. 329-333.
7. Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир // Изд. 3-е, доп. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 604 с.

8. Кенжетай Д. Дәстүрлі түркілік дүниетаным және оның мәні // Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. 20 томдық. – Алматы: Аударма, 2005. – Т. 1. – С. 71-96.
9. Толеубаев Т.Ә. Культ природы у казахов // Проблемы этнографии казахов. – Алматы: Service Press, 2013. С. – 71-96.
10. Кляшторный С.Г. Представление о времени и пространстве в древнетюркских памятниках // Древнетюркская цивилизация. Памятники письменности. – Астана: Наука, 2001. – С. 27-34.
11. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Көне түрік бітік тастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас). – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – Т. 2. – 252 б.
12. Акселеу Сейдімбек. Күй шежіре. – Алматы: Ғылым, 1997. – 224 с.
13. Жәкішева З. Аспаптану (археологиялық және тарихи-этнографиялық зерттеу). – Алматы: Қазақ тарихы, 2012. – 256 б.
14. Қазақ музыкасы. Антология: Бес томдық / ред. Т. Жақып. – Алматы: Қазақпарат, 2005. – 516 б.
15. История Казахстана в арабских источниках. Арабские географы и путешественники IX-XII вв. – Алматы: Дайк-Пресс, 2010. – Т. 2. – 328 с.
16. Кляшторный С.Г. Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках // Тюркологический сборник 1977. – М.: Наука, 1981. – С. 117-138.
17. Книга моего деда Коркута. Китаб-и дедем Коркут. – М.;Л.: АН СССР, 1962. – 305 с.
18. Наурзбаева З. Глава V. Спасение птенцов Самрук и утраченный инициационный ритуал кочевников. <http://otuken.kz>. Дата обращения 07.11.12.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.
 ӘОЖ / УДК / UDK 394.014 /1941-1945/

ГЕОГРАФО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ КАЗАХСТАНА В XIX. ПО ИСТОРИЧЕСКИМ ИСТОЧНИКАМ

Касабулатова Г.М.

магистрант Института Истории и Этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

Аннотация. В статье автор рассматривает трансформацию границ Казахстана в период конца XIX и начала XX вв. Опираясь на историографический анализ источников российских и казахстанских исследователей, на основе статистических данных, автор выделяет основные виды хозяйственной деятельности казахов, уточняет место их расселения и влияние политики колониальной России на ход географо-экономических процессов в регионе.

Ключевые слова: территориальная целостность, историко - географический процесс, административное деление региона

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ. ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІҢ БОЙЫНША

Касабулатова Г.М.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының магистранты

Аңдатпа. Мақала авторы Қазақстанның шекарасының XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басы кезеңінде орыс және қазақ ғалымдарының зерттеу жұмыстары мен материалдарына талдау жасау негізінде тарихи өзгеріске ұшырауын қарастырады. Статистикаға сүйене отырып, автор қазақтардың шаруашылық әрекеттерінің негізгі түрлеріне назар аударып, халықтың орналасу орындарын нақтылайды Ресейдің отарлаушы саясатының аймақтағы географиялық-шаруашылық құбылыстарына әсерін сипаттайды.

Түйін сөздер: аумақтық тұтастық, тарихи географиялық процесс, аумақты әкімшілікке бөлу қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы, жер пайдаланудың реті

GEOGRAPHICAL AND ECONOMIC POSITION OF KAZAKHSTAN IN THE XIX CENTURY. ACCORDING TO HISTORICAL SOURCES

Kasabulatova G.M.

Graduate student of Sh.Sh. Ualikhanov Institute of History and Ethnology

Abstract. The author considers the transformation of the borders of Kazakhstan during the late nineteenth and early twentieth centuries. Operating historiographical analysis of sources of Russian and Kazakh researchers, based on statistical data the author identifies the main economic activities of the Kazakhs, clarifies the places of their settlement and the influence of the colonial policy of Russia on the course of geographic and economic processes in the region.

Keywords: territorial integrity, historical and geographical processes, administrative division of the region, traditional Kazakh economy, order of land use

Современные условия развития Республики Казахстан позволяет по новому подойти к анализу проблемы обеспечения территориальной целостности и национальной безопасности государства. К числу основополагающих вопросов историко-географического процесса формирования государственной территории Республики Казахстан можно отнести проблемы, затрагивающие процессы формирования и исторической трансформации границ и административного деления региона, народорасселение и география традиционного хозяйства казахов, изучение торговых связей, особенности хозяйства и административной структуры управления в рамках единой колониальной системы Российской империи с казахским населением степи.

Согласно историческим источникам XIX – начала XX вв., зачастую, территории, население которых вело кочевой образ жизни, представляли собой земельные образования, не всегда имеющие четкие границы. Как показывает анализ записок путешественников, «Материалов по киргизскому землепользованию», материалов сборников «Вопросы колонизации», материалов собранных статистическими партиями переселенческого управления и географические труды ученых XIX–XX веков, не смотря на размежевание земель, менявшихся в интересах колониальной политики Российской империи, в указанный период Казахстан имел не только границы территорий, но и внутреннюю административно-территориальную структуру.

Наряду с этим необходимо отметить, что динамика изменений исторической географии, представленной в источниках позволяет правильно понять ход интеграционных процессов настоящего времени в Евразии. Так, например, в «Материалах по киргизскому землепользованию», собранных экспедицией под руководством Ф. А. Щербина было обследовано 12 уездов трех областей: Акмолинской, Семипалатинской и Тургайской [1]. В работе члена данной статистической экспедиции Чермака казахская община рассматривается как сельская. Основой её является не родовые связи, а совместное пользование землей, хозяйственные интересы. Исследователь высоко оценивает многовековой опыт и навыки казахского населения по организации кочевого хозяйства. Наибольший исторический интерес представляет собой опрос местного населения. Полученные данные отражают представление народа о порядке землепользования в данном районе и характере кочевого хозяйства и структуре стада и его воспроизводстве. Члены экспедиции методом сплошной выборки провели хозяйственную перепись казахского населения для выявления количества хозяйств, численности населения и скота. Наряду с этим был произведен подсчет площади пастбищ, используемых казахскими общинами в различные времена года. В каждом уезде была определена норма землепользования. Сопоставляя земли, приходящиеся по норме с землями, которыми казахи пользовались, были определены излишки по каждому уезду и в отдельности. Опираясь на полученные данные члены экспедиции в восьми уездах зафиксировали используемую площадь в объеме 45889 тыс. десятин земли. Из них казахам по норме было оставлено 23297 тыс. десятин, или 51%, а остальные 22592 тыс. десятин, или 49% отнесены в излишки. [2]

Историко-географическим записки Левшина А.И. представленных в книге «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей», социально-экономическое развитие Казахстана в XIX в., его политические условия, как колонизированной части царской России представляют собой синтез объективных и субъективных факторов [3]. Именно они, в большей степени вызвали постоянные изменения историко-географической карты.

По мнению Идрисова Р.А., в результате непродуманных действий царских чиновников, одним из первых крупных изменений в 1801 г. было создание внутренней орды в междуречье Урала и Волги [4]. Эти события стали причиной многих территориальных споров. В частности, они вызвали неопределенность границ Букеевского ханства. Данное географическое положение стало причиной уязвимости для населения данной территории. С одной стороны, их соседями были Уральское казачье войско, с другой, помещики Юсупов и Безбородко, а также астраханские кордоны.

В течение всей первой половины XIX в. постоянно происходило изменение внешних границ Зауральской орды. Данная ситуация усугублялась во-первых, земельными изъятиями в пользу Оренбургского казачьего войска Новоилецкого и Новолинейного районов, во-вторых, использованием маршрутов традиционных перекочевки казахских родов. В 1824 г. происходят изменения административно-территориального устройства Зауральской орды. Упраздня "Устав об Оренбургских каргизах" - символа самостоятельности Младшего жуза - ханскую власть, в регион вводилась совершенно новая практика внутреннего разделения территории. В определенной степени территориально-административный аспект данной реформы был углублен поэтапным введением в Оренбургской степи дистанционной системы. Это было новая составляющая в сфере управления в лице дистанционных и местных начальников. Данное нововведение на территории Казахстана укрепляло позиции царской России, однако, проводилось оно с ошибками в размещении дистанций и составе населения. К концу первой половины XIX в. данные «нововведения» стали весомым препятствием для существования самих дистанций из-за их чересполостности, условности границ и неравномерного расселения жителей.

Наряду с географо-территориальными процессами происходило образование новых и уточнение старых территориальных единиц в Оренбургском и Уральском казачьих войсках. Дистанционная и окружная системы были направлены на усиление контроля за войсковым сословием. Необходимо было превратить казачество в послушных марионеток колонизационных планов царской России на территории Казахстана. Внедрение и использование полувоенной структуры управления сохраняло казачьи войска в качестве мобильной вооруженной силы на Оренбургской и Нижнеуральской укрепленных линиях. За несение военной службы, казаки вознаграждались значительными земельными участками и различными экономическими льготами. Все это создавало благоприятные условия для существования самих казачьих хозяйств.

Однако, данные обстоятельства значительно осложняли материальное положение казахских родов Младшего и части Среднего жузов, так как изъятие земли оказывало сильное воздействие на традиционную схему родорасселения казахов. Данное обстоятельство стало одной из причин ухода прилинейного казахского населения в наем к жителям укреплений, на горные заводы, в рыболовные артели, сельскохозяйственные работники, извозчики и просто в услужение. В связи с наплывом переселенцев из Европейской части России в казахских хозяйствах в начале XX века происходит сокращение поголовья скота в Петропавловском уезде по всем видам и по лошадям, в частности. Так, по Петропавловскому уезду на 1 января 1909 г. в казахских волостях численность лошадей составила 62396 голов. По сравнению с 1897 г. в 1910 г. в Атбасарском уезде количество скота увеличилось на 27,8%. , Ежегодная средняя прибавка составляла 23%. Прирост населения составил 26,3% или 2,2% в год. Расширение скотоводства шло, таким образом, не только в один уровень с ростом населения, но и дало в сравнении с ним некоторое превышение [5].

В Акмолинской области количество овец в стаде с севера на юг постепенно росло, а по лошадям существовала обратная зависимость. В начале XX в. в Кустанайском уезде доля овец по отношению ко всем видам скота равнялась 36,5%, лошадей — 26,9%, крупнорогатого скота - 26,7%. В Павлодарском уезде количество скота в 1910 году почти подошло к уровню 1897 г. (сократилось в результате джута 1902 года), а по отдельным видам - овцам и верблюдам даже увеличилась. Наибольшая часть стада приходилась на долю овец, приблизительно, 46%, количество лошадей и КРС было почти одинаково. В целом в регионе к 1913 году прослеживалась тенденция изменения структуры видов скота при общем увеличении его численности. Наблюдалось значительное увеличение численности овец и крупного рогатого скота, относительное, не очень значительное увеличение количества лошадей.

Те же аулы казахских родов, которые не переставали совершать дальние перекочевки к южным, зимним пастбищам, избегали нежелательных контактов с администрацией, которая всячески старалась контролировать сезонные перемещения казахского населения. Как правило,

они старались отплатиться постоянной выплатой кибиточной подати. С другой стороны, перекочевав в южные части западноказахстанских степей, в бассейн рек Сырдарья, Жанадарья и Кувандарья они попадали в зависимость от хивинского хана, также старавшегося подчинить себе казахские роды. Как отмечают источники, многие представители казахских родов оказывались, в действительности, в двойном подчинении. Летом и осенью они уплачивали кибиточную подать, а зимой – зякетхивинским сборщикам.

Abstract. In article the history of emergence of the weapon in the nomads living in the Kazakh steppe, types of offensive and defensive arms, and also the weapon used for near and far fight is investigated. The Kazakh arms were divided into two main types: the offensive weapon - karu and means of protection - zharak. All complex of arms in Kazakh is called "karu zharak". The offensive and defensive weapon of nomads differed in a variety. Kazakhs says: "Er karuy – bes karu" that in translation means: "The soldier owns five types of weapon". Division of the military weapon into five main types is connected with way of defeat, characteristic of each type, which is his main function. In hard times when enemies approached steppe borders, the nomad turned into the soldier: armed with a spear, bow and a saber, nomads protected the earth and the people from enemies. During the Kazakh-Dzhung war khans, sultans, biys and the batyrs gathering in Martobe and Kultobe have held meeting. Only those soldiers who were armed could take in him part. Unarmed had no right to vote. Because attacks on the Kazakh steppes practically didn't stop, the famous soldiers – batyrs had the high social status in society. At the solution of internal problems khans and sultans relied on political and military support of the famous batyrs. Force and power of the khan relied on authority of batyrs who supported him. Even the batyr could act as the chief military leader in a campaign.

Keywords: Kazakh arms, defensive and offensive arms, bow and arrows, historical heritage, colonial policy.

Тарихқа терең үілсек, ата – бабаларымыз қазақ даласын жаулап алу саясатын жүргізген жауларының шапқыншылықтарынан қорғауда ғасырлар бойы күресіп келген. Осындай жаугершілік заманында қазақ батырлары қолдарына қару алып елді, жерді азат еткен ерлердің есімдері ұранға айналып, олар ұстаған қарулар ұрпақтан-ұрпаққа мұраға қалып отырған. Ер азаматтың жаугершілік заманда жаумен шайқасқанда жеңіске жетуі оның астындағы тұлпары мен үстіндегі сауыты, қару-жарағына байланысты екені белгілі. Халқымыз бұл ойды «ер қанаты - ат», «ер қуаты-қаруы» деп тұжырымдаған. Осы тұрғыдан алғанда қазақ халқының қаруы оның ерлікке толы өмірінен мәлімет беріп, еркіндікке ұмтылған мақсатын көрсете ді.

Қазақтың қару-жарақтары, әскери өнері, сауыт-сайманы, көшпелілердің соғыс тәсілдері жайлы тақырыптарда көптеген ғылыми зерттеулер, танымдық анықтамалар жарыққа шықты. Қазақ қаруын этнографиялық тұрғыдан алғаш зерттеушілердің бірегейі ғалым – Ш.Уәлиханов болды. Ш.Уәлихановтың «Вооружение киргизов в древние времена и их военные доспехи» атты зерттеуінде және басқа еңбектерінде ХУІІІ - ХІХ ғғ. қазақтың суық және от қарулардың түрлері мен типтерін, жасалу технологиясы, қазақ тіліндегі дәстүрлі кәсіби атаулары, олардың қолданылуы, қазақ халқының қару-жарақпен байланысты ырымдары туралы мәселелер қарастырылды [1].

Қазақ даласын мекен еткен байырғы көшпелі халықтарда қару-жарақ түрлері мен типтерінің қалыптасу тарихына тоқталатын болсақ, олардың қару-жарағы алыс қашықтықта, орта қашықтықта және жақын дистанцияда қолданылатын қарулар және қорғаныс жарағы болып

бөлінді.

Қазақ халқы қару-жарақты қадірлеп, жеті қазынаның біріне жатқызып, әдетте оларға қылышты, найзаны, садақты, сауытты, шоқпарды жатқызған. Қазақ батырлары соғыс кезінде жекпе-жек шайқастарда садақпен ату, найзамен түйреу, қылышпен кесу, балталасу мен шоқпарласу түрінде өткен. Содан болар, халық арасында «Ер қаруы - бес қару» деп айтылған. Қарудың түрі бесеу болатындығы туралы Қ.Ахметжанов былай дейді: «Қару-жарақ түрлерінің бесеу болып қалыптасуы олардың өзіндік, бірін-бірі ауыстыра алмайтын жеке қызметінің (функциясының) болуына байланысты. Соғыс қаруларының жұмсалу тәсілі бес түрлі болып қалыптасқан. Олар – ату (садақ не мылтық), кесу (қылыш), түйреу (найза), шабу (айбалта), соғу (шоқпар). Басқа қарулар осы бесеуінің вариациялануы, түрленуі ғана. Сондықтан айқаста бұл бес қару бірінің орнын бірі баса алмайды» [2, 46-б.]. Ал «қару» және «жарақ» сөздерінің астарына үңілу халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі қасиетті құралдың орнын анықтауға көмектеседі. Зерттеушілер бұл екі сөздің «қару» сөзі «қар» деген түбірден туындап, ұстау деген мағынаны білдірсе, «қару» қолға ұстайтын соғыс құралдарының ортақ атауына айналған. Ал, «жарақ» сөзіне байланысты пікірлер алуан түрлі, олардың кейбіріне тоқтала кетсек, мысалы М.Қашқаридің «Диуани Лұғат-ат түрік» еңбегінде «јагык-жарақ:шайқасқа киіп шығатын темір сауыт, қалқандардың кез-келгеніне қолданатын ортақ атау» [3,25-б.]деп көрсетілген. Тарихта көшпелілер өмірінде қару асынып жүру жаугершілік заманда ғана емес, бейбіт өмірде де дәстүрге айналды. Қазақ халқының тарихы мен олардың шаруашылығына байланысты жазылған еңбектерде көшпелілік қазақтардың әдет құқықтарына тәуелді болғандығы туралы айтылады. Көп ғұмырын соғыспен өткізген қазақ халқы арасында тараған «Борышынды көпке созба, қаруынды үйде қалдырма» деген мақал, сөзге ой түйген бабаларымыз батырдың жарақсыз құр қара күшке сенуін құптамағандығын қуаттайды. Қайрат-күші кемімеген батыр өз еркімен қаруынан айрылмайды. Қаруынан айрылу өліммен тең. Батыр қаруынан айрылса басынан бағы тайғандай күй кешеді, ол тек қолына қаруын қайта түсіріп, атына мінгенде ғана қайраты арта түседі. М. Қашқари сөздігінде басында дулығасы, үстінде сауыты жоқ ерді «башнақ ер» деп атайды, оны аударған А. Егеубай «жалаң деген мағынаны білдіруі мүмкін» дейді[3,526-б.].Осы ойлар да халықтың «Қару дайындаған құлын болар, қаруды ұмытқан тұтқын болар» деген бір ауыз сөзімен түйінделген. Қазақ жоңғар қақтығысы кезінде, қазақ хандары мен сұлтандар, билер мен батырлар Мәртөбе мен Күлтөбенің басына жиналып кеңес құрған.Кеңеске келген жауынгердің бірде-бірі жиналысқа қарусыз келмеген. Қарусыз келген жауынгерге орын берілмеген және ол сайлауда дауыс бере алмаған. Тынымсыз соғыстар, қазақ даласын жаулап алу мақсатында жүргізілген шапқыншылықтардан қорғану мақсатындағы күрес қазақтың бойында жауынгерлік, батырлық дәстүрді қалыптастырды. Хандар мен сұлтандардың өзі сыртқы саяси мәселелерді шешкенде белгілі батырлардың әскери және саяси қолдауына сүйенді. Ханның күштілігі мен беделі оны қолдаушы батырлардың тектілігі мен саны арқылы да танылды. Ханның өзі кейде жорықтардан қалып, батырларды жасақтарымен бірге аттандырып отырған. Көшпелі халықтың алыс, орта және жақын қашықтықта қолданылатын қарулар және қорғаныс жарақтар болып бөлінді. Ерте заманнан евразиялық көшпелі халықтар жауынгерлерінің алыс қашықтықта айқаста қолданған басты қару түрі-жақ болды. Белгілі қару зерттеуші М.В.Горелик жақтарды конструкциясына байланысты қарапайым типі, күшейтілген типі, күрделі типі, құрамды типі деп 4 типке бөледі [4,59-б.]. Археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған заттай деректерге сүйенсек көшпелі садағының ең көне түрі «скифтік типтегі садақ» деп аталатын түрі болды. Жақтың ұзындығы шамамен 60-80 см, соған сәйкес оғының ұзындығы 60-70 см болды. Дала көшпелілерінің б.з. дейінгі III ғасырдан бастап садақтың жасалуы әрі жетілдіріліп, алысқа ату үшін адырнаның иіндері ұзартылып, бастары мен белі атқан кезде қозғалмас үшін 7 сүйектермен күшейтілген болып жасалған. Садақтың бұндай түрін ғалымдар көшпелі жауынгер ғұндар садағы деп атады. Еуразия аумағын б. з. I-II мыңжылдығында мекендеген көшпелілер жақтарының жекелеген түрлері осы ғұн садағының негізінде дамыды. Археологиялық қазба

кезінде ғұн, түркі заманына жататын обалардан мұндай адырна сүйектері жиі табылған.

Б.з. V-VI ғасырларында ғұн садағын әрі қарай жетілдіру барысында пайда болған «түркі садағының» басты ерекшелігі - оның иінің ішкі бетіне сүйек салып, сүйектің серпінді күші қолдануында. Археологиялық қазба барысында табылған садақ қалдықтары, адырна сүйектері, жақтың кішкене модельдері көне түркілердің бейнелеу өнері ескерткіштерінде садақтың суреттері, оның формасын, көлемін, белге тағылу әдісін толық қалпына келтіруге мүмкіндік беретінін Қ.Ахметжанов еңбектерінде қамтылған[2,53 б.].

Бұл садақ та күрделі - құрама садақ болды, ұзындығы 120 сантиметр. XIII ғасырда көшпелілер садағының төртінші түрі – «моңғол садағы» қолданысқа енді. Бұл садақтың адырнасы екі түрлі ағаштан жасалынып, иіндері бір немесе екі жағынан сүйекпен күшейтілген. Санкт – Петербургтегі этнография музейінде қойылған моңғол садағының иінінің екі жағынан сүйекпен күшейтілген. Иіні мен басының түйіскен жерінде кіріс адырнаны қатты ұрмас үшін сүйектен яғни малдың бақайшағынан жасалған қорғаныш бар. Жақты бұлай жасау сол кезеңдегі күллі түркі моңғол халықтарына ортақ жасау әдісін қолданғандығы туралы Сольовьев өз еңбектерінде қарасырып кеткен[5, 27 б.]. Қазақ садағы да осы үлгідегі садақ. Оның да иіндері сүйекпен күшейтіліп, басы ағаштан бөлек жасалып иініне бекітіледі. Жақтың адырнасына қайын, қарағай, қолданылып, оның иініне малдың қабырға сүйегі қолданылған болуы керек. Жақтың иінінің бетіне тарамыс жапсырылып, құралған бөліктері қайыспен буылып, су өтпес үшін майға суарылып, қайынның тозымен қапталады. Кейде жақтың терімен қапталған түрі де кездеседі.

XV ғасырдан бастап серпіні күшті болу үшін әртүрлі материалдардан, бес буыннан құралып жасалған жақтың бесінші түрі қалыптасты. Жақтың бұл үлгісі көшпелілер садағының дамуының соңғы кезеңі деуге болады. Еуразия даласын мекен еткен көшпелілердің қару-жарақ түрлері мен типтерінің қалыптасуынан біз, олардың қару-жарағы алыс қашықтықта, орта қашықтықта және жақын қашықтықта қолданылатын қарулар және қорғаныс жарағы болып бөлінетіндігін байқадық. Көшпелілер садағының: скифтік типтегі садақ, ғұн садағы, моңғол садағы деген түрлері болғандығын аңғардық. Солардың негізінде қазақ садағы да жасалып, осы үлгідегі садақ деп аталатын күрделі садақ түрі болды.

Б.з. дейінгі I-мыңжылдықтың ортасынан б.з V ғасырына дейін көшпелі жауынгерлерінің жақ пен жебені бірге салып алып жүретін садаққабы теріден екі қалталы болып жасалатын. Түркі заманынан бастап (V-VIII ғ.ғ.) жақ пен оқтың қаптары екі бөлек жасалды. Қазақтарда садақ пен жебе бұрын басты қарудың бірі болып, қазақ жауынгерлері садақ тарту өнерін жетік меңгерген болатын. Ілгеріде көптеген аңшы, жауынгерлердің, батырлардың есіміне «мерген» аты қосылып айтылуы да осының дәлелі.

Қазақтарда 22 наурыз мейрамы уақытында жүзіктің көзінен жебені өткізетін сайыстар болған. Сол сайыста құралайды көзген атқан мергендер жарысқа түсіп, үлкен атақты иеленген. Садақтың адырнасы бес функционалдық бөліктен құралып жасалады. Қолға ұстайтын жері – «белі», иілген бөліктері – «иіні», кірісі байланатын екі ұшы – «басы». Адырнаның белі мен басы қозғалмайды. Қатты бөлігі–иіні қозғалатын, серпінді бөлігі. Ал әр бөлік әр түрлі сүйек, мүйіз, ағаш, тарамыс, тері, тоз материалдарынан жасалатын бірнеше конструктивті элементтерден тұрады. Жебе-садақ оғының масағы. Қорамсақ – садақ оғының сауыты. Оны белге байлап немесе иыққа асып алады. Қалың көннен жасап өрнектейді. Қорамса ішінен екі қатар көлденең таспа тартады, оған жебелерді қатарлай тізеді. Оқтың алуға оңай болуы үшін жебенің кірісі төмен қаратылады. Сабының түрлеріне, қанаттарына (қауырсындары), ұштарындағы оқтардың жасалу материалдары мен түрлеріне және оқтың жеке атаулары мен міндеттеріне қарай бөлінген. Жебелерді сабының түрлеріне қарай бөлуде оқ саптарының қандай ағаштан жасалуына, саптарының ұзындығына және оқ саптарының түсіне байланысты жіктеу жасауға болады. Қандай ағаштан жасалғанына қарай оқтардың «қу жебе», «қайың оқ», «тобылғы сапты оқ», «қамыс сапты оқ» деген атаулары болады. Батырлардың қарулануын білдіретін, «бес қаруын асынды», «бес қаруы бойында», «бес қаруын сайланған» деген сөз тіркестері ана тілімізде, ауыз әдебиетте жиі

қолданылады. Соғысқа қатысты «ер қаруы» деген сөз тіркесі, халықтық әскери термин ретінде, жай қару емес, соғыс қаруы, жауынгердің соғыста қолданатын жеке қаруы (қылыш, айбалта, найза т.б.) деген ұғымды білдірген. Қазақтың «ер қаруы - бес қару» сөздерінің астарында көшпелі халықтарда ертеден қалыптасқан, жауынгерлік қаруды классификациялаудың осы өзіндік жүйесі жатқанын байқауға болады. Ал осы оқтар көркем әдебиетте былайша көрініс табады: «Ши оқпен емес, тобылғы оқпен атам, - деді, Көшек қара ағаштың бұтағынан иілген, әдемі кішкентей садағын сайлап. - Мына ұшқыр оқтарым жоғалмасын деп қой ши оқпен атып жүргенім. Сырты күмістелген кішкене, былғары қорамсағынан бір уыс қызыл тобылғы оқ суырды. Тобыршығы - жез, қауырсын орнына бір-бір тұтам шуда жіп байлаған» [6, 27 б.].

«Ер Тарғын» жырынан «доғал оқ» деген оқ түрін көруге болады: «Тарғын бұл Қартқожаққа кезек беріп, атсаң ат деп, қарсы қарап тұрып еді, Қожақ мұны сыйлап, атуға қимады. Не үшін десеңіз: «мен алпыс беске келген, сақалым қуарған бір қарт шалмын, бұл ғой, жас болса да, қасындағы Ақжүністей сұлуды қиып, әм өзінің жанын қиып, маған қарсы тұрды. Бұл өте батыр екен. Мұның өзін де атпайын, атын да атпайын тек мұның қорамсақтағы жүз алпыс кез оғын жалғыз доғал оқпенен атып уатайын. Соныменен өзімнің оны аяп атпағанымды білдірейін, оның ақылы болса, ойлап білер де, қызды маған тастар да, жүре берер» - деп, бір жалғыз доғал оқпенен салып қалғанда, Тарғынның қорамсақтағы жүз алпыс кез оғын күлпара қылып уатып кетті» [7, 135 б.].

Көшпелілердің қару-жарақтары, соғыс тәсілдерін қамтыған тақырыптар бойынша ғылыми зерттеулер, танымдық еңбектердің ішінде ер қаруы бес қарудың бірі садақ және оның жебесі туралы біршама еңбектер жарыққа шыққан. Оның кейбірінде жебенің қалай жасалғаны, не мақсатта пайдаланатындығы, қандай қашықтыққа ұшатындығы, салмағы мен ұзындығының қандай екендігі бойынша ғылыми тұрғыдан сипаттама беріліп, зерттелген. Ал қазақ халқының ауызша және жазбаша әдебиетіндегі батырлар жыры, ертегілер, аңыз әңгімелерде, ондағы берілген кейіпкерлердің барлығының батырлығы мен олардың қолданған қару жарақтарының түрлері мен жебелерінің атаулары айтылады. Зерттеуші ғалымдардың деректеріне сүйенсек, қазақ халқының ауызша және жазбаша әдебиетінде жебе атауларының 40-қа жуық аттары анықталып, олар жырларда, дастандарда және көркем әдебиетте қалай қолданылғандығы жайында айтылған.

Қазақ халқының қару-жарақтарын зерттеуші Қ. Ахметжан соғыста және аңшылықта қолданылатын садақ оқтарының бірнеше түрлері болатындығын айтады. Садақ оғы ұшының формасы, жасалу материалы мен қолдану қызметі арқылы анықталды дей келіп, қазақ оқтарының жебелерін жасалған материалына сәйкес топқа, жебе басының пішініне байланысты типке, қимасына байланысты үлгіге, ал ұзындығына байланысты нұсқаға бөледі. Бұл ғылыми тұрғыдан садақ оқтарының ең бір жүйелі жүргізілген жіктеуі екенін айта кету керек. Жебеге қатысты атауларды М. Қашқари еңбегінен кездестіруге болады. Мысалы «азұқ оқ» (қаңғырған оқ), йасыш (жебенің басындағы темірі), темүркен немесе теміркен (бұларда оқтың темір ұшы), тылы (оқтың басына (ұшына) байланатын қайысы), боры басы (оқ басының жебе ұшына еңгізілетін тұсындағы кертік, айылбасы) және шырғұй (жебе басының қалың, жуантық басы) [3, 314 б.]. Бұдан біз, жебенің түрлерінің көптігі және оның ішінде бізге жеткен жебе атауларының бір бөлігімен ғана танысып отырмыз. Ата бабаларымыздан қалған мұралар көп, одан өзімізге қажетін аламыз және оның өтеуі ретінде береріміз де көп.

Қару-жарақ соғыс өрті толастамаған заманда аман қалудың, жан сақтаудың бірден-бір құралы болды. Қазақтың бес қаруының бірі – садақ пен оның жебесінің осынша көп түрі мен атауы болуы көшпелі әскери өнер мен дәстүрдің қазақ даласында күрделі даму жолының болғандығын байқаймыз. Көшпелі әскери өнердің өте жоғары деңгейде дамығанын, қазақтың қару-жарақтарының ертеден қалыптасқандығы, оның ұлтымыздың жауынгерлік салты мен қазақтың бойындағы жауынгерлік рухты қалыптастыруда алар орынын көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Валиханов Ч. Избранные труды. Под ред. А.Маргулана. – Алматы: Худ.лит, 1958. – С. 643.
2. Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері. – Алматы: Дәуір, 1996. – 240 б.
3. Қашқари М. Түрік сөздігі. 3-кітап. // Аударған А. Егеубай. – Алматы: Хант, 1998. – 600 б.
4. Ахметжан Қ.С. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. – Алматы., 2006. – 216
5. Сольовьев А.М. Военное дело коренного населения Западной Сибири. Эпоха средневековья. – Новосибирск., – 1987.
6. Мағауин М. Аласапыран. (Тарихи роман) 1,2-кітап. – Алматы: Жазушы, 1988. – 830 б.
7. Қазақ ертегілері (Құраст. Е. Дүйсенбайұлы). – Алматы: Жазушы, 2009. – 320 б.

References

1. Valikhanov Ch. Izbrannyye trudi. Pod red. A. Margulana. – Almaty: Hud.lit, 1958. – S. – 643.
2. Akhmetzhanov Q.S. Jaragan temir kigender: Batyrlardin qaru- jaragi, askeri oneri, salt-dasturleri. – Almaty: Dauir, 1996. – 240 b.
3. Qashqary M. Turk sozdigi. 3-kitap. // Audargan A. Egeubay. – Almaty: Hant, 1998. -600 b.
4. Akhmetzhan Q.C. Qazaqhtyn dasturli qaru-jaragin in etnografiyasi. – Almaty., – 2006. – 216
5. Sovolev A.M. Voennoe delo korenno go naselenie Zapadnoi Sibiri y. Epoha srednevekoviya. – Novosibirsk., - 1987.
6. Magauin M. Alasapiran (Tarihi roman) 1,2-kitap. – Almaty: Jazushy, 1988. – 830 b.
7. Qazaq ertegileri (Qurast. E. Duisenbayuly). – Almaty: Jazushy, 2009. - 320 b.

ТУРЕЦКАЯ ДИАСПОРА БОЛГАРИИ: АНАЛИТИЧЕСКИЙ ОБЗОР ИССЛЕДОВАНИЙ

Кульсариева С.П.¹, Нурасилова А.²

¹доцент кафедры археологии, этнологии и музеологии Казахского национального университета им. аль-Фараби, к.и.н.

²магистрант 2 курса факультета истории, археологии и этнологии Казахского национального университета им. аль-Фараби.

Аннотация. Одним из крупных этносов Болгарии являются турки, которые занимают второе место по численности среди населения Болгарии. Это объясняет интерес исследователей к турецкой общине Болгарии.

В статье рассмотрена дискуссия исследователей на тему расхождения в использовании терминов «болгарские турки» и «турки в Болгарии». Турецкий ученый Нурай Екиджи считает, что наиболее распространенным термином этнических турок на территории Болгарии является «болгарские турки». В то время как известные ученые в этой области Вольфганг Хепкен и Хью Пултон придерживаются при написании работ термина «турки Болгарии». Члены турецкой общины в Болгарии, которые вернулись в Турцию, определяют себя как «турецкое меньшинство в Болгарии». До сих пор нет единства в данной терминологии, что не совсем понятно авторам статьи, т. к. объект исследования — турецкое население Болгарии — обозначен вполне отчетливо. Рассмотрен вопрос о миграции турок Болгарии на свою историческую родину. Среди ученых, занимающихся проблематикой миграционных процессов, можно выделить исследователя Нурая Екиджи, всесторонне рассматривающий данный процесс в труде «Диаспора турок Болгарии в Турции». В начальном этапе миграции местное население оказало теплый прием, который позже сменился на напряженный. В связи с этим наблюдался обратный отток турок из-за трудностей адаптации. Василева, Пултон, Хепкен и Димитрова приводят разные цифры мигрантов, однако, все авторы подтверждают большую миграцию турок в период 1980-2000-е гг. на историческую родину. Несмотря на обратный отток турок в Болгарию, значительное число турецких репатриантов остались жить в Турции.

В статье проанализирована работа известного турецкого ученого Али Еминова, который поднимает проблему дискриминации турок в Болгарии во второй половине XX века. Дискриминация проявлялась в отношении к турецкому языку, а именно в получении языкового образования. Кроме того, представители турецкой диаспоры не могли участвовать в политическом процессе в Болгарии.

Ключевые слова: болгарские турки, репатриация болгарских турок.

БОЛГАРИЯДАҒЫ ТҮРІК ДИАСПОРАСЫ: ЗЕРТТЕУГЕ ТАЛДАМАЛЫҚ ШОЛУ

Құлсариева С.П.¹, Нұрасылова А.²

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музейтану кафедрасының доценті. ф.ғ.к.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінің 2 курс магистранты.

Аңдатпа. Мақалада алаш зиялыларының ұлттық тарихымыздағы көпсалалы қызметтерінің бір қыры жан-жақты талданады. Зиялылар халқының білім саласына айтарлықтай көңіл бөлді.

Зерттеу барысында осы тұрғыда біршама мысалдар келтірілген. Сонымен қатар, сол дәуірдің тарихы туралы бүгінгі таңдағы бірқатар зерттеулер қарастырылған. Мақала авторлары алаш тұлғаларының қоғамға сіңірген еңбектеріне айтарлықтай баға берген. Жалпы зерттеу жұмысы алаштану, тұлғатану бағыттарында өзіндік орынға ие болатыны сөзсіз.

Түйін сөздер: алаш, интеллигенция, ұлт, революция, қоғам, идеология

THE TURKISH DIASPORA IN BULGARIA: AN ANALYTICAL REVIEW OF RESEARCH

Kulsariyeva S.P.¹, Nurasilova A.²

¹Associate Professor of the Department of Archeology, Ethnology and Museology of the Kazakh National University named after. al-Farabi, Ph.D.

²2nd year master student of the Faculty of History, Archeology and Ethnology of the Kazakh National University named after. al-Farabi.

Abstract. Ethnic Turks are the second largest ethnic group in modern Bulgaria. This explains the interest of researchers to the Turkish community in Bulgaria.

There are several terms referring to the Turkish population in Bulgaria. “The Turks of Bulgaria” and “Bulgarian Turks” are among the most broadly used terms. And these terms are discussed in the article. I would like to pay a special attention to and elaborate on the last term: “Bulgarian Turks”. Turkish scientist Nuray Ekidzhi believes that the most common term of ethnic Turks in Bulgaria is "Bulgarian Turks" . While well-known scientists Wolfgang Hepken and Hugh Poulton use the term " Bulgarian Turks " . Members of the Turkish community in Bulgaria , who had returned to Turkey , define themselves as " Turkish minority in Bulgaria ." There is still no unity in this terminology. That isn't absolutely clear to authors of article. But the object of research - the Turkish population of Bulgaria is designated quite distinctly. The problem of the Bulgarian Turks migrating to their historical homeland is considered in the article. Among the scientists involved in the problems of migration can be distinguished researcher Nuraya Ekidzhi. In the work "Diaspora of Turks of Bulgaria in Turkey" Nuraya Ekidzhi comprehensively considers this process.

Keywords: Bulgarian turks, repatriation of Bulgarian Turks

Турки в Болгарии — вторая по численности этническая, языковая и конфессиональная группа в составе населения современного государства Болгария. В начале XX века они составляли 14,2%. С 1926 года, несмотря на несколько волн миграций, процент представителей турецкой общины Болгарии оставался стабильным в пределах 9-10%. Согласно предварительным результатам переписи в марте 2001 г., 758 000 или 9.5% населения Болгарии составляют этнические турки [1].

Проблема этнонима и расхождений в терминологии в трудах ученых.

Существует ряд терминов, наиболее широко распространенных в научных кругах: “турки”, “турецкое меньшинство”, “турецкая община”, “этнические турки”, “турки в Болгарии”, “турки Болгарии” и “болгарские турки”. Антрополог Нурай Екиджи в своих работах особое внимание обращает на термин “болгарские турки”. По мнению Н. Екиджи, “болгарские турки” - наиболее широко используемый термин для обозначения этнических турок в Болгарии. Этот термин особенно распространен в болгарской литературе, например, в «Bulgarskite Turci». Однако этот термин в труде Екиджи рассматривается как термин, не определяющий идентичность рассматриваемого сообщества, по мнению автора использование данного термина является неправильным [2, с. 43].

Члены турецкой общины Болгарии, особенно те, которые вернулись в Турцию, определяют себя как члены “турецкого меньшинства в Болгарии”, а не “болгарские турки”. Термин “болгарские турки” редко используется самими турками как этноним. Например, в ответ на статью “Bulgarian Turks: from where to where?” [3], которая была издана в одной из ежедневных газет Турции, опубликована следующая декларация одной из иммигрантских ассоциаций: «...они (местное население в целом и штат газеты в особенности) определяют нас как болгар, которые ассимилировались в турок или турок, ставших болгарами? Мы отличаемся от них, мы настоящие турки и наследники Османской империи ...» [4].

Таким образом, в научной литературе существует расхождение в использовании термина “болгарские турки” различными авторами, так как данный термин не совсем точно характеризует турецкую общину в Болгарии, в связи с чем было принято решение использовать термин “турки Болгарии”. Например, Вольфганг Хепкен [5] и Хью Пултон [6], одни из наиболее известных ученых и видных исследователей в этой области, придерживаются при написании работ термина “турки Болгарии”, вместо “болгарские турки”. То же самое может быть сказано об Али Еминове [7] и Билале Симсире [8], а также других турецких авторах из Турции. Интересным является то, что сообщество турок Болгарии в Турции принято называть “болгарская диаспора”.

В Турции функционируют многочисленные иммигрантские ассоциации. Большинство иммигрантских ассоциаций принадлежит не только туркам Болгарии, но также туркам из других балканских стран. Количество таких организаций превышает восемьдесят. Ассоциаций, которые включают исключительно турок Болгарии не много. Эти ассоциации можно легко отличить по присутствию в названиях следующих слов: “Болгария”, “турки Болгарии” и “болгарские турки”. Таким образом, мы видим, что турки, эмигрировавшие в Турцию из Болгарии, самоидентифицируют себя, как “турки Болгарии” или “Болгарские турки” [9, с. 43].

Не совсем понятна настойчивость авторов, склоняющихся к тому или иному названию этой этнической группы и не признающих другие варианты названий. На наш взгляд, решение данного вопроса не является столь важным, поскольку объект исследования — турецкое население Болгарии - обозначен довольно четко.

Миграционные процессы, статистика и проблема адаптации репатриантов.

Существующая этническая и религиозная ситуация в Болгарии - продукт тысячелетних миграционных процессов. Среди ученых, занимающихся проблематикой исторических миграций турок, можно выделить исследователя Нурай Екиджи, всесторонне рассматривающую данный процесс в труде «Диаспора Турок Болгарии в Турции» [9, с. 43]. Согласно ее исследованиям, поток миграции от Балкан в Анатолию продолжался довольно долго. Но, если после распада Османской империи Турция была государством, принимавшим поток миграции турецких и/или мусульманских общин в целом, то в 1990-х годах по причине военных конфликтов на Балканах, Турция стала страной, принявшей значительное количество беженцев не только турецкого происхождения из Боснии, Косово, Македонии и Болгарии [10].

Необходимо отметить, что до сих пор отсутствуют точные данные о численности населения диаспоры турок Болгарии, данная проблема возникла вследствие того, что, во-первых, было проведено недостаточно систематических и беспристрастных исследований в области изучения диаспоры турок Болгарии, другой причиной можно считать продолжающуюся мотивационную эмиграцию.

Относительно числа турецких репатриантов в период с 1989 года есть много источников, основанных на сведениях из различных изданных или неопубликованных, официальных или неофициальных баз данных. Большинство источников, однако, более или менее сходятся в вопросе о числе иммигрантов, прибывших в Турцию из Болгарии еще на начальном этапе миграции в 1989 году. Можно утверждать, что около 350 000-400 000 турок уехали из Болгарии во время этого периода. К примеру, Василева утверждает, что в период с мая по 10 сентября 369 839 турок уехали из Болгарии [11]. Пултон и Хопкен [12] воздерживаются от предоставления

точных чисел, отмечая только приблизительные цифры “более чем 300 000” и 370 000, соответственно [13]. Димитрова, используя турецкие источники, утверждает, что число иммигрантов в период только с 3 июня по 21 августа 1989 года было 311 862 [14].

В то же время было также и обратное движение - обратный отток турков в Болгарию из-за трудностей адаптации, с которыми сталкиваются иммигранты в Турции. Согласно Василевой, 154 937 беженцев вернулись в Болгарию между 1989 и 1990 [15, с. 21]. Желязкова утверждает, что 120 000 вернулись, в то же время Карпат приводит другую цифру - 8 000 изменивших свое решение [16, с. 20]. Данная цифра вызывает сомнение. Димитрова, с другой стороны, утверждает, что около 150 000 вернулось в Болгарию [17, с. 79].

Итак, в результате иммиграции, от 210 000 до 215 000 болгарских турок поселились в Турции после начала эмиграции. Согласно Василевой [15] (1992, 348) и Димитрову [17] (1998, с. 83) их число составляет 214 902 и 212 688 соответственно. Следовательно, число иммигрантов прибывших в Турцию между 1990 и 2000 годами, несмотря на маятниковую миграцию, составило свыше 300 000 человек.

Особое внимание исследователи обращают в своих трудах отношениям между местным населением Турции и репатриантами. Согласно их данным, можно утверждать, что теплый прием, оказанный местными жителями на начальных этапах эмиграции, сменился позже на латентную напряженность. На начальных этапах эмиграции, иммигрантов называли “товарищами” (Soydash), но вскоре их стали называть “иммигрантами” (Göçmen) – термин, обычно имеющий уничижительный смысл, иногда применяя к ним термин “болгары” или “неверные” (Giavours) [20, с. 125].

На наш взгляд, существующее положение со статистическими данными по турецким мигрантам показывает настоятельную необходимость проведения серьезного исследования по вопросам репатриации на основе единых статистических данных. Такое исследование необходимо для получения реальной картины, сложившейся в вопросе миграции и реэмиграции турок Болгарии.

Тема дискриминации турок Болгарии в трудах ученых.

Один из видных турецких антропологов Али Еминов, исследователь культурных и исторических процессов турок в Болгарии, в труде «Турки и татары в Болгарии и на Балканах» особое внимание уделяет подробному анализу турецких, болгарских, европейских, и американских публикаций по данной тематике. Кроме того, его исследование опирается на широкий круг правительственных документов, статей, работ выдающихся ученых и публицистов, а также отчетов правозащитных организаций [21].

Али Еминов поднимает проблему дискриминации турок в Болгарии во второй половине двадцатого века, т.е. в социалистической Болгарии, в следующих главных сферах: статусе турецкого языка в Болгарии, праве на получение языкового образования, статусе исламских учреждений и участии турок в политическом процессе.

Исследователи Эран и Кристина Крамер в труде «Болгарский национализм и турецкий язык в Болгарии» рассматривают язык как основной аспект национального единства в Болгарии в XIX-XX в. [22]. К сожалению, объединение в языковом отношении этнических групп, говорящих на различных языках, являлось трудным, почти невозможным процессом. Кроме того, религиозные границы, установленные между православными и мусульманами во время османского правления, не могли не отразиться на процессе дальнейшей ассимиляции турецкого народа. В течение 1970-1980-х гг. болгарские лидеры делали попытки через дискриминацию преодолеть трудности, связанные с ассимиляцией различных этнических групп в Болгарии, утверждая, что все население Болгарии, независимо от их этнической, религиозной, или лингвистической принадлежности, едино. Таким образом, Димитр Стоянов, Министр внутренних дел, оправдывал принудительную ассимиляцию турок в Болгарии 1985: «Все наши соотечественники, которые поменяли свои имена

на болгарские [турки], являются болгарскими. Они - дети болгарской страны. В Болгарии нет турок» [23].

Работы Маева М. посвящены анализу процесса, связанного с принудительной ассимиляцией турок в Болгарии. Данное исследование охватывает период с начала обретения Болгарией независимости в 1878. Автор также делает акцент на принципах языковой и образовательной политики болгарского правительства по отношению к турецкому меньшинству. Этот исторический период, когда около миллиона турок, живущих в Болгарии, были вынуждены сменить турецкие имена на болгарские, особенно активно проводился в 1984-1985 гг. Особое внимание автор уделяет событиям происходившим во время господства коммунистической идеологии в Болгарии.

Работа Ричарда Крэмптона «Турки Болгарии» посвящена анализу образовательной системы турок в Болгарии [24]. Болгария унаследовала децентрализованную образовательную систему от Османской империи, где каждая этнорелигиозная община была ответственна за получение образования членами самой общины. Во время османского периода в Болгарии турецкий язык был языком высокого статуса и многие болгары учились на турецком языке, в то время как турки в основном остались одноязычными, и знали только турецкий язык. Большое количество турецких слов вошли в литературный и разговорный болгарский язык. После получения независимости Болгарии в 1878 г., языковая ситуация в Болгарии была кардинально изменена. Болгары прекратили изучение турецкого языка, в то время как турки чувствовали потребность в изучении болгарского языка. Начиная с этого момента, болгарские слова стали включаться в турецкий литературный и разговорный язык [25].

О защите образовательных и других культурных прав меньшинств было написано в положении Берлинского Мирного договора 1878 г., при установлении королевства Болгария, данные положения были утверждены в последующих международных и двусторонних соглашениях между Болгарией и Турцией. В статье 54 было сказано: "национальные меньшинства имеют равное право обучаться на родном языке в школах и других образовательных учреждениях". Эти требования были включены в правовую систему Болгарии [27]. Слияние турецких школ с болгарскими в период между 1960 и 1972 годами совпало с новыми требованиями болгарского правительства в отношении к турецким писателям и редакторам, о замене турецких слов на болгарские и русские слова. В связи с этим был определен огромный список, состоящий из турецких слов, предложенных для замены [28]. Писателей и редакторов, которые не соблюдали эти рекомендации, подвергали строгой цензуре и наказаниям административного характера. Многие работы знаменитых турецких писателей так и не были изданы. Центральный комитет Болгарской Компартии издал директивы, отвечающие на вопрос: почему турецкое население против принципа "одной страны, одного языка, одной культуры". [31].

В настоящее время публикация газет и журналов на турецком языке возобновилась, хотя некоторые из новых периодических изданий потерпели неудачу из-за отсутствия соответствующего финансирования. На турецком языке есть новостные каналы на болгарском национальном радио и телевидении. Однако по большому счету вопрос о СМИ на турецком языке в Болгарии до сих пор остается нерешенной проблемой, потому что большинство радио и телепрограмм лишь только транслируют новости с радиостанций Турции. Данная ситуация свидетельствует об отсутствии собственных радиопередач, телепрограмм и соответствующей прессы на турецком языке в Болгарии [32].

Турецкий язык в Болгарии не находится под угрозой полного исчезновения. Так же, языки не находятся под угрозой исчезновения в тех местах, где носители языка проживают компактными группами. Как считает Али Еминов, языки "выживают, где люди несколько изолированы физически или в психологическом отношении от господствующей тенденции, распространенной в обществе" [33]. (Еминов минорети языка) В Болгарии говорящие на

турецком языке проживают компактно в юго-восточных и северо-восточных областях страны, в этнически гомогенных деревнях и городских районах, где родной язык используется в качестве основного средства коммуникации. Это является хорошей базой для сохранения языка, как указано выше.

Все сказанное свидетельствует что, начавшееся в постсоциалистический период, национальное возрождение турок Болгарии не проводится в должной мере. Несмотря на проводящиеся меры, видны следы существовавшей ранее дискриминации и отсутствие государственной заинтересованности в положительной динамике вопроса.

Анализ исследований по ряду проблем этничности турок, проживающих в Болгарии, показал, что среди ученых до сих пор не найден единый этноним для их идентификации. Вопрос единого этнонима представляется важным для исследователей, занимающихся болгарскими турками.

Другая важная проблема, привлекающая внимание исследователей — миграция турков из Болгарии в Турцию и ее последствия. Большое расхождение в численности мигрантов указывает на то, что строгой статистики по данному вопросу нет. Другое объяснение — часть мигрантов возвращается в Болгарию, не сумев адаптироваться в Турции. Положение с маятниковой миграцией является одной из причин расхождения в статистических данных, однако, это не снимает проблему уточнения или упорядочивания данных в стратегически важном вопросе.

Ряд исследователей рассматривают историю изменения статуса турецкого языка в Болгарии и современное отношение к нему в стране, включая систему образования, находя существующую ситуацию как дискриминационную. Анализ трудов исследователей показал, несмотря на то, что турецкая диаспора Болгарии является вторым по численности этносом в стране, представители этого этноса не находят поддержки со стороны государства в вопросах укрепления собственной идентичности и являются ущемленной в правах частью населения страны.

Литература

1. Appears in Victor A. Friedman and Donald L. Dyer, eds. *Of All the Slavs My Favorites: In Honor of Howard I. Aronson*. Indiana Slavic Studies 12: 155-69, 2001.
2. Nuray Ekici. *The Diaspora of the Turks of Bulgaria in Turkey. Historical Background*. - Ankara: Ministry of Foreign Affairs Press, 2001. - p. 43 .
3. Cumhuriyet (Daily Turkish Newspaper), 8 August 2003.
4. Balkan Sentezi (Monthly Newspaper): September 2003.
5. Höpken, Wolfgang. *From Religious Identity to Ethnic Mobilization: The Turks of Bulgaria Before, under and since Communism*, in *Muslim Identity and the Balkan State*, (eds.) Hugh Poulton and Suha Taji-Farouki. – London, 1997.
6. Poulton, Hugh and the Minnesota Lawyers International Human Rights Committee (MLIHRC), *Minorities in the Balkans, the Minority Rights Group, Report 82*. London, 1989.
7. Eminov Ali. *Turkish and Other Muslim minorities in Bulgaria*. – London, 1997.
8. Simsir Bilâl. *Turkish Minority Education and Literature in Bulgaria*. - Ankara: Ministry of Foreign Affairs Press. - P. 145.
9. Nuray Ekici. *The Diaspora of the Turks of Bulgaria in Turkey. Historical Background*. - Ankara: Ministry of Foreign Affairs Press, 2001, - 43 p.
10. Oran, Baskin (ed.). *TDP'nin Kurumsal Çerçevesi [The Institutional Framework of the Turkish Foreign Policy]*, in *Türk Dis Politikasi: Kurtulus Savasından Bugüne Olgular, Belgeler, Yorumlar [Turkish Foreign Policy: From the Independence War to Present: Facts, Documents, Comments]*, 2001. Vol.I:1919–1980, Istanbul. 20–53.
11. Vasileva Darina. *Bulgarian Turkish Emigration and Return*, in *International Migration Review*, 1992. Vol. 26, No. 2,342–52.
12. Poulton Hugh. *The Balkans: Minorities and States in Conflict*. London, 1993.
13. Poulton Hugh and Suha Taji-Farouki. *Muslim Identity and the Balkan State*. London, 1997.
14. Dimitrova Donka. *Bulgarian Turkish Immigrants of 1989 in the Republic of Turkey*, in *Mezhdú adaptatsiyata I nostalgiyata: Bulgarskite Turtsi v Turtsia [Between Adaptation and Nostalgia: The Bulgarian Turks in Turkey]*. Sofia, 1998. pp. 76–139.
15. Vasileva Darina. *Bulgarian Turkish Emigration and Return*, in *International Migration Review*, 1992. Vol. 26, No. 2,342–56.

16. Zhelyazkova, Antonina: 2002, Turcite v Bulgaria [Turks in Bulgaria], in Dve [Two], Vera Moutafchieva and Antonina Zhelyazkova, Sofia. – pp.161–197.
17. Dimitrov, Vesselin. “In search of a homogeneous nation: the assimilation of Bulgaria’s Turkish minority, 1984-1985,” *Journal of Ethnopolitics and Minority Issues in Europe*, 2000. December 23, 23 pages. Available at www.ecmi.de/publications/jemie/data.dimitrov.pdf
18. Toumarkine Alexandre. *Balkan and Caucasian Immigrants Associations: Community and Politics*, in *Civil society in the Grip of nationalism: Studies on Political Culture in Contemporary Turkey*, eds. Stefanos Yerasimos, Günter Seufert and Karin Vorhoff. Istanbul, 2000.
19. Dimitrova Donka. *Bulgarian Turkish Immigrants of 1989 in the Republic of Turkey*, in *Mezhdú adaptatsiyata I nostalgiyata: Bulgarskite Turtsi v Turtsia [Between Adaptation and Nostalgia: The Bulgarian Turks in Turkey]*. Sofia, 1998. pp.76–139.
20. Georgieva Tzvetana. *Coexistence as a system in the Everyday Life of Christians and Muslims in Bulgaria*, in *Relations of Compatibility and Incompatibility Between Christians and Muslims in Bulgaria*, (Sofia: International Centre for Minority Studies and Intercultural Relations’ Foundation), 1994. - pp.151–178.
21. Ali Eminov. *The Nation-State and Minority Languages:Turkish in Bulgaria*. Радио"СвободнаяЕвропа" 1985: 5. - Wayne, Nebraska: Wayne State College, 2003.
22. Bulgarian nationalism and Turkish language in Bulgaria.” In Fraenkel, Eran and Christina Kramer, eds. *Language Contact – Language Conflict*. New York: Peter Lang, 2001. - pp. 43-71.
23. *Turks and Tatars in Bulgaria and the Balkans*. Ali Eminov(book) *Nationalities Papers*, 2003. Vol. 28, No. 1, 2000.
24. Richard Crampton , "The Turks of Bulgaria, 1878-1944," *International Journal of Turkish Studies*, 1989, pp. 43-78 .)
25. Nuray Ekici.: *The Diaspora of the Turks of Bulgaria in Turkey. Historical Background*. - Ankara: Ministry of Foreign Affairs Press, 2001, - 43 p.
26. Oran, Baskin (ed.). *TDP’nin Kurumsal Cercevesi [The Institutional Framework of the Turkish Foreign Policy]*, in *Türk Dis Politikasi: Kurtulus Savasindan Bugüne Olgular, Belgeler, Yorumlar [Turkish Foreign Policy: From the Independence War to Present: Facts, Documents, Comments]*, 2001. Vol.I:1919–1980, Istanbul. 20–53.
27. Ali Eminov. *The Nation-State and Minority Languages:Turkish in Bulgaria*. Радио"СвободнаяЕвропа" 1985: 5. - Wayne, Nebraska: Wayne State College, 2003.
28. “Bulgarian Turks and the European Union.” – In: Rusu, H. and B. Voicu (eds.) *EU Integration Process from EAST to EAST: Civil Society and Ethnic Minorities in a Changing World. Proceedings from a Round Table for young Social Scientists*. Sibiu: Psihomedía Publ. House, 2005, p. 119-126.V
29. Richard Crampton. "The Turks of Bulgaria, 1878-1944,"*International Journal of Turkish Studies*, 1989. 4 (2). - pp. 43-78.
30. Ali Eminov. *The Nation-State and Minority Languages:Turkish in Bulgaria*. - Wayne, Nebraska: Wayne State College, 2003.
31. Ali Eminov. *The Nation-State and Minority Languages:Turkish in Bulgaria*. - Wayne, Nebraska: Wayne State College, 2003.
32. Çavu Mehmet. *Yüzyıl Bulgaristan Türkleri _iiri: Antoloji*. stanbul: Yaylacık Mat baası. Translated from Turkish (Çavus 1988: 68-69) and paraphrased by the author Ali Eminov, 1988. - p. 20.
33. Ali Eminov. *The Nation-State and Minority Languages:Turkish in Bulgaria*. - Wayne, Nebraska: Wayne State College, 2003.
34. Todorova, Maria. *Language in the Construction of Ethnicity and Nationalism: The Case of Bulgaria*. - (Working Paper 5.5.) Berkeley: University of California Center for German and European Studies, 1992.
“Bulgarian nationalism and Turkish language in Bulgaria.” In Fraenkel, Eran and Christina Kramer, eds. *Language Contact – Language Conflict*. New York: Peter Lang, 2001. - pp. 48-71.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.
 ӘОЖ / УДК / UDK 339.9

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЖЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Құрманбаева Г.Қ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен «Ғылым ордасы» Ш.Уалиханов атындағы Тарих және этнология институтының 2-курс магистранты.

Аңдатпа. Мақалада ақын, фольклортанушы, тарихшы М.Ж. Көпейұлының қолжазбаларына сүйене қазақтан шыққан қажылар мен олардың қажылық сапардың парыздарын орындау амалдары, туындаған жол қиындықтары мұрағат және баспасөз материалдарымен байланыстырыла жазылған.

Түйін сөздер: қажылық, мұсылман, қажы, дін, Мекке, Медина

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЖЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Курманбаева Г.К.

Магистрант 2 курса Казахского национального университета имени аль-Фараби и Института истории и этнологии им.

Аннотация. В статье поэт, фольклорист, историк М.Ж. На основе рукописей Копейули написаны паломники из Казахстана и их методы выполнения обязательств паломничества, трудности, встречающиеся в пути, в связи с архивными и печатными материалами.

Ключевые слова: паломничество, мусульманин, паломник, религия, Мекка, Медина.

THE ISSUE OF HAJJ IN THE WRITINGS OF MASHKHUR ZHUSSUP KOPEYULY

Kurmanbayeva G.K

Master Student of the al-Farabi Kazakh National University and Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch.Valikhanov

Abstract. This article describes the manuscripts of the poet, historian and folklorist M.Zh.Kopeev's poems. And Kazakh pilgrimage the difficulties in their way and relationship with the press and archives.

Keywords: pilgrim, Muslim, Hajji, religion, Mekka, Medina

Қазақ қажылық сапарының тарихы туралы деректер қажылыққа барған жеке адамдардың естеліктерінен, жазбаларынан, қажылар туралы қисса-дастан, деректі өлеңдерден, әр кезеңде басылған мерзімді баспасөздегі хабарлама, қажылардың жол жүруге байланысты өтініштері, берілген анықтамалық қағаздары қатталған мұрағат құжаттарынан тұрады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы діни жөн-жоралғы жасау мақсатында Мекке-Мединаны бетке алған алғашқы қажылар туралы деректі әңгімелер, өлеңдер, қисса-дастандар жазу арқылы қазақ қажылығы туралы мол мағлұмат қалдырған. Тарихшылар Е.Бекмаханов [1], Ә.Марғұлан [2], М.Қозыбаев [3] Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазба дерегінің маңыздылығына жоғары баға берген.

Жас кезінде Шығыс әлемінің білімімен сусындаған, кейіннен орыс тілін меңгеруі арқылы Батыс өркениетінің де ғылыми жаңалықтарымен танысқан М. Көпейұлы тарих, этнология, фольклор, әдебиет, тіл тарихы, этнография, философия, медицина, космология тағы басқа ғылым салаларына арналған көптеген еңбектер жазып қалдырды. Мәшһүртанушы Е.Қ. Жүсіпов Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жөнінде: «Деректанушы ретінде Мәшһүр Жүсіп Отан тарихына қатысты деректердің кез келген түрлерін: естелік кітапша, тарихи зерттеу шежіре нұсқалары, діни, мифологиялық жер-су аттарына қатысты топографиялық аңыз-әңгімелері т.б жинастырған», - деп жазуы оның бүгінгі күн белесінен тұлғалық тұғырын айқындап береді [4, 19-б.].

Мәшһүр Жүсіп қажылыққа байланысты көрген-білген, естігенін қағазға түсіріп отырған. Бұрынғы жазғандарын жаңа деректермен толықтырды. Сиямен жазған қағаздарын «месі» тәсілімен сақтап отырды. Ол жазбаларын Мекке мен Мединеге барып келген қажылардан естігендерімен, ел аузында айтылып жүрген түрлі аңыз-әңгімелерді пайдалана жазды.

Енді Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының осы жазбаларына тоқталайық. «Қазақ тарихында» 9.2-мәтін. Қазақ қажылары. (2 нұсқада)» деген нұсқада мынадай дерек келітірледі: «Қазақ қазақ болғанда, бұл қазақта қажыға ілкі бастап барған Уақ Нұркен (Нүрикен) бай. Тоқал қатынымен барып, (Семей қаласы, Аякөз, Піскек, Тоқпақ, Алматы, Әулиеата, Тәшкент, Бұхар жолымен бірінші үлгісінде қалалар аты айтылады) төрт жыл жолаушылықпен жүріп, бесінші жылда аман-есен еліне, жұртына келген. Сол Нұркеннен соң екінші қажыға барушы Күлік-Самай сопы, Баянаулда дуан болып, аузы ашылғанда, указ болған ноғай Байжан хазірет сол екеуі болған. Екеуі де сол жақта өлген. Солардың кеткен жылы қой жылы еді. Мың сегіз жүз елу сегізінші жыл болса керек. Осы сөзді жазып отырған Мәшһүр Жүсіп дәл сол жылы туған бала. Осы күнде жетпіс жаста отыр. Бұл қазақтан үшінші қажыға барушылар: Тобықты Құнанбай, Айдабол Қишыл, Қыстаубайдан бастап көптеген қажыларды атап өтеді де, Орта жүзден жиырма кісі барыпты. Кіші жүзден табандаған жүз кісі барыпты. Ішінде Нұрпейіс хазірет пен Досжан халпе бар дейді. Мұнан бұрын қазақ бүйтіп бас қосып қажыға бармаған екен».

Қазақ Әнес сахабадан өсіп-өнген деген нұсқа көшіріліп әкеліп, жүз жиырма адам арасынан расход шығарып қазақтар түсетін такие салынғанын, қазақтың да ел жұрт екендігі әйгіленгендігін Құнанбай атымен байланыстырған Мәшһүр Жүсіп Құнанбай қажының қажыға барған жылын 1874 жыл, ал қайтыс болған жылын 1885 жыл деп көрсетеді, яғни ол тауық жылы 81 жасында о дүниелік болған. Меккеде Құнанбай қажы салдырған үй жайында мынадай дерек береді: «Бұл Меккедегі тәкие әуел Құнанбай атына жазылған. Арғын атында болғандықтан, Орманшыдан барған Хасен шайхы даулап алған. Онан кейін тоқал Арғыннан Ешмұхаммед даулап алған. Бұл күнде кіші жүз Досжан қалпе атына жазылып қалыпты» [5, 62-б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы XIX ғасырдың 50-80-жылдары қажылыққа барған қазақ арасына белгілі адамдардың қасына қандай адамдарды ертіп барғандығы жайында да мәлімет береді. «Қазақ шежіресінде» Құнанбай қажының Бәсетін Апайбөрі Құдияр қажы, Алтай Ешмұхаммед қажы және тағы да бірнеше адамды сапарлас қылып алғандығы жөнінде айтылады. Солардың ішінде Бәсетін Апайбөрі Құдияр қажы қажылықтан аман-есен оралып, ұзақ өмір сүріп, елде қайтыс болған екен. Қажылыққа барғандардың арасында Сұлтан қожамен Егізек Жанайдар, олармен Атығай Қожахмет қажының да сапарлас болғандығы айтылады. Қажылыққа Арғынның белгілі Орманшы Хасен шайхы мен тоқал Арғыннан Ешмұхаммед те Бұхара арқылы барған [6, 195-б.].

Құнанбаймен Ақмоладан Аққұм, Қосқопадан Шекшек қажы, Атбасардан Ейкезек Жанайдар, Есіл бойындағы Құлан қыпшақтан Шонтыбай, Батырқожа молда балалары, Сілеті бойындағы Қыпшақтан Құрман баласы Хасен қажы, Мамбет Тоқадан Изден, Сазан ұрпағы Мұхаммедсәлім қажылар да бірге барған. М. Көпейұлы осы барып, тірі қайтып келгендерінің бірсыпырасымен ауызба-ауыз сөйлесіп, қажылықтың мән-жайына қанығып, жазып отырған. Тарихи жазбаларында, дастандарында осы қажылардың көпшілігінің атын арнайы атап, олардың жолда көрген-білгендерін, тындырған істерін баяндауға тырысады [5, 62-б.].

Ол бұл қажылық сапардан аман келген қажыларға шүкір етіп: «Өлмей тірі келгенге сын көп әлі, көбің дерсің бұл сөздің жалғаны жоқ» - деп ескертсе, ал сол жақта қайтыс болған қажының отбасына, ел-жұртына: «Барып сонда өлгеннің арманы жоқ, аяп сонан құдайдың қалғаны жоқ», - деп басу айтқан.

Алғашқы қажыларға арналған деректі дастандардың бірі - «Шонтыбай қажы». 1893 жылдың желтоқсан айында жазылған, шғырманың үш нұсқасы сақталған. Оның бірі 192 шумақ, яғни 768 тармақтан тұратын өз жазбасы болса, екіншісі содан көшірілгендіктен мөлшері де бірдей шәкірті Жолмұраттың көшірмесі. Ал шығарманың ең толық үшінші нұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорында сақталған нұсқасы [7, 363-365-66.].

Бұл дастан негізгі мазмұны Шонтыбай қажының мұсылмандықтың бір парызы қажылықтың алғышарттарын орындауы, жол сапарларында болған түрлі оқиғалар турасында. М. Көпейұлы Шонтыбай қажының ауру-сықаудан аман келіп, қажыға тән ізгі істерді атқарғандығын мадақтайды.

Ұмтылдың дін жолына іштен туа, Періште ғамалыңа болған куә.
Мақам Ибрахимде намаз оқып, Хақы үшін ел-жұртыңның қылдың дуа!

Дін үшін қайрат қылған сіз - бір батыр! Талай бай боқ басында өліп жатыр.
Мүминін мумнат дұғаңыздың, Ішінде болдық па екен біздей пақыр?

Қажеке, қабыл болсын бұ қылығың, Бұйырған бұл өзіңе халал малың! Күнәні ішкі-тысқы кетіруге, Суына зәмзәм Шариф шомылғаның! - деп жазған арнауында ол Шонтыбайдың ниеттеніп барған сапарының қабыл болғандығын баяндайды. Бұл сапар барысында қажы «дарбыздан» дәм татамын деп ауруға шалдығып, өңі қашып, қатты қиналады. Онымен барғандар тезірек кері қайтуды ұсынады. Қажы «алған бетімнен қайтармандар, жеткен жерім осы болса, оған да көнемін» деп ауырғанына қарамай, Алла тағалаға сыйынып, сапарын бұздыртпаған екен.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бұл жерде қажылық сапарда небір қиыншылық жағдайлардың туындайтындығын, басына төнген қауіпке қарамастан ниетінен ауытқымай, демі тауысқанша шыдауының өзі Алла тағалаға деген сенімнің, сүйіспеншіліктің барлығы дейді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы осы дастанда қажылық сапарында қайтыс болған қажыларға да тоқталады. Бұлардың арасында Жүніс Естайұлы, Шашке Қабылұлы, Әлібек қажы, Бәйтен Сұңқарбекұлы, Бейсен қажылар бар. Осы жиырма шақты қажыға «Күллі мүмин мұсылман баласынан, Бір дұға қажылардың өлгеніне» деп жоқтау айтады.

1893 жылғы қажылық мұсылмандар үшін сәтсіз болды. Осы жылдың сәуір айында Қызыл теңіз жағалауынан келген шегірткелерге бола әлі піспе қоймаған жеміс, көкөністердің базарға ерте шығарылуы, күннің қатты ысып кетуі, 24 мамыр мен 3 маусым аралығында таңғы сағат 9-10-нан түскі 2-ге дейін «саммумның» соғуы үлкен қайғы-қасірет әкелгені белгілі. Мәселен, 27 мамыр мен 8 шілде аралығында Меккедегі індеттен 50 мыңдай қажы қайтыс болса, 21 ақпаннан бері Ресей мен Бұқара арқылы барған қажылардың түрлі індет пен аурудан 700-дейі көз жұмған. 9 шілде күні Бадр елді мекенінде бәдеуилердің шабуылынан 400 дей қажы өлгені [8, 310-б.]. Осы жайттардың бәрін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы сапардан аман оралған қажылардың аузынан естиді.

Ақынның екінші деректік дастаны – «Жантемір қажы» деп аталады. Оның басты кейіпкері Мұса-Секербай заманында, дәулетін мырзалықпен жүріп шашқан, «Ақыры ерлігінің осы болып, жомарттық екпінімен қажы барған» Жантемір мырза [9, 323-б.].

Мәшһүр Жүсіп бұл дастанда Мекке-Мединеге барушыларды екіге бөліп қарастырған. Оның бірі – ақшасы мен атағына малынып, қалашы мен базаршы болып, зат алып, мәз болушылар да, екіншісі, шын ықыласымен Құдайға құлшылық етушілер. М. Көпейұлы жетпіс үш жасқа келген Жантемірдің бейнесін сомдағанда, оның бойында ізгілік қасиеттің мол екендігін, пайдалы ісімен, жомарттығымен халықтың арасында танымалдығын атап өткен. Оның атақ үшін емес, мұсылманның басты парызын орындау үшін қажылыққа баруға ниеттенуін адамгершілікке балайды.

Жантемір осы қажылық жолында құрбан болуды аңсады. Ел ішіндегі алауыздық, отарлық қамытын киген саяси жағдайға көңіл толмай тірліктен баз кешу байқалады. Оның бұл тілегі қабыл болды да. Ауру жұқтырып, ақыры осы сапардан қайтпады [9, 333-б.].

Жалпы, қажылыққа барған егде жастағы қазақтардың көпшілігі аптап ыстықты көтере алмай, оның үстіне түрлі ауруларды жұқтыртып, сол жерде көз жұмып туған жеріне қайтпай қалды. Бұл турасында Н.А. Смирновтың 1928 жылы жарық көрген «Ислам и современный Восток» еңбегінде жақсы айтылады. Оның көрсетуінше, қажылардың біріншіден, ұзақ жолда алдауға түсіп, «қонақжайлылықтың арқасында» бар қаржысынан айырылса, екіншіден, шаршап-шалдыққан күйінде күн ұзаққа аш, ыстық күнге қақталған олардың көбінің аптап ыстыққа шыдамауы, үшіншіден, дүниенің төрт бұрышынан жиналған қажылармен бірге түрлі эпидемиялық аурулар жұқтыруының салдарынан өлім-жітімге ұшыраған [10, 58-б.].

Мәшһүр Жүсіп қажылықты мансап көрушілерді қатты сынға алған.

Дүние жүзі бұл күнде толып кетті,
Біздерге өлең түстеніп қонып кетті.
Ақыр заман бұл да бір ғаламаты,
Жанның бәрі қажеке болып кетті, -

деп сол кезеңдегі ел ішіндегі қажылыққа бару сәнге айналғандығын көрсетеді [9, 335-б.].

М. Көпейұлы қажылыққа барудың негізгі мәнін «Қажылық, иман шарттары» атты өлеңінде мына жолдар арқылы береді:

Тазалап ішек қарнын әбден аршып,
Жуумен бастан- аяқ нұрға малшып.
Онан соң ол адамда болмас ашу,
Езсең де табаныңмен жерге шаншып [11, 170-б.].

Қажылықтың ораза, намаздан да қиын екенін, қажылық шарттарын орындау үшін тек байлықтың жеткіліксіз екенін айта келіп, Мұхтасарды, қажы кітабын оқымай ғылымды, дінді үйренбей, амал етудің маңызы жоқтығын айтады. Кейбір қажылардың ілім жимай, қажылық орындап келуін:

Барғанмен, қажы болмайды ісі бітпей Зиарат қылар жерді тауап етпей. Далақтап жансыз тасты жеті айналып, Мұнда кеп бұзылады үш күн өтпей.

Барып өлген құдайға қиды жанын, Жан қиюмен адамдық тапты санын. Қайтып келген қақақтап дүние жинап, Жеп қояды бауыздап малдың қанын, - деп сөзбен түйрейді [11, 73-б.].

М. Көпейұлы қажылыққа қатысты келесі бір шығармасы – «Ізбас қажы» деп аталады. Бұл деректі өлеңінде ақын XIX ғасыр соңындағы қажылық жағдайын толық ашып көрсете білген. Ізбас қажының Мекке-Мединеден аман оралғанын естіп амандаса барған Мәшһүр Жүсіп қажыдан естіген әңгімесін өлеңмен өріп шығады. Ізбас қажының жолдың қиыншылығын, Меккеге 41 күн дегенде әзер жеткендігін, арасында ауруға ұшырап, қатты қиналса да Қағбаны жеті рет айналып шыққандығын айтады. Оны Мәшһүр Жүсіп былайша келтіреді:

Сонан соң Мекке келіп жеті айналдық, Тәпсі алып, Құран алып, ыңғайландық. Жабудан ақша беріп, кестіріп ап, Қайтуға енді ел- жұртқа ыңғайландық [11, 239-б.].

Бұл жолдардан бар қажыға ортақ ел-жұртқа апаратын тәбәрік алу дәстүрі де ұмыт қалмағандығын да көруге болады.

Дастанда бірінен кейін бірі көз жұмған қажылар турасында айтылады. Меккеден он шақырым шыққан жерде, Исабайдың мерт болуы, «Сол құдықтың басында тіке тұрып, Таяғына таянып жан беріпті», «Мединаға таянып барған кезде, Жаябай түйе үстінде үзіліпті», «Жанатіл Бақияның өзінде өлген», «ауырып Мединада Төлжан қалған, Малдыбай қайтпастықты мойнына алған» деген жолдардың сыры Ресейдің қажылықты жан-жақты «діни-саяси», «дәрігерлік-эпидемиологиялық» жағынан зерттеп, империяның қажылыққа байланысты жаңа шешімдер шығаруына себепші болған, орыс офицері Әбдел-Әзиз Дәулетшиннің 1899 жылғы есебінде Мекке-Мединедегі адам шығыны «саам» кезінде ұлғаятыны айтылады [12, 5-б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармасының ең құндысы – «Бес парыз» өлеңі. Онда қажылықтан, жағдайы жеткен жанның қалмауы қажеттігін насихаттайды.

Біреуі бес парыздың - қажыға бару.

Бұл жолға мал мен жанды керек салу.

Шақырған бір Алланың ол жеріне,

Байларға қиын екен бармай қалу!

Пайғамбар: «Байлар қажыға келсін!»- депті,

«Үмбетім мені келіп көрсін!» депті,

Шамасы келе тұрып, келмеген жан

«Қауымында кәпірлердің өлсін» - дейті.

Қажылардың игі істерін мақұлдап, кейбір байлардың кемшіліктерін сынайды. Қажылыққа барушылардың арасында надан байлар, малдарына сенгендердің, қажылықтың мәнісін түсінбегендер барлығын қынжыла баяндайды [11,168-б.].

Ал 1896 жылы жазылған «Қажыларға» өлеңінде дін жолында бірге жүрген Ғали деген молданың қажылықта қайтыс болғанына күйінеді [11, 255-б.].

Көбіне осы қажылық жолында қайтыс болушылар жөнінде түрлі жазбалар бар. Мәселен, араб дәрігерлері: «Қырғыздардың бұл аймақтың ауа райына бейімделе алмауынан және өздерімен бірге алып келген, сүрленген ет, қазы, құрт сияқты қатты тіскебасарларды пайдалануы ас қорыту ауруларына алып келетінін» айтаса, ал Египет дәрігері Салех Субхи мемлекеттің тапсыруымен тексеру жүргізу барысында 1891-1895 жылдары аралығындағы болған эпидемия себептерінің бірі Минадағы «құрбандыққа шалынған мал қалдықтарының көмілмей қалуынан» деген қорытынды жасаған. Ал меккеліктер мен қажылар адамның өлімін «Алланың жазуы» дейді [12,133-б.].

Осы «Қажыларға» деген өлеңі арқылы өсекші қожа-молдаларды бір түйреп өтсе де, қажыға баруға талайды қыздырады. Осы өлеңді естіген Елеу қажы орнында отыра алмады, үш тұрып, үш отырды. Келер жылы ниеттеніп қажыға барып, қайтыс болды дейді. Шорман бидің Ғайсасы да осыдан кейін қозғалып, о да қажыға барып о дүниелік болған. Бұлардың бәрін Мәшһүр өлеңмен жоқтаған [6, 344-б.].

Ғайса Шорманов туралы Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағатында сақталған қорда, 1901 жылы қажылыққа бару жөніндегі өтініші және ол кісінің оралмағанын анықтайтын құжаттар бар [13].

Ел арасында, Мәшһүр Жүсіпті, қажылық сапарына бармаса да, көзбен көргендей етіп баяндауына таң болған жұрт, «көріпкел» атап, түрлі жорамалдар жасап, аңыз адамға айналдырған екен. Осы сұрақ М. Көпейұлына қойылғанда, ол: «Бір сөзді Алла жүрекке салады. Соны пендесі сөйлеп қалады. Сол сөйлеп қалғаны түбінде дәл келеді. Шырағым, бұл пенденің білгені емес, Алланың салғаны... » деген екен [14, 135-б.].

Кеңестік жүйе тұсында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «ұлтшыл, діншіл ақын» ретінде сыналды. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1952 жылғы 14 тамызындағы 192 санына жарияланған Қ. Көпбаевтың «Көпеев - ұлтшыл, діншіл ақын» деген мақаласында: «Оның шығармаларының басым көпшілігі ұлтшылдық, діншілдік-мистикалық тақырыптарда жазылған. Ол өзінің шығармаларында ешқандай бұқарашылдық, демократиялық дәрежеге көтеріле алған емес. ...ұлтшылдық бағытта болды, сонымен қатар патшаның, жергілікті би-болыстардың саясатын барынша қолдады», - деп келтіре отырып, оның уағыздары әлі күнге дейін ел арасында насихаттаушылардың барлығын, оның бірі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының баласы екендігін атайды. Оның зиратын діншілдер өздерінше құрметтеп, баласы Фазыл әкесінің «аруағына» табынуды насихаттап отырғандығы келтіріледі [15]. Осы мақала жарық көрісімен Қазақстан КП Орталық Комитетінде талқылауға алынып, үш тармақтан тұратын қаулы қабылданады. Оның біріншісінде әлі күнге дейін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни мазмұндағы шығармашылығы Ғылым академиясы тарапынан талдауға алынып, сыналмағаны айтылып, Ғылым академиясының

перзиденті А. Қонаевқа Академияның ғылыми қызметкерлерінің күшімен республикалық баспасөзде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының реакциялық қызметін әшкерелеген мақала жазу тапсырылды. Екінші тармақта Павлодар облыстық партия комитетіне халық арасында ғылыми, дінге қарсы насихатты күшейту арқылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығарларының діншілдікті көздейтіндігін және оның ұлы Фазыл мен жергілікті молдалардың оның бейітін елді «адастыру» үшін пайдаланып отырғандығын түсіндіру жұмыстарын жүргізу жүктелінді. Үшінші тармақ бойынша Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұлы Фазыл Жүсіповты мұғалімдік қызметтен босатылғаны есепке алу көзделінді [16].

Сөйтiп, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жыр-дастандарын насихаттау тұрмақ оқуға тиым салынды. Ұзақ уақыт бойы оның шығармалары оқылусыз қалды. Ал қазір қарап отырсақ, діни білімін барынша тереңдетіп, қоғамының оң-терісін «көзінің ашықтығымен» түйсініп, өз заманының кем-кетігін жазу –сызуымен толтыруға, келешекке із қалдыруға бар біліктілігін салған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазба деректерінің тарихи маңыздылығының зор екенін байқауға болады.

Деректі дастандарынан қажылықтың қазақ жерінде орнығу уақыты мен алғашқы қажыларымыздың есімін танысақ, күнәдан тазару, тәубешілікке келу, ел-жұртына, ұрпағының өсіп-өнуіне дұға тілеген «тірідей кебін киген» қажылардың діни-сенімдерінің күшін де байқаймыз. Сонымен бірге шекара асып, түрлі елдерді басып өткен қажылар сапарының саяси оқиғаларға тәуелді екенінен де хабардар боламыз.

Әдебиеттер

- 1 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы:1994.
- 2 Бекмаханов Е. Қазақстан XX ғасырдың 20-40 жылдары. – Алматы: Санат,1994.
- 3 Қозыбаев М Тарих зердесі. – Алматы: Ғылым, 1998.
- 4 Жүсіпов Е.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және оның жазбаларындағы тарихи тұлғалар. – Астана: 2000.
- 5 Көпейұлы М.Ж.Көп томдық шығармалар жинағы. Қазақ тарихы. – Алматы: Ел шежіре, 2010.Т.8
- 6 Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. Қазақ шежіресі. – Алматы: Ел шежіре, 2010.Т.10.
- 7 Көпейұлы М. Шығармалары. 3 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. - 382 б.
- 8 Мухтарова Г.Р.Қазақстандағы ислам діні:Қажылық. (XIX-XX ғ.басы). – Алматы: Баспалар үйі, 2009
- 9 Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел шежіре, 2010. Т. 3.
- 10 Смирнов Н.А. Ислам и современный Восток. –М.1928. 11
- Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел шежіре, 2010. Т.1
- 12 Давлетшин. Отчет о командировке Хиджаз. – Спб. 1899.
- 13 ҚРОММ 64-қ., 1-т, 985-іс.
- 14 Ғылмани Б.С. Заманымызда болған тұлғалар. – Алматы, 2013.
- 15 Көпбаев Қ. Көпеев - ұлтшыл, діншіл ақын // Социалистік Қазақстан. 1952. – 14 август. – №192.
- 16 ҚР Президенті мұрағаты 708-қ,16-т,171-іс,13-п

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАМАҚТАНУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ СҮТТЕН ЖАСАЛҒАН ТАҒАМДАРҒА СИПАТТАМА (САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ)

Мейрманова Г.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің аға оқытушысы, т.ғ.к.

Аңдатпа. Ұлттық тағамдардың ішінде ежелгі және көпшілікке ортақ тағамның бірі ақ, яғни сүт тағамдарына жан-жақты тоқталған. Сүт тағамдарын этнографиялық тұрғыда зерттеудің ғылым үшін де, күнделікті өмір мүддесі үшін де зор маңызы бар. Этнография ғылымының қазіргі табыстары тағам түрлері мен этнографияғы тағамдану тарихын зерттеушілерге аса құнды деректер беріп отыр. Тәуелсіздік алған Қазақстанда өтпелі нарықтық қатынастардың ауыр кезеңін бастан кешірген ұлттық тағамдардың жағдайы тарихи-этнографиялық және этносоциологиялық зерттеулерді қажет етеді. Қазақстанның болашақта тұрақты дамуы үшін өз ұлттық құндылықтарын көбірек дәріптеу қажет.

Түйін сөздер: тағам түрлері, кәсіп, сараптамалық зерттеу

ТРАДИЦИОННОЕ ПИТАНИЕ У КАЗАХОВ И ОСОБЕННОСТИ МОЛОЧНЫХ ИЗДЕЛИИ (СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ)

Мейрманова Г.А.

Старший преподаватель Казахского национального университета имени Аль-Фараби, к.э.н.

Аннотация. В статье разносторонне проанализировано одно из направлений многопрофильных деятельностей алашской интеллигенции в отечественной истории. Интеллигенция уделяло немало внимания развитию сферы образование. В ходе исследования по этому поводу было приведено несколько примеров. А также было рассмотрено несколько исследовательских работ нашего времени по данной проблеме. Авторами было оценено труды алашских личностей которые они внесли в развитие общество. Исследовательская работа имеет немалую ценность в алашведении и познание личности.

Ключевые слова: алаш, интеллигенция, нация, революция, общество, идеология

NUTRITION SYSTEM OF THE KAZAKH PEOPLE AND DESCRIPTION OF DAIRY FOODS (COMPARATIVE ANALYSIS)

Meirmanova G.A.

Senior lecturer of Kazakh National University named after Al-Farabi, Ph.D.

Abstract. Et maxime in traditum lacticiniis products cibo ex Kazakhs (Benchmarking). Ab antiquis temporibus ad hanc quaestionem pertinet potestatem, quod suus 'iustus Ososbenno lacticiniis productum fuit necessaria quasque attributum. Perpendentes ethnography lacte productum ex parte nunc habetur. Elit enim nomen teriminy cum traditum cibum Kazakh opus ad explorare, omni modo. Cum in acquisitionem, ad libertatem naturalem, lacticiniis foro Lingua condiciones izdeniya ethno-sociologicam opus studere.

Keywords: Lingua typus of cuisine, comparative analysis, in cibum tradita.

Тамақтану жүйесі қай кезде болмасын ең маңызды мәселелердің біріне жатады. Елбасы жолдауында бүкіл дүниежүзілік сауда ұйымына кіруге байланысты отандық ауыл шаруашылық өнімдерінің бәсеке қабілеттілігін арттыру керектігі айтылған. Бұл да толғағы жеткен мәселенің бірі екендігі даусыз. Осыған байланысты елімізде өнеркәсіптің ауылшаруашылық өнімдерін өңдейтін саласын тез қарқынды дамытудың маңызы ерекше және кезек күттірмейтін мәселе. Сапасы жоғары, бағасы төмен дайын өнім шығармай бәсекеге түсе алмайтанмыз белгілі.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «...Біз қазірдің өзінде астық дақылдарын аса ірі экспорттаушылар қатарына ендік. Бізде аса ірі экологиялық таза аумақтар бар және экологиялық таза тағам өнімдерін шығара аламыз. Ауыл шаруашылығы өнеркәсібінде сапалы секіріс жасау толықтай қолымыздағы нәрсе. Бұл үшін бізге жаңа тұрпаттағы мемлекеттік ой-сана қажет болады», - деп айтқан.

Халықтардың **тамақтану дәстүрі** тіл, әдебиет, өнер халықтың өркениетін қалыптастыратын маңызды бөлшектердің бірі болып табылады. Тамақтануға қоса сусындар да – сол өркениеттің өзіне тән ерекшелігін танытатын құндылықтардың бірі. Бір қарағанда адамның не жеп, не ішкені оның мәдениетімен, **ұлттық болмысы**мен онша қатысы жоқ сияқты көрінгенмен, әрбір ұлтты және әрбір өркениетті басқалардан айыратын жайттардың бірі тамақтану дағдысы, дәлірек айтқанда тамақтану дәстүрі. Содан болар, әлемдік діндер тұрғысынан қарасақ, мысалға мұсылмандарды басқалардан айыратын негізгі қасиеттердің бірі олардың доңыз етін жемеуі мен естен тандыратын ішімдіктерді ішпеуі болып саналады. Демек, адамның не жеп, нені жемегені, не ішіп, нені ішпегені – оның қай дін мен қай өркениеттің өкілі екендігінің маңызды көрсеткіші.

Бүгінгі **Қазақ асханасы** да көне Түркілердің асхана дәстүрін жалғастырып келе жатқан негізгі асханалардың бірі. Ал енді Түркі өркениеті асханасында сүт сусындары өнімдері де айтарлықтай дамыған еді. Орта ғасырлық ғалым М.Қашқари өз еңбегінде мына бір өленді мысал ретінде келтіреді:

Үйір-үйір қой, түйе, жылқысы бар
Жыбырлап ерте тұрып сүтін сауар.

Қазіргі заманда Түркілер сүт өнімдерінен **сүт, айран**, піскен айран, қымыранды ішсе де, ескіден келе жатқан Түркілердің негізгі сусыны «қымыз» болып табылады. Көне заман грек тарихшысы Геродот Сақ-скифтердің биенің сүтінен жасалатын дәмді сусыны бар деп осы қымызды жазған. Ал бүгін осы ата сусынымыз қымызды әлі күнге дейін тұтынып келе жатқан Түркі халықтарының бір тармағы қазақ халқы екені айқын. Қазақтар «Қымызы бар үй – қызығы бар үй» деп қымыз болған жерде той-думан, көңілді басқосулар көп болатындығын білдірген. Ал енді «Қызды кім көрмейді, қымызды кім ішпейді» деген мақалдан қымыздың қазақ қоғамында кеңінен тарағанын көруге болады. Қорыта айтқанда, жылқының еті мен қымыз Түркі өркениетінің төл тағамы мен сусыны болып табылады. Бұл тамақтану дәстүріне ие болу дегеніміз Түркі өркениетінің негіздерінің біріне ие болу деген сөз.

Ұлттық тағамдардың ішінде ежелгі және көпшілікке ортақ тағамның бірі ақ екені бәрімізге белгілі. «Ағы бардың бағы бар» деп қазақ халқы сүт тағамын бақыт, несібесі деп білген. Сүтті соншалық қасиеттеудің басты себебі – ол тіршілік арқауы, одан неше алуан құнарлы тағамдар әзірлеп, дастарқан молшылығын жасаған. Сүт тағамдарынан қымыз, шұбат, құрт, ірімшік, қатық, айран, уыз, май, сүзбе тағы басқаларын күнделікті пайдаланамыз. Бұлардың барлығының да адам денсаулығына тигізер пайдасы мол. Біз қосымшада сауалнамалық кесте жасадық, сол жерде халықтың тағамға деген көзқарасын көрсетуге тырыстық.

Сүттің пайдасы жайында айтатын болсақ, оны ежелгі заманнан бастап көшпелі қоғамда өмір сүрген қазақ халқы жақсы білген. Ол басқа ешқандай азық- түлік тең келмейтін аса бағалы тағамдық өнім. Өйткені организмге оның құрамды бөлігінің 95-98 пайызы сіңеді. Сондай-ақ сүт амин қышқылдарының, макро және микроэлементтерінің, витаминдерінің таптырмайтын көзі. Сүт және оның өнімдерінің құрамында жеңіл сіңетін құраушылар бар. Олар бізге кальцийді, дәрумендерді (А, В2, В1, Е, D, С), сондай-ақ көптеген басқа қоректік құндылықтарды жеткізеді.

Сүттің жоғары коректік қасиеттерін келесі деректерге қарап білуге болады: бір литр сүт құрамындағы белок мөлшері – 150 г., ол сиыр еті, немесе тауықтың 5 жұмыртқасы, немесе 1 кг-нан құрамындағы белокқа тең. Сүттің жарты литрі адамның амин қышқылдарына деген тәуліктік қажеттілігін қанағаттандырады, ал сүттің бір литрі адамның май, кальций, фосфор, рибофлавинге қажеттілігін толық, белокқа қажеттілігін жартылай, ал аскорбин қышқылы, ретинол, тиаминге қажеттілігінің 1/3 бөлігін қамтамасыз етеді екен.

Сүттің тағы бір қасиеті – түрлі азық-түлікпен үндесіп, адам тағамының биологиялық құндылығын көтереді. Өйткені сүт организмге түсетін коректік заттардың көлемін арттырып қана қоймайды, сонымен бірге май, белок, көмірсу, минералды тұздар, тағы басқалармен бірлесе, үндесе отырып, осы коректік заттардың ағзаның сіңімділігін жақсартады.

Сүт – мал баққан қазақ жанұясының негізгі тағамы. Сүттен қымыз, шұбат, айран, қатық, сары май, ірімшік, құрт, сүзбе, қаймақ сияқты ішетін, жейтін, сусындайтын алуан түрлі тағам әзірлейді. Қай түліктің болса да соңғы иіндісі, соның ішінде қойдың жебе сауған сүті қою, әрі майлы, жұғымдылығы да жақсы келеді. Мұны қазақ шаруалары ғасырлар бойғы бай тәжірибелерінен жақсы біледі.

Сүт тағамдары

Сүт төрт түлік малдың аттарына қарай бие сүті, түйе сүті, қой – ешкі сүті, сиыр сүті делінеді. Ал, жас төлдеген малдың алғашқы бір – екі күнгі сүті уыз болады. Сиыр көктемгі және жаз айларында күніне үш рет, күзге қарай суала бастаған кезде екі рет сауылады. Қой тал түсте қосақталып бір-ақ рет, бие сағат сайын, тіпті одан да жиі сауылады. Ингенің сауымы да бие тәрізді деуге болады, бірақ биеден гөрі сиректеу сауылады.

«Қазақтардың сүттен жасайтын ұлттық тағамдарының түріне сан жетпейді» - деп жазған ертедегі бір зерттеуші. Демек, оның барлық түрлері мен аттарын түгел айтып беру қиын. Сондықтан сүт тағамдарының тек осы заманға дейін жеткен және көпшілікке таныс ең негізгі біраз түрлеріне тоқтағым келеді.

Сүт. Басқа нәрсе қоспай, пісіріп ыстықтай және салқындатып ішіледі, шайға, көжеге қатады, айран, қатық ұйытады, іркіт жинайды, қаймақ түсіріп, май шайқайды, нан илейді. Көк сүт деп қаймағы алынған нәрі аз сүт.

Қатырған сүтке мұздатып ұзақ сақтайтын сүтті жатқызады. Майдың сүтіне қаймақтан сары май айырғанда іркіліп шығатын қышқыл сүт. Оны кейде сол күйі сусын ретінде ішкен, кейде қайнатып ақірімшік жасаған. Шайқалған майды шынылау үшін суық суға салып сығымдаған, одан қалған сүтті май сүтінің шалабы деп, кей жерлерде май шалап деп атаған.

Қатықты көбінесе қойдың, ешкі мен сиырдың қаймағы алынбаған сүтінен ұйытқан аса қою айран. Оны әзірлеу әдісі былай: піскен сүт қан жылым дәрежесіне дейін салқындатылады да, бұрынғы айраннан ұйытқы құйып (бір шелекке бір кесе) араластырады, одан кейін бетін қымтап жауып қояды. Ұйыған уақытта қатықтың бетін (жазда 2-3 сағат, күзге таман салқын түскен кезде 3-4 сағатта) ашып, біраз салқындатады. Жақсы ұйыған қатыққа шанышқан қасық тік тұрады. Оның қатық аталуы да осыдан. Ал бабына келмеген қатық қатық саналмайды. Аспазға сын қойылады. Қатықты сол күйінде ішеді. Бұл - қарын аштырмайтын өте жұғымды әрі сіңімді тағам.

Сүзбе жақсы ұйыған қатықты қапқа салып асып қойып, сорғытып сүзеді. Ертеректе сүзбе екі түрлі әдіспен: тұздап немесе тұздамай әзірленген, кеберсіген сүзбе қарынға салынған. Тұздалған сүзбе көбірек сақтауға, көжеге, сорпаға езіп ішуге, жол-жорықтарға шыққанда жолазыққа арналған. Қатықтың бұл түрлері әрі сусын, әрі тоқ ас орнына жүрген.

Айран- қаймағы алынған немесе алынбай пісірілген сүтке азырақ су қосып ұйытылады. Ол жеңіл және сусындық тамақ. Айран көже. Бидай, тары, арпа, күріш жармаларынан жасалған көжеге айран қосып ашытылады немесе сүт қосып ұйытылады. Мұндай тағам көбінесе қауырт жұмыстар, егін, пішен жинау кезінде жұмысшыларға сусын ретінде әзірленген. Қазірдің өзінде сусын ретінде үйлерінде сүт көже ашытып отырған отбасыларын ауыл, қалаларда жиі көруге болады.

Күн ыстықта айранды-шалапқа айналдырыды, айранға суық су қосып сапырып, шөлдегенде ішетін сусын. Айран-шалап деп кейде жалпы ақты да атаған.

Қойыртпақ- қатыққа, айранға, қымызға, ішетін іркітке сүт немесе су қосып, торсыққа құйып, қанжығаға байлап жүріп далада ішетін ақ, сұйық айран. Қанжығада жүріп көп шайқалғандықтан қойыртпақтың ашыған дәмі білінбейді, ішуге дәмді, асқазанға жеңіл болады. Қойыртпақ көбінесе малшыларға, сондай-ақ жолаушыларға өте қолайлы.

Боза дегеніміз ашыған сүт, айраннан әзірлеген сусын (ішімдік). Боза тары, бидай жармаларынан да ашытылады.

Қойыртпақ - қатық, айран т.б. сусындарға сүт қосып ішетін тоқ сусын, жолаушылар торсыққа құйып, қанжығаларына байлап жүретін болған. Қанжығадағы қойыртпақ көп шайқалады. Соған орай қанша ашыса да ашуы білінбейді.

Тұр尼亚зды сүтке май, су, ұн, езген құрт, ақтаған тары қосып қайнатқан соң бұқтырып қойып жейтін оңтүстік қазақтарының сүйікті асы, ұнды бөлек қуырып алып, тұр尼亚здың үстіне себелеп те әзірлейді. Ежегей көбінесе қой сүтіне езілген құрт қосқан қойыртпақ. Ол адамды тез торлатады, оңалтады.

Ашытқы нан үшін ұн езіп ашытқан беті алынбаған сүт. Оны кейде сырқат адамға тез таралу үшін сусын ретінде де берген.

Акірім сүр еттің сорпасына айран қосып, қатық немесе қымыз қосып сапырып, ішетін қышқыл сусын. Ол әрі сусын, әрі тамақты бойға жақсы таратады. Әдетте, ертеректе сүр етке тойғаннан кейін құр шай ішу немесе акірім ішу салт болған.

Жаңа сауылған жылы сүтті мәндімен (кен жерде мәйек дейді) ұйытып, одан кейін суалғанша қайнатады. Қайнауы жеткен ірімшік қызыл сарытүске айналады. Содан кейін оны сүзіп алып, дорбаға салып, желге, күнге қойып кептіреді. Кепкен ірімшік бұзылмайды, көп сақталады. Қонақ дастарқанына қойылатын өте дәмді, сүйкімді де бағалы ас. Кепкен ірімшікті түйіп жент жасайды, түш бауырсақтың үстіне себеді, майға қосып жейді. Қызыл ірімшіктің сарысуынан шайға тістейтін жақсы тамақ жасалған, ол тәтті болады. Акірімшікті сүтке айран қосып ірітіп қайнату арқылы әзірлейді. Кейде ашып қалған, өздігінен ұйыған сүттің айранын сүзу арқылы да акірімшік жасалады. Акірімшікті қамырға орап, үстіне май салып, табаны қоламтаға қойып пісіру әдісімен бүркеме нан делінетін сүйкімді ас әзірленеді.

Мәндір (мәйек) — ірімшік қайнататын сүтті тез, шымыр ұйыту үшін жас төлдердің жұмыршағынан алып ашытып жасалатын ұйытқы. Жас бұзаудың, қозының ұлтабарына, жұмыршақ қарнына (ішкі жағына) байланған уыздың өңезі. Бауыздалған осындай төлдердің, жұмыршағынан әлгі өңезді қырып алады (кейде ұлтабарды, жұмыршақты тұтас алады). Сол қырындыға азырақ айран жағып ішекке салып шаңыраққа іліп қойса, біраз күннен кейін ол ашып кебеді. Осы мәндірді жылы сүтке малып, біраз шайқап бетін жауып қойса, сүт балдырдай болып ұйып қалады. Сөйтіп, одан ірімшік қайнатылады.

Сабада жиналып пісілген іркітті майы алынғаннан кейін түбіне май жаққан үлкен қазанға құйып қайната береді. Құрт қайнап жатқан кезде оның түбі күйіп кетпес үшін арнаулы құрт былғауышпен (басында қырғыш темірі болады) әлсін-әлсін қазанның түбін, ернеуін қырып араластырып отырады. Әбден қойылған құртты қапқа құйып керегеге асып қояды, сонда оның қалған суы тағы да ағып, құрғайды. Бұдан кейін қолмен бөлшектеп, тақшаға, шиге, қолмен сықпалап өреге жайып кептіреді. Көгермей, қызбай біртегіс кебу үшін өреде жатқан кезде оны бірнеше рет аударыстырады. Осындан әдіспен қайнатып, кептіріп алған құрт жыл бойына, кейде 2—3 жылға дейін сақтала береді. Құрт күшті ас, ол әр түрлі тамаққа қосылады. Құрттан істелетін немесе құрт қосылатын тағамдардың кейбір түрлерін айта кету қажет.

Сүзбеде тұрған құртты сары маймен жентектеп бастырма ретінде шаймен бірге дастарқанға қояды. Әсіресе кепкен құртқа, бауырсаққа тісі өтпейтін қарттар үшін өте кенеулі ас саналады. Ертеректе жас құртты мипалауға, құйрық-бауырға қосқан. Құрттың сарысуын сүт қосып қайнатып, ірімшік жасайды, ауырған малға ішкізеді, әйелдер бас жуады, сондай-ақ одан тері илеу

үшін малма жасайды.

Көбік. Қайнап жатқан құрттың қалқып алған беті. Майлы, кенеулі ас ретінде жас балаларға, қарттарға қалқып беру салт болған. Бұрын құрт қайнатқан үйден көбік жалаймыз деп, ауыл балалары келіп жиналатын әдет те болған.

Ыстық құрт. Қайнап жатқан құртты алып, май қосып сапырып ішетін кенеулі ас. Өкпе ауруына, суық тиіп ауырған сырқаттарға ем саналған.

Сықпа құрт. Мұның қайнатқан құрттан айырмашылығы сол ашыған айран қапқа құйып сүзіледі де тұздалып, әр түрлі үлгімен бөлшектеліп тақшаға кептіріледі. Сықпа құрт та бастырма ретінде пайдаланылған. Мұндай құрт жайған әйел ауыл балаларына арнап дөңгелек жасап, жіпке тізіп мойындарына іліп қуанту салты болған.

Ақмалта - езген құрттың ең соңғы шайындысы. Ол өте жұғымды және тез сіңетін тағам болып саналады, оны сол сұйық түрінде ішеді.

Ұнтақ құртты арнайы түйіп ұсатқан немесе қап түбінен жинап алған үгінді. Оны сүттің піскен қаймағына былғап жейді.

Құрт - май. Сары майға батырып табақ жасайтын кепкен сықпа жалпақ құрт. Оны асығыс кезде дәм таттыру үшін немесе жеңіл-желпі түстік ретінде дастарқанға қояды. Кейде құрт, ірімшік, май тағамдарының қосындылары да құрт-май деп аталады.

Ақлақ - еті алынбаған сүтке қойдың қатығын құйып қайнатып, сарсуын төгіп тастап, қойдың сүтін, ол жоқ болса піскен сиыр сүтін құйып, үстіне сары май салып әзірленген тамақ.

Қымызға байланысты атақты ақын Жамбыл Жабаев былай деген: «Ауруға ем, сауға қуат дәрі қымыз». Қымыз қазақ халқының ұлтық тағамдарының ішіндегі ең құрметті дастарқан дәмінің бірі. Ол тек қана бие сүтінен ашытылады.

Жаңа сауылған бие сүтін сүзгіден өткізіп, жылы кезінде күбідегі немесе сабадағы саумалдын үстіне құяды. Содан сон оны міндетті түрде 30-40 минут пісіп аузын байлап не тығындап ұстаған. Алғаш рет қымыз ашытарда бие сүті сабаға арнаулы ашытқының немесе қордың үстіне құйылады. Ашытқыны көбінесе сүр жаяның, қазының сынық сүйегін салып сүттен, ол жоқ болғанда сүтке нан ашытқысын езіп әзірлейді. Қор дегеніміз ескі қымыз, ол жақсы ашыған қымыздың саба түбінде қалатын, арнайы сақталған сарқыны.

Сары қымыз дертке шипа, денеге күш. Қымыз ерекше дәмді, құнарлы, жан сарайынды ашып, адамның зауқын келтіретін хош иісті және өте сіңімді сусын. Оның бұлай болу себебі жылқы жануардың өзіне ғана тән асыл қасиетінен болса керек. Адымы кең, өрісі ұзақ сәйгүлік саңлақтар қазақ даласының кек байтақ жайлауын емін-еркіндеп, дәмдіден-дәмдіні, қоректі мен құнарлыны ғана тереді, өсімдіктің шұрайлысын ғана үзеді. Сөйтіп кең даланың сан алуан гүл-бәйшешектері мен мың түрлі дәрі-дәрмектік шөптерінен жылқы жарықтық адамға шипалы, жағымды тамақтық заттар әзірлейтін болса керек. Қымыздың атам заманнан бергі өзіне тән ыдысының бірі — қазақтың қара сабасы тек қана жылқы терісінен тігіледі [4, 180-187 бб]. Бұл бұдан бірнеше ғасыр бұрын, көшпелі дәуірде игерілген ыдыс болса керек. Сабаға ашытқан қымыз бір жағынан сүйкімді, дәмді болса, екінші жағынан көші-қон жағдайында алып жүруге өте қолайлы. Қымыз саба, торсық, көнектер әзірлеуге көп мінілмеген, тер сіңбеген, ауырмаған, арқасы жауыр болмаған, семіз жылқының терісі таңдап алынады.

Шұбат, түйе сүтінен дайындалады. Ол әрі сусын, әрі тағам. Өйткені бие сүтіне қарағанда түйе сүті өте майлы келеді. Шұбатты ашыту тәсілі қымыз ашытуға қарағанда жеңіл. Өйткені оны бір қорландырып алса, одан әрі ешқандай ашытқысыз аши береді. Қымыз секілді мезгіл-мезгіл пісіп отырудың да қажеті жоқ. Тек кісіге құйып берерде ғана шайқап-шайқап жіберсе, ол жақсы араласып, көпіршігі азаяды. Шұбат құйылған ыдыстың тығынын алып немесе местің пұшпағын шешіп, газын шығарып отыру керек. Әйтпесе тығынды ұшырып, месті ісіндіріп жібереді.

Шалап - көбіне жаз айларында шөл басатын бірде-бір пайдалы сусын. Шалап дайындау үшін алдымен айран немесе шұбатты үлкен ыдысқа құйып алады да үстіне су қосады. Су қосқан

соң қасықпен жақсылап араластырады. Бір литр айранға немесе бір литр шұбатқа бір литр су қосылады. Айран немесе шұбат ащы болса үстіне қосылатын судың да мөлшері өзгереді.

Қазақ халқы, оның халық болып қалыптасып, күні бүгінде өз алдына егемен, тәуелсіз ел болу тарихы тамырын тереңге жайып жайқалып өсіп тұрған ағаш іспеттес. Әр халықтың өзіне тән ұлттық тағамы болып есептеледі, қазақ халқының да өзіне тән ұлттық тағамдары бар. Бұл – ата-бабаларымыздың бізге қалдырып кеткен асыл мұрасы. Осындай асыл мұраны сақтап оны келер ұрпаққа жеткізу өзін қазақпын деп санайтын әрбір жанның азаматтық борышы болып табылады. Салт-дәстүрді құрметтемеу оны қолданбауға алып келеді, ал қолданбау өз кезегінде оны ұмытуға алып келеді. Ал дәстүрін құрметтемейтін, оны ұмытқан ел өзінің негізгі болмысын жоғалтады. Сол себепті салт-дәстүрімізді, оның ішінде ұлттық тағамдарымызды ұмытпас үшін, одан айырылып қалмас үшін олардың дайындалу жолын білуіміз керек.

Әдебиеттер

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен ұғымдардың дәстүрлі жүйесі. Алматы, DPS 2015; IV том. Кітап авторы /құрастырушысы — Н. Әлімбаев. 736 бет.
2. Хатран Д. Бейсенов А. Орталық Азия халықтарының дәстүрлі тағамдарының элементтері (археологиялық және этнографиялық деректер бойынша) // Орталық музей еңбектері: музей ісі, тарих, этнология, фольклортану, антропология, деректану, нумизматика. /Ғылыми редактор Нұрсан Әлімбаев. Алматы, Ғылым, 2004. 395 бет.
3. Омарова Т.М. Сүт өнімдерін өңдеуде түйе сүтін қолдану // Білім. Ғылым. Республикалық жас ғалымдардың конференциясы. Алматы, 2012;
4. Сейтов З.С. Кумыс. Шұбат. Алматы, Өнер 2005;
5. Діқанбаев Ф.Т. История химического состава варенного молока // Новости науки Казахстана. №1. Алматы, 2010.

References

1. Kazaktyn ehtnografiyalık kategoriyalar, ygymdar men ataylarinin dastyrli zhyjesi. Almaty, 2014. 4tom. Kitap avtory /kyrastyrushysy — N. Əlimbai. 736 bet.
2. Hatran D. Bejsenov A. Ortalyk Aziya xalyktarnyn dastyrli tagamdarynyn ehlemetteri (arheologiyalyk zhəne ehtnografiyalık derekter boinsha) // Ortalyk muzei enbekteri: muzei isi, tarih, ehtnologiya, fol'klortanu, antropologiya, derektanu, numizmatika. /Gylymi redaktor Nyrsan əlimbai. Almaty, Gylym, 2004. 395 bet, 180-187 bb.
3. Omarova T.M. Syt ənimderin əndəude tyje sytin qoldanu // Bilim. Gilym. Respublikalyk zhas ғalymdardyn konferenciya. Almaty, 2012;
4. Sejtov Z.S. Kumys. Shubat. Almaty, Oner, 2005;
5. Dikanbaev F.T. Istoriya himicheskogo sostava varenного moloka // Novosti nauki Kazahstana. Almaty, 2010, №1;

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.
 ЭОЖ / УДК / UDK 902/904 (035.3)

О НАУКЕ ФАЛЕРИСТИКЕ

Мейрманова Г.А.

Объект исследования и структура фалеристики, старший преподаватель КазНУ им. аль-Фараби

Аннотация. В статье рассматривается объект и структура фалеристики как науки. А также коллекционирование орденов, медалей, значков, любых нагрудных знаков (в том числе почётных, юбилейных, ведомственных, об окончании учебных заведений и т. д.), а также наука, вспомогательная историческая дисциплина, занимающаяся изучением истории этих предметов, их систем и их атрибуцией. Автор рассматривает историю возникновения в виде металлических украшений, служившие воинскими знаками отличия и из греч. (фалара — металлические бляхи, побрякушки) — награды римских легионеров.

Ключевые слова: вспомогательные исторические дисциплины, медаль, значок, нагрудной знак, атрибуция.

ФАЛЕРИСТИКА ҒЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ

Мейрманова Г.А.

Эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің аға оқытушысы Фалеристиканың зерттеу объектісі мен құрылымы

Аңдатпа: Мақалада тарихи қосалқы пәннің бір тарауы ретінде фалеристика ғылымының зерттеу объектісі қарастырылған. Марапат жүйелерін зерттеуде фалеристика тарихи деректерге сүйенетіндігі айтылған. Сонымен қатар, олардың ішінен бірнеше негізгі топтарын бөліп көрсетуге болады; марапат белгілері (орден ,медаль және т.б); марапат құжаттары (марапат актісі, әртүрлі жазба деректерден алынған марапат белгісі туралы статистикалық мәліметтер); фоноқұжаттар; көркемдік деректер-живописьтік және кескіндемелік жұмыстар, кино, фото, фоно құжаттар.

Түйін сөздер: тарихи қосалқы пәндер, сый, төсбелгі, медаль, атрибуция.

ON THE SCIENCE OF PHALERISTICS

Meirmanova G.A.

Research object and structure of Faleristics, senior lecturer of Kazakh National University named after Al-Farabi

Abstract. The article deals with the subject and structure faleristics as a science. Also, collection of orders, medals, badges, any badges (including honorable, anniversary, departmental, on graduation, and so on. D.), As well as science, auxiliary historical discipline that studies the history of these objects, their systems and their attribution. The author examines the history vznoknoveniyav as metal jewelry, serving military marks of distinction, and of Greek. (Phalars - metal badges, trinkets) - award of Roman legionnaires.

Keywords: auxiliary historical discipline, medal, badge, badges, attribution.

Введение

Среди случайных находок, происходящих с территории Тургайской области периода до 1917 г., есть пронизь, выполненная в виде головы сайгака (рис. 1, 1, 2). Очевидно, находка происходит из грабительских раскопок [1]. В настоящее время хранится в фондах ГосЭрмитажа. Это изображение известно по целому ряду публикаций, датируемых советским временем. Так, пронизь из Тургая запечатлена на страницах популярной книги-альбома М. И. Артамонова

Фалеристика - медаль, значок, кез келген төс белгі т.б жайлы ғылым. Осы заттардың тарихы, оның жүйесін және атрибуциясын зерттеумен айналысады.

XX ғасырдың 70 жылдарында өзіндік зерттеу объектісі бар, ерекше құрылымды, спецификалық міндеттер атқара алатын фалеристика ғылымы қосалқы тарихи пәндердің қатарына енгізілді. Фалеристиканың зерттеу объектісі марапаттау ісінің қалыптасу және даму тарихы болып табылады. Марапат жүйелерін зерттеуде фалеристика тарихи деректерге сүйенеді, олардың ішінен бірнеше негізгі топтарын бөліп көрсетуге болады; 1) марапат белгілері (орден, медаль және т.б); 2) марапат құжаттары (марапат актісі, әртүрлі жазба деректерден алынған марапат белгісі туралы статистикалық мәліметтер); 3) фоноқұжаттар; 4) көркемдік деректер-живописьтік және графикалық жұмыстар, кино, фото, фоно құжаттар.

Марапат актісі тарихи деректердегі марапат жүйесінің негізі болып табылады. Олар манифестер, жарлықтар, деректер, бұйрықтар, ережелер, инструкциялар және т.б сондай-ақ марапат актісін жасау процесіндегі дайындық материалдар. Реляция, марапат қағаздары формулярлы тізімдер, есеп карточкалары, тапсырға берілетін хаттамалар, марапатталғандардың тізімі, құжаттар, статистикалық мәліметтер және т.б сияқты жазба деректердің маңызы өте зор. Одан басқа, марапат белгілері туралы мағлұмат беретін кез келген жазба ескерткіштер-жылнамаларды, мемуарларды, күнделіктерді, жеке жазбаларды, саяси шығармаларды және т.б ел тарихы мен фалеристика туралы құнды мәлімет беретін дерек көзі ретінде қарастыруға болады [3, 22с].

Марапат жүйелерін зерттеуге бағытталған әдебиеттер фалеристиканың құрлымын белгілеуге көмектеседі. Олар: 1) марапат белгілерінің қалыптасуы мен даму заңдылықтарын оқыту, фалеристиканың негізін жасау; зерттеу объектісі, фалеристика құрылымы, марапат белгілерінің функциялары, тарихи деректердегі марапат жүйелерінің классификациясының жалпы принциптері және зерттеу әдістері; 2) Ғылыми пән ретінде фалеристиканың тарихы; 3) Жеке және салалық фалеристиканы зерттеушілер: а) фалеристика мен марапат белгілерінің тарихнамасын; б) фалероним мен фалеристика туралы библиографиялық әдебиеттерді; в) жеке елдердің марапат белгілерін; г) марапат белгілерінің эмблемасын; д) марапат белгілерінің эстетикасын зерттеушілер:

Бұл құрылым схема түрінде мынандай көрініс табады:



Әр түрлі елдердің марапат жүйелерінің тарихына тоқталып сонымен қатар лексикографиялық баспалардың материалдарына салыстырмалы анализ жасау барысында «марапат белгісінің» бірінші орында «орден» және медаль ұғымдарын білдіретіндігіне көз жеткізуге болады. Бұл арқылы марапаттау жүйесіндегі мемлекеттің ең жоғарғы марапат белгісін көреміз [12, 13с].

Орден (неміс тілінде “Orden”, латын тілінде “Ordo”-рет, қатар) - әскери және азаматтық

қызметі үшін берілетін әр түрлі дәрежедегі, түрліше аталатын ұжымдарға: қалаларға, мекемелерге, оқу орындарына, ұйымдарға, әскери бөлімдерге және т.б беріледі. Әрбір орденнің өзіндік дәрежесі болады, яғни жазбасы беріледі, марапатталғандарға ерекше ережелер орнатылады және олардың құқықтары көрсетіледі.

Ордендердің марапат белгісі ретінде шығу тарихы рыцарьлық оғасырдендермен байланысты. Олар XII-XIII ғасырларда крест жорықтары кезінде пайда болған. Алғашқы рыцарьлық ордендер XII ғасырдың басында Палестинада (Ианнидтер, Тамплиерлер ордені, неміс ордені және т.б), одан кейін Испания мен Португалияда (Калатрава, Алькантра, Сантьяго-Декомпостелло және т.б ордендер) пайда болған. XIII-XVI ғасырларда батыс Еуропада рыцарьлық ордендердің саны артады. Оның ішінде, мысалы XIII ғасырда Балтика маңында неміс агрессиясы кезінде пайда болған, айтарлықтай территорияға белгілі болған Ливон ордені. Сол уақытта Еуропалық мемлекеттерде Орталықтандырылған билікті күшейтуге байланысты, жекеленген елдердің монархтары бекіткен жаңа рыцарьлық ордендер пайда болды. Олардың ішінде 1219-1220 жылдары пайда болған Дат ордені Данеборг және Швед ордені Серафимов бар. Рыцарьлық ордендер ұйымдарына мүше болатындарға тағылатын Кресттердің арнайы формада және материалдың бір түсте болуымен ерекшеленген. Ерекше одаққа мүше болудың мұндай нышандары бара- марапат белгілеріне айнала бастайды [2,16].

XIV-XVI ғасырларда ордендер мен медальдар кең тарады. Подвязка ордені – Еуропаның алғашқы зайырлы ордені. Англиядағы жоғары рыцарь ордені. Оның негізін 1350 жылы Король Эдуард III қалады. Орденнің тарихы қызық. Ол бойынша, орден король сарайында орын алған бір оқиғаға байланысты пайда болды. Король Графиня Сэлис Беримен билеп жүргенде, оның байлам жібі жерге түсіп кетіпті. Король байлам жіпті көтеріп, өз аяғына байлап алған, сөйтіп былай деген екен: «Бұл жөнінде жаман ойлағандар қарабет болады». Бұл сөз орденнің ұранына айналып кетті. Ресми эмблема-алтынға қондырылған қою көгілдір таспа, оның бет жағына ұран сөзі алтынмен жазылған; таспаны сол тізеден сәл төменірек тағып жүретін.

Алғашқы кезде орденге 26 адам ие болған; 12 рыцарьға король басшылық етсе, 12-сін Уэльс ханзадасы басқарды. 1786 орден басқа мүшелерді қабылдау туралы шешімге келді. Қазіргі кезде орденнің басшысы мен 12 канонигі бар [1,40с].

Мұндай ордендерге ағылшын ордені Бани(1399ж.), бургундық орден, одан кейін Австриялық және Испандық алтын жабалық ордені (1429ж.), француздық қасиетті рух ордені (1579ж.) және т.б жатқызуға болады. Бұл ордендердің иелері ордендік кең костюмдерге ие болды, Костюмдердегі арнайы белгілі-кресттерді, әр түрлі формадағы жұлдызшаларды, кеуде мен белге тағатын арнайы ленталарға ілетін болған. Әсіресе марапатталатын ордендердің көбісі XVIII-XIX ғасырларда бекітілді, мысалы, Туркияда (жартылай ордені-1799жылы), Иранда (Арыстан мен күн ордені-1808жылы), Жапонияда (күншығыс ордені-1875 жылы) Қытайды (екібасты айдаһардың ордені-1882 жылы) т.[2, 16-176].

XVIII жүзжылдық-Еуропа елдеріндегі марапат жүйелерінің түзілу кезі. Бұл кезеңде марапат белгілерін тағып жүру регламенті пайда бола бастады. Ордендер белгілер ретінде көп жылдар сіңірген еңбек және мүлтіксіз қызмет мәртебесіне ие болды. Орталық марапат мекемелері құрыла бастады. Марапаттау жүйелері бір тәртіпке келтіріліп, ордендердің иерархиясы бекітілді. Сол кезде Франциядағы Ұлы Француз революциясы жаңа Республиканың басшылығымен Республикаға сіңірген еңбекті елеуге болатын медаль немесе орден мәртебесі бар қандай да бір құрмет белгісін бекітуді қажетсіз деп тапты. Өйткені, Республика азаматтарын ордендермен немесе белгілермен марапаттау барлық адамдардың теңдік қағидасын бұзады деп саналды.

Он жылға жуық Республикада ешқандай марапат белгілері болған жоқ. Сондықтан да, бірінші консульдың құрметті легион орденін құру туралы заңын Республика азаматтары «ерекше қанағаттандық сезімімен» қабыл алды. Бұл ұйымның құрылуы көп адам үшін Республиканы нығайту жолындағы ірі қадам болды.

Ресейдің алғашқы марапат белгісі I Петр тұсында бекітілген 1698 жыл. Андрей Первозван

ордені болып табылды.

Орыс армиясының офицерлеріне берілетін ең жоғарғы жауынгерлік мәртебе – Әулие Георгий ордені ерекше орын алды.

Әулие Георгий орденін алғаш орыс офицері 1-ші Гренадер полкінің подполковнигі Ф.И.Барклайде – Толли, граф И.Ф.Паскевич- Эреванский, Варшавский және граф И.И Дибич – Забалканский. Алғашқыда ер адамдарға арналған бұл орденмен екі әйел марапатталды. Қос Сицилияның патшайымы Мария София Амалия, ол 1861 жылы Гарибальдиге қарсы жорыққа қатысқаны үшін 4-ші дәрежелі орденге ие болды, және мейірбике Раиса Михайловна Иванова, ол бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде мерт болғаннан кейін 4-ші дәрежелі орден алды. Ресей патшаларының ішінде орденге ие болғандар: Император I Александр- 4-ші дәрежелі орден. Император I Николай-4-ші дәрежелі орденмен марапатталды, Император II Александр 1-ші және 4-ші дәрежелі орденмен, Император III Александр 2-ші дәрежелі орденмен, Император II Николай 4-ші дәрежелі орденмен марапатталған болатын.

Ресей Федерациясының 2000 жылғы 8 тамыздағы жарлығымен Әулие Георгий ордені қалпына келтірілді.

Алғашқы кеңестік орден , 1918 жылы 16 қыркүйектегі РСФСР ВЦИК жарлығымен бекітілген Қызыл белгі орден [11, 44-416].

Ортағасырда орденмен марапатталған адам рыцарлық дәрежеге жетеді, ал жаңа кездегі жеке және ұрпақтық дворяндыққа ие болатын. XVIII-XIX ғасырларда ордендік дәреже иелерінің ерекше ордендік киімдері болатын және мерекелік салтанатты кештер өткізілетін. Әрбір орден бір немесе бірнеше дәрежеге ие бола алатын мүмкіндігі болды. Бір-бірінен ерекшеленетін арнайы старшиналық ордендер ерекше құжатпен бекітілді. Капиталистік елдер мен Революцияға дейінгі Ресейде ордендік белгілердің дәрежелері ескеріліп, олар келесі элементтерден тұрды: Ордендік белгі, ордендік лента мен ордендік жұлдыз. Олар мынандай тәртіппен тағылды: 5 және 4-ші дәрежелі ордендік белгілер кеудеге, 3-ші дәрежелі ордендік белгілер мойынға, 2-ші дәрежедегі ордендік белгі мойынға және ордендік жұлдыз кеудеге, 1-ші дәреже ордендік белгілер –ордендік белгілер ілінген оң немесе сол иықтан өткізілетін ұзын лента және ордендік жұлдыз мойынға тағылатын. Орденмен марапатталған мекемелер, ұйымдар, бірлестіктер, әскери бөлімдер және т.б орденнің бейнесін қызметтік құжаттарға түсіреді.

КСРО-да Қызыл Ту, Еңбек қызыл ту ордендері, Ленин ордені, Қызыл жұлдыз, Ұлы Отан соғыс ордендері, Суворов, Кутузов, Александр Невский, Богдан Хмельницкий , «Жеңіс», Даңқ, Ушаков , Нахимов, «Батыр ана», «Ана даңқы» Ақпан Революциясы, Халықтар достығы, Еңбек даңқы, «КСРО Қарулы күштерінде Отанына борышын өтегені үшін» ордендері болды. Кеңестік кезеңдегі көптеген мемлекеттер, Наградаға ие болған ұйымдардың ордендердің үлкейтілген макеттердің жұмыс істейтін орындар мен әкімшілік ғимараттарына орнатып қоятын, ал ұйымдардың атауы ордендердің атауымен бірге жазылған.

Медаль (француз тілінде “Medaille ” италиянша “Medaglia”, латын тілінде “Mettallum”- металл) – шеңбер немесе сопақша (сирек жағдайда көпбұрышта) металл таспа түріндегі ерекше белгі, әдетте екі жақты Рельефті бейнелері мен жазбалары бар. Металдар өзінің ерекшеліктеріне байланысты екі үлкен түрге бөлінеді: Марапаттық және мемориалдық. Біріншісі ерте уақыттан белгілі. Мемориалдық. Яғни ескерткіштік медальдар алғаш рет Италияда XIV-XV ғасырларда пайда болды. Осы елден бастау алған медаль өнері барлық Еуропа елдеріне тараған. Ресейде ескерткіштік медальдар XII ғасырдың аяғы –XVIII ғасырдың басында пайда болды. Медаль марапат белгісі ретінде XVII ғасырда пайда болды. Алғашқы наградалық медальдарды, 1618-1648 жылдары Отызжылдық соғыс барысында, 1632 жылы Нюрнберг түбіндегі соғысқа қатысқан офицерлерді марапаттау үшін Швед королі Густав II Адольф бекіткен. Бұл алғашқы марапаттық медальдар алтыннан жасалған және алтын шынжырмен байланған. Әскери марапаттық медальдардың (Алтын және күміс) келесі шығарылымы, 1650 жылы Дунбар маңында жеңіске жеткен Кромвель армиясының офицерлері мен жауынгерлерін марапаттау үшін Ұлыбританияда

дайындаған. XVIII ғасырдың аяғында мұндай әскери марапаттық медальдар Польшада, Франция мен Пруссияда пайда болды. Сол уақытта алғаш рет азаматтық қызмет үшін берілген медальдар: Польша патшаасы Станислав Август кезінде және Франциядағы XVI Людовик тұсында кездеседі. Бұл медальдарда берілетін адамдардың есімі мен ерен еңбегі соғылып жазылатын. 1848 жылы Ұлыбританияда «Армиядағы ерлігі үшін», «Теңіздегі ерлігі үшін» деп аталатын наградалық медальдар дайындалған. Осындай сарындағы медальдар барлық елдерде пайда болған XIX ғасырда алтын медальдармен, әдетте, офицерлер, ал күміс медальмен солдаттар мен матростар марапатталатын. Мысады, Туркияда 1833 жылы қосалқы отряд ретінде, Босфор жағалауына орналасқан орыс армиясы мен теңіз әскерлеріне арнайы алтын мен күмістен жасалған медальдар дайындалған.

ӘОЖ / УДК / UDK 94 (100)

ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАРИХТАҒЫ АҚТАҢДАҚТАР

Үкібаева Л.Қ.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының
2 курс магистранты

Аңдатпа. Мақалада Тәуелсіз Қазақстан баспасөзіндегі ұлттық тарихтағы ақтаңдақтардың зерттелуі қарастырылады. Аталған мәселені зерттеуде жалпыұлттық ресми «Егемен Қазақстан» газетінде, «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналында жарияланған кәсіби тарихшы мамандардың тарихи тақырыптар төңірегінде көтерген мәселелері, өзекжарды ойлары мен мақалалары негізге алынды.

Түйін сөздер: Тәуелсіз Қазақстан тарихы, баспасөз, ұлттық тарих, ақтаңдақтар, «Егемен Қазақстан» газеті, «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналы, кәсіби тарихшы мамандар, мақалалар.

ПРЕССА КАЗАХСТАНА И БЕЛЫЕ ПЯТНА НАЦИОНАЛЬНОЙ ИСТОРИИ

Укибаева Л.К.

Магистрант 2 курса Института истории и этнологии им. Ч. Валиханова.

Аннотация. В статье рассматривается исследование белых пятен в национальной истории на страницах печати независимого Казахстана. В изучении данного вопроса были взяты за основу поднятые вопросы, мысли и статьи в области исторических тем профессиональных историков, опубликованные в общенациональной газете «Егемен Қазақстан» и национальном общественно-политическом журнале «Ақиқат».

Ключевые слова: история Независимого Казахстана, пресса Казахстана, белые пятна в национальной истории, газета «Егемен Қазақстан», национальный общественно-политический журнал «Ақиқат», профессиональные историки, статьи.

THE MEDIA OF KAZAKHSTAN AND WHITE SPOTS OF THE NATIONAL HISTORY

Ukibayeva L.K.

2-nd year Master Student of the Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology

Abstract. The article deals with the study of white spots in the history of the national press of independent Kazakhstan. At studying this issue the author used the issues raised, the thoughts and articles of professional historians on historical topics, published in the national newspaper "Egemen Kazakhstan" and the national socio-political journal "Aqiqat".

Keywords: history of independent Kazakhstan, the press in Kazakhstan, white spots in the national history, the newspaper Egemen Kazakhstan", national social-political journal "Aqiqat", professional historians, articles.

Еліміз тәуелсіздік тізгінін өз қолына алып, Қазақстан азат ел атанғанда қазақ жұрты тарихи жадын ақтарып ұлт мүддесін көздеген пікірлер айтылып, ата тарихымыздың ақтандақтары ашыла бастады. Егемендікке қол жеткізген тұста Қазақстан баспасөзі беттерінде ұлттық рух пен ел мүддесі мұңдалап тұратын тақырыптағы мақалалар көптеп жарияланды. Қазақстан тарихын зерттеу барысында кәсіби тарихшы мамандар қай кезде де ылғи гуманистік бағытты ұстанып келеді. Ұлттық тарихтағы ақтандақтар мәселесін зерттеу аясында зиялы қауым мерзімді баспасөздің көмегіне жүгінеді, баспасөз арқылы қоғамға ой тастайды. Қазақ ғылымының аса көрнекті өкілі Ахмет Байтұрсыновтың пайымдауынша «Газет – халықтың көзі, құлағы, һәм тілі». Қоғамның рухани жадын қалыптастыруда аталмыш газет-журналдарымыз бірқатар істер атқаруда. Ұлттық тарихтағы ақтандақтардың зерттелуі ұлттық баспасөз арқылы қоғамның салт-санасына өз әсерін тигізуде.

Бүгінде елімізде БАҚ-ы билік пен қоғам арасын байланыстырушы алтын көпір ретінде бағаланумен қатар, төртінші билік көзі болып отыр. Қазіргі таңда елімізде ақпарат алмасу саласында қалыптасқан тұрақты жүйелі түрде қызмет жасап келе жатқан баспасөз құралдары жеткілікті. Олардың ішінде қазақ оқырманының мәдени өмірінің рухани азығына айналып отырғандары: «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Қазақ әдебиеті», «Түркістан», «Ана тілі» газеттері мен «Ақиқат», «Простор» сияқты қоғамдық-саяси журналдар. Осы аталған газет-журналдар жүйелі түрде шығарылып, еліміздің ақпарат айдынында халыққа қызмет етіп жоғары сұранысқа ие болуда.

Еліміздің Конституциясында: «Бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті», – деп атап көрсетілсе [1], ал Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңында» оның «...мерзімді баспасөз басылымы, радио және теледидар бағдарламасы, киноқұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың басты нысаны» болып табылатыны айқындалды [2].

XXI ғасыр ақпарат ағымының ғасыры ғылым мен техниканың дамыған кемеліне жеткен кезі. Ақпарат тарату көздері пайда болған кезеңнен бастап алдымен түрлі қоғамдардың бір-бірімен ақпараттық байланыс жасауда, хабарлар алысты. Ал бүгінгі дамыған елдер бір-біріне ақпараттық ықпал етуге ауыса бастады. Кешегі егемендік алған тұста ақпарат атаулы көпшілік қауымға тек мерзімді басылымдар мен көгілдір экран арқылы ғана емес неше түрлі заманауи құрылғылармен толассыз ағылуда. Қазіргі жаһандану кезеңінде ұлттық құндылықтарымыздан айырылып қалу үрейі зиялы қауым өкілдерін алаңдатуда. Дәл осы тұста ұлттық басылымдарымыздың атқаратын рөлі зор.

Жалпы тарихта баспасөз материалдарын дерек ретінде қолдану басымдылыққа ие болып отырғандығын қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуші С. Смағұлова: «мерзімді баспасөзі қоғамдық өмірдің маңызды бір саласы болып табылады. Баспасөз – бұл мерзімді және мерзімсіз басылымдардың жиынтық атауы. Оны ақпараттар (хабар, есеп, сұхбат, репортаж), талдамалы (мақала, рецензия, шолу, хат), көркем-публицистикалық (суреттеме, очерк, публицистика, эссе, баллада, сатира) жанрларға бөлуге болады. Мерзімді басылымдардағы материалдар қоғамдағы өмірдің өткені жайында құнды мағлұматтар бере алатын дерек көзі бола алады», – деп жазады [3, 4-б.].

Солардың бірі «Егемен Қазақстан» жалпыұлттық ресми газеті Қазақстан Республикасында жарыққа шығатын мемлекеттік ресми мерзімді баспасөз құралы. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Егемен Қазақстан» біз құрып жатқан жаңа ғасырдың жаршысы болуға тиіс», – деп тарихы тереңнен тамыр тартқан басылымға зор үміт пен жауапкершілік артылатынын баса көрсеткен болатын. «Егемен Қазақстан» қазақ елінің даму жолында даму стратегиясын қоғам ішінде кеңінен насихаттауда, қоғамның ілгері дамуына тікелей әсер етіп отырған бас басылым атанып отыр. Бұл

ең алдымен мерзімді басылымның қаламы ұшқыр, қажырлы қаламгерлері мен жігерлі журналистерінің шынайы еңбегі мен көпшілік оқырман қауымның риясыз көңілінің арқасы. Қазақ басылымдарының ішінен «Егемен Қазақстан» газеті мен қатар «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналы да қазақ қоғамының рухани жаңғыруна орасан зор үлес қосты. Бұл басылым беттерінде қоғамдық санаға серпін берген өзекжарды мәселер мен көкейтесті сұрақтарға жауап іздеген мақалалар, әр түрлі тақырыпты қамтитын материалдар жарияланды. Жоғарыда аталған газет-журналдар ұлт зиялыларының бас қосып пікір алмасатын «пікір тайқазанына» айналды, ұлттық болмысымыздың қалыптасу жолында ұлттық сананың ұйытқысы бола білуде. Сондай-ақ басылым беттерінде тарихи шежіреден сыр шертер тақырыптағы материалдарға орын беріліп, ұлт санасында тарихи жадының қайта жаңғыруына, біртұтас қазақ елінің мақсат-мұраты мен ұлттық мүддесін көздеген шығармалар оқырмандар ықыласына бөленді. Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап-ақ бұл баспасөздерде Қазақ тарихына қатысты мынадай тақырыптарда: Алашорда тарихы, жаппай саяси репрессия тарихы, екінші дүниежүзілік соғыс және Қазақстан тарихы, тың және тыңайған жерлерді игеру, кеңестік кезеңдегі демографиялық үдерістер тарихының «ақтаңдақтарына» арналған М. Қозыбаев, К. Нұрпейісов, М. Асылбеков, О. Смағұлов, Қ. Алдажұманов, З. Қинаятұлы, М. Қойгелдиев, Т. Омарбеков, М. Тәтімов, Ж. Қасымбаев, Б. Көмеков, К. Байпақов, Х. Әбжанов, Ж. Абылхожин, С. Әжіғали, А. Тоқтабай, т.б. ғалымдардың зерттеу мақалалары жарияланды.

«Ақтаңдақ» беттер деген терминнің өзі алғаш рет 1987 жылғы ақпанда қолданылған екен [4, 5-6 бб.]. Жалпы халқымыздың дербес халық ретінде қалыптасуы кеше ғана басталған жоқ оның тамыры тереңде жатыр қазақ халқының шығу тегі, яғни этногенезінен басталады деп баса назар аударады. Қазақ тарихының өз зерттеушісін күтіп отырған «ақтаңдақтары» көп екендігіне әрбір тақырыпқа жеке-жеке тоқталады. Қазақ халқының тарихында «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаны» айтуға болады. Бақ-дәулет басымыздан ұшқан заманда қазақ халқы іргелі көршісі Ресейге үлкен үмітпен қол созды [4, 14-б.]. Патшалық Ресейге бағынышты ұлтқа айналуымыздың себебі де осы еді. Тарихшы ғалым қазақ тарихын кешенді тарихи зерттеулер үшін қоғамдық ғылымдардың пәнаралық байланыста болуы керек сол кезде зерттеу жұмысы өз нәтижесін беріп қоғам дамуын жеделдетеді бүгін қоғам бізден осыны талап етуде деген пікірлерімен бөліседі. Тарихшының «Халық кеңесі» газетіне берген сұхбаты «Ақтаңдақтар туралы ақиқат» деген атпен басылым бетінде жарияланды. Бұл сұхбатта тарихшы: «Тарихымыздағы ақтаңдақтар жағдайы ертеден-ақ белгілі еді. Студент болып жүрген кезімізде біздің ұстазымыз, профессор Ермұқан Бекмаханов Кеңесары қозғалысы туралы концепциясы үшін жер аударылды. 1972 жылы мен Коммунистік партияның кадрлық саясаты жөнінде З.А. Голикова деген кісімен бірігіп монография шығардым. Бірақ сол кітапта кейбір еркін айтқан ойларым үшін қуғынға түстім. Алайда, біз догматтық, схоластық рухта тәрбиелендік», - деп мәлімдейді [5].

Кеңес заманында ұлт-азаттық көтеріліске біржақты көзқарасты пікір айтылып келді. Ұлт-азаттық көтеріліс бұқара халықты отарлық езу мен қанаудан туды. Өз елінде бөтеннің кейпін киген ұлт, өздерінің күн көрісінің бірден-бір табыс көзі саналатын құнарлы жерлерінен айырылғандығы олардың ашу-ызасын тудырды. Осы тақырыпта тарихшы-ғалым К. Нұрпейісов «Ұлт-азаттық күрес және «Алаш» қозғалысы» мақаласын жариялады. Мақаласында ғалым: «Өзінің ұлттық құрамы жөнінен Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс негізінен қазақтардан тұрды немесе моноұлттық болды. Көтерілістің тікелей басталуына патша өкіметінің 1916 жылғы 25-маусымда Қазақстан мен Орта Азияның тұрғылықты халықтарының азаматтарын майдандағы қара жұмысқа шақыру туралы шығарған жарлығы түрткі болды. Көтерілісшіл халықты да, оның зиялы қауым өкілдерін де келе жатқан 1917 жылдың қос төңкерісі мен оларға жалғасқан азамат соғысының «тар жол, тайғақ кешу» кезеңі күтіп тұрды»[6].

Қазақстан тарихының келесі бір ауыр нәубеті ашаршылық қасіреті болды. Елді социализм халқы атандыруға асыққан совет үкіметі қазақ жерін иеленуде күштеп ұжымдастыру саясатына көшті. Бұл ұжымдастыру науқанының салдары байырғы ата қонысында отырған қазақ жұртын

орны толмас қасіретке душар етті, арты ашаршылыққа келіп тірелді қаншама хылық қырылып қалды. Кәсіби тарихшы Т. Омарбековтің архив құжаттары негізінде жазылған баспасөз беттерінде «Ақтаңдақтар ақиқаты» айдарымен мынадай тақырыпта: «Қазақтар шыбындай қырылып жатыр...», «Жазықсыз жапа шеккендер», «Қазақ неге атқа қонды?» сияқты мақалалары жарияланды.

Бүтін елдің мақтанышына айналған хан-сұлтандарымыз, би-шешендеріміз, ақын-жырау, батырларымыз бен ұлт интелегенциясының өкілдері ағартушы-ғалымдарды ұлықтау тарихшыға артылған жүк. Аталған тақырыптарда тарихшыларымыз Ж. Қасымбаев: «Хан тарихы – Халық тарихы» (Абылай хан туралы), Х. Әбжанов: «Қазақстан интеллигенциясы: тарих пен тағдыр», «Жалған жұмақты әшкерелеген хат», «Ұлттың ұлы ұраншысы» мақалалары, М. Қойгелдиев: «Алашорда Ұлттық мемлекет құру мақсатының қойылуы: тарихтағы орны мен тарихи маңызы», «Алаштың Әлиханы немесе ол туралы архив материалдарына сөз берсек» атты тағы басқа да осы сияқты тақырыптар төңірегінде көптеген мақалалары жарияланды.

Осылайша халқымыздың қасіреті мен қуанышы қатар өрілген сан ғасырлық тарихын білу біздің абзал борышымыз. Ал біз сол ата тарихымызды насихаттау үшін ең алдымен біржақты көзқарастардан ада болуымыз керек. Кешегі бізді отар елге айналдырған отарлаушы елдердің үстем көзқарасымен бұрмаланған тарих беттеріндегі ақтаңдақтардан арылу жолдарын қарастыруымыз керек. Осындай ғибратты ғалымдар мен ұлағатты ұстаздардың артында қалған құнды мұраларының ұрпаққа берер тағылымы орасан зор.

Қазіргі таңда Қазақстан тарихының зерттелуі барысында ұлт баспасөзінің алатын орны өте жоғары. Себебі, баспасөз беттерінде жарияланған тарихи тақырыптарға арналған мақалалар мен арнайы сұхбаттар Қазақ тарихын кәсіби тұрғыда зерттеушілер мен қызығушылық танытушылар арасында екі ұдай пікірлер тудыруда. Ғылыми тұрғыда дәйекті зерттелген кәсіби маманның тұжырымы мен әуесқой тарихшының немесе журналистің ортақ тақырыптағы зерттеуінің мазмұны мен қорытындысы екі түрлі болып жататын тұстары болады.

Жалпы Қазақ тарихын зерттеуде архивтердегі құжаттарға жүгініп тиянақты түрде, қолда бар деректермен салыстыра отырып зерттелген материалдар ғана ұлт тарихындағы ақтаңдақтарды жоюға өз үлесін қоса алады. Сол пікірлерге назар аудару тарихта адасуға жол бермейтіні анық. Мұндай сәтте кәсіби тарихшы мамандарға жол берген дұрыс. Олар өздерінің тарихи зерттеулері арқылы оқырман қауымға құнды мағлұмат ұсына алады. Ал дәл осындай тарихи тақырыптарды төңірегінде кәсіби тарихшы мамандардан басқа да өз бетінше зерттеушілікпен айналысып жүрген журналист, бүгінгі қоғам қайраткерлері, әдебиетші тағы да сала мамандары бар. Бұлардың ішінде журналистер қауымы көп жағдайда көпшілік оқырман қауымның сұранысын қанағаттандыру мақсатында белгілі бір тарихи тақырыпты көркем публицистика стилімен өрнектелген тарихи тақырыпта жазылған материалдарды халыққа жеткізеді. Мұндай көркем тілмен жазылған материалдар оқырман көңілінен шығып бұқара көпшілік тарапынан жоғары бағасын алып жататыны да белгілі. Бірақ осы жерден келіп тарих беттерінің ақтаңдақ тұстарының мазмұны ашылмақ түгілі кей кездері түсініспеушілікке әкеліп соқтырып жататыны өкінішті. Кейінгі кездері әсіресе тәуелсіз елге айналғаннан кейінгі жылдары тарихты түгелдеу жаппай көрініс ала бастады. Бұл түсінікті жайт, өзінің рухани азығын теру ісі деп қабылдауға болатын құптарлық іс. Дегенмен осындай істің арқасында оқырман қауымның тарих беттеріндегі «ақиқаты мен аңызын» қайсы екенін ажырата алмай жатуына жол берілмеуі керек.

Сонымен өткеннен сабақ ала отырып жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беру жолында атқарылар істер аз емес. Мерзімді басылымдарда тарихи тақырыпта жарияланған мақалаларды пайдаланғанда аса жоғары сақтықпен қарап қолданғанымыз жөн. Баспасөз беттерінде де оларды жариялағанда жоғары талғаммен іріктеліп алынуы шарт. Сонда біз халқымыздың тарихи зердесін ашуда, тарихи санасын қалыптастыруда, ата тарихты құрметтеген буын өкілдерінің еңбектерімен, құнды мәліметтермен толықтырып рухани қазынамызды байытатын алтын қорға айналадыра аламыз. Бүгінгідей жаһандық даму жағдайында ұлт болып сақталып қалу үшін, ортақ мүддені

көздеген, ұлттық мәдени құндылықтарымызды мәңгілікке есте қалдыру, салт-дәстүрімізді құрмет тұтатын ұрпақ тәрбиелеуде үлгі көрсетіп насихаттау ортақ азаматтық парызымыз.

Әдебиет

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Жеті Жарғы, 1999. – 10 б.
- 2 Қазақстан Республикасының «БАҚ туралы» Заңы. – Алматы: Жеті Жарғы, 1999. – 26 б.
- 3 Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 30-40 жж.). – Алматы: «Елтаным баспасы», 2011. – 432 б.
- 4 М. Қозыбаев. Ақтаңдақтар ақиқаты: Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 272 б.
- 5 Қозыбаев М. Ақтаңдақтар туралы ақиқат. // Халық кеңес. – 1991. – 14 қараша.
- 6 Нұрпейсов К. Ұлт-азаттық күрес және «Алаш» қозғалысы. // Ақиқат.– 1996. №6. – 45 б.

References

- 1 Qazaqstan Respublikasynyn Konstituciyasy. – Almaty: Zheti Zhargy, 1999. – 10 b.
- 2 Qazaqstan Respublikasynyn «BAQ turaly» Zany. – Almaty: Zheti Zhargy, 1999. – 26 b.
- 3 Smagulova S. Qazaq merzimdi baspasozhi: shygu tarihy men derektik manyzy (XX v. 30-40 zhzh.). – Almaty: «Eltanym baspasy», 2011. – 432 b.
- 4 M. Qozybaev. Aqtañdaqtar aqiqaty: Oqu quraly. – Almaty: «Qazaq universiteti», 1992. – 272 b.
- 5 Qozybaev M. Aqtañdaqtar turaly aqiqat. // Halyq kenes. – 1991. – 14 qarasha.
- 6 Nurpeisov K. Ult-azattyq kures zhane «Alash» qozgalysy. // Aqiqat.– 1996. №6. – 45 b.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТАЗИЯЛЫҚ ЕЛДЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

Хайрулдаева А.М.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және «Ғылым ордасы» кешенінің базасындағы ҒЗИ-лар бірлескен білім беру бағдарламаларының PhD докторанты

Аңдатпа. Көркем әдебиеттегі шығармалар да тарихи деректердің үлкен тобын құрайтыны белгілі, бұл әсіресе ХІХ ғасырға дейін ауызша әдеби дәстүр берік сақталып, тарихы мен тағлымы, әдеби, мәдени мұралары ауыздан-ауызға жеткізіліп отырған Қазақстан тарихында маңызы зор. Көркем әдебиеттегі тарихилық ерекшеленеді, өйткені әдебиет тарихи құбылыстарға деген адам қатынасын – олардың кісілік құлқы, әрекеті-харакеті, таным дүниесіндегі өзгерістері арқылы көрсетеді. Басқаша айтқанда, «белгілі бір дәуірдің нақты мән-мазмұнын, оның қайталанбас келбеті мен ерекше бейнесін көркемдік әдіспен игеретін әдебиеттің тарихилық» мәселесі осы қасиеті арқылы өзіне ерекше назар аударуды талап ететіні хақ.

Түйін сөздер: әдебиет, көркем, тарихи, деректер, шығармалар, үлкен

ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСТАНА С ЦЕНТРАЛЬНОАЗИАТСКИМИ СТРАНАМИ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ПОЭТОВ ЗАР

Хайрулдаева А.М.

Докторант PhD совместных образовательных программ КазНУ им. Аль-Фараби и НИИ на базе комплекса «Ғылым ордасы»

Аннотация. Примечательно, что произведения в художественной литературе также составляют большую группу исторических источников, что особенно важно в истории Казахстана, где до ХІХ века прочно сохранялась устная литературная традиция, история и традиции, литературное, культурное наследие передавались из уст в уста. Историчность в художественной литературе отличается тем, что литература отражает человеческое отношение к историческим явлениям – через их человеческое поведение, действие-Харакет, изменения в мире познания. Иными словами, проблема» историчности литературы, которая художественно усваивает конкретное содержание той или иной эпохи, ее неповторимый облик и неповторимый облик " требует особого внимания к себе через это свойство.

Ключевые слова: литература, искусство, История, факты, произведения, большой

RELATIONS OF KAZAKHSTAN WITH CENTRAL ASIAN COUNTRIES IN THE WORKS OF CONTEMPORARY POETS

Khairuldaeva A.M.

PhD student of joint educational programs of kaznu named after Al-Farabi and research institutes on the basis of the complex "Gylym ordasy"

Abstract. It is clear that works in Fiction also constitute a large group of historical data, which is especially important in the history of Kazakhstan, where the oral literary tradition was firmly preserved until the XIX century, and the history and heritage, literary and cultural heritage were transmitted by word of mouth. Historicism in fiction is distinguished because literature reflects the human attitude to historical phenomena – through their personality, actions-character, changes in the world of knowledge. In other words, it is clear that the problem of " historicity of literature, which artistically assimilates the real essence of a particular era, its unique appearance and unique image " requires special attention to itself through this property.

Keywords: literature, artistic, historical, data, works, large

Көркем әдебиеттегі шығармалар да тарихи деректердің үлкен тобын құрайтыны белгілі, бұл әсіресе XIX ғасырға дейін ауызша әдеби дәстүр берік сақталып, тарихы мен тағлымы, әдеби, мәдени мұралары ауыздан-ауызға жеткізіліп отырған Қазақстан тарихында маңызы зор. Көркем әдебиеттегі тарихилық ерекшеленеді, өйткені әдебиет тарихи құбылыстарға деген адам қатынасын – олардың кісілік құлқы, әрекеті-харакеті, таным дүниесіндегі өзгерістері арқылы көрсетеді. Басқаша айтқанда, «белгілі бір дәуірдің нақты мән-мазмұнын, оның қайталанбас келбеті мен ерекше бейнесін көркемдік әдіспен игеретін әдебиеттің тарихилық» мәселесі осы қасиеті арқылы өзіне ерекше назар аударуды талап ететіні хақ [1,5б.]

Қазақ әдебиеті тарихында ойып алар орны бар ақындар мен жыраулар шығармаларының тарихилығы – біздің халық ретінде бірнеше ғасырлар бойы адамзат баласының өзге де ұлт өкілдерімен, елдермен қатар өмір сүріп келе жатқандығымызды заңдастыратын, бүгінгі қазақтар мен олардың ата-бабалары тіршілік кешкен бұлыңғыр кезеңдердің арасын жалғастырар ежелгі керуен жолы секілді ерекшелігімен қастерлі.

Өз ұлтының төл тарихымен тамырлас қазақ әдебиеті тарихындағы XIX ғасыр «Зар заман» деп аталады. «Зар заман» - бұл белгілі бастау-бұлағы бар, даму арнасы, қалыптасу жолдары, тамамдалар тұсы айқын, қоғамдық ойдағы және әдебиеттегі құбылыс. Дегенмен, зар заман поэзиясы тек әдебиеттану ғылымының ғана емес, бұл әлеуметтік қоғамдық-саяси ой ағымы ретінде тарихшылар мен философтардың да зерттеу нысаны болып табылады. [2,6б.]

«Зар заман» атауын әдеби термин ретінде алғаш рет Мұхтар Әуезов қолданысқа енгізді. Ол өзінің 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде зар заман ақындарына арнайы бөлім арнап, күрделі кезең поэзиясына жан-жақты талдау жасады; зар заманның өкілдерін атады; бұл дәуірдің басы мен соңына дейінгі аралықты белгіледі, сондай-ақ, тарихи және теориялық негіздемелерін ұсынды. [3]

Қазақтың ірі қоғам қайраткері Халел Досмұхамедұлы М.Әуезовтың аталған еңбегі жарық көрген соң бір жылдан кейін, яғни 1928 жылы «Қазақ халық әдебиеті. Қысқаша очерк» деген ғылыми зерттеуінде өзі жіктеген поэзияның түрлерінің бірін «зар заман» деп атады. [Досмұхамедұлы Х. Аламан. Алматы, Ана тілі, 1991. – 176 б.]

Белгілі жазушы, зерттеуші Сәбит Мұқанов 1942 жылғы «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» еңбегінің сүбелі екінші тарауын «Зар-заманның жағдайы» деп атайды.

1927 жылдан 1942 жылға дейін арнайы аталмағанмен, зар-заманның ірі өкілдері мектеп оқулықтары мен хрестоматияларында даурықтыра аталмай, қатардағы ақындар ретінде қаралып келгеніне С.Мұқанов ерекше екіпін түсірмей, әуелі орыс отаршылдығының екі түрін – жаулап алу мен жерді отарлау амалдарын тарихи деректермен дәлелдей келіп, «бас бостандығынан жерден айрылған кедейленген халық бұл зорлыққа қарсы басын көтере алмады, көтерем дегенге үкімет көтертпей, қозғала бергенде тарп бас салып, орнында езіп тастап отырды. Осылай қолдан күш, бастан ерік кеткен кезде, қайғыдан тұншыққан халықтың зарынан туған көркем әдебиетті біз «Зар заман әдебиеті дейміз». «Зар заман» әдебиетінің негізін қалаушы қазақ ақын Шортанбай» деп ой

түйеді [2,122б. Мұқанов С. Қазақстың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. Алматы: Арыс, 2002.].

Әдебиеттану ғылымы саласында «зар заман» поэзиясы туралы пікір білдіріп, баға берген зерттеушілер өте көп.

Зар заман поэзиясының өкілдері саналған ақындардың шығармашылығы хақында әр жылдарда С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ы.Дүйсенбаев, Е.Ысмайлов, Т.Нұртазин, Ә.Қоңыратбаев, С.Талжанов, Х.Сүйіншәлиев, С.Қирабаев, Ғ.Мұсабаев, Т.Кәкішев, Р.Сыздықова, М.Бөжеев, Б.Қорқытов, Қ.Сыдықов, С.Дәуітов, Қ.Мәдібаева, Т.Тебегенов, Ш.Керімов сияқты ғалымдар мен әдебиетшілер зерттеп, арнайы ғылыми еңбектер мен зерттеу мақалаларын жазған [2, 41б.].

Зар заман әдебиетінің басты өкілдері Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Кердері Әубәкір шығармалары кейінгі жылдарда жекелей және арнайы жинақтарға басылып шықты. Бұл іске С.Дәуітов [4], Б.Сандыбайұлы [5] және т.б.ғалымдар өз үлестерін қосты.

Белгілі тарихшы, зерттеуші М.Қойгелдеиев болса, зар заманды ағым ретінде көрсетіп; бұл ағымды туғызған тарихи-әлеуметтік себеп-салдарларды санамалайды; зар заман ақындары ретінде Дулат, Шортанбай, Мұрат шығармашылығын негізге алады.

Отаршылдық дәуірді жан-жақты зерттеген ғалым зар заман әдебиетінің дамуына себепші болған кезең туралы төмендегідей ой тұжырымдайды: «XIX ғасырдың алғашқы жартысы – Қазақстан үшін тарихи кезең, яғни саяси, мемлекеттік еркіндіктен біржола айрылып, отарлық ахуалдың, саяси тәуелділіктің дәм-тұзын тату кезеңіне қадам басу уақыты. Егер бұл мезгілді шартты түрде өтпелі кезең ретінде алсақ, саяси дербестіктен орталық тәуелділікке өтудің өзіне лайық рухани болмысы болатындығы мәлім. Дулат, Шортанбай, Мұрат туындыларының ортақ өзегі – тарихи жеңіліске ұшыраған ұлттық көңіл-күйдің күйзелісті жағдайын терең де, дәл ұғынуға меңзей отырып, сапалы, азаттыққа бастайтын жаңа руахни серпіліске жол ашу еді» [6].

Зерттеушілер «Зар заман» ақындары қатарына Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Дулат Бабатайұлы, Кердері Әубәкір сынды ақындарды жатқызған.

Зар заман ақындарының еркіндікті аңсау, елдікті сағыну тақырыбындағы жырларының аясында қазақтардың сол кезеңдегі көршілес ортазиялық мемлекеттермен қарым-қатынастары туралы да айтылып өтетін тұстары бар. Дулат Бабатайұлы (1802-1871) Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданында туылған. Кедей ортадан шыққан. Ауыл молдасынан оқып, мұсылманша сауат ашады. Алайда көп іздену арқасында өз заманындағы көзі ашық, көкірегі ояу, ең білімді адамдардың бірі болғаны оның шығармаларынан да анық аңғарылып тұр [7, 388б.].

Зар заман ақындары деген баға алуларының өзі аталмыш кезең ақындарының өткенді аңсауы, еркіндікті сағынуы сарынындағы жырларына байланысты берілген десек, Дулат ақынның «Әуелгі қазақ деген жұрт» атты шығармасында

-Сен Бұхарада кезінде,
Бәтуа бар сөзінде,
Келеді биің сенімді,
Қара бір халқы көнімді,
Тыныш еді еліміз.
Шаңына малың аунаған,
Дәулетің өсіп қаулаған,
Тел емес малды саумаған,
Бұхар-ай, шәрі дейтұғын

Өскен, өнген жеріңіз, [7, 159б.] -деп елдің еркін кезіндегі, терезесі тең тату көршілік қарым-қатынастарды аңсау сарыны байқалады

Шортанбай Қанайұлы (1818-1881). Ақынның өмірбаяны туралы мәліметтер аз. Ақын жөніндегі деректердің көбі шашырап жеткен үзінді. Бір алуан мәліметтерге қарағанда, осы күнгі Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан өңіріндегі Қаратау деген жерде туылған. Екінші бір

деректе Ақмешіт қожасы делінеді, бірақ өмір сүріп, ақындық құрған жері Қарқаралыдағы Бесата деген ел [7, 390б.].

Шығармалары XIX ғасырдың 70-жылдарында жарық көріп, «Бала зары» деген атпен Қазан қаласында бірнеше рет басылып шыққан.

Кей кездері қазақтар Ресей отаршылдық саясатының құрсауынан құтылу үшін әлі де болса өз дербестігін сақтап тұрған көршілес елдерге үміт артады. Мысалы Шортанбай ақын өзінің «Мына заман қай заман» деген өлеңінде:

-Арқадан дәурен кеткен соң,
Қуғындап орыс жеткен соң,
Тіпті амал жоқ, қазақтар,
Енді сенің торыңа.

Орыс – бүркіт, біз – түлкі,
Аламын деп талпынды.
Орыстан қорлық көрген соң,
Отырып билер алқынды....

Бұхарға жетер күн болса,

Тыншытар ма едің ұйқыңды?- деп ашынып, көршілес Бұхара әмірлігінен жақсылық күтеді [4,111б.]

Оңтүстіктің қазақтарын бір шетінен патшалық Ресей тықсырып, бір шетінен көршілес ортазиялық елдер тықсырғанда Сыр бойы қазақтарының арқасына қатты батып, тіпті көршілес хандықтарға қарсы көтеріліске шыққаны мәлім. Шортанбай ақын «Шалғын жайлар күйретіп» деген өлеңінде осы туралы да айтып өтеді:

-Шалғын жайлар күйретіп,
Мың кісі мінер үйретіп.
Ақылы жоқ есер құл
Бір қайрылмас кеткен соң.

Көтерер ме осы жақ,
Кеткенде қайда барасың?
Алдыңызда Қоқан бар,

Орыстан жаман тым-ақ, жау. [4,115б.]

Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906). Кіндік қаны тамған топырақ – қазіргі Атырау өңірі, Қарабау ауылы. Жүрген жерлері – Еділ, Жайық бойы, Маңғыстау. Ата-тегі мал баққан шаруа қазақ. Мұрат жасында аз-кем молдадан оқыған. Он бестен асқанда өлең шығара бастайды. Мұрат бір жағынан өткен замандар тарихын өрнекетеген дастаншыл ақын болса, екінші жағынан, өзі өмір сүрген ортадағы халықтың мұңын-зарын айтатын әлеуметшіл ақын. Орыс отаршылдығының озбырлығын әшкерелеген ұлы сарынына байланысты, оның шығармалары кеңес үкіметі кезінде жөнді бағаланбай келген.

Ақынның өлең-толғауларын жинап бастырып, 1923 жылы өзінің «Аламан» аталатын жинағында алғаш ғылыми талдау жасаған – профессор Х.Досмұхамедұлы.

Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян» атты өлеңінің 7-тармағында өткен заманды аңсау, көршілес Бұқара мен Үргенішпен достық сауда қатынастарының болғандығын аңсау сарынында айтып өтеді:

-Шаңдаттырып даласын,
Талқан етіп қаласын,
Атамыз қазақ болғанда
Әлденеше шапқан жер.
Қоралап айдап дұспанды,
Үргеніш пен Бұхараға
Әлденеше сатқан жер.

Алтын ала, ақ күміс
 Қарық олжаға батқан жер,
 Алтыннан тұрман таққан жер-[4,139б]

Ақынның аталмыш шығармасының 24-тармағында қазақтардың еркіндікті аңсап, әлі де болса дербес жатқан көршілес елдерге жайлы қоныс іздеп, әрі-бері сергелдеңге түскені жайлы толғанады:

-Үргеніш пен Бұхарадан,
 Қоңырат, Ташкент, Қоқаннан
 Орнықты қоныс таба алмай,
 Адыра қалғыр бұл қоныс,
 Асан би шұбап өткен жер
 Ноғайлы шұбап босқан жер![4,146б.]

Кердері Әубәкір Шоқанұлы (1861-1905) Орынбор, Троицкіде оқып, медресе бітірген. Орал, Орынбор, Орск, Ақтөбе қалалары маңында бала оқытып, молдалық құрған. Өлеңдері «Әдебиет қазақия» деген атпен екі рет (1903, 1905) Қазан қаласында Кәрімовтар баспасында басылған. Осы себепті де Қазақ жеріне шығармалары ең көп тараған ақындардың бірі-Кердері Әубәкір. Ақын туған елі ғана емес, зиялылар, көзіқарақты хат танитындары бар, қазақ тілін түсінетін қырғыз, қарақалпақ, түркімен, өзбек, ұйғыр, татар, башқұрт арасында да мәлім болған [5,15б.]

Кердері Әубәкір де зар заманның басқа өкілдері сияқты өткенді сағынышпен, аңсаумен еске алады, «Өткен иманшылық заманды жоқтап айтқаны» атты шығармасында Хорезм, Үргеніш қалаларын сипаттап, қазақтардың осы бір шаһарларға сапарлап тұратындығы туралы айтылады:

-Көңірсіген көң қыстап,
 Тау жырасын ел қыстап,
 Қысы, жазы бірдей жылы екен.
 Арқаның киік құланы
 Қара малмен тең екен.
 Әулиесі қойдай күңіренген
 Хорезм деген шәр екен.
 Қыста нардың қомымен,
 Жазда аттың жалымен
 Азамат шығар қала екен.
 Көзі көрген соларды
 Ақсақалдар бар екен
 Алатау мен Түркістан
 Тамам судың өрі екен [5, 46-47бб.].

Батыста туылған ақын Еділ мен Жайықтың қазақтар үшін тарлық ете бастағанын тілге тиек етіп, Хорезмге де ақырындап отарлау қамыты таяп қалғандығын білдіреді:

-Еділ, Жайық –екі су
 Ел қонарға тар болды.
 Қарағай, қайың, тал, терек
 Тамыр түбі таусылып,
 Қамшы сапқа зар болды.
 Көлденең жатқан қара шың
 Құлай-құлай бор болды.
 Малға лайық жері жоқ,
 Жерге лайық елі жоқ,
 Асыл заттар қор болды.
 Мықтыға нашар зор болды.
 Қар жаумайтын Хорезм

Тебінгіден қар болды.

Қараның ұлы хан болды

Құлдан туған паң болды[5, 496.].

Ал «Қазағым» атты жырында қазақтардың өткен мамыражай күндерін, ертеректегі достық, сауда қатынастарының болғандығын айтады:

-Қыс болса қыстаушы еді қырға барып,

Көлденең шыңыраулы шыңға барып,

Жарлы деп жүз қой бітсе айтушы еді,

Қой, жылқы толықпаса мыңға барып.

Саралап ат, айғырын мырза, байлар

Үргенішке сатушы еді жылда барып.

Ат, айғыр айдаушы еді, атан алып

Мата мен қайтушы еді шапан алып.[5,716.].

Осы «Қазағым» атты шығармасында қазақтар үшін негізгі орталық, сауда орталығы Үргеніш, Бұқара қалалары болғаны, бірақ Ресей отаршылдығының қанат жаюымен қазақтарда қалалар мен бекіністердің көбейе түскені жайлы айтады:

-Бұл күнде төре қалып, қара болған

Жас бала ақсақалдан дана болған.

Бұрынғы Үргенші, Бұқара жырақ болып,

Салулы қасымыздан қала болған[5, 756.].

Кердері Әубәкірдің көршілес татар, ноғай, өзбек сияқты халықтар үшін ортақ ақын екені айтылады. Оның «Халыққа уағыз, насихат қылып айтқаны» атты шығармасы да осының дәлелі сияқты, аталмыш шығармасында Ресей отаршылдығының қамыты ортазиялық халықтардың барлығына да түскенін баяндайды:

-Қазандағы көп ноғай,

Есепке кірді ертерек,

Шылым тартып бағзысы

Түтін атар мұрнынан.

Езгілері сондай боп,

Жүзінен жан қорыққан

Алусыз шаш пен мұртынан.

Крашин болған ноғайды-

Айыра көрме жасаған,

Мұсылмандық ғұрпынан

Және патша алады

Маһар (Мары қаласы) түрікпен елінен.

Телеграмды жүргізді

Мединенің шөлінен.

Көп әулие шошынып,

Хорезмнің шөлінен

Баһауаддин болмаса

Кереметке кім шықсын?

Қаралай босты өзбек, сарт

Бұқараның шәһрінен.

Жалаға есеп алып тұр,

Қарақалпақ, түрікпеннен,

Өзбек, сарт, қырғыз бәрінен [5,1176.].

Зар заман жырларында отаршылдықтың озбырлығы, зардап-залалы, кесел-кесапаты жан жақты айтылады. Ақындар жат пиғыл, жаулық ниеттің сырын әр қырынан ашып көрсетті, қауіп-

катерге ұрынудың себеп-салдарына үңілді. Қазақстанның отарлық саясат кұрсауында қалған шағындағы басқа елдермен байланыстары, соның ішінде көршілес жатқан ортазиялық мемлекеттермен қарым-қатынастары туралы да осы сарында, яғни қазақтар үшін өткен замандағы әлі де болса өз тәуелсіздігінен айырыла қоймаған Бұхара әмірлігі, Хиуа, Қоқан хандықтарымен қазақтардың терезесі тең дәрежеде сауда, достық қатынастарын аңсау басым болса, «Жау жағадан алғанда, бөрі етектен алады» дегендей қазақтардың қиын жағдайын пайдаланып, бауырлас елдерден көмек іздеген қазақтарға екінші жақтан қысым көрсеткен Қоқан және Хиуа хандықтары билеушілерінің озбыр қылықтары да айтылады. Зар заман ақындарының шығармаларының тарихи құндылығы қазақтардың көршілес жатқан ортазиялық елдермен қарым-қатынастарының, олардың достық сипатта, сауда қатынастары болғандығын көрсететіндігінде.

Сілтемелер тізімі

1. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы «Ғылым», 2001. – 376бет.
2. Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. Генезис, типология, поэтика. Алматы, Білім, 2000. – 368б.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы, Ана тілі, 1991. – 240б.
4. Зар-заман. Жыр-толғаулар. Құрастырған: С.Дәуітов. – Алматы, «Жалын», 1993. -176б.
5. Кердері Әубәкір. Қазағым. Өлең, толғаулар, айтыс, жырлар. Құрастырған Бақытгерей Сандыбайұлы. – Алматы «Жазушы», 1993.-288б.
6. Қойгелдиев. М. Саяси элита және ұлт мүддесі.//Егемен Қазақстан, 1999, 26 ақпан
7. Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. Алматы: Жазушы, 2008. 1-том.-400 бет.

МАЗМҰНЫ

Ақынова А.П. ВИЗАНТИЯ ИМПЕРИЯСЫ ЖӘНЕ ҒҰНДАР (IV-V ғғ).....	8
Алмагамбетова А.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ШЕТЕЛДІК ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ.....	13
Амиров Е.Ш. ЖЕТІСУДЫҢ САҚ-ҮЙСІН КЕЗІНДЕГІ ХАЛЫҒЫНЫҢ ӘСКЕРИ ІС ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ ТУРАЛЫ (ҚАРАТУМА ҚОРЫМЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША).....	20
Атығаев Н.А. Б.Г. АЯҒАННЫҢ «РАССВЕТЫ И СУМЕРКИ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ» КІТАБЫ ТУРАЛЫ.....	27
Атығаев Н.А. ТАҒЫ ДА Б.Г. АЯҒАН КІТАБЫ ТУРАЛЫ.....	40
Ахмади Л. ЮНЕСКО АУҒАНЫСТАНДАҒЫ ӘЛЕМДІК МҰРАЛАРЫН САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	48
Ашимбаева Ф.Е. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОЛА ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ МЕН БАЙЫРҒЫ КӨШПЕНДІЛЕРДІҢ АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ.....	55
Бисембаева Л.А. ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ, ОНЫҢ ТҮРҒЫНДАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНЕ ӘСЕРІ: ДЕНСАУЛЫҒЫ, ЕМДЕУ ШАРАЛАРЫ (1867-1917жж). (ВЕРНЫЙ УЕЗИ БОЙЫНША).....	60
Досекеева К.А., Ахатаева К.Б. АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КӨП САЛАЛЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БІР ҚЫРЫ.....	66
Есжанова Н. ҚАЗАҚСТАН ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ: ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУ БОЛАШАҒЫ.....	72
Жандарбек З. ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕЛЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ.....	78
Жетпісбай Н.Ы. АБАТ БАЙТАҚ КЕШЕНІНДЕ ЖЕРЛЕНГЕН АДАМДАРДЫ АНЫҚТАУ ТУРАЛЫ.....	105
Игиликова С.И. СҮЙІНБАЙ БИ.....	115
Искакова Ғ.З., Байдавлетова М.Д., Өскенбай М.Ә. ТҮРКІ ҚАҒАНАТТАРЫНДА ҚАЛЫПТАСҚАН ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КЕҢІСТІК ТУРАЛЫ ТҮСІНІК.....	119
Касабулатова Г.М. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ. ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІҢ БОЙЫНША.....	129
Касабулатова Г.М. РАФАЭЛЬ ПАМПЕЛЛИДІҢ «ТҮРКІСТАНҒА САЯХАТ» ЕҢБЕГІНЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ.....	134
Ксенжик Г.Н. Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ – ОТАНДЫҚ КАРТОГРАФИЯ НЕГІЗІН САЛУШЫ.....	138
Қозғамбаева Г.Б. ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАРУ – ЖАРАҚТАРЫ.....	146
Құлсариева С.П., Нұрасылова А. БОЛГАРИЯДАҒЫ ТҮРКІ ДИАСПОРАСЫ: ЗЕРТТЕУГЕ ТАЛДАМАЛЫҚ ШОЛУ.....	152
Құрманбаева Г.Қ. МӘШҒҰР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЖЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ.....	159
Мейрманова Г.А. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАМАҚТАНУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ СҮТТЕН ЖАСАЛҒАН ТАҒАМДАРҒА СИПАТТАМА (САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ).....	165
Мейрманова Г.А. ФАЛЕРИСТИКА ҒЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ.....	171
Мұкатаева Л.К., Сұлтанғазы Г.Ж., Нұрбаев Ж.Е. ОРЫС-АҒЫЛШЫН БАСЕКЕЛЕСТІГІ КОНТЕКСТІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН (XVIII-XIXғғ.).....	178
Нұғыманов С. 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫ.....	187

Нұрғазина М. ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ МЕН КЕЗЕҢДЕРІН ТАЛДАУ.....	192
Омарова У.А. ЧАМДАРДЫҢ ДІНШІЛДІГІ ЭТНОСЫН САҚТАУ ҚҰРАЛЫ.....	200
Өтепова Г.Е. 1916 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚИҒАЛАР ТУРАЛЫ ЖАҢА МҰРАҒАТТЫҚ МАТЕРИАЛДАР.....	209
Өтепова Г. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР.....	215
Тасилова Н.А., Тойшубекова Ж.К. «ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ (ҚАЗАҚТАРДЫҢ) ЖЕР ПАЙДАЛАНУ МАТЕРИАЛДАРЫ...» - ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ.....	224
Тұрлыбек А.Е., Жұматаева Д.Н. ӘНУАР ПАШАНЫҢ ЭММИГРАЦИЯ ЖӘНЕ БОЛШЕВИКТЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ.....	231
Үкібаева Л.Қ. ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАРИХТАҒЫ АҚТАҢДАҚТАР.....	242
Хайрулдаева А.М. ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТАЗИЯЛЫҚ ЕЛДЕРМЕН ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТАРЫ.....	247

СОДЕРЖАНИЕ

Акынова А.П. ВИЗАНТИЙСКАЯ ИМПЕРИЯ И ГУННЫ (IV-V ВЕК).....	8
Алмагамбетова А.М. ЗАРУБЕЖНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ О ТЮРКСКИХ НАРОДАХ КАЗАХСТАНА.....	13
Амиров Е.Ш. О ВОЕННОМ ДЕЛЕ И ХОЗЯЙСТВЕННОЙ СПЕЦИФИКЕ НАСЕЛЕНИЯ ЖЕТЫСУ В САКО-УСУНЬСКИЙ ПЕРИОД (ПО МАТЕРИАЛАМ МОГИЛЬНИКА КАРАТУМА).....	20
Атыгаев Н.А. О КНИГЕ Б.Г. АЯГАНА «РАССВЕТЫ И СУМЕРКИ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ».....	27
Атыгаев Н.А. ЕЩЕ РАЗ О КНИГЕ Б.Г. АЯГАНА.....	40
Ахмади Лаик ПРОБЛЕМЫ СОХРАНЕНИЯ ВСЕМИРНОГО НАСЛЕДИЯ ЮНЕСКО В АФГАНИСТАНЕ.....	48
Ашимбаева Ф.Е. ПРЕЕМСТВЕННОСТИ МЕЖДУ АНТИЧНЫХ КОЧЕВНИКОВ И ПАМЯТНИКОВ В ЭПОХУ БРОНЗЫ В КАЗАХСТАНЕ.....	55
Бисембаева Л.А. СОЦИАЛЬНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ ОБЛАСТИ, ЕГО ВЛИЯНИЕ НА ПОВСЕДНЕВНУЮ ЖИЗНЬ НАСЕЛЕНИЯ: ЗДОРОВЬЯ, ПУТИ ЛЕЧЕНИЯ (1867-1917). (ПО ВЕРНЕНСКОМУ УЕЗДУ).....	60
Досекеева К.А., Ахатаева К.Б. ОДНО ИЗ НАПРАВЛЕНИЙ МНОГОПРОФИЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АЛАШСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ.....	66
Есжанова Н. ЭЛЕКТРОННОЕ ПРАВИТЕЛЬСТВО В КАЗАХСТАНЕ: РЕАЛИЗАЦИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ.....	72
Жандарбек З. ИСТОРИЯ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И ФОРМИРОВАНИЕ КАЗАХСКОЙ ГЕНЕАЛОГИИ.....	78
Жетписбай Н.Ы. К ВОПРОСУ ОБ ИДЕНТИФИКАЦИИ ПОГРЕБЕННЫХ В КОМПЛЕКСЕ АБАТ БАЙТАК.....	105
Игиликова С.И. СУЮНБАЙ БИ.....	115
Искакова Г.З., Байдавлетов М.Д., Оскенбай М.А. ПРЕДСТАВЛЕНИЕ О ГЕОГРАФИЧЕСКОЙ СРЕДЕ В ТЮРКСКОМ КАГАНАТЕ.....	119
Касабулатова Г.М. ГЕОГРАФО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ КАЗАХСТАНА В XIX В. ПО ИСТОРИЧЕСКИМ ИСТОЧНИКАМ.....	129
Касабулатова Г.М. КРАТКИЙ ОБЗОР КНИГИ РАФАЭЛЯ ПАМПЕЛЛИЯ «ПУТЕШЕСТВИЕ ПО ТУРКЕСТАНУ».....	134
Ксенжик Г.Н. Ч.Ч. ВАЛИХАНОВ – ОСНОВОПОЛОЖНИК ОТЕЧЕСТВЕННОЙ КАРТОГРАФИИ.....	138
Козгамбаева Г.Б. ТРАДИЦИОННОЕ ОРУЖИЕ КАЗАХОВ.....	146
Кульсариева С.П., Нурасилова А. ТУРЕЦКАЯ ДИАСПОРА БОЛГАРИИ: АНАЛИТИЧЕСКИЙ ОБЗОР ИССЛЕДОВАНИЙ.....	152
Курманбаева Г.К. В ЗНАМЕНИТЫХ РУКОПИСЯХ ИОСИФА ПРОБЛЕМА ПАЛОМНИЧЕСТВА.....	159
Мейрманова Г.А. ТРАДИЦИОННОЕ ПИТАНИЕ У КАЗАХОВ И ОСОБЕННОСТИ МОЛОЧНЫХ ИЗДЕЛИЙ (СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ).....	165
Мейрманова Г.А. О НАУКЕ ФАЛЕРИСТИКЕ.....	171
Мукатаева Л.К., Султангазы Г.Ж., Нурбаев Ж.Е. КАЗАХСТАН В КОНТЕКСТЕ РУССКО-АНГЛИЙСКОГО СОПЕРНИЧЕСТВА (XVIII-XIX ВВ.).....	178
Нугыманов С. ГОЛОД В КАЗАХСТАНЕ 1921-1922 ГГ. И НАЦИОНАЛЬНАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ.....	187

Нургазина М. АНАЛИЗ ПРЕДПОСЫЛОК И ЭТАПОВ СТАНОВЛЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИННОВАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСТАНА	192
Омарова У.А. РЕЛИГИОЗНАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ ЧАМОВ КАК ИНСТРУМЕНТ СОХРАНЕНИЯ ЭТНИЧНОСТИ.....	200
Оттепова Г.Е. НОВЫЕ АРХИВНЫЕ МАТЕРИАЛЫ О СОБЫТИЯХ 1916 ГОДА В КАЗАХСТАНЕ.....	209
Оттепова Г.Е. ВОПРОСЫ ИЗМЕНЕНИЯ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ АКТАХ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ.....	215
Тасилова Н.А., Тойшубекова Ж.К. «МАТЕРИАЛЫ ПО КИРГИЗСКОМУ ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЮ...» КАК ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ КАЗАХСКИХ ХОЗЯЙСТВ.....	224
Турлыбек А., Жұматаева Д.Н. Эмиграция ЭНВЕРА-ПАШИ И ЕГО ОТНОШЕНИЯ С БОЛЬШЕВИКАМИ.....	231
Укибаева Л.К. ПРЕССА КАЗАХСТАНА И БЕЛЫЕ ПЯТНА НАЦИОНАЛЬНОЙ ИСТОРИИ.....	242
Хайрулдаева А.М. ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСТАНА СО СТРАНАМИ ОРФОЗИИ В ТВОРЧЕСТВЕ ЗАР-ЗАМАНСКИХ ПОЭТОВ.....	247

CONTENTS

Akynova A.P. BYZANTINE EMPIRE AND HUNTS (IV-V CENTURY).....	8
Almagambetova A.M. FOREIGN STUDIES ABOUT TURKIC PEOPLES OF KAZAKHSTAN.....	13
Amirov E.Sh. ABOUT MILITARY SCIENCE AND ECONOMIC SPECIFICS OF THE POPULATION OF ZHETYSU DURING THE SAKA-WUSUN PERIOD (ON MATERIALS OF A BURIAL GROUND OF KARATUMA).....	20
Atygaev N.A. ABOUT THE BOOK OF B.G. AYAGAN "DUNRISES AND DUSK OF THE KAZAKH STEPPE".....	27
Atygaev N.A. ONCE AGAIN ABOUT THE BOOK B.G. AYAGANA.....	40
Ahmadi L. PROBLEMS OF CONSERVATION OF WORLD HERITAGE IN AFGHANISTAN UNESCO.....	48
Ashymbaeva F.E. CONTINUITY BETWEEN ANTIQUE NOMADS AND MONUMENTS DURING A BRONZE ERA IN KAZAKHSTAN.....	55
Bissembayeva L. THE SOCIAL SITUATION IN THE REGION SEMIRECHYE, ITS IMPACT ON THE DAILY LIFE OF THE POPULATION: HEALTH, THE WAY OF TREATMENT (1867-1917). (ON THE VERNY UYEZD).....	60
Dosekeeva K.A., Ahataeva K.B. ONE OF DIRECTION OF MULTI-FIELD ACTIVITY OF ALASH INTELLIGENTSIA.....	66
Yeszhanova N. E-GOVERNMENT IN KAZAKHSTAN: REALIZATION AND PROSPECTS.....	72
Zhandarbek Z. THE HISTORY OF ORIGIN AND FORMATION OF THE KAZAKH GENEALOGY.....	78
Zhetpisbay N.Y. ON THE IDENTIFICATION OF PERSONS BURIED IN THE ABAT BAYTAK COMPLEX.....	105
Igilikova S.I. SUYINBAY BI.....	115
Iskakova G.Z., Baydavletova M.D., Oskembay M.A. THE IDEA OF THE GEOGRAPHICAL ENVIRONMENT IN THE TURKIC KHAGANATE.....	119
Kasabulatova G. M. GEOGRAPHICAL AND ECONOMIC POSITION OF KAZAKHSTAN IN THE XIX CENTURY. ACCORDING TO HISTORICAL SOURCES.....	129
Kasabulatova G.M. BRIEF REVIEW OF BOOK RAPHAEL PAMPELLIY «JOURNEY ACROSS TURKESTAN».....	134
Ksenzhik G.N. Ch.Ch. VALIKHANOV – THE FOUNDER OF DOMESTIC CARTOGRAPHY.....	138
Kozgambaeva G.B. TRADITIONAL WEAPON OF KAZAKHS.....	146
Kulsariyeva S.P., Nurasilova A. THE TURKISH DIASPORA IN BULGARIA: AN ANALYTICAL REVIEW OF RESEARCH.....	152
Kurmanbayeva G.K. THE ISSUE OF HAJJ IN THE WRITINGS OF MASHKHUR ZHUSSUP KOPEYULY.....	159
Meirmanova G.A. NUTRITION SYSTEM OF THE KAZAKH PEOPLE AND DESCRIPTION OF DAIRY FOODS (COMPARATIVE ANALYSIS).....	165
Meirmanova G.A. ON THE SCIENCE OF PHALERISTICS.....	171
Mukataeva L.K., Sultangazy G.Zh., Nurbayev Zh. E. KAZAKHSTAN IN THE CONTEXT OF RUSSIAN AND ENGLISH COMPETITION (XVIII-XIX).....	178
Nugymanov S. FAMINE IN KAZAKHSTAN OF 1921-1922 AND THE NATIONAL INTELLIGENTSIA.....	187

Nurtazina M.	
ANALYSIS OF PREREQUISITES AND STAGES FOR THE FORMATION OF THE NATIONAL INNOVATIVE SYSTEM OF KAZAKHSTAN.....	192
Omarova U.A.	
RELIGIOUS IDENTITY CHAM AS A TOOL FOR PRESERVATION OF ETHNICITY.....	200
Otepova G.	
NEW ARCHIVAL MATERIALS ABOUT THE EVENTS OF 1916 IN KAZAKHSTAN.....	209
Otepova G.	
THE ISSUES OF CHANGES IN THE JUDICIAL SYSTEM ON THE TERRITORY OF KAZAKHSTAN IN THE LEGISLATIVE ACTS OF THE RUSSIAN EMPIRE.....	215
Tasylova N., Toyshubekova Zh.	
«MATERIALS ON THE KYRGYZ (KAZAKH) LAND USE» AS THE SOURCE FOR HISTORY OF KAZAKH FARMS.....	224
Turlybek A., Zhumatayeva D.	
IMMIGRATION OF ENVER PASHA AND HIS RELATION WITH BOLSHEVIKS.....	231
Ukibayeva L.K.	
THE MEDIA OF KAZAKHSTAN AND WHITE SPOTS OF THE NATIONAL HISTORY.....	242
Khairuldaeva A.M.	
RELATIONS OF KAZAKHSTAN WITH ORTHOSIA COUNTRIES IN THE WORKS OF ZAR ZAMAN POETS.....	247

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2016. 2(6)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.06.2016.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй